

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81'255.2

Қолжазба құқығында

АЛПЫСБАЕВА АЙГҮЛ ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

**Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын)
аудармаларының лингвомәдени аспектісі**

6D020700 – Аударма ісі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., профессор С.А. Ашимханова

Шетелдік ғылыми жетекші:
Профессор Г. Мехмет
Хаджы Байрам Вели университеті,
Анкара, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1. МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫ АУДАРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНЕН	
1.1. Мәдени лексиканың анықтамасы мен классификациясы.....	12
1.2. Аудармадағы мәдени революцияның қайнар көзі мен тенденциялары.....	20
1.3. Мәдени лексиканы аудару техникасы мен стратегиялары.....	29
2. М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1. М. Жұмабаев поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің жіктелуі.....	41
2.2. М. Жұмабаев поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулардың функционалдық көркемдік ерекшеліктері.....	43
2.3. М. Жұмабаев поэзиясындағы рухани мәдениетке қатысты атаулардың функционалдық көркемдік ерекшеліктері.....	49
3. М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС, ТҮРІК, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНМӘТІНДЕ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ:	
3.1. М. Жұмабаев поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу сипаты.....	58
Тараушаның қорытындысы.....	83
3.2. М. Жұмабаев поэзиясындағы рухани мәдениетке қатысты атаулардың орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу сипаты.....	89
Тараушаның қорытындысы	138
3.3. Уақыт пен кеңістікке қатысты мәдени атаулар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері.....	146
Тараушаның қорытындысы.....	152
ҚОРЫТЫНДЫ	153
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	155
ҚОСЫМШАЛАР	167

АНЫҚТАМАЛАР

Аталмыш диссертациялық жұмыста төмендегі терминдер анықтамаларына сай қолданылады:

Аударма реципиенті – аударма мәтінін қабылдаушы, тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынастың қатысушысы.

Аударма трансформациялары – түпнұсқа мәтіннің трансформациясы орын алатын тіларалық өзгертулер: оның құрылымдық және семантикалық компоненттері өзгеріске ұшырайды, бірақ басқа тілге аударылуы қажет ақпарат сақталады.

Доместикация – аударма стратегияларының бірі, түпнұсқа мәтіннің мақсатты аудиторияның қабылдауына жеңіл, түсінікті ету үшін бейімделіп аударылуы, мәдени колориттен босатылуы.

Дескриптивті эквивалент – түпнұсқадағы сөз немесе сөз тіркесін сипаттап, түсіндіріп аударуды білдіретін аударма амалдарының бірі.

Жалпылау (генерализация) немесе **нақтылау (конкретизация)** – біріншісі түпнұсқадағы тар мағыналы тіл бірліктерінің кең мағыналы тіл бірліктеріне, жалқының жалпыға, түрлік ұғымды текке алмастырып аударуды білдіретін, екіншісі керісінше жалпыдан жалқыға өтіп аударуды меңзейтін лексика-семантикалық трансформациялардың бірі.

Коннотативті мағына – сөздің негізгі мағынасын толықтыратын, сөйлеушінің осы сөзге қатысына қарай оған стилистикалық және эмоционалдық реңк беретін компонент. Аудармада коннотативті мағына жоғалуы мүмкін немесе қосымша түсіндірмелер көмегімен беріледі.

Құру – И. Дэвис бойынша мәдени бірліктерді аудару амалының бірі. Түпнұсқада жоқ мәдени бірліктің аудармада орын алуы.

Қабылданған (танылған) аударма – П. Ньюмарк бойынша мәдени лексиканы аударудың бір амалы, қандай да бір атаудың аударма тіліндегі ресми қабылданған немесе жалпы танылған аудармасы.

Мәдени эквивалент - түпнұсқадағы мәдени элементтің аударма тіліндегі ең шамалас мәдени элементпен аударылуы. Бірақ аталмыш мәдени элементтердің екі мәдениеттегі коннотациялары толықтай сай болмауы мүмкін.

Мәдени реңк (колорит) - белгілі бір ұлтқа тән ерекшеліктерді біріктіруші ұғым (коммуникативті мінез-құлық, әдет-ғұрып, мәдени мұра, киім үлгісі және т.б.).

Мәдени коннотация. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымына енбейтін, бірақ сол сөздің мағынасымен қабаттаса, жарыса жүретін компонент *мәдени коннотация* деп аталады. Мысалы, *қымыз* «бие сүтінен ашытылған сусындық тағам» десек, вербалды таңбаның лексикалық мағынасы. Ал осы лексикалық мағынамен жарыса жүретін *қымыз – көптің асы, астың асылы* деген компоненттер мәдени коннотацияға жатады.

Модуляция – түпнұсқа тіліндегі сөз бен сөз тіркесінің аударма тіліндегі мағынасы логикалық түрде түпнұсқа мағынасына алып келетін бірліктермен алмастырылатын лексико-семантикалық трансформация.

Натурализациялау – түпнұсқадағы сөздің алдымен аударма тілінің айтылуына, содан кейін морфологиялық ерекшеліктеріне қарай бейімделіп аударылуы.

Реалия - ұлттық, тарихи, жергілікті болмыс пен тұрмысқа тән реңкке ие және аударма тілінде эквиваленті жоқ тіл бірліктері.

Редукция (омиссия. түсіру) немесе экспансия – аударма амалдары, түпнұсқадағы тіл бірліктерін аудармай қалдырып кету немесе керісінше қосымша компоненттер қосу.

Транскрипция – түпнұсқа тілдегі лексикалық бірліктердің аударма тіліндегі фонемалар арқылы фонемалық ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің фонетикалық имитациясы.

Трансференция – П. Ньюмарк бойынша мәдени лексиканы аудару амалы, түпнұсқадағы лексикалық бірліктің дәл сол қалпында аударма тілінде берілуі.

Форенизация – түпнұсқа тілдің ерекшеліктерін сақтап қалуға бағытталған аударма стратегияларының бірі, доместикацияның қарсылығы.

Функционалды эквивалент – түпнұсқа мәтіндегі тілдік бірлік аударма тіліне өзгеше айтылу, грамматика, лексика мен дискурсқа қарамастан рецепторда ұқсас реакция, қабылдау тудыратындай тілдік бірлікпен аударылады.

Функционалды алмастыру – түпнұсқа тілдегі грамматикалық формалардың аударма тіліндегі сәйкес функция мен мағынаға ие болмаған жағдайда немесе мүлдем болмаған жағдайда қолданылатын аударма амалы.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазіргі таңда әр түрлі этнос өкілдерінің ұлтаралық мәдени байланыстарының кеңеюіне орай әлемдік маңызы бар мәселелердің бірі - өзара түсіністікке, сыйластыққа және туыстығы алыс, жақын этностардың дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын танып-білуге деген қажеттілік болып табылады. Сондықтан, басқа халықтардың мәдени мұрасын түсіну үшін олардың ойлау тәсілін, тұрмыс ерекшелігін, рухани-материалдық жүйені көркем шығармашылық туындыларын лингвомәдени талдау мысалында зерттеу қажет. Себебі оларда мәдениет халықтың өмір салты, оның рухани материалдық болмысы ретінде қарастырылады. Біздің зерттеуіміз осы сұранысқа - М. Жұмабаев поэзиясы және оның аудармаларын лингвомәдени тұрғыдан талдауға бағытталған. Нақты айтқанда, ақын поэзиясындағы реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылуының лингвомәдени аспектілері қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт жаңғыруының басты шартын анықтап берді: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Осылайша ұлттық кодты сақтай отырып, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың маңызын айқындап, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады деп таяу болашақтағы міндеттерді анықтады. Аталмыш диссертациялық жұмыстың өзектілігі, алға қойған мақсаты осы міндетпен астасып, ұласып жатыр. Сталиндік репрессия жылдарында қуғынға ұшырап, халық жауы атанып, отты жырларына тұсау салынған қазақтың біртуар ақыны М. Жұмабаевтың да поэзиясы тәуелсіздік жылдарынан кейін қайта түлегендей. Тек түлеп қана қоймай, қанат жайып, әлемдік кеңістікке танылып келеді. Ұлттық құндылығымызды, өлшеусіз әдеби мұра - ақын шығармашылығын жалпы адамзатқа мұра болып қалуына себепші болатын - көркем аударма. Жаңашылдығымен қатар, терең философияға, патриотизмге, романтизм мен символизмге, әрі ұлттық колоритке толы ақын поэзиясы аудармада қалай көрініс тауып отыр деген сұрақтың туындауы заңды әрі қажет. Сол себепті алғаш рет ақын поэзиясының туыстас түрік, жергілікті орыс және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылуы лингвомәдени аспектісі тұрғысынан қарастырылмақ. Мұндай зерттеу ақын мұрасының аудармаларының сапасын ғана анықтап қоймай, болашақтағы тәржімалардың деңгейін жоғарылатып, түпнұсқаны жан-тәнімен түсініп аударуға қабілетті ұлттық аудармашыларды ниеттендіруге себін тигізеді.

Сондай-ақ, жалпы отандық аударматану ғылымы дискурсының дамуы үшін үзіліссіз жаңа мазмұн мен тың зерттеулермен толығып отыруы аса маңызды. Әсіресе, қазіргі уақытта тек отандық емес, әлемдік аударматанудың жанды тұстарының бірі – мәдени ақпараттың аудармада көрініс табу мәселесі

өзекті болып отыр. Аудармадағы салыстырмалы талдаулар түпнұсқа тілді де, аударылатын тілді де тану, дамыту, оның жасырын құбылыстарын ашудың, сондай-ақ түпнұсқа және мақсатты мәдениетті танудың таптырмас құралы.

Ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыста тіл мен мәдениеттің байланысы, әлемнің тілдік бейнесінің дескриптивті-онтологиялық теориясы В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, А.М. Хайдеггер, А.А. Потебня еңбектерінен бастау алады.

Мәдени лексика теориясы және оны аудару стратегияларын талқылауда шетелдік аударматану ғылыми дискурсынан Ж. Мунэн, Ю. Найда, П. Ньюмарк, Л. Венутти, Е. Дэвис, К. Шеффнер мен У. Визерман, Ф. Шлейермахер, С. Харви мен И. Хиггинс, И.В. Гёте, А. Нойберт, К. Райс пен Г. Фермеер, Дж. Кэтфорд, Э. Прунч, М. Бейкер, К. Норд, И. Гамбиер, Ж.П.Вине мен Ж.Дарбельн, А. Мальблан, М. Кронин, С. Баснет пен А. Лерфевер, Х. Ф. Эксела, Э. Эспиндола еңбектері негізге алынды.

Ресейлік дискурстан Л.Н. Соболев, Вл. Росселс, Г.Д. Томахин, Е. М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Л.С. Бархударов, В.В. Латышев, Я.И. Рецкер, В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер, Н.К. Гарбовский, М.Л. Гаспаровтың еңбектері, болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің еңбектері қарастырылды.

Лингвомәдениеттану теориясынан В.А. Маслова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая және отандық ғалымдар А.Б. Салқынбай, З.К. Сабитованың зерттеулері сараланды.

Отандық дискурстан А.А. Алдашева, Ж.А. Манкеева, С.А. Ашимханова, Ж.Д. Дәдебаев, А.Ж. Жақсылықов, Т.У. Есембеков, Ә. Тарақтың еңбектерінің, сондай-ақ тәуелсіздік алынған жылдардан кейін Мағжан ақын шығармашылығы мен тілдік тұлғасына қатысты жазылған академиялық еңбектердің нәтижелері мен тұжырымдары қолданыс тапты.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың жергілікті ресми орыс тіліне, туыстас түрік тілі және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін, доместикациялану және форенизациялану деңгейін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- жалпы әлемдік аударматану теориясында және поэтикалық аудармада қалыптасқан мәдени лексиканы аудару тенденциялары мен қағидаттарын анықтау;

- әлемнің ұлттық тілдік бейнесі аударма теориясындағы лингвомәдени зерттеулердің негізгі формасы болып табылатын, лингвомәдени аспектінің мазмұнын ашып, мәтіннің этномәдени феноменін түсіндіретін зерттеудің өзектілігін көрсету;

- М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттың тілдік бейнесін көрсететін мәдени лексиканы анықтау (идентификациялау), классификациялау және интерпритациялау;

- салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы мәдени болмысты (түпнұсқа мен аударманың ұлттық-мәдени ерекшеліктері) үш тілде аударудың негізгі және неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтау, трансформация жолдарын көрсету;

- аудармашының мәдени лексиканы аудару барысында қандай стратегияны ұстанғанын және оның аудармаға әсерін анықтау;

- аударманы қолдана отырып, қазақ халқының әлемдік тілдік бейнесін сипаттау үшін лингвомәдени зерттеулер аясында алынған мәліметтерді қорытындылау.

Зерттеудің нысаны. М. Жұмабаев поэзиясындағы лингвомәдени лексика (реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер) және олардың орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

Зерттеудің пәні М. Жұмабаев поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аудармадағы көрінісі, доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

Зерттеу әдісі. Диссертацияның негізгі мақсаты мен нақты міндеттеріне сәйкес келесі зерттеу әдістері қолданылды: жалпы әлемдік аударматану теориясында қалыптасқан мәдени лексиканы аудару тенденцияларын анықтау үшін жинақтау әдісі, М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканы анықтау үшін және топтастыру мақсатында идентификациялау, классификациялау әдістері, олардың контекстуалдық мәнін сипаттау үшін контент анализ, интерпретация әдістері, түрік, орыс және ағылшын тілдеріне аудару ерекшеліктерін көрсету мақсатында салыстырмалы талдау, жасалған талдауды реттеу мен жүйелеу мақсатында лингвостатистикалық әдістері қолданылды.

Зерттеу дереккөздері. Диссертациялық жұмыста Мағжан Жұмабаевтың 1995 жылы Алматы, «Білім» баспасынан жарық көрген шығармалар жинағындағы өлеңдері, Б. Канапьяновтың редакциясымен 2010 жылы Астана, «Аударма» баспасынан жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Пророк. Стихи, поэмы, рассказ. Перевод с казахского» атты орыс тіліндегі аударма жинағы, Фархат Тамирдің 1993 жылы Анкарада жарық көрген «Mağsan Cumabayulı'nın şiirleri (Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған)» атты аударма кітабы, Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглудың 2018 жылы Мағжан ақынның 125 жылдығына орай Астана, «Ғылым» баспасынан жарық көрген, ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде тұсауы кесілген «The poet of flame, liberty and love (Жалын, азаттық пен махаббат ақыны)» атты ағылшын тіліндегі аудармалар (тікелей қазақ тілінен жасалған) жинағы негізге алынды.

Орыс тіліндегі поэтикалық аударма авторлары: Қ. Бақбергенев, А. Соловьев, В. Антонов, Т. Васильченко, Л. Шашкова, Б. Канапьянов, Л. Степанова, Н. Чернова, А. Ширяев, С. Мнацаканян, Т. Фролова, А. Парщиков, Р. Тамарина, А. Жовтис, Б. Жылқыбаев. Түрік тіліне Ф. Тамир Мағжанның 1923 жылы Ташкентте араб жазуымен жарық көрген нұсқасынан кара өлеңмен (прозалық) аударма жасаған.

Орыс тіліндегі аудармалар жинағында 154 өлеңнің аудармасы, түрік тілінде 159 өлеңнің аудармасы, ағылшын тіліндегі кітапта 20 өлеңнің

аудармасы келтірілген. Ф. Тамир жинаққа енбеген, кейіннен жасаған аудармаларымен де бөлісті. Т. Кожаоглу да бұл кітаптан бөлек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш Қазақстан газетінде жарық көрген аудармаларымен бөлісті (Қосымшада келтірілген). Түрік және ағылшын тілдеріне аударған тәржімашылармен сұхбат нәтижелері де диссертацияда қолданылды.

Зерттеу материалдары. Мағжан ақынның 208 өлеңі қарастырылып, оның ішінде 209 реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер іріктелді. 61 сөз материалдық мәдениетке қатысты, ал 148 сөз рухани мәдениетке қатысты атаулар. Оның ішінде 58 көнерген сөз (тарихи сөздер – 18, архаизмдер – 40).

209 мәдени тіл бірліктерінің ақын поэзиясында қолданылу жиілігі – 683. Орыс тіліндегі аудармада – 495-сі, түрік тілінде – 346-сы, ағылшын тілінде 63-і көрініс тапқан.

Зерттеудің жаңалығы:

- бұл диссертациялық жұмыста алғаш рет М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың әр түрлі тілдік топтарға жататын үш тілдегі аударма талдауы орын алды;

- М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілге аударылу ерекшеліктері алғаш рет жүйелі зерттеудің объектісі ретінде қарастырылып, форенизациялану және доместикациялану деңгейі анықталды;

- М. Жұмабаевтың аударма шығармаларына бірінші рет мәдени аспектіде үш тілде салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижесінде осы орыс, ағылшын және түрік лингвомәдени қоғамдастығы өкілдерінің менталитеті, тілдік бейнесінің ұлттық ерекшеліктері анықталды;

- аударма талдауы аудармашының комментарийлерімен қоса берілді (ағылшын тіліндегі аударма авторы, Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглу және түрік тіліндегі аударма авторларының бірі Фархат Тамирмен сұхбат. Қосымша А, Б);

- ақынның поэзиясында кездесетін мәдени лексика іріктеліп, классификацияланып, алғаш рет 132 беттен тұратын «М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілді иллюстративті (түсіндірмелі) аударма сөздігі» құрастырылды (Қосымша В);

- ақын поэзиясының ағылшын тіліне аударылуы алғаш рет үштік сипатта қарастырылды. Егер кез келген көркем аударманы талдау барысында «екі мәдениеттің» қарсы келуі, сондай-ақ авторға тиесілі мәдениет пен аудармашыға (аударма тіліне) тиесілі мәдениет қарастырылса, ағылшын тіліндегі аудармада жағдай ерекше. Түпнұсқа тілі – қазақ мәдениетіне, аударма – ағылшын тілі мәдениетіне тиесілі болса, аудармашы тұлғасы өзбек мәдениетіне жатады;

- аудармашы Т. Кожаоглудың ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары, Мағжанды түрік тіліне тәржімалаған Ф. Тамирдің жинаққа кірмеген, бізге өз қолымен ұсынған өлеңдерінің аудармалары алғаш рет қарастырылды (Қосымша Г);

- үш тілдегі аудармалардағы түпнұсқаның мағынасын жеткізудегі қателіктерді анықтау мақсатында осы материалдардың барлығы бірінші рет отандық аударматану ғылымында қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- жалпы әлемдік аударматану теориясында поэтикалық аудармада өзіндік ерекшеліктерімен (ұйқас, ырғақ, пішін) қатар, түпнұсқадағы ұлттық мәдени реңкті, туынды жазылған уақыттың рухын сақтау тәрізді мәселелер өзекті болып табылады. Себебі кез келген көркем туындыдағы лингвомәдени лексикалық бірліктердің аудармасы - белгілі бір тілдік құрылымдардың басқа тілге ауысуы ғана емес, сонымен бірге ұлттық тілде халықтың рухани мәдениетінің қайнар көзі ретінде көрінетін фондық білімді ескере отырып, лексиканың осы қабатының мазмұнын жеткізудің күрделі процесі болып табылады;

- Мағжан ақын поэзиясында аудармада қиындық тудыратын реалия сөздер тобы өте жиі көрініс тапқан. Олар қазақ халқының көшпелі өмір салты, тұрмысынан бастап, дүниетанымы, өнері, құндылықтары, әдет-ғұрпы, әкімшілік, қоғамдық бөлінісі, билік, діни наным-сенімдеріне дейінгі барлық қабаттарды қамтиды. Олардың ішінде көнергендері де, қазіргі уақытта белсенді сөздік қорға кіретіндері, бірақ коннотацияларын өзгерткендері де баршылық. Тура және ауыспалы мағыналарында, көркемдік образ жасау мақсатында да қолданылған;

- зерттеудің пәні ретінде Мағжан ақын поэзиясындағы мәдени лексиканың аударма мәтінінде форенизациялану және доместикациялану деңгейі, яғни шет тілді көркем мәтіннің аудармада лингвомәдени бейімделуі деңгейі қарастырылды. Үш тілдегі аудармада да мәдени лексиканы доместикациялау стратегиясының басымдылығы анықталды. Доместикациялау үрдісі өрескел мазмұндық өзгерістерге әкелмегенімен, ұлттық колорит пен коннотация бояуының әлсіреуіне ықпал еткен;

- материалдық мәдениетке қатысты атаулар аудармада үш тілде де көбірек форенизацияланғаны анықталды. Үш тілдің ішінде форенизациялану деңгейі орыс тілінде жоғары. Көп жағдайда қазақ әліпбиіне тән ерекше дыбыстар орыс тілінің фонологиясына бейімделіп еш қосымша түсінік берілместен натурализацияланған. Оның себебі аудармашының екі халықтың арасындағы ұзақ уақыт бойындағы тарихи-әлеуметтік тығыз байланыс әсерінен мақсатты аудиторияның түпнұсқа тіл мәдениетімен жақсы таныс деген болжамы болуы мүмкін. Сондай-ақ екі тіл бір әліпби қарпін пайдаланғандықтан, мәдени элементті дәл сол қалпында трансплантациялау, орын ауыстыру я трансференция түрік және ағылшын тіліне қарағанда жиі орын алған;

- түрік тілінің туыстығына қарамастан, әр түрлі қаріп (латын, кириллица) қолданыста болғандықтан түрік тіліндегі аудармада мәдени тіл бірлігін бірден трансференциялау мүмкіндігі болмаған. Көбінесе транскрипция арқылы натурализациялау орын алған. Сонымен қатар түрік тілінде орыс тілінен қарағанда қосу амалы, аударманы қосымша ақпаратпен сүйемелдеу жиірек көрініс тапқан. Себебі туыстас халық, тіл болғанымен, өркениеттердің даму формасы әр түрлі болды. Түрік халқы отырықшы өмір салтына қазақ халқынан

неғұрлым ерте өтіп кеткен, сол себепті көшпелі өмір салты мен тұрмысына қатысты көптеген атаулар таныс емес. Сондықтан, түрік тілінде аудармашы мәтіннен тыс түсіндірмелерді жиі қолданған;

- түпнұсқаның мазмұнын бұрмалауға әкелетін семантикалық қателер үш тілде де орын алған, бірақ өте сирек. Ал, мәтіннен тыс берілген қосымша түсіндірмелерде қатетүрік тіліндегі аудармадакөрініс тапқан. Яғни, белгілі бір мәдени сөздің орнына мүлдем басқа сөздің түсіндірмесі берілген. Немесе, мәтін ішінде түсіндірмеге сілтеме беріледі, алайда мәтін соңында ұмытылып кеткен. Аудармашы бұл жайында хабардар етілді. Техникалық ақауларға аудармашы өкінішін білдіріп, ендігі басылымдарда түзетілетінін ескертті;

- орыс тіліндегі аудармаларда өте сирек кездесетін форенизациялау амалы қолданылады. Яғни, түпнұсқадағы мәдени элементті сол түпнұсқа тілдегі басқа бірімен аудару. Мысалы, *қатықты – айран, сусынды - айран* деп, *күзеуді - табун* деп тәржімалайды. Немесе түпнұсқада жоқ мәдени тіл бірлігі аудармада пайда болады. Мысалы, қойға шығу – *выйти за отарою*. Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар? - Кто б тогда на *джайляу* овец выгонял? Ағылшын тілінде де өте сирек қосарлы форенизация амалы қолданылады: белгі арқылы аудару + қосу (қосымша, түсіндірме, сілтеме). Аудармашы реалия сөзді тырнақшаға алып қана қоймай, қасына жақшаның ішінде мәтін қосымша түсіндірме келтіреді: «*darya*» (river);

- төрт тіл мен мәдениетке де тән универсалий ұғымдар мен түсініктер бары анықталды. Мысалы, *бесік пен бесік жыры*. Ежелде соғыс кездерінде батырлар киген *дулыға мен найза, діни реалиялар*. Діни реалияларға келгенде, түрік тіліне қатысты қазақ тіліндегі реалиялар эквивалентсіз лексика болып саналуын тоқтатады. Себебі қос халық бір дінді ұстанғандықтан, ұғымдар да екі халыққа ортақ, таныс. Тіпті, жазылуы мен айтылуы да ұқсас.

- М. Жұмабаевтың поэзиясы, әдеби мұрасы әлемдік әдебиеттің фактісіне айналды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Докторлық диссертацияның болжанып отырған нәтижелері отандық көркем аударма, салыстырмалы әдебиеттану және аударма, лингвомәдениеттану салаларының дамуына өз үлесін қосады. Тіл және мәдениет, аудармадағы мәдениет және мәдени аударма теорияларын өзара тығыз байланыста отандық мәнмәтінде жетілдіруге септігін тигізеді. Мәдени лексиканы тәржімалауда түпнұсқа және мақсатты мәдениет арасындағы қандай байланыстар мен факторлар әсер ететіні, әр түрлі тілдік топтарға жататын тілдерде сөйлейтін халықтар дүниетанымы мен тілдік бейнесінде орын алатын универсалийлер мен уникалийлер жүйесі тәжірибемен дәлелденген құнды теориялық болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен тілдік материалдарды, құрастырылған сөздікті «Көркем аударма», «Салыстырмалы әдебиеттану», «Аударманың өзекті мәселелері», «Аударма және мәдениатаралық қарым-қатынас» тәрізді ғылыми курстар мен семинарлар, «Лингвомәдениеттану» пәнінен қосымша тірек

дереккөздер ретінде, ағылшын, орыс, түрік және қазақ тілдерінде дәріс пен арнайы курстарда қолдануға болады.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 10 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 3, Түркияда 1, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды:

1. Translation of the culture-bearing symbolism of animals in the poem “Turkestan” of Magzhan Zhumabayev (Turkish, Russian and English languages). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №2 (174) 2019. – 252-257 бб.

2. М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» өлеңіндегі реалия сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, ағылшын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (175) 2019. – 198-203 бб.

3. Мағжанды Шекспирдің тілінде сөйлеткен. // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Филологиялық серия. № 4 (1), 2020. – 315-322 бб.

4. М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, ағылшын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (179) 2020. – 17-24 бб.

5. Translation of proper names from Kazakh into English (in the case of Turkistan by M. Jumabayev): linguistic and cultural aspects. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1(75), 2021. – 135-144 бб.

6. *Alystaǵy baýyryma* in translation (Turkish, English): linguistic and cultural aspects. // *Akdeniz Havzası ve Afrika Medeniyetleri Dergisi*. Ankara Hacı Bayram Veli University. Cilt 2 / Sayı 2 / 2020 GÜZ. –174-179

7. М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі лингвомәдени лексиканың танымдық қасиеті. Профессор Ж. Дәдебаевтың 70 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. 23.11.2018. –342-344 бб.

8. Мағжан ақын поэзиясы алты құрлыққа жол тартты. Халықаралық ғылыми практикалық интернет конференцияның материалдары. Халықаралық білім және ғылым академиясы. 2019, Нур-Сұлтан. – 9-11 бб.

9. Реалии-топонимы в стихотворении «Туркистан» Магжана Жумабаева. *International Scientific Journal «Global Science and Innovations 2020: Central Asia» Nur-Sultan, Kazakhstan, Feb-March 2020. – 211-218 pp.*

10. Translation of the Culture-Specific Items in Jumabayev’s “Men Jastarǵa Senemin” into English and Russian. // *International Journal of Society, Culture and Language*. Iran. Online ISSN: [2329-2210](https://doi.org/10.2329/2210). Volume & Issue: Volume 9, 2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), Summer and Autumn 2021 (Скопус базасына енетін). – 19-27 pp.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі қосымшаларсыз – 166 бет.

1. МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫ АУДАРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНЕН

1.1 Мәдени лексиканың анықтамасы мен классификациясы

Қазақстандық аударматанудың ғылыми негізделуіне өлшеусіз үлес қосқан профессор, академик Ж.Д. Дәдебаев көркем аудармадағы салыстырмалы зерттеулердің қажеттілігін төмендегідей саралайды: «Көркем аударма мәселелерін қарастыру міндетті түрде, кем дегенде, екі түрлі тілде жасалған көркемдік құбылыстарды, түпнұсқа әдеби шығарма мен оның өзге тілдегі аудармаларын, өзара салыстырып зерделеуді талап етеді. Салыстырусыз көркем аударманы өнер ретінде тану да, таныту да мүмкін емес. Сондықтан салыстырмалы талдау көркем аударманың теориясы үшін де, тарихы үшін де, сыны үшін де бірден бір әдіснамалық, методологиялық негіз болып табылады» [1, 54 б.]. Дәл сондай ойды ғалым А. Алдашева да жазады: «Адам факторының тілдегі көрінісін, тіл мен сол тілді иеленуші адамның (тұтас бір халықтың) ойлау-пайымдау қабілетінің арасындағы байланысты, ұлттық мәдениеттің ұлт тіліне (және керісінше) ықпалын зерттеуде аударма әдебиет көп көмек жасайды. Аударма әдебиетті түпнұсқамен салыстыру бірнеше тілдерде бар универсалды бір ұғым, образ, стереотиптер үшін жұмсалатын тілдік единицалардың ұлттық-мәдени құндылығын дәлірек танытуға мүмкіндік береді» [2, 17 б.]. Отандық ғалымдар осылайша түпнұсқа мен оның бірнеше тілдегі аудармалары арасындағы салыстырмалы зерттеудің маңыздылығын анықтайды. Мұндай зерттеулердің нысаны әр түрлі тілдік, әдеби, мәдени, қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар болуы мүмкін. Бірақ дүниежүзі бойынша аударматану теориясы мен практикасында баса мән беріліп, қызу талқыға түсіп, жан-жақты зерттелініп жатқаны – аудармадағы мәдениет немесе мәдени аударма. Түпнұсқадағы мәдени ақпарат аудармада қаншалықты көрініс табуы қажет деген сұрақ біржақты шешімін таппай келеді. Мәдени ақпаратты жеткізуші тіл бірліктері көптеген зерттеу жұмыстарының басты нысанына айналды.

Мәдени коннотацияға ие атаулар концептісіне айтарлықтай көлемде ғылыми зерттеулер мен еңбектер арналғанымен терминологиялық біркелкілік әлі де жоқ. П. Ньюмарк оларды *мәдени сөздер* (cultural words) деп атаса [3, p. 173], М. Бейкер *мәдени-айрықша концептілер* (culture-specific concepts) [4, p. 2], К. Норд *культурема* (cultureme) [5, p. 34], И. Гамбиер *мәдени-айрықша сілтемелер* (culture-specific references) [6, p. 157], Е. Дэвис *мәдени-айрықша бірліктер* (culture-specific items) [7, p. 68], ал болгариялық ғалымдар С. Влахов пен С. Флорин *реалиялар* [8, с. 6] деп атады. Сонымен қатар, отандық және шетелдік зерттеулерде мәдени лексика жайлы сөз болғанда эквивалентсіз лексика, экзотикалық лексика (экзотизм), локализм, алиенизм, этнографизм, фондық сөздер, коннотативті сөздер, коннотативті компонентті сөздер, варваризм, лакуна деген терминдер де аталып жатады.

Біркелкілік пен ортақ тұжырым аталмыш ұғымның анықтамасында да жоқ. Шетелдік дискурса назар салсақ, К. Норд бойынша мәдени ерекшеленген

сөздер «Х мәдениетте бар, бірақ (сол қалпында) Ү мәдениетінде жоқ мәдени құбылыс» [5, р. 34]. М. Бейкер болса «Түпнұсқа тілдегі сөз аударма мәдениетіне мүлдем таныс емес концептіні білдіруі мүмкін. Бұл концепт нақты немесе абстрактілі бола алады; ол діни наным-сенімге, әлеуметтік әдет-ғұрып, тіпті тамақ түріне қатысты. Осындай концептілер әдетте ‘мәдени айрықша’ деп аталады» [4, р. 21] деп тұжырымдайды.

Х.Ф. Эксела мәдени сөздерге келгенде белгілі бір анықтаманың болмау себебін олардың интуитивті түрде танылуынан және жеке өзі емес, мәтінде, белгілі бір мәнмәтінде ғана танылуында деп түсіндіреді [9, р. 54]. П. Ньюмарк керісінше мәдени-айрықша атаулар мәнмәтіннен бөлек, глоссарийдегі жеке сөздер тәрізді айқындалады деп тұжырымдайды [3, р. 173]. Сонымен қатар, ғалым тілдің негізінен консервативті фактор екенін атап өтеді. Себебі мәдени сөздердің концепциясы ендігі жерде іс жүзінде қолданысқа ие болмаса да тілде қала береді. Яғни, кейбір ұғымдар уақыт өте келе өздерінің мағынасын жоғалтып, шындыққа сай келмей қалады. Бірақ аталмыш ұғымдарды атайтын сөздер тілде өмір сүруін жалғастырады. Кейде өмір сүруін жалғастырып қана қоймай, семантикалық трансформацияларға ұшырап, қосымша мағыналық сарындарға ие болып, не мағыналық аясын тарылтып жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі, Мағжан поэзиясында да жиі қолданылатын *батыр* сөзі. Ертеде батыр сөзі белгілі бір әлеуметтік жік өкілдерін білдіретін құрметті кәсіп атауы болатын, ал қазіргі уақытта көбінесе адамның физико-эмоционалдық қасиеттерін сипаттайтын сын есім ретінде қолданылады. «Батыр» сөзі қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер әсерінен өзінің мағыналық қолданыс өрісін тарылтты, тарихи сөзге айналды. Бірақ адам бойындағы батырға тән қасиеттерді көрсету мақсатында әлі де қолданысқа ие. Мағжан ақын поэзиясында аталмыш екі сарынды да байқауға болады. Сол себепті орыс тіліндегі аудармада «*батыр*» және «*смелый*» деген тәржіма нұсқаларына куә боламыз. Немесе уақыт өте келе мәдени сөздер өздерінің коннотациясын өзгертіп жатады. Мысалы, ақын поэзиясында қолданыс тапқан *қатын* сөзі бүгінгі оқырманда жағымсыз сезімдер тудырады.

Х.Ф. Эксела мен П. Ньюмарктың пікір қарама-қайшылығы бәлкі «тілде әр нәрсенің, тіпті тілдің өзі мәдениеттен туындайтынына (мәдениеттің өнімі)» [9, р. 57] байланысты болуы мүмкін. Зерттеуші тілдің өзі мәдениеттің өнімі болса, қай сөздердің мәдени-айрықша атауларға жататынын немесе жатпайтынын қалай ажыратуға болады деген сұрақ қояды.

Ал, ресейлік ғылыми дискурста реалиялар жайында 50-ші жылдарда айтыла бастайды. Л.Н. Соболев 1952 жылы реалия терминін қолданып, анықтама береді: «реалия деп басқа елдің тұрмысында эквиваленті жоқ, сәйкесінше тілдерінде де жоқ тұрмыстық, ерекше ұлттық сөздер мен тіркестерді атайды. Сондай-ақ басқа тілдерде жоқ ұлттық болмысқа тән сөздер, себебі ол заттар мен құбылыстар басқа елдерде жоқ [10, с. 281]. Вл. Россельс реалияларды шығарма аударылатын тілді қолданатын елдің тұрмысында жоқ ұғымдар, заттар мен құбылыстарды білдіретін шет тілді сөздер деп санайды [11, с. 169]. А.В. Федоров реалияларды ешқандай атау берместен қоғамдық өмір

мен тұрмыстың реалияларын (шындық болмысын) білдіретін сөздер деп талқылайды [12, с. 175]. Яғни, басқа елдің тұрмысы мен түсінігінде сәйкестігі жоқ жергілікті құбылыс. Г.Д. Томахин болса төмендегідей анықтама келтіреді: «Реалиялар - ол белгілі бір ұлттар мен халықтарға тән материалдық мәдениетке қатысты заттар, тарихи фактілер, мемлекеттік институттар, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлердің, мифологиялық жаратылыстардың аттары» [13, с. 5]. А.Е. Супрун реалияларды «экзотикалық» лексика деп қарастырады [14, с. 29]. Л.С. Бархударов реалиялардың өте қысқа анықтамасын береді: «басқа тілде сөйлейтін адамдардың практикалық тәжірибесінде жоқ заттар, ұғымдар мен жағдайларды білдіретін сөздер» [15, с. 12].

Сонымен қатар ресейлік ғылыми дискурста эквивалентсіз лексика деген ұғым кеңінен тарай бастады және Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Л.С. Бархударов, С. Влахов, С. Флорин, Я.И. Рецкер, В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер тәрізді лингвистика және аударма мәселелерімен айналысатын зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапты. Кейбірі эквивалентсіз лексиканы реалия терминінің синонимі ретінде қарастырса, басқалары одан біраз кең немесе тар мағынада қарастырады. Мысалы, А.Д. Швейцер эквивалентсіз лексика категориясына «басқа мәдениетте нақты сәйкестігі жоқ мәдени реалияларды білдіру үшін қолданылатын лексикалық бірліктерді» [16, с. 5] жатқызса, А.В. Федоров ұлттық айрықша, ерекше реалияларды білдіретін сөздер деп [17, с. 6], Я.И. Рецкер эквивалентсіз лексиканы түпнұсқа тілді елге тән реалияларды білдіретін және басқа тіл мен болмысқа жат ұғым деп сипаттайды [18, с. 17]. В.Н. Комиссаров эквивалентсіз лексика тілдің кумулятивті функциясының өнімі болып табылатын белгілі бір ұлтқа тән құбылыстарды білдіреді және сол тілде сөйлеушілердің санасындағы фондық білімнің мекен ететін ортасы деп қарастырылуы мүмкін деп тұжырымдайды [19, с. 6]. Ал, аударматану тұрғысынан «аударма тілінде тұрақты сәйкестігі жоқ түпнұсқа тілінің бірліктері» деп анықтайды [19, с. 6]. Отандық мәнмәтінде профессор А.А. Алдашеваның пікірін келтірсек: «Сәйкестіктердің болмауы деген терминнің аясына екі тілдегі баламасыз лексика (мысалы, Африка елдерінің тілдерінде снег деген сөз жоқ), ұлттық реалия атаулары (мысалы, шаңырақ, сәукеле), кісі есімдері енгізіледі» [2, 30 б].

Болгариялық лингвисттер С. Влахов пен С. Флорин эквивалентсіз лексиканы аударма тілінде эквиваленттері жоқ лексикалық бірліктер деп атайды [8, с. 16]. Сондай-ақ, эквивалентсіз лексика мен реалияны бір-бірінен нақты ажыратып алу керектігін баса айтады. Зерттеушілердің ойынша мағынасы жағынан кеңі - эквивалентсіз лексика, ал реалиялар жеке сөздер тобы ретінде сол эквивалентсіз лексиканың бір бөлігін құрайды. Терминдер, одағайлар, дыбыстық еліктеулер, экзотизмдер, қысқартулар, қаратпа сөздер, әдеби нормадан ауытқулар бір жағынан реалиялардың шеңберіне жартылай еніп, екінші жағынан эквивалентсіз лексика шеңберінен шығып кетеді деп санайды. Реалиялармен жалқы есімдер біраз жанасады, бірақ келіспеушіліктер де көп деп ескертеді. Аталмыш категориядағы сөздердің реалия немесе реалия еместігі мәнмәтінге, автордың сөзге қандай мазмұн беріп тұрғанына байланысты.

Сонымен, эквивалентсіз лексика деп қандай да бір себептермен аударма тілінде сәйкестіктері жоқ бірліктерді атайды. Реалиялар мен эквивалентсіз лексиканың ең басты айырмашылығы: реалиялар барлық дерлік немесе көпшілік тілдерге қатысты реалия болып қала береді. Ал, эквивалентсіз лексика түпнұсқа және аударылатын тілге ғана қатысты. Яғни, реалия аударма тіліне тәуелді емес, қай жағдайда да реалия болып қала берсе, эквивалентсіз лексика қатары әр түрлі тілдерге қатысты өзгере береді. Мысалы, диссертациялық жұмысты орындау барысында байқалған құбылыс: қазақ тіліндегі діни реалиялар орыс, ағылшын тіліне қатысты эквивалентсіз лексика болса, түрік тіліне қатысты олай бола алмайды. Себебі түрік халқы да ислам дінін ұстанатындықтан, дінге қатысты атаулар мен ұғымдар екі тілде де бірдей, тіпті айтылуы да ұқсас.

Экзотизмдер болса, варваризмдер тәрізді аударма тіліне қатысты шет тілдік сөз болып табылады. Ал, өз тіліне келгенде экзотизм бола алмайды. Реалиялар өз тіліне де қатысты реалия болып қала береді. Сонымен қатар экзотизм ұғымының мазмұнына тарихи реалиялар кірмейді. Себебі экзотизмдер уақыттық қатысым емес, тек мекендік қатысымға қатысты. Варваризмдерді С. Влахов пен С. Флорин аударматануда аналогы жоқ лексикалық термин деп есептеп, реалиялармен аражігін төмендегідей ашады: 1) реалия варваризмдермен салыстырғанда кірме сөз ғана емес, байырғы сөздер де болуы мүмкін 2) құрылымы бойынша міндетті түрде тілге бөтен болмайды 3) әдетте мағынасы жағынан тең егіз сөздер болмайды 4) реалиялардың көбісі сөздіктерде беріледі, түсіндірме сөздіктерде де [8, с. 18].

Локализмге келгенде, ғалымдар аталмыш терминнің реалияның синонимі ретінде қолданылуы оның мазмұнын өте қатты тарылтады деп есептейді. Себебі локализмдерге тек бір аймаққа, өлкеге тән, ұлттық және тарихи реңкке ие емес атауларды да жатқызуға болады. Жалпы, *local* ағылшын сөзі *жергілікті* деген мағынаны білдіре отырып, реалия ұғымының өрісін таяздататындай. Ал, реалияларды тұрмыстық атау немесе этнографизм деп атау оның аясын одан әрмен тарылтады.

Лакуналар да эквивалентсіз лексика қатарына жатады. Лакуна термині алғашқы рет 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында Канада лингвистері Ж.П. Вине мен Ж. Дарбельнениң еңбектерінде қолданыс тапты және ғалымдар оны төмендегідей анықтады: «Лакуна дегеніміз – бір тілде бар сөздің мағынасы өзге тілдің сөздік құрамында көрініс таппауы немесе сол сөздің аудармасы түпнұсқаға сәйкес болмауы» [20, с. 3]. Жалпы, латын тілінен аударғанда *lacuna* – ойыс, қуыс, шұңқыр деген мағынаны білдіреді.

Лакуна мен реалиялардың айырмашылығы төмендегідей: біріншіден, реалиялар референтпен тығыз байланыста және бір елде бар, екіншісінде жоқ зат, ұғым жайында түсінік береді. Ал, лакуналар екі елде де бар зат жайында түсінік береді, тек жағдаятқа байланысты әр түрлі мағыналық реңктерді білдіреді. Яғни, лакуналар – ол қандай да бір тілде сөйлеушілердің құндылық, мәдени тәжірибелерінде қалыптасқан ассоциативтік жүйелерінің екінші тілде сөйлеушілердің дүниетанымымен сай келмейтін мағыналық саңылау.

А. Мальблан бойынша лакуна (пробел) бір мәдениетке әдеттегі болып саналатын жағдайдың басқа мәдениетке жат болуы деп түсінік береді [21, р. 184]. Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина лакуналарды төмендегідей түсіндіреді: лакуна ішінде түсініксіз, әдеттен тыс, оғаш, қате болып көрінетін мәтіннің кейбір бөлігі (түсінікті\түсініксіз, әдеттегі\әдеттен тыс, таныс\бейтаныс, қате\дұрыс деп бағалауға болатын) [22, с. 77].

Демек, лакуна түпнұсқадағы сөзбен бірдей заттық-объективті мағынаға ие, бірақ құрамында субъективті қатынас пен субъективті бағалауды білдіретін мазмұнға ие коннотативті мағынасы бар. Бұл мағынаның экспрессивті, эмоционалды компоненттері. Жалпы лакуналардың пайда болуы сөз мағынасының осындай ұғымдық, мазмұндық реңктерінің сай келмеуінен туындайды. Нәтижесінде, әр түрлі халықтардың бір зат пен құбылысқа қатысты ассоциативті түсініктерінің айырмашылығынан денотативті ойықтар пайда болады. З.Д. Попова мен И.А. Стернин: «Түрлі тілдердің денотативті ұяшықтарының толымсыз баламасы болуы нәтижесінде лакуна (өзара салыстырылатын тілдердің бірінде басқа тілде бар болатын атаудың не өзге түсініктің болмауы) сияқты құбылыс пайда болады», – дейді [23, с. 71]. Әрине, лакунаға берілген анықтамалар осы аталғандармен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, Мағжан ақынның *Түн айтқызды* өлеңінде қайталап екі рет байғыз құсы аталады. Бұл өлеңнің ішіндегі ақынның не сезініп, не айтқысы келіп тұрғанын тек байғыз құстың астарында қандай имплицитті ақпарат, коннотативті мағына барын түсінген оқырман ғана қабылдай алады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында бұл түн құсымен байланысты жағымсыз ассоциациялар орын алған. Деректерді қарастыра келе, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде де бұл құсқа байланысты жағымсыз, ұқсас наным-сенім бары анықталды. Ал, егер де халықтардың осындай түсініктері қабыспаса, бұл өлеңнің шынайы нені меңзеп тұрғанын оқырманның сезінуі қиын. Бұл жағдайда аудармашы тек мәтіннен тыс қосымша ақпарат бере алады.

Келесі термин – алиенизм. В.П. Берков «аса таныс емес» тілдердегі сөздерді алиенизм деп атауды ұсынады [24, с. 109]. С. Влахов пен С. Флорин аталмыш терминнің болашағына күмәнмен қарайды. Себебі латынша түпкі мағынасы *alienus* - «басқаларға тиесілі, өзімдікі емес; өзге жерлік, кірме» сирек тілдермен байланысты көрсетпейді; екіншіден алиенизм деп аталатын реалия тобының басқалардан айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

Осылайша, реалияларға қандай да бір белгілерімен жақын терминдердің аражігін аша келе, С. Флорин оларға төмендегідей анықтама береді: «бір ұлттың өмір салтын, мәдениетін, қоғамдық және тарихи дамуын сипаттайтын заттар мен концептілерге қатысты және басқаларға бөтен сөздер мен сөз тіркестері» [25, с. 122]. Оған қоса С. Флорин реалиялардың басқа тілдерде нақты эквиваленті жоқ, себебі олар әрбір мәдениеттің жеке өзіне тән тарихи және жергілікті мәнмәтінде қалыптасқан, сондықтан реалиялардың аудармасы тілмен шектелмейтіндігін баса айтады. Аталмыш анықтамадан сөздер мен сөз тіркестері деген реалия сөздердің формасына назар аударылады. Реалия сөздер сөз тіркесі қалпында да кездесуі мүмкін. Диссертациялық жұмыста Мағжан

ақын поэзиясынан іріктеліп алынған реалиялардың басым бөлігі сөз түрінде, тек бірен-сараны тіркес түрінде кездеседі. Мысалы, *қара шаңырақ, ақ үй*.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген әр түрлі анықтамаларға қарамастан, аударматану тұрғысынан ортақ тұжырым шығаруға болады. Яғни, реалиялар ұлттық, тарихи, жергілікті болмыс пен тұрмысқа тән реңкке ие және аударма тілінде эквиваленті жоқ тіл бірліктері.

Қолданыстағы реалиялардың әр түрлі зерттеушілермен ұсынылған классификациясы да алуан түрлі. Дегенмен, шетелдік дискурста кеңінен таралып, көпшілікпен мақұлданған мәдени атаулар классификациясын алғашқылардың бірі болып П. Ньюмарк ұсынды. Ол оларды 5 категорияға ажыратып бөлді:

- 1) экология;
- 2) материалдық мәдениет;
- 3) қоғамдық мәдениет;
- 4) ұйымдар, іс әрекеттер, ұғымдар, тәртіптер;
- 5) дене қимылы мен әдеттер [26, pp. 95-102].

Бірақ кейінгі еңбегінде біраз өзгертіп, толықтырады:

- 1) экология (геологиялық және географиялық қоршаған орта);
- 2) қоғамдық өмір (саясат, заң және үкімет);
- 3) әлеуметтік өмір (шаруашылық, мамандықтар, әлеуметтік қамтамасыздандыру, денсаулық және білім беру);
- 4) жеке өмір (тамақ, киім және үй-тұрмыс);
- 5) әдет-ғұрып және өмір сүру салты;
- 6) жеке бас әуестіктері: дін, музыка, поэзия және басқа да түрлі әлеуметтік ұйымдар) [3, pp. 173-177].

Э. Эспиндола келесідей классификацияны ұсынады:

- 1) топонимдер (Жер бетіндегі табиғи және жасанды аймақтар мен жер атаулары);
- 2) антропонимдер (жергілікті колоритке ие адамдардың аттары мен лақап аттары);
- 3) ойын-сауық түрлері (әр түрлі іс-шараларға қатысты қонақжайлылық пен көңіл көтеру, сауыққа қатысты атаулар. Мысалы, *фламенко*);
- 4) көлік құралдары;
- 5) ойдан шығарылған образдар (әдеби);
- 6) жергілікті институт (адамдарға қызмет көрсету саласындағы түрлі денсаулық сақтау, білім беру, саяси, әкімшілік, діни, шығармашылық ұйымдар);
- 7) өлшем бірліктері (өлшем, салмақ, жылдамдық, ұзындық бірліктері);
- 8) тамақ және ішімдіктер;
- 9) білім беруге қатысты ұғымдар (мектеп пен оқуға қатысты барлық ұғымдар);
- 10) діни мейрамдар [27, pp. 49-50].

Бірақ Э. Эспиндола кейбір жағдайларда мәдени тіл бірлігінің нақты қай категорияға жататынын анықтау қиындығы туындайтынын атап өтеді [27, pp. 55].

М. Бейкер мәдени-айрықша концептілерді абстрактілі және нақты деп бөледі [4, p. 21]. Бірақ одан ары нақтылап түсіндірмейді. Х.Ф. Эксела (1997) мәдени-айрықша атаулардың екі категориясын ұсынады: жалқы есімдер мен жалпы атаулар (common expressions). Жалқы есімдер ешқандай мәдени коннотацияға ие емес жалқы есімдер мен белгілі бір тарихи және мәдени мәнге ие жалқы есімдерді де құрайды [9, p. 59]. Жалпы атауларға жалқы есімдер категориясына жатқызылмайтын, белгілі бір мәдениетке тән заттар, институттар, әдет-ғұрып, салт-сана кіреді.

Мәдениетке тән элементтердің тағы бір моделін С. Влахов пен С. Флорин ұсынған. Олар алдымен жалпы 4 түрлі категорияны ажыратып, одан ары субкатегорияларға бөледі:

1) Заттық жіктеу;

2) Жергілікті жіктеу (ұлттық және тілдік қатысымға байланысты):

А. Бір тілдің шеңберінде:

1. өз реалиялар (көбінесе тілдегі байырға, ежелден келе жатқан лексика):

а) ұлттық (бір халыққа, ұлтқа тән және осы елден тыс жерлерде бөтен болып табылатын атаулар);

б) жергілікті (бір елдің шекарасынан өтіп, географиялық жағынан көршілес болмаса да, әдетте референтімен бірге бірнеше халыққа жайылған, бірнеше тілдің лексиксының құрамдас бөлігіне айналған. Мысалы, советизмдер).

в) микрореалиялар (белгілі бір қала, ауыл, қоғамдастық, ұйым, тіпті отбасы ішіндегі)

2. өзге реалиялар (түп-төркіні шет тілдік, өзге тілден енген сөздер, неологизмдер):

а) интернационалдық

б) регионалды

Б. Екі тілдің шеңберінде:

1. ішкі реалиялар (екі тілдің біріне жататын, сәйкесінше біріне бейтаныс реалиялар);

2. сыртқы реалиялар (екі тілге де бірдей бейтаныс реалиялар) [8, с. 57].

3) Уақытқа сай жіктеу («таныстық» белгісіне қарай синхрондық және диахрондық үлгіде): заманауи және тарихи реалиялар.

4) Аударма жіктеуі (аударылатын немесе аударылмайтын) [8, с. 65].

Заттық жіктеу:

(А) **географиялық реалиялар:** 1) физикалық география мен метеорология нысандарының атаулары (прерия, торнадо); 2) адамның іс-әрекетімен байланысты географиялық нысандардың атаулары (польдер, арық); 3) эндемиктердің атаулары (киви, секвойя);

(Б) **этнографиялық реалиялар:** 1. *Тұрмыс:* а) тамақ, сусындар, қоғамдық орындар; б) киім-кешек; в) үй-жай, жиһаз және басқа тұрмыс заттары; г)

транспорт (көлік түрлері және оны жүргізушілер); д) басқалар (махорка, кизяк). 2. *Еңбек*: а) еңбек адамдары (бригадир, фермер); б) еңбек заттары; в) еңбекті ұйымдастыру. 3. *Өнер және мәдениет*: а) музыка және би; б) музыкалық инструменттер; в) фольклор; г) театр; д) басқа да өнер атаулары және заттары; е) орындаушылар: трубадур, акын, гейша; ж) әдет, салт-жоралар; з) мейрамдар мен ойындар; мифология; к) культ; л) күнтізбе. 4. *Этникалық объектілер*: а) этнонимдер; б) лақап аттар (әдетте күлкінішті әрі көңілге келетін: фриц, хохол); в) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша атауы (кариокас, канака, шоп). 5. *Өлшем және ақша*: а) өлшем бірліктері; б) ақша бірліктері; в) аталған екеуінің ауызекі тілдегі атаулары (сотка, двушка, трешка).

(В). Қоғамдық-саяси реалиялар: 1. Әкімшілік-территориялық бөлініс: а) әкімшілік-территориялық бірліктер (губерния, облыс); б) тұрғылықты аймақтар (ауыл, станица, хутор); в) тұрғылықты аймақтардың детальдері (старгало, чаршия, корзо). 2. Билік органдары мен жүргізушілері: а) билік органдары (муниципалитет, дума, рада); б) билікті жүргізушілер (канцлер, хан, шах). 3. Қоғамдық-саяси өмір: а) саясат және саясат қызметкерлері (большевик, эсдек); б) патриоттық және қоғамдық қозғалыстар; в) әлеуметтік құбылыстар мен қозғалыстар (және олардың өкілдері); г) атақ, дәреже, лауазым, қаратпалар (князь, принц, мадам); д) мекемелер (загс, облоно); е) оқу орындары мен мәдениет мекемелері; ж) таптар мен касталар (және олардың өкілдері); з) таптық белгілер мен символдар. 4. *Әскери реалиялар*: а) бөлімшелер (легион, орда, фаланга); б) қару-жарақ; в) әскери киім; г) әскери қызметкерлер (және командирлер).

Қазақстандық ғылыми дискурста этномәдени лексиканың жан-жақты жіктелуін ғалым Ж.А. Манкееваның этномәдени атаулар құрылымында тілдің когнитивтік қызметін қарастыратын «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясынан көруге болады.

Мысалы, ғалым киім-кешек атауларының түрлі ерекшеліктерін ескере отырып, оларды бірнеше топқа жіктейді: 1) Сырт киім атаулар: шекпен, шапан, тон, ішік, күпі, қаптама. 2) Үстінен киетін киім атаулары: бешпент, камзол, көйлек, шалбар, т.б. 3) Іш киім атаулары: дамбал, жейде, ішкөйлек; 4) Бас киім атаулары: салы//шәлі, орамал, бөрік, қарқара, кимешек, күләпара, желек, жаулық, сәукеле, айырқалпақ, тамық, тақия, шаршы, т.б. 5) Әскери киім атаулары: құяқ, қаттау, жарғақ шалбар, жалаңқат, аймауыт, т.б. 6) Аяқ киім атаулары: саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарық, т.б. 7) Киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары: белдік, белбеу, білезік, жүзік, кісе, моншақ, сақина, сырға, түйме, шашбау, шолпы, т.б [28, 89 б.]. Сондай-ақ, А.У. Жусупованың «Проблема перевода этнокультурной идентичности в трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот» атты докторлық дәрежесін алуға жазылған диссертациясында реалиялардың ізденушінің өзімен ұсынылған классификациясы көрініс тапқан [29, с. 36].

Сонымен, мәдени-айрықша сөздердің әр түрлі классификациясы барын және жаңа категориялар тұрақты түрде пайда болып жатқанын көреміз. Бірақ зерттеуші ғалымдардың ойының ортақ тұстары да бар: кейбір жағдайларда бір

сөзді нақты бір категорияға жатқызу қиын. Және жіктеуді нақты бір зерттеушінің классификациясына сүйене отырып іске асыру да қиын. Мысалы, Эксела мен Эспиндола жалқы есімдерді жеке категория ретінде қарастырса, Ньюмаркта ол жоқ. Ал, Влахов пен Флорин жалқы есімдерді реалия сөздерден мүлдем бөлек категория ретінде қарастырады. Аталмыш қиындықтар диссертациялық жұмысты жазу барысында кездесті. Біріншіден, белгілі бір сөзді нақты бір категорияға жатқызу мәселесі. Мысалы, шаңырақ сөзі материалдық мәдениетке де қатысты, абстрактілі коннотациялық, символикалық мәнге де ие. Сол себепті мәнмәтінге қатысты жіктеу қажеттілігі туындады. Екіншіден, жоғарыда көрсетілген белгілі бір ғалымдардың классификациясына сай жіктеу. Кейбір категориялар жетіспей жатады немесе сай келмей жатады. Сондықтан Мағжан ақын поэзиясындағы мәдени лексиканы біз бар теориялық тәжірибені пайдалана отырып, өздігімізше жіктедік. Бірақ реалияларды өз және өзге деп, заманнауи және тарихи деп жіктелуінде С. Влахов пен С. Флориннің классификациясына сүйендік. Ең алдымен, материалдық және рухани мәдениет деген үлкен екі тарауға бөлінді. Толығырақ осы тақырыпқа арналған келесі тарауда мәлімет келтіріледі.

1.2 Аудармадағы мәдени революцияның қайнар көзі мен тенденциялары

Қазіргі уақытта әлемдік аударматану ғылымы бұрын соңды болмаған мәдени революцияны бастан кешіруде. Аударма процесінде ең алдымен, түпнұсқа мәтін пайда болған орта мен аударма мәтінін қабылдаушы рецептор да ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан, ұрпақтан ұрпаққа берілетін өзіндік дүниетанымы, наным-сенімі, ассоциациялар жүйесі бар мәдениет өкілі ретінде қарастырыла бастады. Мәдени мәнмәтін алдыңғы орынға шықты. Аударматану ғылымы лингвистикамен ажырамас байланыста болғандықтан, бұл фундаментальді өзгеріс тіл біліміндегі парадигмалардың да күрделі өзгерістерінен бастау алды. Бұрынғы уақытта тілді құрылымдық тұрғыдан қарастырса, қазіргі уақытта антропоцентристік парадигма негізге ие болды. Тіл, мәдениет және жеке тұлға. Атаулы үш ұғым барған сайын өзекті сипат ала бастады, бұл өзара тығыз байланыс күтпеген жағдай емес немесе байқаусызда қалыптасқан жоқ. Жеке адамның дамуындағы тіл мен мәдениеттің байланысы сонау ертеде басталған. Дәлірек айтқанда, ертедегі адамдар өміріндегі тіл мен жазу–сызулар бір–бірімен байланыста болған. Олай болса, тіл - мәдениет жемісі, оның құрамдас бөлігі, өмір сүру формасы. Тіл мәдениеттен тыс тұрмайды. Мәдениет дегеніміз тіл болса, тіл дегеніміз мәдениет. XX ғ. тілші ғалымдар, тіл ғылымының негізін салушылар тіл, ойлау, мәдениет атты үштіктің өзара бірлікте қарастырды. Бұл бағыттың фундаментальді негіздері В. фон Гумбольдт, А.А. Потебняның еңбектерінен бастау алады. Мысалы, В. фон Гумбольдт өз еңбегінде «Менің ұлтымның тілінің көкжиегі менің әлемге деген көзқарасымның шекарасы» деп жазады [30, р. 11]. А.А. Потебня әлем тіл призмасы арқылы қабылданады десе [31, с. 6], А.М. Хайдеггер тілді «тұрмыстың үйі» (дом бытия) деп атайды [32, р. 17].

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын В.фон Гумбольд төмендегідей суреттейді: біріншіден, мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениет ізі халық тілінде сақталады; екіншіден, мәдениет – ұлт нышаны, тілде өз жүйесін табады; үшіншіден, тіл – адам мен табиғатты жалғастырушы күш; төртіншіден, мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән [30, p.12]. Сонымен бірге ғалым өз еңбектерінде «ұлтты» «тілдік мәртебесі» бар «адам рухының даралану формасы» деп тұжырымдайды.

Мәдениеттің көнесі мен жаңасын, мәдениеттің арғы – бергі тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де тек ана тілдің құдіреті екені әр халықтың тілі мен мәдениетінің өзара қарым–қатынасынан, өзіндік тұрмыс тіршілігі, тілі арқылы өрнектелуінен көрінеді. Аталған ғылыми тұжырымның негізін американдық ғалым Э. Сепир: «Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан, халықтың тұрмыс–тіршілігімен әбден қабысып кеткен салт–дәстүр мен наным–сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады» деп анықтай келе, ғылымда аты белгілі «Сепир–Уорф болжамы» дүниетаным мен ойлау тәсілдері арасындағы құрылымдық байланысты этнолингвистикалық тұрғыдан баяндап береді [33].

Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым дүниеге келді. Осы бағыттағы В.Н. Телия (1996) [34], А.В. Вежбицкая (2000) [35], В.А. Маслова (2001) [36], В.В. Воробьевтің (2008) [37] еңбектерінде В. фон Гумбольд негізін қалаған парадигма жалғасын тапты. Олардың барлығы «әр ұлттың тілі ерекше және бірегей; халық мәдениетінің барлық қырлары тілімен бейнеленеді, сол себепті әр әлемнің суреті өзгеше» деген қағиданы ұстанды. Тіл ұлттың қазіргі болашағымен ғана емес, өтіп кеткен ғасырлардан естелік болып қалған мақалдар мен мәтелдерді, фразеологизмдерді, метафораларды, мәдени символдарын түсінуге әкелетін жол. Адам тек балалық шағынан тілді және онымен бірге өз халқының мәдениетін меңгеру арқылы ғана адам бола алады. В.Н. Телия «Тіл мен мәдениет өзара дилаогта өмір сүреді. Және сөйленімнің субъектісі мен адресаты үнемі мәдениеттің субъектісі болып табылады» [34, с. 9] десе, З.К. Сабитова тіл мен мәдениет этностың (халықтың) ең басты белгілері дейді. Оның үстіне тіл этностың ең негізгі, көрнекті және тұрақты көрсеткіші болып табылады [38, с. 22]. Тіл мәдениеттің синхрониялық (коммуникативті функция) және диахрониялық (кумулятивті) бағытта өмір сүруін қамтамасыз ететін белгілердің жүйесі [39, с. 8] делінді. Профессор А.Б. Салқынбай тіл мен мәдениеттің байланысын «Тіл бүкіл адам баласының іс-әрекетінің, таным-түсінігінің қиялы жеткен күллі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі» деп тұжырымдайды [40, 12 б.].

Осылайша XX ғ. аяғындағы – XXI ғ. басындағы лингвистика «тазадан» лингвистиканың сыртқы әсеріне ашық, антропоцентристік, функционалдық, басқа ғылымдармен еркін біріккен жолмен келеді. В. фон Гумбольдт «әлемнің тілдерін зерттеу – адамзаттың ойы мен сезімінің дүниежүзілік тарихы» болғандықтан, әлемнің тілдерін зерттеуде тілде сөйлейтін адамға ерекше көңіл

бөлу керек деп айтқан. Ол барлық елдердің және мәдени жетілудің барлық дәрежесіндегі адамдарды суреттеу керек; оған адамға қатыстының бәрі кіру керек» деп тұжырымдайды [41, р. 33].

Ғылыми парадигмалардың ауысуына байланысты лингвистика пәні айтарлықтай өзгерді, ғалымдар тілдің жаңа түріне және онымен байланысты көріністерге көңіл бөлді: тілдік санаға, тілдік тұлғаға, сөйлеу тұрғысына, лингвомәдениеттануға, ассоциативті-ауызша жүйеге, тілдің корпусына және т.б. Бұл тілді ғаламдық байланыс тәсілі ретінде түсіндіру ұмтылысымен байланысты, оны оның барлық көрінісінде жан-жақты суреттеу. Осылайша, тіл қызметі саласына (мысалы саясаттағы, құқықтанудағы) деген қызығушылық саяси лингвистика мен заңгерлік лингвистиканы; тіл мен мәдениеттің, тіл мен жыныстың өзара қарым-қатынасы жайлы зерттеулер – лингвомәдениеттануды, этнолингвистиканы, лингвогендерологияны, ал тіл қызметінің жаңа формасының сипаттамасы (электронды байланыстарды) - интернет-лингвистиканы тудырды. Аталмыш ғылымдардың барлығының аударматану ғылымымен кірігуі заңды еді.

Ф.Р. Ахметжанованың айтуынша, тіл мәдениетпен тығыз байланыста бола отырып онымен бірге дамиды. Сондай-ақ, тіл мәдениетті қалыптастырады, дамытады және оны мәтін түрінде сақтайды. Осы орайда, тіл арқылы материалдық және рухани мәдени құндылықтардың шынайы, объективті шығармалары пайда болды [42, 34 б.].

Кез келген халықтың мәдениетінде тілдің алатын орны орасан зор. Мәдениеттану ғылымында тілдің мәнін зерттеушілер өз қырынан танып, өз тұрғысынан баға береді. Мұндай баға негізінен мына пайымдауларға саяды:

- тіл – мәдениеттің айнасы. Ол айнада адамның ақиқат өмірдегі айналасы ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық ерекшелігі, дәстүрі, салт-санасы, моралі, құндылықтар нормасы мен жүйесі, дүниенің бейнесі (суреті) айқын көрінеді;
- тіл – мәдениетті жинақтаушы, сақтаушы. Халықтың білімі, танымы, материалдық және рухани байлығы тілдік жүйеде сақталады. Олар негізінен фольклорлық шығармаларда, көркем туындыларда, әртүрлі жазба мұраларда сақталады;

- жинақталған, сақталған дүниеліктер тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Жас бала ана тілін үйрену барысында мәдениетті, бұрынғы ата-бабалардың тәжірибе, білімін қоса игереді;

- тіл – жеке адамды қалыптастырудың мәдени құралы. Жас ұрпақ ана тілі арқылы халықтың менталитетін, дәстүрін, салт-санасын қабылдайды.

Қорыта келе, ХХІ ғасырдың лингвистикасы тілді тек қарым-қатынас және таным құралы емес, ұлттың мәдени коды ретінде қарастырудың негіздерін белсенді түрде қалыптастырып келеді. Сондықтан лингвистика, тіл туралы ғылым кез келген гуманитарлық білімдер жүйесінде авангардты методологиялық позицияға ие бола отырып, тілсіз мәдениетті танудың мүмкін еместігін дәлелдейді. Ал, аудармадағы мәдениетті қаншалықты жеткізу қажет?

Аударматанудағы мәдени ақпаратты аудару концепциясының өзі бірнеше деңгейден өтті. Аудармадағы мәдени қатысымға дейін, кез келген

аудармашылық зерттеу лингвистика мен салыстырмалы әдебиеттануға жатқызылды. Аударма екі тіл арасындағы транзакция деп есептелініп, лингвистиканың бөлімшесі саналды. Дж. К. Кэтфордтың *A Linguistic Theory of Translation: An Essay in Applied Linguistics* (1965) [43] еңбегі осы тұрғыдан жазылған ең соңғы көлемді еңбектердің бірі болды. Себебі көп ұзамай көркем шығармалардың тілден емес, мәдениеттен тұратынын, және тілдің өзі мәдениетті сақтаушы, таратушы, жеткізуші ретінде танылды. Аударматанудағы мәдени бетбұрыс С. Басснет пен А. Лефевердің 1990 жылы жарық көрген *Translation, History and Culture* еңбегінен бастау алды [44]. Ғалымдар еңбегінде аударма мәдениетке қарай жылжыды деп тұжырымдайды (р.1). Ал, 1998 жылғы *Constructing Cultures* [45] еңбектерінің соңғы бөлімін «The Translation Turn in Cultural Studies» деп атап, аударматану мен мәдениеттану бірлікте қарастыра алатын төрт пунктті атап, әр түрлі мәдениеттердің өз жазушылары мен мәтіндерінің бейнесін қалай көрсететінін, мәтіндердің мәдени капиталға айналу амалдарын бақылау, аударма саясаты тәрізді ортақ зерттеу аймақтарын атайды. Және С. Басснет аударма мен мәдениет арасындағы байланысты ойын “Жүрекке ота жасап жатқан хирург оның айналасындағы денені елемейі мүмкін болмаса, дәл солай аудармаршының мәтінді де мәдениеттен бөліп қарауы аса қауіпті деп сипаттайды [44, р. 105].

Жалпы, мәдени коннотацияға ие лексиканы аудару қаншалықты қажет деген сұрақтар туындады. Бұл сұрақ аясында лингвомәдени лексиканың аудармалылығын (бірақ абсолютті емес) немесе аударылмайтындығын дәлелдейтін көптеген ғылыми-тәжірибелік еңбектер жазылды.

Мысалы, алғашқылардың бірі болып аударма мәселелеріне көңіл бөлген белгілі француз тілтанушысы Ж. Мунэн өзінің *Аударманың теоретикалық мәселелері* (1963) [46], *Аударманың тарихы мен теориясы* (1965) [47] атты еңбектерінде, кейіннен көптеген мақалалар мен баяндамалар жинағы түрінде жарық көрген *Лингвистика және аударма* (1976) [48] еңбегінде тіл білімі мен аударматанудың маңызды сұрақтарын қарастырады. Зерттеуші ғалым бүтіндей аударманың лингвистикалық теориясын жасауға тырыспайды. Ең алдымен, жалпы абсолютті аударма мүмкіндігіне күмәнмен қарайтын заманауи тілдік концепцияларды жоғары ғылыми деңгейде талқылайды. Ж. Мунэн аударма жасаудағы лингвистикалық кедергілерді үш топқа бөледі. Және оның ең бастысы, тілдік емес болмысты (шындықты) және болмыстың өзінің ерекшеліктерін көрсететін, тіл арқылы жасалатын «әлем бейнесінің» сәйкессіздігі, үйлесімсіздігі [47, р. 26]. Яғни, әрбір тіл өз әлемінің тілдік бейнесін жасайды және оған тән болмысты (шындықты) өзінше көрсетеді. Сондай-ақ әрбір келесі ұрпаққа қоршаған әлемді сол тілдің концептуалды торы арқылы көруге мәжбүрлейтін әлем бейнесін қалдырып отырады. Тіл арқылы көрініс табатын халықтың салт-санасы, мәдениеті, дүниетанымы, наным-сенімі, рухани және материалдық мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады, сол тілде сөйлейтін адамдардың бейсанасында әбден қалыптасып, орнығады. Сонымен, зерттеушімен аталған аудармадағы лингвистикалық кедергілердің

бірі - осы. Әрбір халықтың өзіне ғана тән аталмыш тілдік бейнені аудармада қалай көрсетуге болады?!

Сепир-Уорфтың да белгілі гипотезасы бойынша тілдердің айырмашылығы (әр түрлілігі) сол тілде сөйлейтін адамдардың логикалық категориялары мен ойлау сипатының да әр түрлі болатындығын білдіреді [49, 187 б.]. Және де Аристотельдің логикасы грек тілінің ерекшеліктерін көрсетеді. Егер де ол Дакота тайпасындағы үндіс болса, оның логикасы мүлдем басқа болар еді деген мысалмен сүйемелдейді. Ал, әр түрлі тілдер құрайтын әлем бейнелері бір-біріне сай келмейтіндіктен түпнұсқа мәтіннің мазмұны аударма мәтіннің мазмұнымен сәйкес бола алмайды. Сол себепті бар аударма үрдісі жалған, фикция деп қорытындылайды. Аударма жасау мүмкіндігінің үшінші кедергісі ретінде Ж. Мунэн аударма мәтіндерінде көрініс табатын елеулі мәдени-этникалық ерекшеліктерді растайтын заманауи социолінгвистиканың тұжырымдарына сүйенеді. Яғни, бір халықтың мәдениеті бірегей және басқа халыққа түсініксіз. Әрбір халықтың өзінің әдет-ғұрпы, ассоциациялары, психологиясы, болмысқа деген қатынасы бар. Және бұл жерде әлем бейнесі ғана ерекше емес, өмір сүретін әлемдердің өзі әр түрлі. Ю. Найданың еңбектерін дәйексөз ете отырып, зерттеуші экология, материалдық, әлеуметтік, діни және лингвистикалық ерекшеліктерге байланысты аударма қиындықтарын атайды. Шөл сөзін тропикалық орманда өмір сүретін тайпаның тіліне қалай аударуға болады? Қаланың қақпалары тіркесі өмірі қала мен қақпа көрмеген көшпенділер үшін қандай мағына беруі мүмкін? Теологиялық түсініктер мен салттарды білмейтін халықтың тіліне қалай діни терминдерді аударуға болады? Өркениеттер айырмашылығы да толыққанды аударма жасауда қиындық тудырады деп ой түйеді [47, р. 35]. Дәл осындай мәселе Ж. Дәдебаевтың еңбектерінде де көтеріледі және мұндай мәселе алдында аудармашылардың дәрменсіздігін атап, пессимистік болжам келтіреді: «Түйені суреттен ғана көрген, оның қазақтың тұрмыс-тіршілігіндегі орнын білмейтін аудармашы түйенің өркеші мен қомы туралы түсініктен мүлдем мақұрым екендігіне таң қалуға болмайды. Аудармашының мұндай дәрменсіз халі оның аудармашылық қабілетінің төмендігінен тумайды, түпнұсқа туындыда көрініс тапқан өмір құбылыстары туралы білімінің, түсінігінің жоқтығынан, бар болса, саяздығынан туады. Аудармашының біліміндегі, түсінігіндегі, түсінуіндегі бұл секілді олқылықтардың орнын толтыру ізденісті, еңбекті, уақытты талап етеді. Мұндай талаптың үдесінен шығу аудармашы үшін оңай емес. Аудармашылар бұл қиындық алдында да дәрменсіз екендігін көрсетті. Қайбір жүректі деген аудармашылар «түйенің қомы» дегенді «түйенің өркеші» деп аударып, түйенің қомы мен өркеші арасында адасты» [1, 47 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі және мәдениеттердің көптігі мәселелері де осылай қарастырылады. Әрбір тіл шындықты өзінше суреттейді. Эскимостардағы қардың түрлерінің көптеген атаулары немесе аргентиналық бақташылардың жылқының түр-түсіне қарай әрқалай атауы басқа халықтардың тілінде сәйкестігі табылмай, аудармашыларға қиындық тудырады.

Бірақ соңына келгенде Ж. Мунэн лингвистика бұл қиындықтардың да шектеулілігін көрсетеді деп тұжырымдады. Біріншіден, аталмыш ерекшеліктер бір тілдің өз ішінде де болуы мүмкін дейді. Мысалы, бір француз орташа түрде қар сөзімен мағыналас бір сөз білсе, француз шаңғышылары қардың әр түріне байланысты эскимостар лексикасынан кем емес көптеген атауларды қолданады. Жылқы малына қатысты 200-ге жуық термин қолданатын француз атшылары жайында да осылай айтуға болады. Бұл ерекшелік француздар арасындағы қарым-қатынасқа еш кедергі келтірмейді. Демек, дәл солай аудармада да бұл қиындықты жеңуге болады. Екіншіден, лингвистикалық зерттеулер тілдерде планетамыздың барлық мекен етушілерінің мекен ету ортасы, биологиялық тип, қоршаған ортаны қабылдау және психикалық ерекшеліктерінің ортақтығын көрсететін көптеген универсалийлер барына көз жеткізіп отыр.

Ал, заманауи мәнмәтінде мәдениеттердің одан әрі жақындастығы, тілдердің конвергенциясы байқалады. Адамдардың сауаттылығы артып, шетел тілдерін, өзге мәдениеттерді, тарихты зерттеп-білуге құштарлығы, сәйкесінше фондық білімі мен өзге мәдениеттерге деген толеранттылығы артып келеді. Әрі ғаламтор арқылы әлемнің кез келген бұрышын, табиғи және географиялық ерекшеліктерін, салттарын, өмір сүру қалпын көзбен көру мүмкіндігінде шек жоқ.

Демек, Ж. Мунэн ақырында «Әрине, түпнұсқа мәтіннің ар жағында тұрған шындықты білу оны түсініп аудару үшін қажет. Бірақ өзге мәдениеттің реалиялары суреттеп айтуға немесе зерттеуге мүмкін емес дүние емес. Этнографиялық мәліметтерді қолданып, аудармашы түпнұсқадағы мәдени ерекшеліктерді түсіндіріп, басқа тілде суреттеп бере алады. Аударма арқылы қарым-қатынас ешқашан абсолютті болмайды, бірақ үнемі мүмкін» деп қорытындылайды [47, p. 37]

Бұл тақырыпқа өте көп зерттеулер арнаған, Ж. Мунэн өз еңбектерінде дәйексөз еткен американдық лингвист Ю. Найданың тұжырымдары да аса танымал. Ю. Найданың аударма концепциясының негізі «рецептордың реакциясы» болды [50]. Рецептордың реакциясы аударма сапасын бағалаудың ең басты критеріі болып табылады. Яғни, аударманың түпнұсқамен сәйкесітігі емес, аударманың рецепторға ұсынылуы және олардың реакциясын бақылау маңызды. Зерттеушінің бұл ұстанымы, енгізген динамикалық эквиваленттілік ұғымының көп жақтаушылары болды. Аударманың басты функциясы – түпнұсқа мәтіннің толыққанды коммуникативті қызмет атқаруы. Демек, «Аударма адал ма?» деген сұраққа «Кімге?» деп жауап қайырылды. Осылайша, динамикалық эквиваленттілік аударманың халықтардың мәдени-этникалық ерекшеліктерін есепке алмай, адамдардың өзіне жат мәдениет элементтерін меңгеріп, басқа елдің өздеріне тән дәстүрі, өмір сүру салты барын түсіну қабілетін жоққа шығарып, түпнұсқа мәтінді барынша бейімдеуі. Демек, түпнұсқадағы аударылып жатқан мәдениетке жат ұғымдардың барлығынан айыру, барынша түсінікті ету. Себебі аударманың мақсаты – еш кедергісіз коммуникативті мақсатқа жету. Рецептор еш қиындықсыз аударма мәтінді

түсінуі қажет [51, p. 55]. Бұл концепция Ю. Найданың ізбасарларының да еңбектерінде өте кеңінен қолданыс тапты.

Бірақ, концепцияның авторы өзінің кейінгі аудармадағы мәдени ерекшеліктерге қатысты еңбектерінде *Meaning across cultures* (1976) [52] алдыңғы монографияларындағы бұл шектіліктен бас тартады. Рецептордың түпнұсқаның мәдени-этникалық ерекшеліктерімен байланысты образдар, ассоциациялар мен символдарды дұрыс түсініп қабылдау маңыздылығын атай отырып, аударма мәтінінің түпнұсқадан алыстап кететіндей бейімделуін талап етпейді. Ендігі жерде назарын сілтемелер мен ескертпелер көмегімен мәдени реалияларды түсіндіруге аударады.

1980 жылдары неміс аударматанушылары Катарина Райс пен Ганс Фермеер Найданың алғашқы ұстанымдарына ұқсас скопос-теорияны жасап шығады [53]. Ол теория бойынша аударылатын мәтін толықтай аудармаға тапсырыс берушінің, аударма инициаторының немесе аудармашының мақсатына сай, өз бетінше мақсатты аудиторияны анықтап, интерпритацияланып, бейімделеді. Мұндай қатысым түпнұсқа мен аударма мәтінінің эквиваленттілігінен, түпнұсқа ерекшеліктерін толықтай жеткізуден бас тартуға мүмкіндік берді. Австриялық лингвист Э. Прунчтың ойынша бұл жағдайда түпнұсқа мәтін күйреп, Автор мен түпнұсқаның өлімі орын алады [54, pp. 417-418]. Көркем мәтін аударма болып саналмайтын қысқаша мазмұндамаға айналады деп қарсылығын білдіреді.

П. Ньюмарк аудармашының қандай да бір стратегияны таңдауына әсер ететін факторларды (мәтіннің мақсаты, аудармашының ниеті, оқырманның сипаты, түпнұсқа мәтіннің тілдік және көркемдік ерекшеліктері) қарастыра келе Ю. Найда және лейпциг мектептерінің бұл концепциясына түбегейлі қарсы болды. Ол үшін ең маңыздысы – түпнұсқаға адалдық және осы адалдық жолында ол тіпті сөзбе-сөз аударманы да жақтайды. Эквиваленттілік әсерін сақтаған жағдайда сөзбе-сөз аударма ең жақсы ғана емес, ең дұрыс әдіс, қажетсіз синонимдер мен перефразаның керегі жоқ деп тұжырымдайды.

Бұл мәселеге неміс аударма теориясына елеулі үлес қосқан, өзі де көркем аударманың керемет үлгілерін жасаған, неміс әдебиетінің классигі Иоганн Вольфганг Гёте де мән берген. Аударма қызметінің мүмкіндіктері мен амалдарын ойластыра келе, аударма ұстанымының екі түрін ажыратады: бірі, шетелдік авторды аударма оқырмандары өзінің отандасы ретінде көру үшін авторға сол жаққа көшіп баруды талап етеді, екіншісі керісінше аударма оқырмандарына оның өмір сүру шарттарын, тілдік ерекшеліктерін меңгеру үшін жатжерлік автордың жеріне көшіп бару қажет. Аудармашы орта жолды таңдағанда бұл принциптерді біріктіруге болады, бірақ әрқайсысының өз артықшылықтары бар. Және аударматануда Гетенің төмендегі тұжырым көп дәйексөз етіледі: «Аудармада аударылмайтынға жету керек, тек сол жағдайда шынымен басқа халықты, басқа тілді тануға болады» [55, p. 112].

Ф.У. Ньюман аудармашы түпнұсқаның барлық ерекшеліктерін сақтау керек деп есептеді. Оған қоса, аударма мәтін неғұрлым «шетелдік» болуы қажет

(форензацияланған). Аудармашы ең алдымен түпнұсқаға бағдар қылып, оған аса адалдық танытуы қажет [56, р. 28].

Сондай-ақ кез келген тілден екінші бір тілге аудару тұрғысынан, яғни жалпы аударма теориясына негізделіп жазылған болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің «Непереводимое в переводе» еңбегі бұл бағытта аса құнды болып саналады. Ғалымдар «...бүкіл бірінші және екінші бөлімнің айтарлықтай бөлігі (кітаптың) негізінде ұлттық және тарихи реңктің берілуімен байланысты, себебі мәтіннің жеке элементтерінің аударылуы емес, түпнұсқаның ұлттық өзгешелігі, ол пайда болған ұлттық ортаға сай ерекше реңкінің аудармада көрініс табуы - қаншалықты аударылуы мүмкін деген сұраққа жауап бере алатын аударма теориясының маңызды мәселелерінің бірі» деп атайды. Және соңында авторлар «Біз сенімдіміз, бұл айтылғандардың барлығы «аударылмайтынның» сұрағын бірден жауып тастамайды. Бірақ дегенмен ауыстырып қою, басқаша айту арқылы болса да оқырманға жеткізіп аудару мүмкін және керек» деген қорытындыға келеді [8, с. 340].

Жоғарыда аталған ой-тұжырымдардың барлығын саралай келе, аудармада дегенмен барынша түпнұсқаға адалдықты, ұлттық реңкті сақтап қалу қажет деген тұжырымға келеміз. Ол да әрине бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, аудармашы аударма кімге арналғандығын анықтап алуы қажет. Адресатты анықтап алғаннан кейін лингвомәдени лексиканы түпнұсқадан танып, ажыратып, семантикалық белсенділігін, атқарып тұрған рөлін анықтау қажет. Содан кейін ең ұтымды аударма техникасын таңдау. Аударма адресатын, мақсатты оқырманды нақты анықтау да аударматанудың нақты шешімін таппай келе жатқан сұрақтарының бірі. Әсіресе көркем аудармаға келгенде жағдай тіпті күрделі. Жалпы, аударма адресатын да әр түрлі атайды. Ресейлік ғылыми дискурста адресат (Я.И. Рецкер, В.Г. Гак и др.), қабылдаушы (получатель) (Л.А. Черняховская, Ю.В. Ванников, Г.В. Чернов и др.), оқырман / тыңдаушы (Л.С. Бархударов), реципиент, рецептор (В.Н. Комиссаров). Терминдердің әр түрлі атрибуттармен де қолданылуы жиі кездеседі: шет тілдік қабылдаушы (А.Д. Швейцер), аударма мәтінін қабылдаушы (Н.К. Гарбовский и др.), «орташаландырылған» рецептор (В.Н. Комиссаров и др.), орта (қарапайым, болжалды, мақсатты, қатардағы) оқырман, ықтимал қабылдаушы, белгілі бір адресат, ақырға реципиент. Дәл осындай терминологиялық ахуал шетелдік аударматану ғылымында да байқалады.

Неміс лингвисті және аударма тәлімгері Алберхт Нойберт бұл жағдайды жақсы түсіндіреді: «Көркем әдебиет түпнұсқа мәтіннің аудиториясына арналып жазылғанымен, жалпыадамзаттық құндылықтар мен қажеттіліктерді білдіре отырып, әлемдік әдебиеттің бөлшегіне айналады. Сол себепті аудармадан бұрын, түпнұсқаның нақты адресатын анықтаудың өзі қиын» [57, р. 70]. Орыс ақыны, аудармашы, профессор С.Ф. Гончаренко осы мәселе жайында Аудармашы дәптерінде өз-өзіне сұрақ қойып, жауап қайырады «Түпнұсқа поэтикалық мәтіндер не үшін өмір сүреді? Әрине, араларын жүзжылдықтар бөліп тұрса да, автор мен оның елі арасындағы рухани қарым-қатынас орнату үшін. Ал, поэтикалық аударма мәтіндері не үшін өмір сүреді? Бәлкім одан да

күрделі коммуникативті үрдісті жүзеге асыру үшін: автор мен мүлдем басқа тіл мен мәдениет аясында тәрбие көрген оқырмандар арасындағы рухани қарым-қатынас» [58, с. 2].

Бірақ біз бақытымызға орай аудармашылармен сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болдық. Ағылшын тіліне тәржімалаған Мичиган университетінің профессоры Т. Кожаоглуға:

«Аудармашы аудармаға кіріспестен бұрын мақсатты аудиторияны анықтап алғаны дұрыс дейді. Яғни, аударма мәтіні кімге арналады және не үшін деген сұрақтар. Сіз тәржіманы сондай мақсатты аудиторияға арнадыңыз ба? Әлде ағылшын тілі әлемдік тіл болғандықтан жалпы адамзаттық мұра ретінде танытқыңыз келді ме?» деп сұрақ қойып, төмендегідей жауап алдық:

«Бұл өте жақсы сұрақ, бірақ қарапайым жауап беру өте қиын! Мен екі мақсатты көздедім деп ашық айта аламын: бірінші мақсат - Мағжан ақынның ең ерекше әдеби ойлауын ағылшын тілінде мүмкіндігінше көрсету. Екінші мақсат - ана тілі ағылшын тілі болып табылатын аудиторияның жүрегіне әсер ету. Мен осы екі мақсатқа тең дәрежеде қол жеткіздім деп үміттенемін. Алайда, бұл мәселені өлшеу және бағалау әдебиеттанушыларға қатысты.

Осылайша мен Мағжанның өлеңдеріндегі қазақ мәдениетін ағылшын тілінің әмбебап мұрасында бейнелеуге тырыстым» [59, 122 б.] Толық сұхбат қосымшада. Яғни, аудармашы бұл сұрақтың күрделігі жайлы біздің ойымызбен келісетіндігін білдіріп, ақынның көркемдік ойлау жүйесі мен поэзиясының эстетикалық әсерін ана тілі ағылшын тілі болып табылатын аудиторияға жеткізгісі келетінін айтады. Ал, Түркия түрікшесіне тәржімалаған Ферхат Тамир бұл сұрағымызға «Мен Мағжанның өлеңдерін Түркия зиялылары түсініп алсын деп аудардым» деп жауап қайырды. Яғни, бұл аударма көбінесе Түркия интеллигенциясына арналған. Ал, орыс тілді аудармашылармен өкінішке орай сұхбат мүмкіндігі болмады. Дегенмен, орыс тілді аудитория Қазақстанда да, бұрынға КСРО құрамындағы социалистік республикалардың барлығына таныс деп болжай аламыз.

Ал, лингвомәдени лексиканы аудару барысында қандай қағидатты (доместикация немесе форенизация) ұстанғандары жайлы төмендегідей сұрақ қойылды: «Қазіргі аударматану ғылымында екі жақты ойға әкелетін мәселе – эквивалентсіз лексиканы қалай аудару қажет деген сұрақ. Ұлттық колорит пен бірегейлікті сақтап қалу немесе сол аударманы қабылдайтын оқырман қауымға жақындату, бейімдеу дұрыс па деген. Сіз Мағжан ақын туындыларын тәржімалау барысында көбінесе қай принципті ұстандыңыз?». Бұл сауалға Т. Кожаоглу:

«Ия, сіз дұрыс айтасыз! Мағжан - ұлы ақын, оның өлеңдерінің екі жағы бар: жергілікті деңгейде қазақтың мәдени мұрасы бар; халықаралық деңгейде олар бостандықтың, теңдіктің, адам махаббатының жалпыға ортақ құндылықтарына ие. Ақындардың ұлылығы жергілікті мәдени құндылықтарды жоғарылату кезінде олардың әмбебап болу қабілетінен туындайды. Осылайша, Мағжан - бұл тұрғыда әлемдегі ең үлкен ақындардың бірі. Өкінішке орай, менің басты уайымым әрқашан Мағжан поэзиясының көркем әдеби шеберлігін оның

ағылшын тіліндегі аудармаларында көрсету болды; өлеңдеріндегі сөздерден гөрі». Бұл сөздерден аудармашының жеке сөздерден гөрі жалпы өлеңнің көркемдік әсеріне мән бергенін түсінеміз.

Ф. Тамир болса «Мағжанның айтқандарының мағынасын қолымнан келгенше Түркия түрікшесіне аударуға тырыстым. Негізінде жалпы Түрік ұлтының бірер елі емеспіз бе?» деп сұраққа сұрақпен жауап қайырды. Туыстас ұлт ретінде ортақ дүниелер де баршылық, бірақ өмір сүру салтының айырмашылығына байланысты тілдік бейненің өзгешеліктері де бар. Олардың аудармада қалай көрініс тапқаны практикалық бөлімде сараланды.

1.3 Мәдени лексиканы аудару техникасы мен стратегиялары

И. Мейер аударманы өте көп шешімдер жасауды талап ететін және сәйкесінше қателікке ұрынудың қаупі бар іс-әрекет түрі деп атайды [60, pp. 230-232]. Және лингвомәдени лексиканы аудару әбден таразыланған шешімді қажет ететін мәселе екенін аудармашы ғалымдар мойындап келеді. М. Бейкер аудармадағы эквивалентсіздікті талдай келе мәдени лексиканы аударуды ең жиі кездесетін қиындықтардың қатарына жатқызады [4, p. 21]. П. Ньюмарк бұл тұжырымды қолдай отырып «мәдениетті түпнұсқаға адал және лайықты аударма жасауда ең үлкен кедергі» деп атайды [26, pp. 172-173]. К. Норд мәдени лексиканы екі коммуникативті ортаның қарама-қайшылығының нәтижесінде пайда болатын аударманың прагматикалық мәселелері қатарына жатқызады [61, p. 24]. К. Шеффнер мен У. Визерман мәдени лексиканы аударма үдерісіндегі қиындық туғызатын аймақ деп танып, дәстүрлі қатысым бойынша көбінесе аударылмайтын лексика деп сипатталады деп тұжырымдайды [62, p. 32]. Қиындықтың туу себебін «мақсатты аудиторияның үнемі түпнұсқа тіл мәдениетімен толығымен таныс болмауынан» деп түсіндіреді [61, p. 33]. И. Дэвис «аудармашының міндеті әр түрлі мәдени құбылыстарды оқырманға қолжетімді етіп жеткізу болып табылатын дәнекер» деп сипаттайды [7, p. 68].

Л.Н. Соболев «Аударылмаушылық жайында сөз етер болсақ, онда дәл осы реалиялар аударуға келмейді» деп жазады [10, 79]. И. Левый *Искусство перевода* атты еңбегінде реалияларды аудармашылардың «тозақ» азаптары қатарынан дейді [63, с. 5]. С. Влахов пен С. Флорин реалияларды аудару қиындығының екі себебін көрсетеді: 1) аударма тілінде осы тілде сөйлеушілерде реалия объектіні (референт) білдіретін сәйкестіктің (аналог, эквивалент) болмауы; 2) аудармада реалияның заттық мағынасымен қатар (семантика) колоритін де (коннотациясын) жеткізу [8, с. 80].

Отандық мәнмәтінде алғаш аударма, көркем аударма жайында ой қозғаған әдебиеттанушы М. Әуезов мәдени лексика жайында тікелей айтпаса да, шебер аударма жасау үшін қойылатын талаптарда фондық ақпаратты алға шығарады: «Аудармашының шығармашылық еңбегінің басты бір сатысы - аударуға дейінгі дайындық кезеңі. Осы кезең табиғатын М.Әуезов мынадай үлгіде сипаттайды: а) асыл нұсқада суреттелетін халық тарихын зерттеу; ә) асыл нұсқа кейіпкерінің дәуірімен, ортасымен терең танысу; б) аударуға кіріскенге дейін аударылатын асыл нұсқаның бар материалын біліп алу, т.б.»

[64, 77 б.]. Яғни, аудармаға кіріспестен бұрын халық тарихын, кейіпкер өмір сүрген орта мен кезеңнің ерекшелігін біліп, түсініп алуды алдыңғы орынға қояды. Кейіннен М. Әуезовтың аударма қағидаттары С. Талжанов, А. Сатыбалдиев, Қ. Нұрмаханов, З. Тұрарбеков, Ө. Айтбаев, С. Құспанов секілді ізбасарларының еңбектерінде көрініс тапты. С. Талжановтың 1975 жылы жарық көрген «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» атты монографиясы [65], Ө. Айтбаевтың 1971 жылы қорғаған «М.Горький шығармаларының аудармаларында фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациясы [66], М. Құрмановтың «Неміс поэзиясын аударудың кейбір мәселелері (Гёте, Шиллер, Гейне шығармаларының аудармалары негізінде)» атты кандидаттық диссертациясы [67]. Сондай-ақ, әдеби аударманың теориялық, тәжірибелік жақтарын қарастырған бірнеше монографиялық зерттеулер мен ғылыми жинақтар жарық көрді. Атап айтқанда Н. Хайруллиннің «Аударма сипаты» (1976) [68], З. Тұрарбековтың «Әдебиеттер достығының дәнекері» (1977) [69], Ө. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» (1975) [70], М. Құрмановтың «Алтын арқау» (1979) [71] сияқты зерттеу еңбектерінде аударманың зәру мәселелері кеңінен әңгімеленді.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін түпнұсқа мәтін пайда болған ортаның, шындық құбылыстардың қыр-сырын танып білу қажеттігін профессор Ж. Дәдебаев та әбден түсіндіреді: «Әдеби шығарманың көркемдік әлемі өте күрделі. Одан тыс тұрған аудармашының еңбегі жемісті бола алмайды. Аудармашы өзі аудармақшы болып отырған шығарманың көркемдік жүйесін терең білумен бірге оның жазылу тарихын, жазушы еңбегінің барлық сатылары мен кезеңдерін жете танып, таразылауы шарт. Әдеби шығарманың көркемдік жүйесінің негізін түзген, жазушының шығармашылық ой өзегінің тууына себеп болған шындық құбылыстарды аудармашының тап жазушының өзі секілді барлап, қабылдауы, тіпті өз көңіл сарайынан өткізіп, толқып тебіренуі болмаған жерде көркем аударма тумайды» [1, 54 б.]. Аударматанушы, профессор С. Абдрахмановтың да ойы осы жерден шығады: «Бізге салса, нағыз аудармашы әрі ақын, әрі зерттеуші, әрі тілші, әрі әдебиеттанушы, әрі стилист, әрі талдамашы, әрі тарихшы болуы керек деген талаптың да түк артықшылығы жоқ» [72, 66 б.]. Профессор Т. Есембеков «Аударманың поэтикалық мәселелері», «Көркем аудармада типологиялық әдістерді қолдану», «Әдеби мәтіндегі ой-талқыны түсіну және аударма амалдары», «Мәтін энергетикасы және аударма», «Әдеби мәтінді аудару мәселелері» атты ғылыми мақалаларында мәтінді аудармадан бұрын талдап алу қажеттілігін баса айтып, талдау қағидаттарын ұсынады. «Алдымен мәтіннің табиғатын, түрін, көлемін, мазмұны мен пішінінің ерекшеліктерін анықтап алған дұрыс» [73, 24 б.] дейді. Мәтіннің табиғаты мен мазмұнын түсінген аудармашы оның ажырамас бөлігі, мәдени концепциясынан да аттап кете алмайды, оны оқырманға жеткізудің ең тиімді амалын қарастырады. Аударматану ғылымына көптеген еңбектерін арнаған профессор Ә. Тарақ та реалиялар мен оларды аудару мәселесіне тоқталады: «Түпнұсқа тіліндегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, кәсіп түрлерін

білмей аудару жиі қателестіреді. Бұл реалияға тікелей қатысты. Фразеологиялық тіркестер, орамдар тәрізді, реалиялар да аудармашыны жиі жаңылыстырады» [74, 65 б.]. Және де оның түпнұсқадағы рөлін, танып-түйсіну қажеттілігін анықтайды: «Реалия – түпнұсқаның ұлттық ерекшелігін таныту құралы, оған немқұрайлы қарауға болмайды. Оның мәтіндегі қолданылу мәнін терең түсіну қажет. Оның заттық сипатын, ерекшелігін, қолданылу мәнін тани білу керек». Профессор А.Ж. Жақсылықов көркем аударманы зерттеу еңбектерінде бұл тақырып аясында «Аудармада туындының сонылығын көрсететін қырларын сақтау керек. Қажетті атрибуттар болмаса, аударма халықтың өмірі мен психологиясы жайында шынайы ақпаратты қалай береді?» [75, с. 15] деп, осындай атрибуттардың біріне мәдени колоритті жатқызады. «Басқаша айтқанда, егер де аудармада кишлак пен дехканин орын алса, орыстың деревнясы мен шаруаның (крестьянин) психологиясы жайында не білер едік? Аударма ақынның «архетипін», халықтың «мета-шындығын» сақтау қажеттігі анық [75, с. 15] деп тұжырымдайды. Ғалым С.А. Ашимханова «Мир Габита Мусрепова» (1999) атты еңбегінде *Мәтіннің ұлттық-мәдени спецификасы* деген арнайы тараушада қазақ халқының ұлттық дүниетаным ерекшеліктеріне тоқталып, Ғ. Мүсіреповтың орыс тіліндегі аудармаларын саралап, жазушының ұлттық ойлау жүйесінің тәржімада көрініс табу маңыздылығына баса мән береді [76].

Аталмыш мәселе аталып қана қоймай, оны шешудің әр түрлі амалдары ұсынылды. И. Дэвис олардың барлығының екі бағытта орын алғандығын атап өтеді: 1) аудармашының ең басты екі мақсатының ара жігінде, яғни, түпнұсқаның мәдени сипатын сақтап қалу немесе мақсатты аудиторияға бейімдеу. Мысалы, Л. Венутидің доместикация және форенизация принциптері [77]; 2) мәдени лексиканы аударудың альтернативті амалдары ұсынылды. Мысалы, И. Дэвистің аударма стратегиялары: сақтау (preservation), қосу (addition), түсіру (omission), глобализация (globalisation), жергіліктендіру (localisation), трансформация (transformation) және құру (creation) [7, pp. 69-70]. Яғни, доместикация немесе форенизация принциптеріне сүйену аударманың екі мақсатының ара жігін ашады. Экзотикалық, бөтендік әсеріне қарамастан түпнұсқаның сипатын барынша сақтап қалу немесе мақсатты аудиторияға таныс, қолжетімді, үйреншікті қалыпқа сай аударма мәтінін жасау. Венути бойынша доместикация – бұл әдетте зейін аударма тілінің мәдени құндылықтарына қойылатын, түпнұсқа мәтін қысқарып, «автор оқырманға жақындайтын» этноцентристік қатысым. Ал, форенизация керісінше «оқырман авторға жақындайтын», негізгі зейін шет тілдік мәдени құндылықтарға қойылатын қатысым. Сонымен қатар, бұл ұғымдармен бірге зерттеуші аудармашының «көрінуі» немесе «көрінбеуі» терминдерін ұсынады. Форенизацияда – аудармашы шет тілдің аударылмайтын мәдени ерекшеліктерін түсіндіріп, сілтеме бере отырып, оқырманға «көрінеді», ал доместикацияда – бөтен нәрсенің барлығын алалап, тегістеп, қосымша түсіндіруді қажет ететін лексиканы түсіріп немесе мақсатты мәдениетке таныс элементтермен ауыстырып, өзі де еш «көрінбей» қалады деп тұжырымдайды.

Аударманың аталмыш стратегиялары басқа да зерттеушілермен аталған болатын. Мысалы, Ф. Шлейермахер *натурализациялау* (naturalising) немесе *алиенация* (alienating) [78, p. 28] деп атаса, С. Харви мен И. Хиггинс *экзотизм* (мәдени лексика мақсатты аударма мәтінінде минималды бейімделу мен өзгеріске ұшырайды) және *мәдени трансплантация* (түпнұсқа тілдегі мәдени лексика аударма тіліндегі мәдени лексикамен алмастырылады) [79, p. 33] деп атады:

Кесте 1.1

Л. Вентути	Ф. Шлейермахер	С. Харви и И. Хиггинс
Доместикация	Натурализациялау	Экзотизм
Форенизация	Алиенация	Трансплантация

Отандық аударматану дискурсында бұл мәселе форенизациялану немесе доместикациялану деп термин деңгейінде аталмаса да, сонау 1967 жылы шыққан Мұзафар Әлімбаевтың «Өрнекті сөз – ортақ қазына» еңбегінің бесінші тарауында, «Аударма ағайындастырады» деген бөлімінде айтылады. Автор «аударманың өзге жұрттан келгендігін оқушы аңдамасын» [80, 12 б.] дейді. Яғни, ол барынша аударма тіліне бейімделуі қажет. 1975 жылы Ө. Айтбаев «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты еңбегінде М. Әлімбаевтың бұл ойына қарсы пікір білдіреді: «...оқушыға байқатқысы келмей аударманы мүлдем қазақыландырып жіберу ниетін жақтайтын тұстарын дұрыс дей алмаймыз. Өйткені аударма екені сезілмесе, оның несі аударма. Ол ана тіліміздің топырағында туған төл туынды болады да шығады. Аударманың күллі қасиетінің өзі оның аударма екені білініп тұруында, яғни оқып отырған нәрсеңізге сүйсінер болсаңыз, аударманың қасиеті сонда байқалмақ» [70, 78 б.]. Демек, ғалым аударманың мүлдем қазақыланып кетуіне, доместикациялануына қарсы шығады.

Р. Де Педро мұндай шектіліктің екеуіне де қарсы болды. Аудармада радикалды емес амалдар қажет деп тапты және түпнұсқа тілдің мәдениетін форенизациялау тенденциясы оқырмандардың шетел мәдениетімен танысып, форенизацияға шыдамдылық танытуға алып келеді деген болжам білдіреді [80, p. 322]. М. Кронин *Translation and Globalisation* (2003) атты еңбегінде адамдардың мәдени әртүрлілікті тануы табиғи болмысы деп атап, аудармадағы және жалпы әлемдегі мономәдениеттену құбылысының қауіпті екендігін баса айтады: «Планетамыздағы биологиялық және мәдени экожүйенің осалдана бастауынан аудармашының міндеті маңызды бола түседі. Аударманың өзін мәселе деп біржақты қарамай, оның заманауи әлемде ұсына алатын потенциалдарына мән беру қажет. Олар – үшеу. Біріншіден, бұл аударма мен әртүрліліктің арасындағы табиғи байланыс. Себебі аударма әр түрлі мәтіндердің типін арттырып, жеке тұлғаға басқа да тілдер мен мәдениеттердің барын көрсетеді» [82, p. 72]. Дэвид Хармон әртүрлілікті тану қабілеті біздің адами болмысымыздың ажырамас бөлігі деп санайды. Әр түрлі объектілер мен тәжірибелерді бөліп және ажырату қабілеті - бұл адам санасының анықтаушы

функциясы болып табылады [83, р. 64]. «Парадокс - біз әмбебап нәрсені алдымен өзгешелікті тану арқылы ғана түсіне аламыз» (сол жерде: 54). «Екіншіден, аударма - біздің барлық мәдени мүмкіндіктерімізді тірі және қол жетімді етіп сақтаудың маңызды тәсілі болып табылады. Бернард атап өткендей, «тілдік әртүрліліктің кез-келген қысқаруы біздің түрлеріміздің бейімделу күшін азайтады, өйткені бұл біз алатын білім көлемін азайтады» [84, р. 82]. Әр түрлі тілдер адамдарға түрлі түсініктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және олар қиындықтар мен мүмкіндіктерге неғұрлым кешенді және икемді жауап беру үшін негіз болады. Осылайша, аудару мүмкін еместігі В. Шиваның «ақыл - ойдың монокультурасы» [85, р. 112] деп аталатынына еріксіз әкеледі. Мұндай монокультураларда мәдениеттердің айналасындағы проблемаларды – әлеуметтік, психологиялық, эстетикалық мәселелерді тиімді шешуге кедергі келтіретін мәдени соқыр аймақтарды шығармашылық тұрғыдан жеңу үшін ресурстар жетіспейді. Д. П. Паттанаяк монокультураның осалдығын көрсетеді: «Экология әр түрлі формалар биологиялық өмір сүрудің міндетті шарты екенін көрсетеді. Монокультуралар осал және жойылуға оңай болып келеді. Адам экологиясының көптігі дәл осылай жұмыс істейді» [86, р. 380]. Аударманы есепке алмайтын адам экологиясы өзінің өмір сүру мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді. «Әртүрлілікті сақтау үшін аударманың үшінші қауқары - бұл кітапта бірнеше рет атап өтілген аударма тәжірибесінің элементі-есте сақтау рөлі. Аударма басқа тілдерде және өз тілімізде бұрын не істелгенін, не айтылғанын, не ойланғанын есте сақтауға мүмкіндік береді. Онсыз біз мәдени амнезияның ең мүгедек түріне тап боламыз, және шынымен де Маффи жадының жоғалуын қазіргі заманның ең үлкен қауіпі ретінде қарастырады: жеке адамдар мен топтар ретінде біздің алдымызда тұрған маңызды міндеттердің бірі - есте сақтау міндеті: кім екенімізді, қайдан келгенімізді және қайда барғымыз келетінін есте сақтау; Бүкіл әлемдегі адамдар әлі де өмір сүретін және таным мен қарым-қатынастың әр түрлі жергілікті және қоғамдық тәсілдерінің байлығын ұмытып кетпеу ... немесе біздің тірі естеліктерімізде болды; осы уақыт ішінде білгендерімізбен байытылған бұл жады біздің болашаққа жолымызды бағыттай берсін [87, р. 39]. Демек, аударма әлемдегі тілдік және мәдени әртүрлілікті, оның тарихын, даму жолын, жалпы кім екенімізді ұмыттырмаудың бірден-бір амалы. Сондықтан, аудармадағы мономәдениеттен абай болуымыз қажет деген тұжырымға келеді.

Ал, И. Дэвис аудармашының қандай да бір принципті таңдауы, фorenизация я доместикация, әр түрлі мәдениеттер мен уақыттағы бірнеше факторларға байланысты деді. Олар: мәтіннің түрі, мақсатты аудиторияның болмысы, және түпнұсқа және аударма тілі мен мәдениеттері арасындағы қарым-қатынас [7, р. 69]. Түпнұсқа және аударма тілі мен мәдениеттер жайында ой қозғай келе П. Ньюмарк ағылшын тілінің жайылуына тоқталады. Яғни, ағылшын тілінің әлемде қарқынды дамып келе жатқаны соншалық, біздерді бөлгеннен қарағанда, біріктіріп тұратын дүниелер көп. Сол себепті заманауи мәтіндер аударыла алмайды деген қорқыныш енді жоқ дейді [26, р. 181]. Ағылшын тілі қазақстандық мәнмәтінде де өте танымал, білім берудің барлық

деңгейлеріне интеграцияланған десе болады. Мемлекеттік, жеке, маңызы зор ұйымдардың, білім беру порталдарының барлығы үш тілде жүргізіледі. Ғылыми баспалар мақалаларды үш тілде қабылдайды, әрі ағылшын тіліне басымдылық беріледі. Ағылшын тілінде оқулықтар да, түрлі үш тілді сөздіктер де жарық көріп жатыр. Сол себепті диссертациялық жұмыста отандық ғылыми дискурста қандай да бір реалия сөздер ағылшын тіліне осындай қалыпта аударылып, қолданыс тауып жатыр деген ескертпелер мен сілтемелер орын алады.

Сонымен, Л. Венути доместикацияны мәдени империализм ретінде қабылдануы мүмкін деп, оны болдырмау үшін балама ретінде форенизацияны ұсынады [76, р. 54]. Мәдени лексиканың бейімделу деңгейіне қарай бұл аталмыш екі ұстанымды ұластырудың да әр түрлі жолдары қарастырылды. Мәдени лексиканы аударудың да әр түрлі амалдары ұсынылды.

Л. С. Бархударов барлық трансформацияларды төрт негізгі түрге ажыратты:

1) орын ауыстыру (*перестановки*) (ең қарапайым түрі – сөйлемдегі сөз тәртібін ауыстыру);

2) алмастыру (*замены*) (сөз таптарын алмастыру, жалпы мағынаға ие сөздерді жалқымен, антонимдік алмастыру);

3) қосу (*добавления*) (ең қарапайым түрі – қандай да бір мағына мен грамматикалық форманың орнын толтыру мақсатындағы лексикалық қосу);

4) түсіру (*опущение*) (қосуға қарама-қарсы әрекет) [88, с. 65].

В. С. Виноградов реалия сөздерді аударудың төмендегідей амалдарын қарастырады: 1) транскрипция (транслитерация); 2) гипо-гиперономикалық аударма; 3) ұқсату (уподобление); 4) перифрастикалық аударма; 5) калькалау [89, с. 119-120].

Ғалым Л.К.Латышев баламасыз лексиканы жеткізудің келесі әдістерін ұсынады:

1) транслитерация – кірме сөзді еш грамматикалық немесе фонетикалық өзгеріске түсірмей қолданысқа енгізу. Ол дегеніміз – шет тілдің сөзін аударудан бас тартып, оны бастапқы қалпында қалтыру;

2) калька – баламасыз сөздің немесе сөз тіркесінің бөлшектері (морфемалар) аударылып отырған тілде толықтай алмастырылуы;

3) түсіндірмелі аударма – аударылып отырған сөздің мағынасын жанжақты ашып сипаттау.

4) болжалды аударма – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі үшін аударылып отырған тілдің сөздік қорында мағынасы ең жақын сәйкестікті іздеу [90, с. 104-106].

Влахов пен Флорин реалия сөздерді аударудың екі түрін белгілейді: транскрипция және аударма. Аударманың өзін іштей тағы да төрт түрге бөледі:

1) неологизм енгізу: калька, жартылай калька, меңгеру (освоение), семантикалық неологизм;

2) жуық аударма: түр-сипаттық сәйкестік, функционалды аналог, түсіндіру(баяндау, суреттеу);

3) контекстуалды аударма [8, с. 87-93].

П. Ньюмарк бес түрлі стратегия ұсынды:

1) трансференция, мәдени сөз аударма тілінде қабылданып қойған жағдайда мүмкін. Мысалы, Bundestag - Bundestag; диссертациядан мысал: *хан* сөзі орыс тіліне дәл солай *хан* деп еш қиындықсыз аударылады. Себебі бұл реалия тарихтан мақсатты аудиторияға өте жақсы таныс;

2) мәдени эквивалент, бұл стратегия түпнұсқадағы реалия аударма тіліндегі шамалас реалияға аударылу мүмкіндігі болғанда қолданылады. Мысалы, эспрессо – ағылшын шайы. Диссертациядан мысал: *домбыра* түрік тіліне *tambur* деп тәржімаланған. Түріктің *tambur* музыкалық аспабы дәл қазақтың домбырасындай ұлттық маңызға ие;

3) дескриптивті эквивалент, реалия сөз жалпы сөзбен (генерализация), қосымша компоненттермен аударылады. Мысалы, ақын поэзиясындағы бесін сөзі түрік тіліне *Güneş ögle vaktine gelip dayandığında* (Күн түстен кейінгі уақытқа таяғанда) деп сипаттап тәржімаланған.

4) компоненттік анализ, мәдени ұғымды ортақ түрлік тектік компоненттерге бөлу.

5) трансоним, адам аттарын, географиялық атауларды және әдеби жалқы есімдерді аудару процесі. Мысалы, John/Jean/Johan/Juan/Giovanni, Napoli/Naples/Neapel [26, 176-177]. Ғалым өзінің “Translation and Culture” атты еңбегінде қалған сөзбе-сөз аударма, синонимдік аударма, модуляция, перефраза және мәдени сілтемелер тәрізді аударма амалдарын маргиналды деп атайды [26, 178].

Реалия сөздерді аударудың амалдарын тағы да К. Шеффнер мен У. Визерман ұсынды:

1) кірме сөз, шетелдік сөз жазылуы, айтылуы және грамматикалық категориясымен аударма тіліне қабылданып, енуі. Мысалы, *glasnost*, *perestroika*.

2) калька, реалия сөздің сөзбе-сөз аудармасы. Мысалы, *backbencher - hinterbänkler*;

3) субституция (алмастыру), түпнұсқадағы реалия сөздің аударма тіліндегі аналогымен алмастырылуы. Мысалы, *A level - Abitur*;

4) түсіндіру, реалия сөз аударма тілінде түсіндіріліп беріледі. Мысалы, *baccalauréat – French secondary school leaving exam* [61, p. 33]. Аталмыш зерттеушілер аудармашының қандай да бір аударма стратегиясын таңдауы аударманы қабылдаушы адресаттың түпнұсқа тілі мен мәдениетінен қаншалықты хабардар екеніне байланысты деп толықтырады. Сондықтан аудармашы үшін мақсатты аудиторияны анықтап алған аса маңызды [61, p. 33]. Кейбір жағдайларда мақсатты аудиторияның ерекшелігіне, талабына қарай жоғарыда аталған төрт стратегияның комбинациялары да қолданылуы мүмкін.

Аса танымал тағы да бір аударма стратегияларының авторы И. Дэвис. Ол төмендегідей 7 аударма стратегияларын ұсынады:

1) сақтау (*preservation*): аталмыш аударма стратегиясы аудармашымен аударма тілі мен мәдениетінде ұғымның ешқандай жақын эквиваленті болмаған уақытта қолданылады [7, p. 72]. Аударматануда бұл стратегия өте жақсы

танымал, бірақ басқаша аттармен. Пиццутто бұл стратегияны кірме сөз деп [91, р. 31], ал Ньюмарк трансференция [26, р. 81] деп атайды. Басқа де зерттеушілер бұл амалды кірме сөздің түсіндірмемен комбинациясы деп ұсынады. Мысалы, М. Бейкер сақтауды *кірме сөз + түсіндіру* деп сипаттаса, Честерман *кірме, калька* деп атайды.

Дэвис сақтаудың екі түрін ажыратып көрсетеді: 1) түр-пішіннің сақталуы, яғни аудармашы түпнұсқадағы сөзді сол қалпында, еш өзгеріссіз аударма тілінде қалдырады. Мысалы, Ron Weasley – Ron Weasley, pub-pub, porridge – porridge; 2) мазмұнның сақталуы, яғни аудармашы реалия сөздің ешқандай қосымша түсіндірусіз сөзбе-сөз аудармасын береді. Мысалы, Moony-Luna, Zoll-inches.

2) қосу (мәтін ішінде және мәтіннен тыс): Дэвистің сақтау стратегиясы аударманың көмескіленуіне әкеліп соғатын жағдайда қолданысқа ұсынатын екінші стратегиясы. Қосу амалы аудармашы түпнұсқадағы мәдени реңкті сақтап қалуды мақсат тұтып, бірақ мақсатты аудиторияға қосымша түсініктеме беру қажеттігі туындағанда қолданылады. Бұл стратегияны атаған басқа да зерттеушілер бар. П. Ньюмарк мәтін ішіндегі түсіндірмеге дескриптивті эквивалент және функционалды эквивалент деген атаулар берсе, мәтіннен тыс қосу амалдарын ескертпе, қосымша және глосса (notes, additions, glosses) деп ажыратады [26, р. 83-91]. И. Дэвис те дәл осылай мәтін ішіндегі және мәтіннен тыс қосуды ұсынады. Бірақ аудармашының қосымшада дұрыс емес ақпарат беру қаупі барын ескертеді. Яғни, аудармашы реалия сөзге түсінік берместен бұрын оның релеванттылығына әбден көз жеткізіп алғаны абзал. Және де тек қана өте шебер аудармашы оқырманды мәтін ішінде кездесетін қосымшалармен оқуына кедергі келтірмейтіндей табысқа жете алады. Сол себепті көптеген аудармашылар мәтін ішінде түсіндірме енгізу үшін көп күш жұмсамай, қосудың екінші түрін, яғни мәтіннен тыс түсіндірме береді [7, р. 77]. Мағжан ақын өлеңдерін аудару барысында үш тілде де бұл стратегия аудармашылармен белсенді түрде қолданылған. Мәтін ішінен түсіндірме беру тек бір рет кездеседі. Т. Кожоағлу хан сөзін ағылшын тіліне аудару барысында өлең жолдарының ішінде khan (ruler) деп түсініктеме береді. Кейбір мәдениеттерде (халықтар) мәтін соңында түсініктеме беруді басқаларына қарағанда толеранттылықпен қабылдайды. Дэвис төмендегідей мысал келтіреді: «Гарри Поттер романының қытай тіліндегі аудармасында түсініктемелер өте жиі қолданылған. Сондықтан қытай оқырмандар оқу барысында ойды алаңдататын сілтемелер мен түсініктемелерге толы оқумен таныс болуы керек» [7, р. 78].

3) түсіру: қиындық тудыратын реалия аударма мәтіннен түсіріліп, қалдырылып кетуі және сәйкесінше мақсатты оқырман оның бар екенін де білмейді [7, р. 79]. Аудармашы бұл амалды бірнеше себептерге байланысты қолдануы мүмкін: біріншіден, аудармашы аударма тілінде эквивалент таба алмаған жағдайда; екіншіден, аудармашының себепті шешімі болуы мүмкін. Яғни, аудармашы белгілі бір реалия сөзді күш салып, аудару амалын табуы мүмкін. Бірақ мақсатты мәдениет пен аудиторияны еске ала отырып, оның қажеті жоқ деген шешімге келуі мүмкін [7, pp. 79-80]. Бірақ Дэвис бұл

стратегияның жиі қолданылуы аудармаға жағымсыз әсер ететіндігін ескертеді, сондықтан аудармашы түсіру амалын қолданғанда аса ұқыпты болу қажет. Түсіру амалының аудармаға кері әсері жайында отандық аударматанушы ғалым А.А. Алдашева да ескертеді: «Реалиялар, ұлттық мәдениетті белгілейтін басқа да атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұқсан келтіреді» [2, 180 б.].

4) глобализация: Дэвистің пайымдауынша мультимәдениетті ортада аса танымал аударма стратегиясы [7, р. 82]. Глобализация реалия сөздерді неғұрлым бейтарап, жалпы сөздермен алмастыру болып табылады. Неғұрлым бейтарап және жалпы сөздер әр түрлі мәдени танымы бар оқырмандарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Аталмыш стратегия басқа да зерттеушілермен аталды. П. Ньюмарк оны натурализация деп, М. Бейкер жалпы сөздермен аудару деп атады (Newmark 2004: 82; Baker 1992: 26). Фосетт глобализация мен локализацияны біріктіретін конкретизация ұғымын ұсынса [92, р. 29], А. Честерман абстракциялық өзгерту деп атады [93, р. 103].

Глобализация реципиенттің түсінуіне кедергі келтіретін детальдерден құтылып, жалпы концептіні түсінуге мүмкіндік береді. Бірақ көбінесе ассоциациялар мен мағыналық коннотациялардың жоғалуына алып келеді. Сондықтан зерттеуші аудармашы глобализацияны шектен тыс қолданудан бойын алшақ ұстау қажет деп ескертеді [7, 83].

5) локализация: мәдени лексиканы аударуда қолданылатын тағы да бір маңызды стратегиялардың бірі. Дэвис аталмыш терминді глобализацияның қарсылығы ретінде қолданады [7, pp. 83-84]. Локализация аудармашы мәдени сөзді оқырманға түсінікті ету үшін сипаттап аударудың орнына мақсатты аудиторияға тән, таныс мәдени лексикамен аударуды жөн көргенде орын алады. Мысал ретінде И. Дэвис Гарри Поттер кітабындағы британдық ас атауларының француз тіліндегі аудармасында француздық ас атауларымен алмастырылғанын келтіреді. Мысалы, рождестволық бәліш *bûches de Noel* деп, Францияда рождество кезінде пісірілетін бәлішпен алмастырылған. Сондай-ақ сөздердің фонологиялық, жазылуы мен грамматикалық жағынан аударылатын тілге бейімделуі де локализация болып табылады. Бұл стратегия басқа да зерттеушілермен тек басқа атпен аталған болатын.

Көбінесе, локализация мақсатты аудиторияға түпнұсқаның түпнұсқа тілді оқырмандарға берген әсеріндей әсер етуді көздейді. Локализация нәтижесінде мақсатты оқырмандарға ешқандай бөтендік сезілмейтіндіктен, түсініспеушілік те орын алмайды. Бірақ Дэвис ойға қонымды және шындыққа жанаспайтын локализацияның арасында өте жіңішке шек барын ескертеді. Себебі мәдени элементті мақсатты аудиторияға дәл түпнұсқа оқырманына әсер ететіндей деңгейде жергіліктендіру аса қиын [7, р. 84].

6) Глобализация мен локализацияның шегінен шығатын амалды И. Дэвис трансформация деп атады. Бұл амал түпнұсқадағы мәдени элементтің мазмұнын өзгертеді, түпнұсқаның өзгеруі немесе бұрмалануы деп есептелуі

мүмкін [7, р. 86]. Пиццутто оны адаптация [92, р. 17], Честермен мәдени фильтрлеу [91, р. 108], Бейкер мәдени субституция (мәдени алмасу) [4, р. 31] деп атады. Ньюмарк адаптация немесе мәдени эквивалент деп атайды [26, р. 46; 82]. Түпнұсқадағы мазмұнның модификациясы аудармашының мақсатты аудиторияның мәдени ақпаратты қабылдау икемділігі мен аударма мәтіннен нені күтетіндерін бағалау себептерінен болуы мүмкін дейді зерттеуші.

7) құру, аудармашының түпнұсқада жоқ реалия сөзді ойлап табуы [7, р. 88]. Бұл аударма стратегиясын П. Ньюмарктың ақпаратты түпнұсқада жоқ идиомалар мен коллоквиализмдердің көмегімен аударуды білдіретін идиоматикалық аудармамен салыстыруға болады [26, р. 47]. Сондай-ақ, И. Дэвис әр түрлі аударма амалдарының арасында айтарлықтай жанасу нүктелері барын айтады. Кей жағдайда глобализация мен локализацияның аяқталып, қай жерде трансформацияның басталып, нақты шекарасын белгілеу қиындығын да атап өтеді [7, р. 70].

Қазақстандық ғалым А.А. Алдашева лингвомәдени сыпаттардың аудармашы тарапынан ескерілуі және ескерілмеуі аударманың сапасын бағалау үшін негізгі межелердің бірі болады дей отырып, келесі лингвомәдени ерекшеліктерді белгілейді: а) образдың екі тілдегі сәйкестігін (словно красная девица – қаздай сызылу); ә) тірек-компоненттердің қолданымдық айырмашылықтарын (как мокрая птица) – жаураған торғайдай); б) тірек-компоненттердің мағынасы жуық лексемалармен ауыстыру мүмкіндігін; в) ұлттық нышаны айқын образды тіркестердің функционалдық баламасын табу жайын (как слепой котенок – жаңа туған күшіктей) ұдайы қадағалап отыруды талап етеді [2, 138 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, түрлі зерттеушілермен аударма амалдарының барлығы негізгі ауыстыру, алмастыру, қосу, түсіру стратегияларына негізделеді. Және бір аударма амалының зерттеушілермен әр түрлі аталуы мүмкін. Мысалы, И. Дэвис бойынша сақтау әдісі П. Ньюмарк бойынша трансференция, Бейкер бойынша кірме сөз, басқа зерттеушілер калька деп атады. Суреттеп, сипаттап, түсіндіріп аударуды П. Ньюмарк дескриптивті эквивалент десе, С. Влахов пен С. Флорин түсіндіру деп атады. Глобализация әдісі генерализациямен астасып жатыр. Транскрипция, натурализациялау және локализацияның ұласатын тұстары бар. Қосу мен омиссияны барлық дерлік аударматанушы ғалымдар атайды.

Осылайша аударма амалдарының барлығын саралай келе Мағжан ақын поэзиясын аударуда аудармашылармен қолданылғандары іріктеліп алынып, доместикация және форенизация стратегияларына жіктелді. Диссертациялық жұмыстың практикалық бөлімі осы жіктеудің негізінде жүргізіледі:

1. Сөзбе-сөз аударма (буквальный). Түпнұсқадағы мәдени элемент аударма тіліне сөзбе-сөз аударылады.

2. Трансференция. Түпнұсқадағы мәдени элемент аудармасыз тікелей аударма мәтініне орын ауыстырады. Мысалы, ақын поэзиясындағы батыр сөзі орыс тілінде дәл солай батыр деп беріледі.

3. Натурализация. Түпнұсқа тілдегі сөздің бірінші аударма тілінің айтылуына, содан кейін морфологиясына бейімдеу. Ақын поэзиясын орыс, түрік, ағылшын тілдеріне де аудару барысында бұл амал жиі қолданылады. Мысалы, шүкір сөзін орыс тіліне шукур деп, Ібілісті Иблис деп тәржімалайды. Алаш сөзін түрік тіліне Алаш деп, құлынды kulin деп аударарды.

4. Мәдени эквивалент - түпнұсқадағы мәдени элементтің аударма тіліндегі ең шамалас мәдени элементпен аударылуы. Бірақ аталмыш мәдени элементтердің екі мәдениеттегі коннотациялары толықтай сай болмауы мүмкін. Диссертациялық жұмыста аудармаларды талдау барысында төрт мәдениетке де тән мәдени эквиваленттер мен коннотациялары толық сай келмесе де, кейбір нүктелерінде жанасатындары да анықталды. Мысалы, бесік, бесік жыры ұғымдары барлық халықтарда бар. Сондай-ақ, діни реалиялар. Мысалы, Адам ата жайында ұғым төрт халықтың да түсінігінде бар. Әрі жазылуы мен дыбысталуы ұқсас.

5. Функционалды эквивалент түпнұсқа мәтіндегі тілдік бірлік аударма тіліне өзгеше айтылу, грамматика, лексика мен дискурсқа қарамастан рецепторда ұқсас реакция, қабылдау тудыратындай тілдік бірлікпен аударылады. Мысалы, аудармашы тақияны орыс тіліне кепка деп аударарды. Шымылдықты түрік тіліне perde деп тәржімалайды. Биді ағылшын тіліне chieftain деп аударарды.

6. Дескриптивті эквивалент – түпнұсқадағы сөз немесе сөз тіркесін сипаттап, түсіндіріп аударуды білдіретін аударма амалдарының бірі. Бұл аударма амалы да үш тілде де өте белсенді қолданылған.

7. Модуляция – түпнұсқа тіліндегі сөз бен сөз тіркесінің аударма тіліндегі мағынасы логикалық түрде түпнұсқа мағынасына алып келетін бірліктермен алмастырылатын лексико-семанткалық трансформация. Модуляция да үш тілдегі аударма амалы ретінде жиі қолданылған. Мысалы, *Арсы (Алланың тағы)* діни реалиясы орыс тіліне *Божий чертог* деп аударылады. Тақ қайда орналасады? Тақ сарайда, патшалықта орналасады. Чертог сөзі орыс тіліндегі сарай, патшалық дегенді білдіретін көнерген әдеби сөздердің бірі. Аудармашы осындай логикалық айналымды аудармада қолданады.

8. Танылған (қабылданған) аударма П. Ньюмарк бойынша мәдени лексиканы аударудың бір амалы, қандай да бір атаудың аударма тіліндегі ресми қабылданған немесе жалпы танылған аудармасы. Иә, аталмыш аударма түрі де үш тілдегі аудармаларда жеткілікті. Мысалы, әлемдік тарихта оқылатын, аудармалары бұрыннан халықтарға белгілі атаулар бар. Мысалы, хан, хандық сөздерін тіпті ағылшын тілінің Коллинс, Кембридж тәрізді сөздіктерінен, анықтамасымен бірге табуға болады.

9. Белгі арқылы аудару. Аударма тілінде сөздің жалпы қабылданған аудармасы болмаған жағдайда тырнақшаға алып аудару. Диссертациялық жұмыс бойынша ағылшын тіліне аудармада осы аударма амалы кездеседі. Аудармашы Түркістан өлеңіндегі дария географиялық реалиін аудару барысында оны тырнақшаға алып қояды.

10. Редукция мен экспансия. Түпнұсқадағы тіл бірліктерін аудармай қалдырып кету немесе керісінше қосымша компоненттер қосу. Аталмыш аударма амалдары да ақын поэзиясын аударуда қолданылған. Аса жиі оmissия орыс тіліндегі аудармаларда байқалады. Редукция тағы да оmissия, қазақша түсіру деген аттармен белгілі.

11. Қосымша, түсіндірме, сілтемелер. Аудармашы оқырманның мәтінді толыққанды түсінуі үшін қосымша ақпарат беруді қажет деп табуы мүмкін. Бұл амалды барлық дерлік зерттеушілер атайды. Ол мәтін ішінде немесе мәтіннен тыс (экстрамәтіндік, интрамәтіндік) болуы мүмкін. Мәтін ішінде, әсіресе әр сөз өлшеулі поэтикалық аудармада мәтін ішіне қосымша дүние кіріктіру қиын болғандықтан ақын поэзиясының аудармасында көбінесе мәтіннен тыс қосу орын алған. Тек ағылшын тіліне аудармаларда хан, дария сөздеріне қатысты аудармашы мәтін ішілік қосуды қолданған.

12. Генерализация мен конкретизация. Біріншісі түпнұсқадағы тар мағыналы тіл бірліктерінің кең мағыналы тіл бірліктеріне, жалқының жалпыға, түрлік ұғымды текке алмастырып аударуды білдіретін, екіншісі керісінше жалпыдан жалқыға өтіп аударуды меңзейтін лексика-семантикалық трансформациялардың бірі.

13. Функционалды алмастыру – түпнұсқа тілдегі грамматикалық формалардың аударма тіліндегі сәйкес функция мен мағынаға ие болмаған жағдайда немесе мүлдем болмаған жағдайда қолданылатын аударма амалы. Аталмыш амал орыс тіліне, ағылшын тіліне аудармаларда қолданылған. Орыс тілінде көбінесе зат есімді есімдікпен алмастыру орын алған. Мысалы, қарындас сөзі мәтінде бірнеше рет кездессе, арасында она есімдігімен алмастырған.

14. Ойдан құру, ойлап табу. Түпнұсқада жоқ мәдени тіл бірлігінің аудармада көрініс табуы.

Форенизация төмендегідей амалдар арқылы іске асады: 1) мәдени тіл бірлігі түпнұсқадағы қалпында аударма мәтініне орын ауыстырады (трансплантация); 2) тілдік бірліктің формасы аударылатын тілдің құралдарымен беріледі (транслитерация / транскрипция); 3) тілдік форманың белгілі бір сүйемелдеумен сақталуы (лексикалық кеңейту); 4) нақты түсіндіру, мысалы, сілтеме түрінде 5) түпнұсқадағы тілдік бірліктің сол түпнұсқа тіліндегі басқа бірлікпен алмастырылуы [95, р. 36].

Осыны есепке ала отырып, аударма трансформацияларының ішінен *Сөзбе-сөз аударма, трансференция (трансплантация), натурализациялау (транскрипция, транслитерация) және қосу (қосымша, түсіндірме, сілтемелер)* форенизация стратегиясына, ал қалғандары доместикация стратегиясына жатады. Және кейбір жағдайларда аударма амалдарының комбинациясы да орын алады.

2. М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 М. Жұмабаев поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің жіктелуі

Жоғары бөлімдердегі мәдени лексиканың классификациянуының шетелдік, ресейлік нұсқаларын қарастыра келе, Мағжан ақын поэзиясында қолданыс тапқан реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің классификациясы жасалды. Көбінесе болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің реалия сөздерді жіктеу үлгісіне сүйендік. Себебі дәл осы ғалымдар реалияларды жіктеуді өте жан-жақты қарастырады. Атап айтқанда, уақытқа қарай бөлінісі: тарихи және заманауи; өз және өзге концепциясы тұрғысынан өз реалиялары және өзге деп жіктелді. Мағжан ақын поэзиясында осы іспеттес мәдени сөздер де кездеседі. Мысалы, *шейх*, *пәренже*. Және өзге елдің реалияларының меңгерілуі деп жеке тарауды қарастырады. Мысалы, ақынның шығармашылығында *камзол* сөзі бар. Ол француз тілінен келген сөз екені белгілі. Француз тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ даласына енген атау. Бірақ қазақ халқына сіңіп кеткені соншалық, өзіндік үлгісі пайда болды, қазақтың ою-өрнегімен әшекейленді. иеднтификациялап іріктеуде

Сонымен бұл диссертациялық жұмыста Мағжан ақын поэзиясынан іріктеліп алған реалиялар да тарихи және заманауи деп, өз және өзге деп, соңынан заттық жіктелді. Реалия сөздерді іріктеуде Н. Әлімбаевтың «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясы (2011) [95], Ә. Қайдардың (2009) «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігі [96], З.К. Сабитованың «Словарь евразийской лингвокультуры Казахстана» (2011) [97] атты еңбегі қарастырылды.

Формасына қарай реалия сөздер сөз және сөз тіркесі болуы мүмкін. Ақын поэзиясында бұл екеуі де кездеседі. Әрине, басым бөлігі сөз формасында, сөз тіркесі сирек кездеседі. Мысалы, *қара шаңырақ*, *ақ қала*, *ақ үй*, *бесік жыры*, *ақ жамбы*, *ақ отау*, *шаңырақ (сырға)*. Шаңырақ сырғаға біраз толығырақ тоқталып өтсек. Жалпы, реалиялардың басым көпшілігі - зат есім, діни реалиялардың ішінде одағай, етістік, сын есім кездеседі. Және мал шаруашылығына қатысты *құлық*, *саулық* тәрізді сын есім реалиялар көрініс тапқан. Ақын поэзиясына қатысты нақты *Әйел* өлеңінің мәнмәтінінде шаңырақ сөзі *шаңырақ сырға* деп сын есім болып тұр, әрі генетикалық жағынан реалиямен байланысты сын есім. Мұндай реалиялар туралы С. Влахов пен С. Флорин *производные реалий*, оның ішінде *отыменные прилагательные* деп қарастырады [8, с. 21]. Және *шаңырақ сырға* еркін тіркесіндегі шаңырақ дәл сондай реалия қызметін атқарып тұр.

Тарихи реалиялардың өзін тарихи және архаизмдер ажыратылатыны белгілі. Көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі мен себебі, қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды. Көнеру дәрежесі бойынша:

а) мағынасы түсініксіз сөздер. Ақын поэзиясында қазіргі қоғамға түсініксіз *дәрғаһ*, *тамұқ* тәрізді діни реалиялар мен *отарба* архаизмін атауға болады.

ә) мағынасы түсінікті, бірақ сирек қолданылатын сөздер. Мысалы, ақын поэзиясында көрініс тапқан *бәйбіше*, *қатын* сөздерін атауға болады.

Тарихи сөздер: шоқпар, найза, алаш, алты алаш, ауылнай, болыс, болыстық, бай, би, қазы, хан, хандық, батыр, төре, сұлтан, көсем. **Архизмдер:** ақ үй, ақ отау, (сапты) аяқ, бау, күрке, кереге, түндік, торсық, уық, ұршық, шымылдық, шаңырақ, шанаш, бөрік, жарғақ, жаулық, тымақ, тон, шекпен, боза, шолпы, ақ жамбы, ақ қала, отарба, пұл, алтыбақан, ақсүйек, барымта, бақсы, жырау, сері, жыршы, бәйбіше, қатын, арбакеш, поштабай, дәрғаһ, тамұқ.

Өз және өзге реалиялар. Басқа тілден енген реалиялар: *шейх*, *пәренже* және шартты түрде камзол. Себебі камзол қазақтың киім үлгісі мәнеріне мен әдетіне әбден сіңіп, өзімдікі деңгейінде қабылданады. Аты шет тілдік болғанымен, жоғарыда атағанымыздай заты ұлттық киім деңгейінде. Халыққа әбден сіңісіп кеткен мұндай кірме реалиялар жайында да С. Влахов пен С. Флорин сөз етеді: «Әр түрлі уақытта және әр түрлі жолдармен басқа тілдерден еніп, бірақ түпнұсқаның оқырмандарымен дәл байырға, бұрыннан тілде өмір сүрген лексикадай қабылданатын кірме сөздер аз емес. Мысалы, орыс тіліндегі түрік тілінен енген тарантас, тайга, сырт, саксаул, кибитка» [58]. Мағжан ақын поэзиясында да араб, парсы тілдерінен енген, бірақ түпнұсқа тілінің халқына өзінікіндей сіңісіп кеткен атаулар жеткілікті.

Реалия сөздердің көптігіне байланысты заттық жіктеу үшін ең алдымен материалдық және рухани мәдениетке қатысты атаулар деп үлкен екі бөлімге жіктелді. Одан кейін бұл бөлімдер бөлімшелерге бөлінді. Уақыт пен кеңістікке қатысты мәдени атаулар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер жеке қарастырылды:

1. Материалдық мәдениетке қатысты атаулар

1.1 Ұлттық музыкалық аспаптар (2): домбыра, қобыз;

1.2 Тұрмыстық заттар (21): ақ үй, ақ отау, арба, (сапты) аяқ, босаға (киіз үйдің), бесік, бау, кереге, күрке, қамшы, қазан, ноқта, сандық, түндік, торсық, уық, ұршық, шымылдық, шаңырақ, шанаш.

1.3 Ұлттық киім кешек (11): бөрік, дулыға, жарғақ, (ақ) жаулық, камзол, сәлде, тымақ, тон, тақия, шапан, шекпен.

1.4 Ұлттық қару жарақ (2): найза, қылыш.

1.5 Ұлттық тағам (10): бауырсақ, боза, көже, құрт көже, қатық, қымыз, саумал, уыз, шалап, ірімшік.

1.6 Ғимарат түрлері (4): күмбез, мешіт, медресе, мазар.

1.7 Ұлттық қолөнер (2): кесте, құрақ.

1.8 Ұлттық әшекей сәндік заттар (2): шолпы, шаңырақ сырға.

1.9 Шаруашылыққа қатысты заттар (6): ақ жамбы, ақ қала, көген, қулық (бие), отарба, пұл, саулық (қой, түйе), тезек.

2. Рухани мәдениет

2.1 Ұлттық мейрам атаулары (2): айт, құрбан айт.

2.2 Ұлттық ойын атаулары (6): алтыбақан, ақсүйек, асық, көкпар, сақа, алшы (тәйке, бүге, шіге).

2.3 Әдет-ғұрып, салт, ырым-жоралғыларға қатысты этнографиялық атаулар (11): айдар, аластау, барымта, бақсы, бесін, бата, қара шаңырақ, сүйінші, сыбаға, төр, шашу.

2.4 Ұлттық өнер, музыка (10): ақын, бесік жыры, жыр, жыршы, жырау, күй (тарту), қисса, сері, хакім, шешен.

2.5 Әкімшілік бөлініс, қоғамдық өмір және билік атаулары (18): алаш, алты алаш, ауыл (ауылшыл), ауылнай, би, батыр, болыс (болыстық), бай көсем, қазы, манап, ру, сұлтан, төре, тақсыр, хан, хандық, ханзада, шейх.

2.6 Діни реалиялар (36): Алла, Арсы, азан, аруақ, Адам ата, әпсүн оқу, Әзәзіл, дұға, дәрғаһ, Жасаған, Зәмзәм, иман, кебін, қиямет, құран, лағынет, лахаула (оқу), махпуз тақтайы, молда, намаз, нәпсі, ораза, пайғамбар, рақмет, риялы, «Сұбханалла, сұбхан!», садақа, сопы, тәубе, тәңір, тәңірі ие, тамұқ, хор қыздары, шүкір, Ібіліс.

2.7 Ұлттық мифология мен демонология (4): албасты, жын-пері, шайтан.

2.8 Туыстық атаулар (18): аға, ағайын, ата, апа, әже, баба, бәйбіше, бауыр, ене, жеңге, жиен, келін, құда, қарындас, нағашы (жұрт), сіңлі, тете, шеше.

2.9 Төрт түлік мал атаулары (19): айғыр, атан, бота, бие, бағлан, жабағы, жорға, құнан, марқа, нар, серке, тұлпар, теке, тайлақ, тоқты, тоқтышақ.

2.10 Кәсіпке қатысты атаулар (4): арбакеш, атшы, қойшы, поштабай.

2.12 Қазақ дүниетанымындағы жан-жануарлар әлемі (5): байғыз, бөрі, көкжал, тазы, төбет.

2.13 Географиялық атаулар (1): дария. (148)

3. Уақыт пен кеңістікке қатысты мәдени атаулар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер

3.1 Уақыт пен кеңістікке қатысты атаулар (3): жайлау, атамекен, бесін

3.2 Ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер

3.2.1 Балаға қаратылып айтылатын сөздер (4): ботам, құлыным (құлыншағым), қозым, марқам.

3.2.3 Жасы үлкен кісілерге қаратылып айтылатын сөздер (3): ақсақал, қария, кемпір.

3.2.4 Ерлі-зайыптылар арасында қаратылып айтылатын сөздер (2): отағасы, қатын.

3.2.5 Жалпы атаулар (5): ару, ұлан, жігіт, ер, келіншек.

Осылайша Мағжан ақын поэзиясындағы реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер іріктеліп, жіктелді. Келесі тараушаларда олардың интерпретациясы мен мәдени мәні сипатталады.

2.2 М. Жұмабаев поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулардың функционалдық көркемдік ерекшелігі

Мағжан ақын поэзиясының көркемдік тілдік ерекшеліктері жайы тәуелсіздік алған жылдардан кейін төмендегідей кандидаттық диссертацияларда қарастырылды және осы зерттеу жұмысында есепке алынды:

Д. А. Әлкебаева «М.Жұмабаев поэзиясының тілдік ерекшеліктері» (1993) [98], Б. Канарбаева «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фольклорлық дәстүр» (1994) [99], Е. Е. Тілешов «М. Жұмабаев поэзиясындағы романтизм» (1997) [100], Ж. Е. Балтоғаева «Мағжан поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері» (2003) [101], Ж.Қ. Боранбаева «Мағжан поэзиясының көркемдік жүйесі» (2003) [102], А.С. Махметова «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық» (2006) [103], А.Б. Шалдарбекова «М. Жұмабаев шығармаларындағы тарихи таным мәселелері» (2008) [104], Ж.Б. Ермекова «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» (2010) [105].

Мағжан ақын поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулардың көпшілік бөлігі тура номинативті мағынасында қолданылған. Тұрмыстық заттарды байқасақ, қазақтың киіз үйіне қатысты атаулардың барлығы дерлік кездеседі әрі үнемі жағымды эмоционалдық реңкте қолданылған: *ақ үйлер, ақ отау, алтын уық, жібек бау*. Қазақ халқының дүниетанымындағы тұрмыстағы ерекше орын алатын, ғұрыптық, мәдени коннотацияға ие заттардың барлығы дерлік бар: *шымалдық, шаңырақ, бесік, қамшы, сандық, қазан*.

Материалдық заттардың абстракцияланып метафора, теңеуге айналу үрдісін ақынның өз кейіпкерлерінің образын жасауда байқауға болады. Мысалы, Мағжан ақын қазақ қызының, әйелінің образын жасауда *бауырсақ мұрын* деген метафоралық теңеуді *Ұлбосын, Оқудағы қарындас* өлеңдерінде бірнеше рет қолданады:

*Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Қаймақ қабақ, қара қыз
Камзолының төсіне
Қадап алып «ай», «жұлдыз»,
Жылы былтыр бойжеткен
Боп қара қыз майысқан [106, 209 б.];*

*Бауырсақ мұрны пұштиып,
Бесікте жатты Ұлбосын.*

*Бауырсақ мұрын, бүйрек бет
Он беске келді Ұлбосын [106, 207 б.].*

Тұрмыста ыдыс-аяқ ретінде қолданылатын *торсықты* да жергілікті байдың жағымсыз сыртқы келбетін, образын жасауда ақын аса шеберлікпен қолданады:

*Торсық бетгі борсық бай
Қақалсын мейлі, «қап!» десін,
Қарындасқа жол шыққан
Біз жолдаспыз айнымас [106, 210 б.].*

Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келетін пішінін адамға ауыстырады. Дәл солай *құтыны* да ақын Ескі Түркістан өлеңінде ескі шәһардағы әйел бейнесін сомдауда қолданады:

Зәмзәм күйған *құтыдай*

Домаланған келбеті [106, 199 б.].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қолданыста жоқ тұрмыстық ыдыс-аяқтар *шанап пен сапты аяқ та* ақын шығармашылығында көрініс тапқан.

Шаңырақ атаулы, номинативті мағынасында Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж - ге арналған) (1) [106, 126 б.]; Мысық пен ет (1) [106, 47 б.] өлеңдерінде қолданылған. Тек Түркістан өлеңінде қара шаңырақ, мәдени коннотацияға ие тіркес қалпында кездеседі:

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? [106, 188 б.].

Сондай-ақ, шаңырақтың қазақ халқының өмірінде алған маңызы сондай, материалдық, абстракциялық мағынада да қастерлі, символикалық қасиетке де ие болды. Қыз-келіншектер шаңырақ пішінді әшекейлер таққан. Ақынның *Әйел* атты өлеңінде шаңырақ сырғаны атайды:

Шаңырақ сырға құлақта,

Мөлт-мөлт еткен меруерті [106, 199 б.].

Келесі бір ұлттық тұрмыстық бұйымдардың бірі – *шымылдық*. Ақын поэзиясында тура номинативті мағынасында және ауыспалы мағынада табиғат құбылысын суреттеуде қолданылады. *Жазғытұрым* өлеңінде қар еріп, жер қараятын уақыт төмендегідей суреттелген:

Дамыл алмай жылар қар,

Ақ шымылдық ашылар [106, 155 б.].

Келесі ұлттық қолөнер туындысының бірі – *құрақ*. Ақын бұл реалия сөзді *Шылым* деген өлеңінде ауыспалы мағынада қайталап екі рет қолданады [106, 158 б.]:

Өмір — бұлақ. Үміт — құрақ.

.....

Өмір – құрақ. Үміт – жырақ.

Негізінде қазақ халқының тілдік бейнесінде құрақ сөзінің бұлақ жағасындағы жасыл, балғын шөп деген де мағынасы бар. Әрі бұлақ сөзімен жиі коннотацияға түседі. Мысалы, ана - бұлақ, бала – жағасындағы құрақ. Бірақ Мағжанды 1923 жылы Ташкентте араб қаріптерімен жарық көрген нұсқасынан тәржімалаған түрік Мағжантанушысы, ғалым Ферхат Тамир сол жинақта мәтін соңында құрақ сөзіне құрама деп түсінік берілген деп атап өтті. Сол себепті түрік тіліне *parçalı bohça*, ал орыс тіліне аудармашы *надежда – трава* деп тәржімаланған.

Қамшы сөзі Шын сорлы (1) [106, 35 б.]; М. Д. Абақтыдан шыққанда (1) [106, 82 б.] өлеңдерінде қолданылған. Бірінші өлеңде ақын қамшыны тура мағынасында ерінің әйеліне аса қатыгездік танытып, зорлық көрсеткен сәтін бейнелеуде қолданады:

«Аяғым ауыр, қой деймін!»- деп айтқанда,
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.

Екінші өлеңде Міржақып Дулатовтың абақтыдан босап шығуына байланысты ойын образды түрде жеткізуде көрініс табады:

Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.

Киім-кешекке қатысты атаулар да номинативті тура мағынасында қолданылған. Тек *тон* сөзін ауыспалы мағынада кездестіруге болады. Ақын «Шын сорлы» өлеңінде *Түн болып, қара тонын киіп еді* [106, 35 б.] деп табиғатты образды түрде сипаттайды. Бірақ дәл тонды атауының да өз себебі бар. Өлеңнің мазмұны қыс мезгілімен байланысты. Яғни, шын сорлы бейбақтың қақаған қыс күнінде басынан кешкені суреттеледі. Жалпы, ақын поэзиясында ұлттық киім-кешектің ең атаулылары аталған. *Камзол, шекпен, шапан* деген киім үлгілері Жолға шыққан қарындас (1) [106, 210 б.], Жәмилә (1) [106, 123 б.], Орамал (1) [106, 62 б.], Оқудағы қарындас (2) [106, 209; 210 б.] өлеңдерінде әйел адамдардың сырт келбетін, киім үлгісін суреттеуде қолданылған. Теңсіздік бұғауын үзіп, азаттық іздеп (қалың малға, жасы үлкен шалдарға тұрмыс құрудан), білім іздеп қалаға шыққан қарындастардың образын жасауда бұл киім үлгілері тәрізді детальдар да маңызды рөл атқарып тұр:

Құшақтап сүйіп сіңлісі
Тетелес туған әпкесін,
Киді жолға шықпақ боп
Көн *шапан* мен шапкесін [106, 210 б.].

Бөрікті сәндік, ойын-сауықта киілетін бас киім ретінде суреттейді:

Мінбелерде үгіт айтқан молдалар
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!
Бөрік киіліп, сандықта қап сәлделер,
Жасырынып бұзық жерге кірмесін! [106, 99 б.]

Ал, *Тұранның бір бауында (сурет)* өлеңінде *бөрік* бас киімін ағаштың кейпін суреттеуде қолданады:

Ағаштар ерке арудай ырғалады.
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп сырғалары.
Бөрік киген бұйра сеңсең, қара ағашы,
Алқызыл алқа киер алма ағашы [106, 180 б.].

Ертеде тек қазақтың ауқаттылары киген қара құлын терісінен жасалған *қара жарғақ* «Бесік жыры» өлеңінде қолданысқа түскен. Анасы баласына ең жақсы тілектерін білдіреді:

Сұлу сүйрік,
Жорға, жүйрік
Тайға мінерсің.
Қара жарғақ,

Түлкі тымақ

Шоқтап киерсің [106, 92 б.].

Ал, қазақтың *тақиясын* «Жердің жұмырлығы» атты өлең жолдарынан көреміз. Жердің пішінін тақияға теңеп, ұқсатып әжесіне түсіндіретін баланың әңгімесі:

- Не білдің, балам? Не хабар?

Жұлып алды жас Сапар

Тақияны басынан:

- Тыңдаңыз, міне, қария!

Жер деген - мынау тақия,

Тап осындай жұп-жұмыр...

Ұлттық тағамдар тізбегінен мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір салтын кешкен қазақ халқының дастарқанынан табылатын ең сіңімді ас, сусындардың тізбегін көреміз: *қымыз, саумал, қатық, айран, ірімшік, көже, құрт көже*. Тек *бозаға* келгенде ақынның жағымсыз көзқарасын байқауға болады:

Мола жұтсын манабың,

Тастапсың адыра танабың,

Боза бопты шалабың [106, 195 б.].

Неге бозаға ақынның көзқарасы түзу емес. Бәлкім оның жауабы мына деректерде: «Туркестанские ведомости» газетінде «К» деген бүркеншек есіммен жазған автор: «Боза ашытумен күнкөріс қамы үшін көбіне кедейлер айналысты. Бір шелек бозаның бағасы қазақ даласында 20 сом. Боза адамды масайтады. Сайлау уақытында сұлтандар дауыс алу үшін өз есептерінен халықты бозаға тойдыратын кездері болған», - деп жазады. Ал, Ә. Диваев болса, Б. жөнінде «Ол – қоректік өнім және мас қылатын ішімдік. Сонымен бірге нан пісіру үшін ашытқы жоқ кезде бозаны да пайдаланады. Боза қайнатуға мұнда әкімшілік жолмен тыйым салынғанымен, оның қазақтар арасында тарағаны сонша, олармен күресу қиын» - деген [95, 514 б.].

Қазақ қыздары тағатын ұлттық әшекей *шолпыны* ақын тура номинативті мағынасында да, метафоралық образ ретінде де қолданады. Мысалы, *Жазғытұры* өлеңінде табиғат үні сұлу таққан шолпы үнімен ұқсастырылып суреттеледі:

Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,

Дәл сұлу бұраңдаған *шолпы* тағып [106, 36 б.].

Байқағанымыздай, ақын табиғатты ерекше керемет ұлттық өрнектермен қиыстырып суреттейді. Бұйрабас ағашты бөрікке, судың сылдырлап аққан дыбысын шолпылы сұлуға теңейді. Ж. Аймауытов «Қазақ әдебиетінде табиғатқа жан бітіріп суреттеуде Мағжанға жетер ақынның жоғы рас» [107, 41 б.] десе, Бақытқамал Қанарбаева «Жырымен жұртын оятқан» атты Мағжан туралы монографиясында «Гете тәрізді Мағжан да табиғатқа жан бітіріп жырлайды» [108, 86 б.] деп дәл осы ойға қосылады. Ал, Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монографиясында Мағжанның табиғат лирикасы туралы былай дейді: «Табиғатты бейнелегенде

де, белгілі бір алқаптың нақты бір көрінісін алудан безіну, – яғни сол кездегі қазақ даласының, өзен-көлі, теңізінің көшірмесін жасаумен шектелмеу, қайта сол арқылы сездірілген жұмбағы мол лирикалық қаһарман жан дүниесін әспеттеу талабы жүзеге асады» [109, 113 б.] дейді. Мағжан ақынның табиғат лирикасына қатысты аталған бұл ой-тұжырымдардың қай-қайсысымен де әбден келісуге болады. Б. А. Жетпісбаева ақын поэзиясының сан қырлығын «В ее пространстве [поэзия Магжана] мы наблюдаем органичное сплетение идиоэтнического и межнационального, традиционного и модернистского, суфийского и символистского, идейно-художественных исканий как западной, так и восточной философии и поэзии. Но и в то же время ее нельзя считать сугубо маргинальной, ибо пропитана она ароматом национального духа, национального менталитета» [110, с. 4] деп дәл сипаттайды.

Ал, Ұлбосын (1) [106, 207 б.]; Шолпы (1) [106, 112 б.]; Қызметтегі қарындас (1) [106, 211 б.] өлеңдерінде *шолпы* номинативті мағынасында көрініс табады:

Бүйрек беті бұлтиып,
Шолпы тақты Ұлбосын.
Күлім қақты әкесі,
Ойға батты: «Пұл болсын!..»

Бірақ әрбір өлең жолында шолпының өз атқарып тұрған қызметі бар. Жоғарыдағы Ұлбосын өлеңінде *Шолпы тақты Ұлбосын* деп, қыз баланың бойжеткендігін көрсетсе, *Қызметтегі қарындас* өлеңінде жалпы қазақ қызының бой жетіп тұрмыс құру ғана мақсатынан алыстап, жаңа қоғамдық ұстанымдарға аттауға бет алған кездерін сипаттайтын, соған сай киім үлгісінің, мәнерінің өзгерісін сипаттайды, қазақ қызы енді шолпы тақпады:

Бой бақпады, ой бақты...
Бетіне бояу жақпады.
Шұбалтып ұзын шаш қойып,
Шылдырлап *шолпы* тақпады.
Шапке киіп, папке алып,
Баяндама жаттады [106, 211 б.].

Толған ай тәрізді табиғаттың бірден-бір ерекше құбылысын суреттеуде ақын тағы да екі сұлулықты қатар қояды. Осы мақсатта ақын *ақ жамбыны* толған айдың бейнесін сомдауда, екі сұлулықты қарсы қойып, айдың домаланған ақ келбеті ажары ақ жымбыдай сұлулардан асып түсетінін көрсету үшін қолданады:

Дөңгелек, жарасымды ақ келбетің,
Жүресің жылжып қана әсем басып.
Ажары *ақ жамбыдай* сұлулардың
Жалғанда тіпті кетпес көркі асып [106, 43 б.].

Ал, ақын поэзиясында көрініс тапқан күнделікті шаруашылық, тілшілікке қатысты *отарба мен нұл* сөздері қазіргі кезде мүлдем қолданыстан шығып қалған көнерген сөздер десек қателеспейміз. Ерекше атап өтуге болатын

образдық суреттеуді ақын *тезек пен көген* сөздерімен жасайды. Көгенге тіз қатарынан байланып тұратын ешкілерді табиғатпен ерекше ұштастырады:

Бұлттар бөрте ешкідей дәл

Мана тізген көк *көгенге*.

Қатар көкте шұбырып барад,

Ағытып біреу: «Шек!»- деген бе? [106, 201 б.]

Яғни, ақын бұлттардың көшуін көгенге тізбектелген ешкілерге теңейді. Әрі теңеп қана қоймайды. Ағытып біреу «Шек!»- деген бе? деп, табиғаттың ісіне ешкімнің араласа алмайтынын меңзеп, сұрақ қояды. Шаруашылыққа қатысты осындай күнделікті заттардың көмегімен өте мазмұнды дүниелерді жеткізеді. Тезектің де жөні бөлек. Алыстағы Мағжан еліне *Сәлем хат* жазады және өзінің тұрған жері мен тірлігін:

Түкпір еді тұрған ұзақ үй қылып,

Көп кітапты көп *тезектей* үйдіріп, - деп сипаттайды.

Ақын алыста қалада жатып, елін, ауылын сағынады. Көп кітапты көп тезекке теңеуі де жай емес. Бұл ойды толық түсіну үшін осы өлеңнің төмендегі төрт жолына мұқият зер салу қажет:

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын,

Сардаланың аңсап жусан, сасырын,

Қайтуым хақ бір күн қоңыр іңірде

Қар қаладан қашып шығып жасырын [106, 206 б.]

Сонымен, бөлек-бөлек болған жеке сөздерді біріктіргенде, бүтін қазақ даласының тұрмысын көргендей боласың. Немесе керісінше ақын болмысын танығандай боласың. Ғалым Ж. Манкеева тілімен айтқанда: «Көркем мәтінді танымдық тұрғыда зерттеу барысы жеке тілдік тұлғаның ойы, қиялы, болжамы, ғалам жөніндегі өзінің біртұтас тұжырымы мен білімін дәйектеп, автордың жеке тәжірибесі мен таным үрдісі негізінде қалыптасатын өзіндік тілі мен даралығын идиостиль (жеке стиль) ұғымы ретінде анықтайды. Соған сәйкес жеке тілдік тұлғаның көркем мәтіндік тілі ұлттық болмыс пен автордың тарихи-мәдени тәжірибесімен толықтырылған шығармашылық нәтижесі» [113, 356 б.]

1.3 М. Жұмабаев поэзиясындағы рухани мәдениетке қатысты атаулардың функционалдық ерекшеліктері

Рухани мәдениетке қатысты атаулар ақын поэзиясының басым көпшілігін құрап тұр.

Ақын шығармашылығында қолданылған ұлттық ойындардың ішінде номинативті мағынасымен қатар ауыспалы мағынаға көбірек ұшырағаны *асық* және осы ойынның негізгі құраушысы – *сақа*. Қазақ қызының салмақтылық деген мінез көркі қорғасын құйған асықтай, сақадай деп суреттелген:

Қарындасым, салмақтым

Қорғасын құйған *асықтай*. Үйдегі үнсіз қарындас (1) [106, 208 б.]

Қорғасын құйған *сақадай* –

Сәулем менің салмақты. Бұлқынып, бұғау үзген қарындас(1) [106, 208 б.]

Яғни, қорғасын құйылған асық, сақаның салмақты ауыр болатыны белгілі. Осы ерекшелікті ақын қазақ қызының бойындағы қасиетке балайды. Әрі халық жастарының өмірінде маңызды орын алатын, аса танымал асық ойынымен ұштасуы ерекше ұлттық сарын туындатады. Ал, *Алыстағы бауырыма* өлеңінде:

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек.
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен

Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек [106, 72 б.], -

деп тура номинативті мағынасында қолданысқа түседі, бірақ жастық шақтың кимас бір бөлшегі, әрбір балаға қымбат болған алтын сақасы ақын заманындағы бауырлас балалардың құндылықтарын, жалпы балалық шақ портретін құруда негізгі элементтерінің бірінің рөлін атқарады.

Әдет-ғұрып, салт, ырым-жоралғыларға қатысты этнографиялық атаулардың барлығы дерлік (*айдар, аластау, барымта, бақсы, бесін, бата, қара шаңырақ, сүйінші, сыбаға, төр, шашу*) өздерінің мағыналық өрісі аясында көрініс тапқан. Ұлттық өнер мен музыкаға (*бесік жыры, жыр, жыршы, жырау, күй (тарту), сері, хакім, шешен*) қатысты да дәл солай тұжырымдауға болады. Әкімшілік бөлініс, билік атаулары (*алаш, алты алаш, ауыл (ауылшыл), ауылнай, би, батыр, болыс (болыстық), көсем, қазы, манап, ру, сұлтан, төре, тақсыр, хан, хандық, ханзада, шейх*) ішінен алаш ұғымының ақын шығармашылығында өте жиі қолданылатынын атап өткен жөн. Бұл ерекшелікті аудармашы Т. Кожаоглу да атап өтіп, аударма кітабының соңында ақын поэзиясында жиі кездесетін атаулардың қатарына енгізген. Ақынның алаш еліне деген ерекше ыстық ықыласы, патриоттық сарын поэзиясының өн бойында тұнып тұр.

Ақынның *ауылға* деген сезімі де ерекше, бірақ *болыс пен болыстыққа* деген жағымсыз сарын байқалады:

Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын *болыстыққа* сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс -

Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр. *Жатыр* өлеңі [106, 34 б.]

Тасталық *болыстыққа* таласуды,

Таласып, жаман кезбен қарасуды. *Қазағым* өлеңі [106, 46 б.]

Бір бағыланды сойғызып,

Іргеге жастық қойғызып,

Үйіне *болыс* кеп отыр.

Күйрыққа бауырды астарлап,

Пыс-пыс етіп қос қолдап,

Сылқылдатып жеп отыр. *Қойшы бала мен күшік* [106, 201 б.]

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!

Ылғи ет жеп жүреді елде *болысың-ай*.

Ылғи ғана құйрық пен бауыр жер едім,

Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай. *Қойшының әләуләйі* [106, 215 б.]

Ел қамын емес, қарын қамын ойлап, ресейлік әкімшілікке барынша жағымпазданған, өз билігін асыра қолданған болыстарға деген ақынның теріс ықыласы түсінікті.

Сондай-ақ *төре* сөзі де ақын поэзиясында осыған ұқсас сарынға ие. *Жәй әншейін өлең зой* атты өлеңінде ақын төмендегідей мысқылдайды:

Әй, керек-ау, әй, керек,

Арақ ішсең, асыңа Май керек.

Төрелерге жем керек,

Оқығанға шен керек [106, 172 б.].

Оқу оқып, төре болып, өз жұртына өзі қарыс шығып жатқандар туралы ашынған ақын *Жатыр* өлеңінде баяндайды:

Біреулер оқып *төре* болып жатыр,

Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.

Ұмытып өзін- өзі бұл сабазың,

Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр [106, 34 б.] .

Ханзада, тақсыр сөздері өздерінің тарихи мәтмәтінінде емес, әзіл ирониялық сарында *Мысық пен ет*, *Әйел* өлеңдерінде көрініс тапқан.

Би сөзіне келетін болсақ, ақын поэзиясында тарихи мәнмәтіндегі қазақ хандығы тұсындағы нағыз *билер* мен бергін келе қазақ хандығы ыдырағаннан кейінгі *би сымақтарды* да көреміз:

Ә, *биіміз*, *биіміз*,

Түрленіп қапты үйіңіз,

Тым-ақ тәуір күйіңіз.

Байқаймын, мол ғой, тегінде,

Алатын елден сыйыңыз.

«Сен» деп сізге не дейін,

Тамұқта мәңгі күйіңіз! [106, 105 б.]

Ал, тарихи мәнмәтін *Түркістаннан* табылады:

Тұранның *билері* бар Тарағайдай,

Сол *биден* Темір туған от боп ойнай [106, 188 б.].

Батыр сөзіне қатысты да ақын шығармашылығынан екі түрлі мәнмәтінді байқауға болады. Тарихи сарындағы, құрметті кәсіптің иесі болған батырлар, кейіннен қоғамдық өмір салтының өзгеріп, соғыстың, жаулап алушылықтың азаюынан батырлар заманының өтіп, бірақ батырлардың халық дүниетанымында ерекше орын алып, жатталып қалуы, ұл балалардың батырдың қасиеттеріне ие болсын деген тілегінен батыр бала, батыр жүрек тәрізді қолданыс өмірге келді. Аталмыш қос сарын ақын поэзиясында бар:

Шулады қазақ шұрқырап,
Барады «батыр» тырқырап,
Аузынан көбік бұрқырап...*Жәй әншейін ойын зой* [106, 173 б.].

Талай тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?! *Жер жүзіне* [106, 79 б.];

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше *батыр* – бүгін қорқақ, бұғады. *Қазақ тілі* [106, 78 б.]

Аталмыш жолдардан қазақ халқының жағдайына налыған жүректің астарлы назын көреміз. Ақын кешегі батыр қайда деп халыққа астарлы үндеу жолдаса, *Қазақ тілі* өлеңінде ер жүректі бабаларының, ел басқарған хандар мен қол бастаған батырлардың ұмыт қалғанын жырлайды:

Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды! [106, 78 б.]

Ал, *Орал тауы* өлеңінде ақын екі рет таудан да, тастан да қорықпайтын батыр Түрік бабалары жайында және батыр түрік балаларға өсиетін айтады. Яғни, патриоттық сарынға ие:

Қосылып *батыр* түрік балалары,
Тапталпа, жолын кесіп тізгінге орал [106, 56-57 б.].

Келесі діни реалияларға келетін болсақ, ол ақын ең жиі қолданған сөздер тобы. Зат есімдер де, сын есім де, етістік, одағай түрінде де кездеседі. *Тамұқ, дәрған, махпуз тақтайы* тәрізді көнергендері бар. Ислам дінімен келген Алла атауы, жалпы әлемді жаратушылық түсінігінен туындаған Жасаған, көкке табынушылық дүниетанымынан туындаған Тәңір, Тәңірі ие де ақын поэзиясында көрініс тапқан.

Ақынның *молдаларға* деген көзқарасынан жағымсыз сарын байқалады:
Үйретіп дін деп құлдық, қорқақтықты,
Қандай құл бізге *молда* бола қалды?! Дін үйреткенге [106, 61 б.]

Бағлан жейтін қарт, мейлі,
Балық жеп кірсін көріне.
Аллашыл, айтшыл *молдасы*
Шықсын-ақ жұмақ төріне [106, 205 б.].

Мінбелерде үгіт айтқан *молдалар*
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!
Бөрік киіліп, сандықта қап сәлделер,
Жасырынып бұзық жерге кірмесін! *Мағарри сөздер* [106, 99 б.]

Қыздардың сұлулығын ақын *хор* қыздарының сұлулығына теңейді. *Хор жүзді қарындасым, хордай жар, хор сықылды* іспеттес теңеулер өте жиі кездеседі.

Ерекше тоқталып өтуге болатын тағы да бір сөз ол – *кебін*. Бұл сөзді ақын өте жиі қолданады және тура мағынасынан гөрі ауыспалы мағынада, табиғат

көрінісін, адамның жан дүниесінің қалпын сипаттауда кездеседі. Мысалы, ақын барлығы 9 рет қолданса, тек бір рет Қарындасқа өлеңінде *көр құшақтап, бір күн кебін киерміз* [106, 129 б.] деп номинативті мағынасында қолданысқа түседі. Ал, қалған Балапан қанат қақты, Сүйемін, Жиленді қара орман өлеңдерінде ақ кебіндеп қыс мезгілін суреттеуде [106, 78 б.], [106, 96 б.], [106, 157 б.]; Қайың (1) табиғат [106, 152 б.]; Қысқы жолда өлеңінде суық кебін жамылып деп табиғатты [106, 153 б.]; Ал, Көбелек (1), Ф...ға (1), Жан сөзі өлеңдерінде күлден кебін кидім деп, жанының күйіп-жанғанын экспрессивті түрде білдіреді (1) [106, 100 б.]; [106, 133 б.]; [106, 164 б.];

Ұлттық мифология мен демонологиядан *жын-пері, шайтан, албасты* атаулары қолданыс тапқан. Барлығы әрине жағымсыз мәнмәтінде суреттеледі. Жын-перілер көбінесе түн, қараңғылықпен байланысты. Бір өлеңінде ақын қаланы, ондағы адамдарды періге теңейді:

Қала – бір жатқан дәу *пері*.

Айналасы – тұман, түн.

Дем алысы – от, түтін [106, 90 б.] десе, еркектері мен әйелдерін:

Әйелдері ұятсыз,

Күнде сүйгіш, тұрақсыз.

Қылмыңдасар, керілер.

Жүздерінің қаны жоқ,

Көздерінің жаны жоқ,

Еркектері – «*перілер*» [106, 90 б.] деп суреттейді.

Туыстық атаулар: *аға, ағайын, ата, апа, әже, баба, бәйбіше, бауыр, ене, жеңге, жиен, келін, құда, қарындас, нағашы (жұрт), сіңлі, тете, шеше*. Аға, ата, апа атауларын мәдени сөздер қатарына енгізілу себебі бар. Ертеде қазақ халқында әкелерін ата, аналарын апа деп те атаған. Дәл осы ерекшелік Мағжан ақын поэзиясында кездеседі. Сол себепті аудармашылар да *атаны отец, апаны мать* деп тәржімалаған. Яғни, ескінің реңкі жоғалғанымен, мағынасы сақталған. Аға сөзіне келетін болсақ, туған үлкен ер бауырына аға десе, жасы өзінен үлкен сыйлы адамға да қазақ халқында аға деп қаратып айту салты бар. Ақын *Жамбылға* өлеңін *Жан аға* деп жылы лебізбен бастайды:

...*Жан аға!* Шықтым өлімнен,

Халімді менің көрсейші.

Жаның нұрға көмілген,

Нұрыңнан ұшқын берсейші!.. [106, 223 б.]

Қарындас сөзі де туыстық қатынасты білдіретін ағасының өзінен кіші қыз бауырына айтылатын атау, сонымен қатар өзінен жасы кіші қыз балаға ер адам қарындас деп қаратып айтылады. Бұл екі жағдай да ақын өлеңдерінде көрініс тапқан:

Себеп не екен? Бастан мені таптыңыз,

Альбомыңызды алдыма әкеп тарттыңыз.

Мен даярмын, рақмет сізге, *қарындас*,

Ағаңызға көңілді бір іс арттыңыз.

Ай аппақ қой, Сізге көңілім Айдай ақ,
Сізге деген жүректе жоқ жалғыз тап [1, 130 б.].

Бұл өлең жолдары жазылған кезде адвокат Ғалиолла Ғалымжановтың әйелі болған Рәбиға Мәдиқызына арналған.

Аталмыш сарынның екеуі де ақын поэзиясында орын алған. Шеше сөзі ана сөзінің ескіден қолданылатын бір көрінісі. Нағашы жұртқа ақын қазақ халқына тән жылы лебізбен қарайды:

Нағашы жұрт, сізге дұғай сәлемім,
Өзім жолда, барсын сізге қаламым.
Амандықпен көріскендей күн болсын,
Қоштық айтам, Қызылжар жүріп барамын [106, 225-226 бб.].

Көшенді тіршілік еткен қазақ халқы төрт түлік малдың қыр-сырын, оларды күтіп-бағудың жайын жақсы білген. Жас физиологиялық ерекшелігіне қарай атап отырған. Мағжан ақын поэзиясында төрт түлік малға қатысты атаулардың көптеп кездесуі заңдылық десе де болады. Мысалы, *Шойын жол* өлеңінде ақын ерекше теңеу жасайды:

Бастаған жол бітіп пе?
Қара айғыры ырсылдап,
Қара қабан қорсылдап,
Елді басып өтіп пе? [106, 177 б.].

Салынып жатқан шойын жол мен оның үстінен өтетін отарбаны қара айғыр мен қабанға теңестіреді.

Бота сөзіне келер болсақ, барлық қолданысында *бота көз* деп жанар сұлулығын суреттеу, *ботам* деп баланы еркелетіп қаратып айту үшін қолданылған:

Ботамды көрдім түсімде
Қырмызы моншақ тағынған.
Ботамды көрдім түсімде
Атасын боздап сағынған.
Апасы құшып еркесін,
Көзінен меруерт ағызған.
Мен сендерден садаға,
Бөбегім, жарым, жанымнан!.. [106, 216 б.].

Бұл жолдардан сондай-ақ жоғарыда аталған әкені – ата, ананы – апа деп атау дәстүрі де анық байқалады.

Жылқы малы қазақ үшін ерекше қастерлі. Ер қанаты – ат деген. Айшылық жерлерге, жорыққа, соғыста да басты көлік түрі, адал серігі болған. Батырлар жырында да әрбір батырдың аты ерекше дәріптеледі. Осындай дүниетанымнан өте жүйрік, бітімі бөлек, ерекше, батырлар ғана мінетін *тұлпар ат* атауы қалыптасқан. Тіпті мифтік ертегілерде қанатты тұлпар, пырақты тұлпар кездесіп жатады. Осы жылқы бейнесі ақынның өлеңінде өте жиі кездеседі. Түркістан (1) [106, 189 б.]; Алыстағы бауырыма (1) [106, 72 б.]; Есімде тек таң атсын! (1) [106, 58 б.]; Бесік жыры (1) [106, 92 б.]; Тез барам (1) [106, 75 б.]; Жаралы жан (1) [106, 76 б.]; Мен жастарға сенемін (1) [106, 82 б.]; Сүйгенім

анық (1) [106, 67 б.]; Өткен күн жеткізбейді (1) ауыспалы мағына [106, 139 б.]; Мен кім? (1) [106, 97 б.]; Төбет (1) [106, 107 б.]; З...ға (1) [106, 139 б.] өлеңдерінде қолданыс тапқан әрі үнемі жағымды сарын байқалады:

Шер батса — кім іздемес туған елін,

Тұлпар да көксемей ме туған жерін? Түркістан (1) [106, 189 б.]

Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,

Тілеген бір-бір тұлпар бейне пырақ! Алыстағы бауырыма (1) [106, 72 б.];

Жастарды тұлпарға теңейді:

Қажу бар ма *тұлпарға*,

Талу бар ма сұңқарға,

Иман күшті оларда,

Мен жастарға сенемін!... [106, 82 б.]

Жаралы жанның арманы тұлпарға мініп бір шабу:

Тұлпарға мініп бір шапсам,

Болмас еді басқа арман! [106, 76 б.]

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,

Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаласың [106, 97 б.].

Ал, ұлттық нақыштағы қаратпа сөздерге келер болсақ, қазақтар әрқашан балаларын төрт түлік мал төлдерінің аттарымен еркелетіп атаған: *ботам, қозым, құлынишағым, марқам, серкем*. Жасы үлкендерге *ақсақал, қария* деп ізет білдіріп атаған. Отбасылық институтта еріне сыйлы түрде *отағасы* деген. Қазіргі кезде де қолданысқа ие, бірақ өте сирек. Ал, *қатын* сөзінің коннотативті мағынасы мүлдем өзгеріске ұшырап, заманауи тілдік бейнеде жағымсыз коннотацияға ие. Ақын заманында ері өз әйелін қатын деп атаған. Мысалы, *Асық иіру* өлеңінде:

Қойды айдасам түс ауа,

Ырғала басып, ыңыранып,

Қатыным шықса қой сауа... [106, 197 б.]

немесе *Тілегім* өлеңі:

Жасыл шешек, қызарған гүл солмаса

Қаны қашып, көркі бітіп, қуарып,

Періштедей жас қыз *қатын* болмаса... [106, 52 б.]

Ал, *ару* - қазақ қызына тән мінез-құлық, сұлулық-сымбатқа ие, стереотипті бейне десек те болады. Қазақы сұлулық пен инабаттылыққа ие қыздарды ару деп атаған. Ақын өз поэзиясында табиғатты еркелеткендей болып, Алатау тауының сұлулығын аруға теңейді:

Желкендегі, *ару* Алатау,

Жауһардан тізген жал ма екен? [106, 194 б.]

Және де Мағжанның барлық түркі халықтарын бауыр санап, қосылып түрік балалары деп жар салатыны бәрімізге белгілі. *Қырғыз, қазаққа* («*Қосшы*» ұйымының *тобы туралы*) атты өлеңінде екі елдің бауырлығын төмендегідей сипаттайды:

Арқар менен құлжадай
Қойындасқан ежелден,
Екі тентек *тетелес*.

Ал, *Құздар мен қыздар* (1) [106, 194 б.] өлеңінде қырғыздың арулары деп атайды:

Қырғыздың *ару* қыздары
«Зекенбайды» ырлайды.
Алатаудың құздары
Қырғыздың сырын ұрлайды.

Қазақтың қыздары ару болса, бойындағы қасиетіне қарай *ер, жігіт, ер жігіт, ұлан* деп атайды.

Қазақтар дүниетанымдағы жан-жануарлар әлемі өзі бір жеке орын алады. Ақын шығармашылығында *байғыз, бөрі, көкжал, тазы, төбет* тәрізді қазақ халқының дүниетанымы мен күнделікті тұрмысында ерекше орыналатын жан-жануарлар әлемі.

Байғыз құсы қосымша жағымсыз коннотацияға ие. Дәстүрлі ортада Б.-дың шақыруын жаман ырымға балаған, сондықтан да осы құсқа байланысты әр түрлі ырым-жоралғылар қалыптасқан. Қазақ этнографтарының жазбаларына қарағанда, қазақтар үйдің шаңырағына Б. қонса, ол үйдің орнын ауыстырып, басқа жерге тіккен, тіпті жамандыққа жорып, сол шаңырақты дереу отқа жағып жіберген немесе отпен аластаған [95, 351-352 бб].

Байғыздың үні адамдарда қорқыныш, сескену сезімін тудырған. Ақынның *Түн айтқызды* өлеңінде осы сарын орын алған:

Тауда түнде үн берген
Тәңірі ме әлде *байғыз ба?*
Үнді естіп, жаным күңіренген [106, 196 б.].

Қазақтың *бөрі мен көкжалы, тазы мен төбеті* де ақын шығармашылығына ерекше символикалық, мәдени сарын береді. Ал, *дария* іспетті географиялық реалия ақын поэзиясында тура және ауыспалы мағынасында да көрініс табады. Ауыспалы мағынасында көбінесе *көз жасын дария етті* деген метафорикалық образда қолданылады.

Сонымен, ақын поэзиясындағы қолданылған барлық ұлттық нақыштағы сөздерді іріктеп, жүйелегеннен кейін, бұл сөздерден жалпы қазақ даласының, тұрмысының, дүниетанымының ұлан-ғайыр портретін көруге болатыны аңғардық. Қазақ шаруашылығы, қоғамы, тұрмысы, әлеуметтік өмірі, дүниетанымы, отбасылық институт, әкімшілік бөлінісі, діні, салты, табиғаты түгелімен көрініс тапқан. Осы тұста профессор А.Б. Салқынбайдың «Мәдениеттің тек қалаға тән болмайтыны, Даланың да өз мәдени дәстүр болғанын айту парыз. Көне қазақ жұрты мен оның мәдениетін батысқа, одан әрі күллі әлемге таныту үшін өз топырағымызда жетілген көне мәдениеттің мәйегін батыстық үлгіге салып әуре-сарсаңға түспей-ақ, табиғи ұлттық болмысында жеткізе білу абзал. Адамзаттық құндылықтар қатарын Дала мәдениетінің өзіндік нақышы мен реңін жоғалтпай толтырса лазым» деген

тиекті тұжырымы ойға оралады. Жылқы тұяғының дүбірінен оянған, жусан сі аңқып тұрған бетегелі белдің көрінісі; ботасынан айырылып аңыраған інгеннің боздаған үнінен күңіренген қыл қобыз бен ажалы жеткен ақсақ құлан шабысынан алқынған домбыраның әуені; «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтуды қадірлеген қазақтың би-шешендері мен қарт жырауларының терең ойлы сөздері де – бәрі де бұзылмаған қалпын сақтап қалуы тиіс» [114, 11 б.]. Осындай Дала мәдениетінен сусындаған Мағжан ақын өлеңдеріндегі мәдени сөздердің орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі аудармадағы көрінісі келесі тарауда қарастырылады.

3. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС, ТҮРІК, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНМӘТІНДЕ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 М. Жұмабаев поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері

Қазақтың қасиетті домбырасын ақын Ұлан (2) [106, 93 б.]; Түркістан (1) [106, 188 б.]; Домбыра, домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең). Марқұм Ж-ге арналған (5) [106, 126-127 б.]; Сәрсенбайдың жыры (6) [106, 189-190 б.] атты өлеңдерінде тура мағынасында қолданады.

Ең қастерлі ұлттық музыкалық аспап орыс тіліндегі аудармалардың барлығында *домбра* деп тәржімаланған. Ұлан өлеңінен үзінді:

Шерің болса, *домбыраңды* ал,
Домбыраңды ал, ән шырқап сал [106, 93 б.].

Орыс тіліндегі аудармасы:

- Коль в сердце в печали – развей его песней,
Под струны *домбры* твоя радость воскреснет.

Домбра (1) Беспokoйная юность [113, с. 88];

Түркістан өлеңі:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті *домбырасын*.... [106, 188 б.]

Орыс тіліндегі аудармасы:

О, Туран! Сколько в музыке нашей добра!
В девять струн Фараби зазвенела *домбра*.

Домбра (1) Туркестан [113, с. 201];

«Тишина. Слышна только мелодия *домбры* и еще какой-то неясный, незнакомый звук, рождающий гнетущее чувство страха....*Домбра* перекликается с голосом степи. *Домбра* и этот голос, слившись, печалются, жалуются....Он приближается издали, словно кто-то под звуки *домбры* выводит грустную, печальную песню.А *домбра* всё плачет, жалуется, тихо плачет без слез. Плачь, *домбра*, плачь! Домбра (стихотворение в прозе) [113, с. 134].

Осылайша, *Домбыра, домбыра* (Қара сөзбен жазылған өлең) өлеңінде Түпнұсқада бес рет қолданыс тапқан домбыра сөзі орыс тіліндегі аудармада алты рет кездеседі. Түпнұсқадағы ол (Ол қайғырады...зарланады...) деп есімдік арқылы берілген домбыраны домбра деп ашып көрсетеді: «*Домбра* и этот голос, слившись, печалются, жалуются» деп домбыраны тағы да бір атайды.

Демек, домбыра сөзі орыс тіліне *ы* әрпі түсіріліп, фонологиялық жағынан орыс тілді оқырманға бейімделіп, натурализацияланған. Түрік тілімен салыстырғанда мәтін соңында бұл қандай музыкалық аспап екені жайлы ешқандай қосымша түсінік берілмейді. Оның себебі тарихи-саяси, әлеуметтік жағдайларға байланысты орыс халқының қазақ мәдениетімен таныс болғандықтан, аудармашы қосымша түсіндірменің қажеті жоқ деп табуы

мүмкін. Түрік тіліне *Домбыра, домбыра* (*Қара сөзбен жазылған өлең*). *Марқұм Ж-ге арналған* өлеңінің аудармасында аудармашы домбыра сөзін транскрипциялап *dombıra* деп тәржімалап, мәтін соңында түсініктеме береді: *dombıra: Kazak Türklerinin milli çalgılarından birisi (Домбыра - қазақ түріктерінің ұлттық аспаптарының бірі):*

Yanımda yatan yiğit dombırayla bir nağme çalmakta...Sadece ve sadece *dombıranın* nağmesi işitiliyor...*Dombıra* bâzen hasta insanın sızlanması gibi de ses veriyor [114, s. 153]. *Dombıra* da âh ediyor...*Ağla, dombıra, ağla!* [114, s. 155]

Ал, Ұлан өлеңінің аудармасында дәл осылай *dombıra* деп тәржімалап, бірақ мәтін соңында түсіндірме берілмеген:

Üzüntün varsa, *dombıranı* al. *Dombıranı* al, yüksek sesle şarkı söyle [114, s. 333].

Тек Түркістан өлеңінде домбыраны *tambur* деп мәдени эквивалент арқылы тәржімалайды:

Farabî, dokuz telli *tamburunu*, doksan dokuz çeşit çaldığı zaman, gönlü dolup göz yaşını kim dökmemiş [114, s. 271].

Сөздік бойынша *tambur* (I) *Klasik Türk müziğinin* başlıca çalgılarından biri olan, *yaу veya mızrapla çalınan, uzun saplı, telli çalgı* (Ұзын мойынды, ішекті, плектрмен ойналатын түрік музыкасының ең басты классикалық аспаптарының бірі). Яғни, қазақтың ең басты классикалық ұлттық аспабын түрік халқының дәл сондай музыкалық аспабымен алмастырады.

Ағылшын тіліне аудармашы *dombıra* деп транскрипциялап, мәтін соңында *a Kazakh musical instrument (Қазақ музыкалық аспабы)* деп түсініктеме береді:

Can anyone underestimate the Turk's music?

When Farabi played his nine-string *dombıra*⁷⁵

In ninety-nine different tunes, [tell me] who

Wasn't aroused to shed his tears? [115, p. 39]

Демек, домбыра сөзі орыс тіліне фонологиялық жағынан бейімделіп аударылып, доместикацияланса, түрік тіліне қосу амалы арқылы форенизацияланып, мәдени эквивалент арқылы доместикацияланған. Ал, ағылшын тіліне қосу (қосымша түсініктеме) амалы арқылы аударылып, форенизацияланған.

Келесі музыкалық аспап *қобыз* ақынның *Жазғытұры* (1) [106, 36]; *Сәлем хат* (1) [106, 206] өлеңдерінде қолданылған. Бірінші өлеңде табиғаттың үнін қобызға теңейді:

Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы,

Тұрғандай *қобыз* ойнап, әнге салып.

Орыс тіліне *қ* дыбысы *к* дыбысына алмастырылып, орыс тілінің фонологиясына бейімделіп, *қобыз* деп аударылады:

Птичий грай сольется в этот хор –

И *қобыз* струнам вторят голоса. Весенняя пара [113, с. 11]

Түрік тілінде қобыздың толық мәдени эквиваленті бар:

Yeni gelen yılın kuşu, türlü türlü sesle, sanki *kopuz* çalıp şarkı söylemekte. İlk bahar [114, s. 45].

Түрік тілінің түсіндірме сөздігі бойынша *kopuz ozanların çaldığı telli Türk sazı* (Ақындар шалатын түрік ішекті аспабы) деп анықтама берілген. Ағылшын тілінде қобыз сөзі кездесетін өлеңдердің аудармалары жоқ. Бірақ қобыз ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енген. Ол тізімде ағылшын тілінде *kobyz* деп көрініс тапқан: «The epic culture, folk tales and music of Dede Qorqud/Korkyt Ata/Dede Korkut are based on twelve heroic legends, stories and tales and thirteen traditional musical compositions shared and transmitted across the generations through oral expressions, performing arts, cultural codes and musical compositions. Dede Qorqud appears in each story as a legendary figure and wise individual, a sage of minstrels whose words, music and expressions of wisdom relate to traditions of birth, marriage and death. In the musical compositions, the main intonations are reproduced using a musical instrument called the *Kobyz* through the sounds of nature, and imitation soundscapes are characteristic of this medium (such as the imitation of a wolf's howl or a swan's note)» [115].

Қазақша-ағылшынша үлкен сөздікте *kobyz, stringed musical instrument* деп аударылып, түсініктеме берілген [117, p. 209]. Демек, қобыз музыкалық аспабы орыс тіліне фонологиялық жағынан бейімделіп, доместикацияланып аударылса, түрік тілінде толық мәдени эквиваленті бар.

Келесі Жазды күні қалада (1) [106, 84 б.]; Туған жерім, Сасықкөл (1) [106, 44 б.] атты өлеңдерде қолданылған мәдени лексика - *ақ үй*. Этнографиялық энциклопедия бойынша «Ақ үй - қаңқасы (сүйегі) құрастырылып-ажыратылатын, ақ реңк беру үшін бор қосып басылған ақ боз киізбен жабылатын жылжымалы тұрғын үйдің жетілдірілген нұсқасы. А.ү. – молшылық пен сәттіліктің белгісі болып есептелген. А.ү.-дің биікт. 135-140 см-дей 15 басты алты-сегіз қанат керегеден, күмбезін құрайтын 240-250 см-дей 80-90 уықтан, диаметрі 180-190 см-дей делінеді зерттеулерде. А.ү. – көбінесе мәртебелі қонақты қабылдайтын үйі. Қонақты түсіріп, жатқызатын үйі боз үй, ал қызметші, шаруа адамдар тұратын үй қара үй деп аталады [95, 115-116 бб].

Туған жерім, Сасықкөл өлеңінің орыс тіліне аудармасында бұл атау қабылданып, танылған аудармасымен *белые юрты* деп, түрік тіліне *ak üy* деп тәржімаланып, аударма мәтіні ішінде сілтеме беріледі, бірақ мәтін соңында түсініктеме жазу ұмытылып кеткен:

Кесте 3.1

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы
Туған жерім, сасықкөл	Родина моя Сасыкколь Л.Степанованың аудармасы	Doğum yerim Sasık Köl
Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл... [106, 44 б.]	Белые юрты, красуясь, поодаль стоят [113, с. 23].	Ak ve boz üylerin (2) sirtında birbirine yakıştığı göl! [114, s. 233]

Жазды күні қалада өлеңінің түрік тіліндегі аудармасында *ak üy* деп тәржімаланып, *üy(2) Kazakların keçeden yapılan, taşınabilir evi* (үй: қазақтардың киізден жасалған, көшпелі үйлері) деп мәтін соңында түсініктеме беріледі:

Түпнұсқа: Назбенен жылы жүзді, жұмсақ сөзді,
Ақ үйде әзілдескен әдемі қыз...

Ақ үйде (2) *naz ile şakalaşan, sıcak yüzlü, yumuşak sözlü güzel kız. Yaz günü şehirde* [114, s. 237].

Демек, орыс тілінде қазақтың киіз үйінің қабылданған *юрта* деген аудармасы бар. Оны П. Ньюмарк бойынша қабылданған, танылған аударма (recognized translation) деп атайды. Түрік тіліне транскрипцияланып, мәтін соңында қосымша түсініктеме беру арқылы форенизацияланған. Тек бір жағдайда кітапта техникалық қате жіберілген.

Ағылшын тілінде аталмыш сөз қолданылған өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ бұқаралық ақпарат құралдары, сөздіктерде қолданылатын *yurt* деп орыс тілінен тәржімаланған нұсқасы бары белгілі. Аудармашы мәтін соңында *portable frame dwelling with felt covering for Turkic and Mongolian nomads* деп түсініктеме бере алады.

Ақын поэзиясында киіз үйге қатысты босаға, дәлірек айтқанда оң жақтағы босаға атауы ақынның *Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж-ге арналған)* (1) [106, 126 б.] өлеңінде қолданылған: «Шаңырақтың жабылмай қалған шетінен *оң жақ босағада* құрулы ақ шымылдыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді». Орыс тіліндегі аудармада бұл тіркес түсірілген:

«Свет луны, проникающий сквозь незакрытый край шанырака, тихо дрожит на белом шымылдыке». *Домбра (стихотворение в прозе)* [113, с. 134]

Түрік тіліне *Sağ taraftaki duvara* (оң жақтағы босаға) (1) *Dombıra* [114, s. 153] деп функционалды эквивалентімен тәржімаланған:

«Çanırakın örtülmeden kalan kıyısından, *sağ taraftaki duvara* asılmış beyaz perdeye düşmekte olan ayın ışığı, yavaşça titriyor».

Әрине, киіз үйді, оның ішіндегі кеңістік оң жақ, сол жақ деп арнайы бөлінетіні, әрқайсысының өзіндік мәні бары, шымылдық оң жаққа құрылатынын, толық картинаны елестету аудармашыға да, киіз үймен таныс емес оқырманға да қиын.

Киіз үйдің жабдықтары ішінен *бау, уық пен кереге* де ақын поэзиясында бірнеше рет аталады. *Мені де өлім әлдиле* (1) [106, 168 б.] өлеңінде:

Бар екен алпыс ақ отау,

Алтын уық, жібек бау, - деп,

Берниязға (1) [106, 173 б.] өлеңінде:

Дарияның астында – алпыс ақ отау,

Ақ отаулар *алтын уық, жібек бау*, - деп салтанатты үйлерді сипаттайды.

Орыс тілінде осы екі өлеңнің аудармасы төмендегідей:

Кесте 3.2

И меня смерть убаюкай Л. Степанованың аудармасы	Берниязу А. Парщиковтың аудармасы
--	--------------------------------------

3.2 – кестенің жалғасы

1	2
Есть аул необыкновенный, Шестьдесят белокрылых юрт [113, с. 188].	А на дне Дарьи есть шесть десятков Белых юрт на <i>золотых шестах</i> , <i>Шелковые пологи</i> да и сладкий Голос баю-баю на устах [113, с. 193].

Яғни, бірінші аудармада *белокрылые юрты* деп жалқы элементтерден жалпыға өтіп, модуляция көмегімен тәржімаланады. Ал, екінші аудармада *алтын уық – золотые шесты, жібек бау – шелковые пологи* деп функционалды эквиваленттерінің көмегімен аударылады. Яғни, екі жағдайда да доместикация орын алған. Сонымен қатар *ақ отау* мәдени сөзіне де мән беру қажет. *Ақ отау* үйдің синонимі ретінде қолданылады, бірақ көбінесе жаңадан, жас отбасыларға құрылған үйлерді ақ отау деп атаған. Оны орыс тіліне жалпылап юрта деп тәржімалайды.

Бір күні өлеңінде де уық сөзі қолданылған:

Бір күні, ерте оянып, жаттым ойлап

Көп шыбын өрмелеген *уық* бойлап...

Орыс тіліне *қ* дыбысы *к* дыбысымен алмастырылып, мәтін соңында «Уык (1) Однажды [113, с. 32]: изогнутая палка, часть конструкции свода юрты» деп қосымша түсініктеме беріліп, тәржімаланған:

Проснулся чуть свет и увидел *уык*¹.

Уж чем понравился мухам – не знаю...

Демек, *Мені де, өлім, алдиле* өлеңіндегі жалпылау арқылы глобализация әдісі қолданылса, Берниязға өлеңінде *шесты, пологи* деп жергіліктендіріледі. Яғни, екі жағдайда да доместикацияланған. Ал, *Бір күні* өлеңінде қосымша түсіндірме беру арқылы форенизацияланған.

Ал түрік тіліне *жібек бауды ipek bađlı* (1) [114, s. 145] деп жергілікті жіп сөзінің баламасы, ал уыққа келгенде екі өлеңнің аудармасында да мәтін соңында түсіндірме беріледі:

Bu gölün altında altmış tane altın uvıklı (3) ve *ipek bađlı* ak otađ varmış.

Ölüm, bana da ninni söyle [114, s. 145]. Uvık: Kazakların keçe evinin üst tarafına konan uzun ađaç (Қазақтардың киіз үйлерінің жоғары жағына қойылатын ұзын ағаш).

Taze gelinler, genç kızlar, şırıl şırıl akan ırmađa üy (4) kurup, hemen yerleşip, kıvrılarak basıp sallanıp, sakalaşarak gülüp, üyden üye gidip, kerege (5) yaуıp, *uvık* (6) bađlar. Uvık (1) GEÇMİŞ GÜN [114, s. 247]: Uvık: Keçe evin kubbesini meydana getiren ince uzun ađaçlar (Киіз үйдің күмбезін құрайтын жіңішке ұзын ағаштар).

Орыс тіліне уық сөзін үш өлеңде үш түрлі әдіспен аударылғанын көреміз:

Кесте 3.3

Берниязу	И меня смерть убаюкай	Однажды
А на дне Дарьи есть	Есть аул	Проснулся чуть свет и

3.3 – кестенің жалғасы

1	2	3
шесть десятков Белых юрт на <i>золотых шестах</i> ...[113, с. 193]	необыкновенный, Шестьдесят белокрылых юрт [113, с. 188].	увидел <i>уык</i> ¹ . ¹ Уык - изогнутая палка, часть конструкции свода юрты; [113, 32]

Бірінші аудармада *золотые шесты* деп функционалды эквивалент, екіншісінде *белокрылые юрты* деп жалпылау әдісі (генерализация), үшінші аудармада ғана мәтін соңында қосымша түсінік беру арқылы форенизацияланған.

Ал, *кереге* ақынның *Өткен күн* өлеңінде қолданылған:

Жас келіншек, жас қыздар,

Кереге жайып, уық байлар [106, 85 б.].

Орыс тілінде бұл өлеңнің аудармасы жоқ. Сөздікке назар аударсақ, *кереге* - деревянная решетка (составная часть юрты) деп түсінік беріліп, төмендегідей коннотациялар ұсынылады: *кереге таңғыш* → *вытканная узорчатая тесьма (для стяжки кереге)*; *керегені жаю* → *устанавливать кереге*; *керегені жинау* → *собирать кереге*; *керегені көктеу* → *скреплять кереге сыромятной кожей* [118].

Түрік тіліне *kerege* деп транскрипцияланып, мәтін соңында түсініктеме берілген: Geçmiş gün [114, s. 247]: Keçe evin, ince ve uzun ağaçlardan yapılan duvar iskeleti (Киіз үйдің жіңішке және ұзын ағаштардан жасалған қабырға қаңқалары). Демек, қосу әдісі қолданылып, форенизацияланған. Ағылшын тілінде де бұл өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ мақсатты оқырмандарға төмендегідей түсініктемесін ұсынамыз: *Kerege is a wooden lattice served as walls carcass of yurt.*

Келесі киіз үй жабдықтарының бірі – *түндік*. Оразада (1) [106, 51 б.] өлеңінде тура мағынасында қолданылған:

Түндік жабық, от жарық,

Үйге сәуле кірмейді.

Орыс тіліне аудармашы *полог* деп тәржімалайды:

Задрнут *полог*, лишь свеча,

Стыдливо пост наш освещает. Ораза [113, с. 34]

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігі бойынша: **ПОЛОГ**, а, муж. Занавеска, закрывающая, загоразживающая кровать, колыбель, а также (устар.) вообще занавеска. Ситцевый п. Откинуть п. П. тумана (перен.) [119, с. 456]. Ал, *түндік* - киіз үй шаңырағын жабатын киіз. Сондықтан *полог* *түндіктің* семантикасы мен функционалдық ерекшелігін толықтай аша алмайды.

Заманауи қазақша-орысша сөздікке жүгінсек, төмедегідей анықтама мен коннотациялар ұсынады: «*Тундик* - войлочное покрывало юрты (квадратная кошма, покрывающая верхний круг дымохода юрты, который открывают для выхода дыма или для проникновения света):

түндікті ашу → открывать тундик; түндікті жабу → закрывать тундик [118].

Ф. Тамирмен сұхбат барысында ғалым түрік тілінде бұл атаудың эквиваленті жоқтығын айтып, төмендегідей түсіндіреді: «Түркия түрікшесінде мұндай атаудың жоқтығына байланысты аудармашы қосымша түсінік беруі мүмкін. Аудармашы Түркия халқының отаршылық өмір салтына қазақ халқынан ерте өтуіне байланысты, көшпелі өмір салтына, тұрмысына қатысты көп атаулардың жоқтығын айтады». Ф. Тамирмен сұхбаттан. Ағылшын тілінде *Қазақша-ағылшынша сөздікте* «Tunduk: felt covering upper smoke flue of yurt» [120, p. 385] деп дұрыс түсінік берілген.

Тұрмыстық заттардың тағы да бір елеулісі, киіз үйдің ішіне құрылатын **шымылдық**. Шымылдықты ақын тура мағынасында және ауыспалы мағынасында, табиғатты суреттеу үшін метафоралық образда қолданады.

Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж-ге арналған) (2) [106, 126 б.] өлеңінде: «*Шымылдықтың* жабылмай қалған шетінен оң жақ босағада құрулы ақ шымылдыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді» деп әңгіме орын алып жатқан кеңістікті, уақытты суреттеу үшін тура мағынасында қолданылған.

Орыс тілінде:

«Свет луны, проникающий сквозь закрытый край шанырака, тихо дрожит на белом *шымылдыке*» [113, с. 134] деп қ дыбысы к дыбысына ауыстырылып, орыс тілінің фонологиясына бейімделеді. Яғни, натурализацияланады, жергіліктендіріледі. Түрік тіліне *perde* деп аударылады:

«Çanırakın örtülmeden kalan kıyısından, sağ taraftaki duvara asılmış beyaz *perdeye* düşmekte olan ayın ışığı, yavaşça titriyor. *Perde* de titremiş gibi. (2) Dombıra [3, s. 153]. Сөздік бойынша түрікше перде: Farsça perde 1. isim Görüşü, ışığı engellemek, bir şeyi gizlemek için pencereye veya bir açıklığı önüne gerilen örtü (парсыша перде, з.е. Терезеге ілінетін, немесе ашық тұрған кеңістікке жарық түспеу үшін, көрінбеу үшін қолданылатын жамылғы). 2. з.е. екі жерді бір-бірінен бөліп тұратын керме [119]. Әрине, дәл эквиваленті емес, бірақ перде шымылдықтың функционалды аналогы қызметін атқарып тұр.

Ал, *Жазғытұрым* (1) өлеңінде ақын шымылдықты табиғатты суреттеу мақсатында

Дамыл алмай жылар

Ақ шымылдық ашылар, - деп қар еріп, көктем келер сәтті суреттейді [106, 155 б.].

Орыс тіліне:

«И откинув *одеяло*,

степь под солнцем засияла» (1) Весной [113, с. 171], - деп дәл осы мәнмәтінде шымылдықты *одеяло* деп функционалды эквивалентімен тәржімалайды. Қыстан кейін, табиғат қалың жамылғысын (*одеяло*) шешеді деп

те көз алдымызға елестетуге болады. Демек, рецептордың алатын әсері түпнұсқаны оқығандағы жергілікті оқырманның әсеріне тең болуы мүмкін деп болжай аламыз. Түрік тіліне де аудармашы дәл солай *Ak örtü* (ақ жамылғы) деп тәржімалайды:

Kar, hiç durmadan, ağlar; *ak örtü* açılır. İlk bahar [114, s. 47].

Сөздік бойынша *örtü*

1. isim Örtmek için kullanılan şey, kuvertür (з.е. Жабуға, бүркеуге арналған нәрсе, жамылғы) [122, s. 276].

Ағылшын тілінде аталмыш өлеңдердің аудармасы жоқ. Бірақ шымылдықтың *curtain* деген аудармасын ұсынамыз. Ол да дәл қазақтың шымылдығы бола алмайды, бірақ функционалды аналог қызметін атқарады. Кембридж сөздігі бойынша *curtain*: noun, a piece of material, especially cloth, that hangs across a window or opening to make a room or part of a room dark or private [123].

Ең қызығы, ағылшын тілінде де табиғатқа қатысты қалың тұман, жаңбыр болса: a thick layer of something that makes it difficult to see anything behind it: They could see nothing through the curtain of rain/smoke. Яғни, қалың жаңбыр, тұман жамылғысынан ешнәрсе көрінбейді деп айтуға болады.

Сонымен, орыс және түрік тіліндегі аудармаларының барлығында натурализациялау және функционалды аналогын беру арқылы доместикация басымдылығын көруге болады.

Ал, киіз үйдің басты элементтерінің бірі *шаңырақ* Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж - ге арналған) (1) [106, 126 б.]; Мысық пен ет (1) [106, 47 б.] өлеңдерінде тура мағынасында қолданылған.

Орыс тіліндегі аудармалары төмендегідей:

Кесте 3.4

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма
Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж - ге арналған)	Домбра (стихотворение в прозе) Б. Канапьяновтың аудармасы
«Шаңырақтың жабылмай қалған шетінен оң жақ босағада құрулы ақ шымылдыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді» [106, 126 б.].	«Свет луны, проникающий сквозь закрытый край шанырака, тихо дрожит на белом шымылдыке» [113, с. 134];
Мысық пен ет	Кот и мясо В. Антоновтың аудармасы
Жерден іздеп дәнеңе таба алмады, Ілулі шаңырақта етті көрді [106, 47 б.].	Носом чужа еду, глянул вверх – бог ты мой! – Гроздьмя мяса в дыре шанырака! [113, с. 29]

Екі аудармада да қазақ тіліне тән *ң, қ* әріптерінің *н, к* әріптерімен алмастырылған, демек натурализацияланған. Түрік тілінде тек бірінші өлеңнің аудармасы бар:

«*Çanırakın* örtülmeden kalan kıyısından, sağ taraftaki duvara asılmış beyaz perdeye düşmekte olan ayın ışığı, yavaşça titriyor. Dombıra [114, s. 153]

Аудармашы шаңырақ сөзін *çanırak* деп транскрипциялап мәтін соңында қосымша түсініктеме береді: ‘*Kiyiz üy*’ün iskeletinin kubbe biçimindeki tavan kısmını tutan, kayın ağacından yapılmış, araba tekerleği biçimindeki bir çember (Киіз үй құрылымының күмбез бөлігін ұстап тұратын, қайың ағашынан жасалған дөңгелек пішінді шеңбер). Ағылшын тіліне бұл өлең жолдарын аудару болашақтың еншісінде. Әзірге қазақстандық сөздіктерде төмендегідей аударма нұсқалары берілген: *cupola*; з.е. *shangaraq* (wooden circle forming the smoke opening of a yurt); ауыс. *house*; *family*.

Ал, қазақ үшін киелі бесіктің коннотациялық өрісі әр түрлі болғанымен үш тілде де мәдени эквиваленттері бар. Орыс тілінде – *колыбель*, түрік тілінде – *beşik*, ағылшын тілінде – *cradle*:

Кесте 3.5

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Түркістан	Туркестан Б.Жылқыбаевтың аудармасы	Türkistan	Turkistan
Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің <i>bесігі</i> ғой [106, 186 б.].	Туркестан – ты в два мира открытая дверь. Туркестан – ты всех тюркских племен <i>колыбель</i> [113, с. 199].	Türkistan, iki dünyanın (dünyave âhiretin) eşidiğir; Türkistan,yiğit Türkün <i>beşidiğir</i> [114, s. 267].	Turkistan – the gate of this and otherworld, Turkistan, the brave Turk’s <i>cradle</i> [115, p. 35].

Жолға шыққан қарындас өлеңінде қазақтың торсығы байдың келбетін сипаттауға мақсатында қолданылған:

Торсық бетгі борсық бай

Қақалсын мейлі, «қап!» десін...

Орыс тіліндегі аудармасы:

Пусть теперь хоть разорвется

Бай-борсук, обросший жиром. Сестренка, вышедшая в путь [113, с. 227]

Орыс тіліне торсық сөзін *обросший жиром* деп сипаттап аударып, доместикациялайды. Түрік және ағылшын тілдеріне ұсынылған аударманы қосымшадан сөздіктен көріңіз.

Тағы да бір көнерген қазақ халқының үй тұрмысындағы ыдыс атауы – *шанап*. Ақын бұл сөзді *Таудың толғауы* өлеңінде қолданады:

Бозаға толып *шанашың*,
Күл болып күйіп аяшың,
Семетей менен Манасың
Қысыр бір қисса болмасын [106, 194 б.].

Орыс тіліндегі аудармасында аталмыш шумақтың алғашқы жолы мүлдем түсіп қалған:

Пусть, восстав над увяданьем,
Не умрут пустым сказаньем
Семетей твой и Манас! [113, с. 204]
Демек, омиссияға ұшырап, доместикацияланған.

Ақын шығармашылығында қолданылған көнерген қазақ ыдыс-аяқ атауларының тағы бірі - *сапты аяқ*. Бірақ ақын поэзиясында қысқартылып *аяқ* деп қолданылады:

Керсендей үлкен *аяқпен*,
Ұстата саумал береді. Өткен күн [106, 85 б.]

Бір *аяқ* қатық тастап ап,
Қойға кетсем мен күндіз. Асық иіру [106, 197 б.]

Орыс тіліне *чашка* деп функционалды эквивалент арқылы тәржімаланған:

Выпив *чашку* катыка по утру,
Я ушел бы за отарою. Кручение асыка [113, с. 207];

Түрік тіліне де *bardak (стақан)* деп жалпылап, функционалды эквивалентімен аударды:

Güler yüzlü bir hanım, çanak kadar büyük tahta *bardakla* tutturup kımız veriyor. Geçmiş gün [114, s. 245].

Қазақтың ұлттық киім-кешек атаулары да ақын шығармашылығында көптеп орын алады. Қазақтың бас киімі бөрікті ақын тура және ауыспалы мағынада табиғатты суреттеу үшін метафоралық бейне жасап қолданады. Бірінші жағдайда Магарри сөздер өлеңінде молдалардың киім үлгісіне қатысты ойын білдірмек үшін қолданады:

Мінбелерде үгіт айтқан молдалар
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!
Бөрік киіліп, сандықта қап *сәлделер*,
Жасырынып бұзық жерге кірмесін!

Орыс тіліндегі аудармасында бұл атау түсірілген:

Мулле не пристало с Кораном в руке,
Ходить в мусульманах примерных.
И шастать, чалму заперев в сундуке,
Тайком в заведенья неверных [113, с. 96].

Ал, *сәлде* чалма деп орыс тілінде қабылданған аудармасымен аударылған. Тағы да бір орын алған И. Дэвис бойынша сирек кездесетін аударма амалы – құру, ойдан табу (creation). Яғни, түпнұсқада жоқ мәдени сөздің аудармада

көрініс табуы. Үгіт айту деген тіркес түпнұсқада жоқ *Коран* діни реалия көмегімен аударылған.

Ал, түрік халқында дәл осылай аталатын бас киім үлгісі бар, сол себепті аудармада *Börk* деп еш түсінік берілмей көрініс тапқан:

Börkler giyilip, sarıklar sandıkta kalıp... İbretli sözler [114, s. 319].

Börk сөзінің анықтамасын түрік тілі сөздігінен де табуға болады: *Börk isim. Genellikle hayvan postundan yapılan başlık* (Бөрік з.е. Әдетте аң терісінен жасалған бас киім) [121]. Сәлдені *sarık* деп мәдени эквивалентімен тәржімалаған.

Демек, орыс тілінде бөрік, сәлде сөздерінің бірі омиссияға ұшырап, екіншісі қабылданған аудармасымен көрініс тауып доместикацияланған. Түрік тілінде екі атаудың да мәдени эквиваленттері бар.

Ал, екінші жағдайда ақын ағаштың бейнесін суреттейді:

Бөрік киген бұйра сеңсең, қара ағашы,

Алқызыл алқа киер алма ағашы. Тұранның бір бауында [106, 180 б.]

Орыс тіліне аудармашы функционалды эквивалент әдісімен бөрікті *шапка* деп тәржімалайды:

Вот карагач – на *шапке* мех зеленый.

Все в золоте, горят инжира кроны...В саду турана (картина) [113, с. 195].

Демек, орыс тіліне бөрік сөзі омиссия және функционалды эквивалент әдістері арқылы тәржімаланып, доместикацияланады. Заманауи қазақша-ағылшынша үлкен сөздікте бөрікті *Fur cap* (Kazakh national head-dress) [120, p. 59] деп аударады.

Қазақтың ертеде киілген *жарғақ пен тымағы*, бүгінде көнерген сөздер қатарындағы сөздері, ақынның *Бесік жыры* өлеңінде қатарынан қолданылған:

Қара *жарғақ*,

Түлкі *тымақ*

Шоқтап киерсің [106, 91 б.].

Жарғақ з.е. — құлын, тай, лақ, бөкен терісінен түгін сыртына қаратып тіккен *сырт киім* [124, 287 б.]. *Жарғақ* жасау үшін алдымен теріні илейді, жақсылап сүргілеп, уқалап жұмсартады да, томар бояу, рауғаштың түбірі, еменнің қабығы тәрізді заттармен жуып кептіреді. Ерменнің, жусанның бүрін басытқы ретінде шамалы ашудас қосып суға қайнатқаннан кейін қанжылым қалпында иленген теріге жағып кептіреді. Әрі қарай уқалап, қыртысын жазады. Сонан соң шекпен үлгісінде пішіп, қалың матамен астарлайды. *Жарғақты*, көбінесе, қыста, жауын-шашын, боранды күні киім сыртынан киеді. Ертеректе ауқатты адамдар *Жарғақты* тек қара құлын терісінен тігіп киген [125, 316 б.].

Дәл осы қара *жарғақ* ақын поэзиясында көрініс тапқан. Себебі әрбір ана өз баласына тек ең жақсысын тілейді емес пе?! *Тымақ* биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы бас киім.

Орыс тіліндегі аудармасы:

Станешь, всадник, править.

Шубу тебе справим

Черных соболей.

Спи, мой верблюжонок,
Спи, мой жеребенок,
Тихо отдыхай.
Мать взяла иголку –
Мастерит ребенку
Лисий малахай.

Шуба черных соболей. Колыбельная [113, с. 86]

Орыс тіліне аудармашы қара жарғақты сипаттап *шуба черных соболей* деп тәржімалайды. Яғни, Ньюмарк бойынша ол дескриптивті эквивалент амалы. Ал тымақтың үш түрлі аудармадағы нұсқалары төмендегідей:

Кесте 3.6

Колыбельная	Несчастный казах	Люблю
Мать взяла иголку – Мастерит ребенку <i>Лисий малахай</i> [113, 86 б.].	Ты в сторону старый облезший <i>тымак</i> , Отбрось, чтобы новые слышать ветра [113, с. 18].	Вполглаза смотрит – век не разлепить, С подружкой-ленью ходит по степи В надвинутом на брови <i>малахае</i> [113, с. 94].

Яғни, *Бесік жыры* және *Сүйемін* өлеңдеріндегі тымақ *малахай* деп мәдени эквивалентпен, ал *Сорлы қазақ* өлеңінде қ дыбысын к дыбысына алмастырып натурализациялайды. Ал, түрік тіліне *tımak* деп транскрипциялап, мәтін соңында түсініктеме береді.

Gözlerini uyku kaplamış, *tımağını* (1) bastırarak giymiş, tembelliği sevgili kabul etmiş. Seviyorum [114, s. 185]: Deriden yapılan bir Kazak başlığı (Теріден жасалған қазақтардың бас киімі), яғни форенизацияланған.

Бесік жыры өлеңіндегі тымақ пен жарғақ та дәл солай тәржімаланған:

Kara carğak (3) ve tilki derisinden yapılmış tımak (4) bağlayıp giyersin. Beşik şiiri [114, s. 227].

Аудармада (мәтін соңында түсініктеме берілген):

(3) Carğak: tay veya keçi derisinden yapılmış elbise (Жарғақ: тай немесе серкенің терісінен жасалған киім).

(4) Deriden yapılan bir Kazak başlığı (Теріден жасалған қазақтардың бас киімі).

Қазақтың *тонын* ақын тәулік уақытын, сонымен бірге шебер түрде жыл мезгілін, қысты білдіру үшін *Шын сорлы* өлеңінде қолданады. Яғни, өлеңдегі оқиға қай уақытта орын алып жатқанын:

Түн болып, қара *тонын* киіп еді

Қатты жел барлық күшін жиып еді [106, 35 б.], деп суреттейді.

Орыс тіліндегі аудармасы:

Ночь под черною *овчиной*, как бедняк,

На сыром ветру сжимается в кулак. Несчастная [113, с. 9]

Демек, орыс тіліне *овчина* деп мәдени эквивалентімен аударылады. Ал, түрік тіліне *elbise* – жалпы киім деп генерализация әдісімен аударылған:

Gece, kara elbisesini giymişti. Sert rüzgar bütün gücünü toplamış. Gerçek zavallı [114, s. 159].

Аудармашының тон емес, жалпы киім деп аударуы өлеңдегі киім атауының табиғатқа байланысты болғандығы себеп болуы мүмкін. Яғни, ол өрескел мағыналық өзгеріске ұшыратпайды. Бірақ, өлеңнің мәнмәтіні бойынша суреттеліп отырған жағдай қыс мезгілі жайында, сол себепті ақын дәл осы мезгілде киілетін «тонды» атаған. Өлең жолдары:

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,

Қар борап соққан желмен қылған егес.

Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтырар,

Жылы үйде байлар жатыр, уайым жемес, - деп басталады [106, 35 б.].

Сонымен *тон* сөзі орыс тіліне мәдени эквивалент, түрік тіліне генерализация әдісімен тәржімаланып, доместикацияланған. Заманауи қазақша-ағылшынша үлкен сөздікте Тон сөзін *fur coat* (тері күртеше); *sheepskin coat* (қойдың терісінен жасалған күртеше) деп тәржімалаған [120, p. 368]. Бұқаралық ақпарат құралдарында *тон* деп аударылып, түсіндірілген нұсқалары да кездеседі.

Ал, қазақтың *тақиясын* ақын *Жердің жұмырлығы* (3) [106, 97 б.] өлеңінде қолданған:

Кесте 3.7

Түпнұсқасы	Орыс тіліндегі аударма
- Не білдің балам, не хабар? Жұлып алды жас Сапар <i>Тақияны</i> басынан: - Тыңдаңыз, міне, қария! Жер деген – мынау <i>тақия</i> ! Тап осындай жұп-жұмыр [106, 97 б.].	-Что нового в мире, сынок? Что узнал? Сапар свою <i>кепку</i> уверенно снял, Сверкнул торжествующим взглядом: Вот <i>кепка</i> , ата, я поведать не прочь, Земля наша – круглая <i>кепка</i> в точь-в-точь. Круглая земля [113, с. 209]

Орыс тіліндегі аудармасында көріп отырғанымыздай аудармашы *кепка* деп функционалды аналогымен аударған. Яғни *кепка* арқылы да *тақия* тәрізді жердің жұмырлығын түсіндіруге болады. Түрік және ағылшын тілдерінде бұл өлеңнің аударамалары жоқ. Бірақ түрік тілінде *тақияны* «takke Арапча *taḳiye* 1. isim İnce kumaştan dikilmiş veya ipten örülmüş, çoğunlukla yarım küre biçiminde başlık» [121] деп атайды. Ал, ағылшын тілінде заманауи қазақша-ағылшынша сөздік *embroidered skullcap* (әшекейленген, өрнектелген тюбетейка) [117, 213] деген аудармасын ұсынады.

Шапан сөзі Жолға шыққан қарындас (1) [106, 210 б.]; Жәмилә (1) [106, 123 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Киді жолға шықпақ боп

Көн *шапан* мен шапкесін [106, 210 б.].

Орыс тіліндегі аудармасы:

Снарядилась в путь меньшая

И *чапан* надела пестрый [113, с. 227].

Орыс тіліне шапан сөзі фонологиялық жағынан *чапан* деп натурализацияланып аударылған. Ал, түрік тіліне шапан сөзі кездесетін Жәмила өлеңі аударылған. *Çapan* деп транскрипциялап, фонология тұрғысынан бейімдеп, мәтін соңында түсініктеме берілген:

Кесте 3.8

Түпнұсқа	Түрік тіліндегі аудармасы
Жәмила! <i>Шапаныңды</i> бүркеніп, Тысқа ақырын шыққанда, Күрсініп, ауыр күңіреніп, Айтқаның зар ма я ән бе? [106, 123 б.]	Cemile, <i>çapanı</i> (1) örtünüp yavaş yavaş dışarıya çıktığında derinden iç çekip âh ederek söylediğin, inilti mi yoksa şarkı mı? (1) Cemile [3, s. 157]

(1) Cemile [3, s. 157]: *Çapan*: Kazakların giydiği bir çeşit uzun palto (Қазақтар киетін өзіндік бір ұзын пальто). Яғни, орыс тілінде доместикацияланған, ал түрік тіліне мәтін соңына қосымша түсінік беріп, форенизацияланған.

Ал, түйе жүнінен тоқылатын қазақтың *шекпені* ақынның *Орамал* өлеңінде көрініс тапқан:

Солдатша сымдай киініп,

Шекпені оның сұр ма екен? [106, 62 б.]

Орыс тіліндегі аудармасы:

Солдатский ли мундир на нем

Иль серого сукна *чекмень*? Платок 113, с. 49].

Ушаковтың түсіндірме сөздігі бойынша «чекмень это верхняя мужская кавказская одежда вроде казакина» [126, с. 568]. Демек, бұл сөз мәдени эквивалент арқылы тәржімаланған. Аталмыш шумақтың түпнұсқасы мен аудармасына тағы да бір назар салсақ, өте сирек кездесетін аударма құбылысы немесе аударма стратегиясы байқалады:

Кесте 3.9

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Солдатша сымдай киініп, <i>Шекпені</i> оның сұр ма екен? <i>Күрегiне</i> сүйеніп, Суықта жаурап тұр ма екен? [106, 62 б.]	Солдатский ли мундир на нем Иль серого сукна <i>чекмень</i> ? С лопатой или <i>кетпенем</i> Он стынет на ветру весь день? [113, с. 49]

Түпнұсқадағы *күрек* орыс тіліне *лопато* или *кетпен* деп, кетпен деген реалия сөз болып табылатын сөзбен қосылып аударылады. Яғни, түпнұсқада

жоқ мәдени элемент аудармада көрініс тапқан. И. Дэвис бойынша бұл стратегия құру деп аталады. Орыс тілінің грамматикалық категориясына сай морфологиялық өзгеріске ұшырап тұрғандықтан, натурализацияланып аударылған болып саналады.

Ал, түрік тіліне *Çekpen* деп транскрипцияланып, мәтін соңында түсініктеме берілген:

Asker gibi dümdüz giyinip...Onun çekpeni (1) gri renkli miymiş?

(1) Havlu [114, s. 177]: Yünden dokunan veya kumaştan dikilen bir çeşit Kazak paltosu (Жүннен тоқылған немесе матадан тігілген қазақ пальтосы).

Демек, орыс тіліне мәдени эквивалент арқылы доместикацияланып аударылса, түрік тіліне мәтін соңында түсінік беру арқылы форенизацияланған.

Шоқпар сөзі Өміріме өкпем (1) [1, 227 б.] өлеңінде қолданылған:

Адам басы - Алланың добы болса,

Тағдырдан табандатып тиді *шоқпар*.

Орыс тіліндегі аудармасы:

Голова человека – лишь мяч для игры, а игрой забавляется Бог.

Вот и статья довелось игрушкой в игре! Я *шоқпара*¹ вкусил сколько смог!

Моя обида на жизнь [113, с. 246]: дубинка.

Яғни, орыс тіліндегі аудармасында қ дыбысы к дыбысына алмастырылып, мәтін соңында *дубинка* деп қосымша түсінік беріліп, доместикацияланған. Түрік және ағылшын тілдерінде де бұл тектес қару бар. Сөздікте аудармалары келтірілген.

Ұлттық тағам атаулары.

Қазақтың ұлттың тағам атауының бірі - *бауырсақ* Оқудағы қарындас (1) [106, 209 б.], Ұлбосын (2) [106, 207 б.] өлеңдерінде адамның келбетін сомдауда қолданылған:

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,

Қаймақ қабақ, қара қыз...

Бұл жолдарда бірден *қаймақ* ұлттық тағамын да қарастыра кеткен жөн.

Орыс тіліндегі аудармасы:

Смуглолица, полнотела,

Нос, как пончик, *бровь густая* [113, с. 226].

Яғни, *бауырсақ мұрын* – *нос как пончик*, ал *қаймақ қабақ* – *бровь густая* деп тәржімаланды. Бірінші жағдайда аудармашы *бауырсақты* жалпыға таныс *пончикке* ауыстырып, генерализация әдісін қолданса, екінші жағдайда сүттің бетіне түсетін қалың қаймағын модуляциялап *густая бровь* дейді. Демек, екі жағдайда да доместикация орын алған. Түрік, ағылшын тілдерінде бұл өлең жолдарының аудармасы жоқ. Қосымшада Сөздікте осы тілдердегі ең тиімді аудармалары көрсетілген.

Келесі сусын атауы - *боза*. Үйдің ері (1) [105,195 б.]; Таудың толғауы (1) [106,194 б.] өлеңдерінде жағымсыз сарында қолданылған. Жалпы, *боза* – бидайдан, тарыдан ашытылып жасалатын сусын, ірімшік. Б.-ны тері шелекте,

күбiде ашытып, дәкемен немесе елеуiш арқылы сүзiп алады. Қазақ бозасын қоныстанушылар да сусын ретiнде пайдаланған.

«Туркестанские ведомости» газетiнде «К» деген бүркеншек есiммен жазған автор: «Боза ашытумен күнкөрiс қамы үшiн көбiне кедейлер айналысты. Бiр шелек бозаның бағасы қазақ даласында 20 сом. Боза адамды масайтады. Сайлау уақытында сұлтаннар дауыс алу үшiн өз есептерiнен халықты бозаға тойдыратын кездерi болған», - [127] деп жазады. Ал, Ә. Диваев болса, Б. жөнiнде «Ол – қоректiк өнiм және мас қылатын iшiмдiк. Сонымен бiрге нан пiсiру үшiн ашытқы жоқ кезде бозаны да пайдаланады. Боза қайнатуға мұнда әкiмшiлiк жолмен тыйым салынғанымен, оның қазақтар арасында тарағаны сонша, олармен күресу қиын» - деген [128, 9 б.].

Үйдiң ерi өлеңiнде ақын

Тастапсың адыра танабың,

Боза бопты шалабың, - деп үйдiң ерiнiң мақсатты ұмытып, шалап орнына боза iшкен ахуалға назын бiлдiрiп жазады. Ал, *Таудың толғауында*:

Бозаға толып шанашың,

Күл болып күйiп аяшың, - деп ұқсас сарында жазылады. Бұл өлеңнiң орыс тiлiндегi аудармасында, боза сөзi түсiрiлген, омиссияға ұшыраған:

Пусть, восстав над увяданьем,

Не умрут пустым сказаньем [113, с. 204].

Келесi ұлттық тағам – *қатық*. Ақынның *Асық иiру* (1) [106, 197 б.]; *Шойын жол* (1) [106, 179 б.]; *Қойшының әлеулейi* (1) [106, 215 б.] өлеңдерiнде қолданылған. Алдымен, әзiлшең мәнерде жазылған *Асық иiру* өлеңiне назар аударсақ:

Бiр аяқ *қатық* тастап ап,

Қойға кетсем мен күндiз, - дейдi ақын.

Орыс тiлiндегi аудармасы төмендегiдей:

Выпив чашку *катыка* поутру,

Я ушел бы за отарою.

Бұл жолдарда бiрден үш нәрсеге назар аудару қажет. Бiрiншiден, қатық сөзi катық деп орыс тiлiнiң фонологиясына бейiмделгенiн көреміз. Екiншiден, бiр аяқ қатық деп, тағы да бiр қазақтың тұрмысына тән аяқ деген ыдыстың атауын байқаймыз. Негiзiнде, сапты аяқты ақын шығармашылығында аяқ деп қолданады. Және орыс тiлiне функционалды эквивалентiмен чашка деп аударылады. Үшiншiден, И. Дэвиспен мәдени лексиканы тәржiмалауда сирек кездесетiн құру амалы қолданылған. Яғни, түпнұсқада жоқ мәдени лексика аудармашының өзiмен жасалып қолданылады. Қойға кетсем дегендi аудармашы *ушел бы за отарою* деп, отар деген реалия сөзбен аударарды, бiрақ грамматикалық категориясына сай орыс тiлiнiң категориясына бейiмдейдi, яғни натурализациялайды.

Және бұл құбылыс дәл осы өлеңнiң келесi жолдарының да аудармасында кездеседi:

Кесте 3.10

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Қатыным шықса қой сауа, Сусынға қойса қымыран ғып [106, 197 б.].	А жена бы выходила навстречу, Ей – на дойку, мне – айран попить [2, с. 207].

Көріп отырғанымыздай, ақынның сусыны аудармада ұлттық тағам **айран** болып тәржімаланған. Аудармашы сусынды айран деп болжайды. Қатық сөзі қолданылған келесі өлең жолдары – *Қойшының әлеулейі*:

Сағила бүгін тұщы қатық берсе егер,
Жарар еді-ау, апырмай, апырмай! [106, 215 б.]

Орыс тіліндегі аудармасы:

Может, даст мне Сагилушка пресный катык?
Буду рад, япыр-ай, я к пирам не привык [113, с. 238].

Демек, орыс тіліндегі аудармаларында қатық сөзі катык болып фонологиялық өзгеріске ұшырап, доместикацияланады. Түрік және ағылшын тілдерінде қатық сөзінің эквиваленттері жоқ, ондай тағам жайында түсінік те жоқ. Сол себепті сөздікте транскрипциялап, осы тілдердегі түсіндірмелері берілді. Қосымшаны қараңыз.

Ал, қазақтың қымызының ақын шығармашылығында болмауы мүмкін емес те еді. Әрі өте жиі кездеседі. Барлығы осы жинақтағы кітапта Оразада (1) [106, 51 б.]; Шойын жол (2) [106, 179 б.]; Қойшының әләуләйі (1) [106, 215 б.]; Ал ішіндер, Бұл – қымыз (5) [106, 214 б.]; Жазды күні қалада (1) [106, 84 б.]; Қымыз; Туған жерім - Сасықкөл (1) [106, 44 б.] өлеңдерінде 11 рет қолданылған.

Орыс тіліндегі аудармаларының барлығында кумыс деп тәржімаланған:

Кесте 3.11

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Оразада	Ораза
Алдына әкеп қатар қой, Қай сүйгенін таңдасын. Шай, қымызға әбден той, Көңілде інкәр қалмасын.	От яств ломится щедрый стол, Но все подчистят – будь уверен! – Ведь наш желудок что котел- И безотказен, и безмерен. [2, с. 34];

Аудармадан қымыз сөзінің түсірілгенін көреміз. Омиссияға ұшырап, доместикацияланған. Сонымен қатар, жалпы аударма еркін орындалғанын да байқаймыз. *Алдына әкеп қатар ғой, Қай сүйгенін таңдасын, Көңілде інкәр қалмасын тәрізді* ілтипатты, көркем стилистика аудармада дөрекіленіп кеткендей әсер қалдырады: *Но все подчистят будь уверен, Ведь наш желудок как котел – и безотказен, и безмерен.*

Ирониялық әзіл, мысқылдау сарынында жазылған *Қойшының әләуләйі* және де туған жердің тірлігін сипаттайтын *Туған жерім Сасықкөл* өлеңдерінде де кумыс деген аударманы көреміз:

Кесте 3.12

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Қойшының әләуләйі	Песня «айуля=ау»
Мына қолдың саласынан май тамар, Ішіп болмай <i>қымыз</i> деген жай қалар. Болыс болсам, арманым не, уа, шіркін! Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар? [106, 215 б.]	Золотистый бы жир с моих пальцев стекал, На столе бы <i>кумыс</i> недопитый стоял. Ну а если бы я стал волостным?...О, мечты! Кто б тогда на джайляу овец выгонял? [2, с. 238];

Туған жерім Сасықкөл	Родина моя Сасыкколь
Сапырып сары қымыз ертенді-кеш Басында кеңес құрып, дулаған көл [106, 44 б.].	Бабы горластые здесь пересуды ведут, Быстро меж тем белопенный взбивая кумыс. [2, с. 23].

Туған жерім Сасықкөл өлеңінде де аудармашы тарапынан біраз еркінсу байқалады. Негізі толық шумақ мынадай:

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл
Шуақта балықтарың тулаған көл
Сапырып сары қымыз ертенді-кеш
Басында кеңес құрып, дулаған көл.

Түпнұсқада негізі әйел адамдар жайында сөз жоқ. Бірақ қымызды сапыратын әйел адамдар екені интуитивті түрде түсінікті. Бірақ *бабы горластые* деп орыс тіліндегі ауызекі сөйлеу тіліндегі біраз қосымша коннотативті мағынаға ие *бабы* сөзімен аударылуы өлеңнің стиліне өзгеріс енгізеді. Ақынның *Қымыз* атты өлеңінің де орас тіліндегі аудармасы төмендегідей:

Кумыс

Подходи и пей, народ,
Вот *кумыс*, кто знает, - пьет.
Ты спроси, что за питье, - ответ простой –
Молоко от кобылицы молодой.
Знал напиток этот издавна казах,
Забывал в бою про страх.
Кому пить *кумыс*? – нальем,
С ним светлее хмурым днем.
Опершись на свой сундук,
Примет чашу он из рук –
Не таящий страх в глазах
Соплеменник наш – казах! [113, с. 236]

Яғни, қымыздың кумыс деп аударылуын орыс тілінің фонологиясына бейімделіп, натурализацияланған. Немесе, көрші тұрған, ортақ тарихи өткені бар орыс халқы үшін таныс, әбден қабылданған аударма десек те болады.

Түрік тілінде дәл осындай *kımız* дейтін сусын бар. Түрік тілі сөздігінде қымызға мынадай түсінік беріледі, тек белгілі бір тарихи дәуірде қымыз ішу тыйым салынғандықтан, *ескі түрік сусыны* деп жазылады: isim, Kırak sütünün mayalanmasıyla yapılan, az alkollü, ekşi bir Türk içkisi (бие сүтін ашыту арқылы жасалатын әлсіз алкогольді қышқыл түрік сусыны).

Аудармада:

Geniş bozkır, buradaki gibi sıkı değil: Her gün, kıvamına getirip içegeğin sarı *kımız*...Yaz günü şehirde [114, s. 237];

Sarı *kımızın* sabah akşam kıvama gelip, başında sohbet kurup neşelendiği göl!
Doğum yerim sasık köl [114, s. 233].

Сөздіктер мен әдебиетте ағылшын тіліне бұл сөз транскрипцияланып аударылып қолданылады: Kumis, kumyz [115, s. 232].

3.e. koumiss, drink made from mare's milk. Қымыз ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра реестріне тіркелген: Traditional spring festive rites of the Kazakh horse breeders Kazakhstan Inscribed in 2018 on the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity [129]. Ол мәліметтер базасында қымызды *кумуз* деп тәржімалаған.

Ал, жаңадан сауылған бие сүтін *саумал* деп атайтыны белгілі. Саумал атауы ақынның *Өткен күн* (1) [106, 85 б.] өлеңінде қолданылған:

Жылы жүзді бәйбіше

Керсендей үлкен аяқпен

Ұстата *саумал* береді.

Орыс тілінде аталмыш өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ сөздіктерден түсіндірмесін аудармашы оңай таба алады: «молодой, еще не перебродивший кумыс; парное кобылье молоко: саумал ішсең, қымыз жоқ, байтал мінсең, құлын жоқ → посл. кумыса не пить – если выпил саумал, жеребенка не иметь – коль кобылицу оседлал (саумал – молодой, не перебродивший кумыс)» [118].

Түрік тіліне саумалды *kımız* деп жалпылап, генерализация әдісімен тәржімалаған:

Аудармада:

Güler yüzlü bir hanım, çanak kadar büyük tahta bardakla tutturup *kımız* veriyor. Geçmiş gün [114, s. 245].

Ағылшын тілінде де көбірек таныс *koumiss* деп жалпылауға болар немесе түсіндірмесін ұсынамыз: «Saumal is the traditional Kazakh name for horse milk. It is 100% fresh horse milk. Its unique healing properties have been known for a long time».

Уыз *Жазғытұры* (1) [106, 37 б.] өлеңінде көктемдегі қазақ тұрмысы мен тіршілігінде орын алатын сәттерді бейнелеуде қолданылған:

Уызға жаңа тойған жас құлынды

Шыңғыртып жылқышылар ұстап, байлап...

Орыс тіліне *материнское свежее молоко* деп дескриптивті эквивалентпен тәржімаланған:

Материнским свежим молоком

Насладился резвый сосунок. Весенняя пара [113, с. 11].

Түрік тіліне де дәл солай *ağız sütü* деп түсіндіріліп аударылады:

At çobanları, *ağız sütüne* yeni doymuş olan küçük kulunları yakalayır, bağlayır, feryad ettirir. İlk bahar [114, s. 45].

Ағылшын тілінде алғашқы уыз сүтті *colostrum, beestings* деп атайды [120, p. 239].

Қазақтың тағы да бір танымал сусыны – *шалап*. Ақын поэзиясында үйдің ерінің, ер адамдардың өмір қалпында болып жатқан өзгерістерге ақынның көзқарасын білдіретін *Үйдің ері* (1) [106, 195 б.] өлеңінде қолданылған:

Боза бопты *шалабың*.

Атаң көрі, қоқи-ай...

Тырнала, қырғыз, танабың,

Ел болмайсың оқымай.

Орыс тіліне мәтін соңында *смесь воды с кислым молоком деп* қосымша түсініктеме беру арқылы аударылған:

Скис *шалап*⁴, гуляет брагой.

Лишь к наукам веяной тягой

Станешь вольный, а не раб. Хозяин дома [113, с. 204]:

Бірақ шалапты айран немесе шұбаттың үстіне таза бұлақ суын қосып дайындаған. Сол себепті *смесь воды с кислым молоком* деген түсіндірмемен толық келісуге болмайды. Жалпы қышқыл сүт болмайды, ашыған сүт болады. Қазақ халқы ашыған сүттен сусын жасамаған. Сол себепті, бұл ақпарат аударма оқырманын біраз түсінбеушілікке әкелуі мүмкін. Заманауи қазақша-ағылшынша сөздікте де осындай анықтама беріледі: «Mixture of water with tart milk, drink, beverage» (судың қышқыл сүтпен қоспасы, сусын). *Kazakh-English Dictionary, 257*. Негізінде айран сөзінің ағылшын тілінде Кембридж ресми сөздігіне енген *kefir* деген аудармасы бар. «A sour drink made from fermented milk, originally from Russia and Central Asia» (Ресей мен Орта Азиядан келген ферменттелген сүттен жасалатын қышқыл сусын) деген ойға қонымды анықтамасы да келтірілген [123]. Сол себепті аудармашылардың дұрыс түсіндірме беруге барлық мүмкіндіктері бар.

Келесі ұлттық тағам атауларының бірі - *ірімшік* ақынның Жас келін (1) [106, 40 б.] өлеңінде қолданылған:

Құдайдың берген тоқтығы -

Ас болады *ірімшік*.

Орыс тіліндегі аудармада *творожок с сыром* деп тәржімаланған:

Бог воздаст достатком, миром,

Творожок подай-ка с *сыром*! Молодица пророк [111, с.16].

Түрік тіліне транскрипцияланып, мәтін соңында *Irimçik: Kazaklara mahsus bir çeşit peynir* (Қазақтардың ерекше бір *ірімшігі*) деп түсініктеме берілген:

Allah vergisi olarak toktur. *Irimçik* (2) ona as olur. Genç gelin [114, s. 161]

Демек, орыс тілінде мақсатты аудиторияға таныс тағам атауымен алмастырылып, доместикацияланса, түрік тілінде аудармашы мәтіннен тыс қосымша ақпарат ұсынып форенизациялайды. Заманауи үлкен қазақша-ағылшынша сөздікте транскрипциялап аударып, түсіндірме берілген: *Irimshik, Kazakh national dairy product* [120, p. 427].

Ұлттық өнер мен әшекей

Қазақтың *құрағы* ақынның *Шылым* өлеңінде ауыспалы мағынада көрініс тапқан. Үміт – құрақ, өмір – құрақ:

Кесте 3.13

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы
Өмір – бұлақ Үміт – құрақ, Жүзейін деп түсемін.	Жизнь – поток, мечта – <i>трава</i> , Поседела голова...	Ömür, pınardır; ümit, <i>parçalı bohça</i> ; “Yüzeyim” diyerek giriyorum.
Өмір – құрақ, Үміт жырақ... У ішемін де өлемін! [106, 158 б.]	Дым – забванье и туман, Жизнь – <i>трава</i> , мечта – обман... Запиваю ядом [113, с.177].	Ömür <i>parçalı bohça</i> ; ümit uzak. Zehir içiyorum da ölüyorum. Parçalı bohça (құрама көрпе) (2) Sigara [114, s. 131].

Орыс және түрік тілдеріндегі аудармаларында құрақ сөзінің екі түрлі мағынасын көріп тұрмыз. Орыс тілінде аудармашы қазақ тіліндегі өзен, бұлақ жағасындағы жайқала өсетін жасыл шөп балғын деген мағыналық қолданысын *трава* деп, ал түрік тілінде кәдімгі құрақты дескриптивті эквивалент арқылы *parçalı bohça* деп тәржімалайды. Ф. Тамирмен сұхбат барысында Мағжантанушы, аудармашы ақын поэзиясын 1923 жылы Ташкентте жарық көрген жинақтан (төте жазумен жазылған) аударғанын және аталмыш жинақта құрақ сөзіне *құрама* деп түсінік берілгенін атап өтеді. Расымен де ақын біраз өлеңдерде сөздердің қолданысына, қандай мағынада қолданғанына түсінік беріп отырған. Жалпы, *үміт – құрақ* дегенде көз алдыға бірде үзіліп, бірде жалғанған, құрақ тәрізді құрама өмір мен үміт елестейді. Екінші жағынан қазақ тілінде бұлақ-құрақ тіркесі бірлікте қолданатын тұстары да бар. Мысалы, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ. Яғни, бұлақ жағасында өсетін жасыл балғын шөп. Ағылшын тілінде құрақ тәрізді тігілген матаны *patchwork* деп атайды. Заманауи үлкен қазақша-ағылшынша сөздікте де *patchwork* деп аударылып, түсінік берілген: З.e. piece of material made of different rags; кырық құрақ - a lot of patches [120, p. 225].

Қазақтың ескіде қалып бара жатқан ұлттық әдемі әшекейлерінің бірі *шолты* ақын поэзиясында тура, ауыспалы мағынасында да көрініс тапқан.

Жазғытұры (1) [106, 36 б.]; Ұлбосын (1) [106, 207 б.]; Шолпы (1) [106, 112 б.]; Қызметтегі қарындас (1) [106, 211 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.14

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Түрік тіліндегі аударма
Жазғытұры	Весенняя пара	İlk bahar
Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып, Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып [106, 36 б.].	Зажурчит вода – гор звонкая роса, Как в <i>подвесках</i> тонких юная краса [113, с. 11].	Su, tıpkı saçına <i>gümüş paralar</i> takıp kıvrılan bir güzel gibi şırıldayarak aktığı zaman dağ yankılanır. Gümüş paralar (күміс теңгелер)*Saçına gümüş paralar takıp (1) [114, s. 45];
Қызметтегі қарындас	Сестренка на службе	-
Бой бақпады, ой бақты... Бетіне бояу жақпады. Шұбалтып ұзын шаш қойып, Шылдырлап шолпы тақпады [106, 211 б.].	Манит все передовое, Но, не слушая подружек, Не следишь ты за собою И не носишь побрякушек [2, с. 228].	-
Шолпы	-	Çolpı
Шолпы	-	Çolpı (1) ÇOLPI [3, s. 71] Çolpı:Esiden süs için saça dizilen gümüş paralar (Шолпы әдемілік үшін шашқа тізілген күміс теңгелер).

Демек, *Жазғытұры* өлеңіндегі шолпы орыс тіліне *подвески* деп функционалды эквивалентімен, түрік тіліне *gümüş paralar* (күміс теңгелер) деп дескриптивті эквивалентімен сипатталып аударылған. Екі жағдайда да доместикация орын алған. Ал, *Қызметтегі қарындас* өлеңіндегі шолпы орыс тіліне жалпылап *побрякушки* деп тәржімаланған. Жалпы *шұбалтып ұзын шаш қойып* деген жол аудармада түсіп қалған. Шолпы өлеңінің тек түрік тіліндегі аудармасы бар. *Шолпы* сөзі тек өлеңнің тақырыбында қолданылады. Аудармашы бұл сөзді транскрипциялап, мәтін соңында қосымша түсіндірме беріп (Кесте 3.14), форенизация стратегиясына сүйеніп тәржімалайды.

Қазақтың *шаңырақ сырғасы* ақынның Әйел өлеңінде көрініс тапқан:

Шаңырақ сырға құлақта,

Мөлт-мөлт еткен меруерті [106, 199 б.].

Орыс тіліне *серьги* деп генерализация әдісімен тәржімаланған:

Уши в *серьгах*, на пальце – кольцо,

В такт шагам монисто дрожит. Женщина [113, с. 212].

Әрине, *серьги* деп жалпылағанымен мағыналық өрескел ауытқушылық орын алмайды. Бірақ стиль, ақынның шаңырақ сырға деп суреттеуі, әрбір деталь әйел бейнесін сомдауда ерекше орын алып тұр. Құлақта – сырға десе, оқырманның көзіне қандай сырға елестейтіні белгісіз, ал мына жағдайда нақты бейне, шаңырақ сырға берілген. Қосымшада, Сөздікте шаңырақ сырғаның суреті көрсетілген.

Келесі көнерген атау – (ақ) *жамбы*. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясында «Алтын мен күмістің малдың тұяғы пішінде жасалған бағалы сый, сыйлық, кәде және ақша орнына жүретін бұйымның атауы. Ерте кездегі қытайдың құйма ақшасы да Ж. деп аталған. Дәстүрлі қазақы ортада Ж.-ның түрлері үлкен той, астарда жүлде ретінде қолданылған. Ертеде қазақтар Қытай және Орталық Азия елдерімен сауда-саттықта Ж. ақша эквиваленті ретінде қолданылған. Дәстүрлі ортада Ж.-ны көлеміне, пошымна қарай түрліше атаған: ақ жамбы – таза күміс құймасы» деп анықтама берілген [130, 43 б.]. Ақынның «Тұранның бір бауында» (сурет) (1) [106, 180 б.]; Толған ай (1) (ажары ақ жамбыдай сұлулардың) [106, 43 б.] өлеңдерінде ауыспалы мағынада, бейнелі метафоралық образ жасауда қолданылған.

Кесте 3.15

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма
Шиесі мөлтілдеген маржан екен, Маржаны жерде жатар арзан екен. <i>Жамбыдай</i> жақұты көп анар байғұс, Тырбиып неліктен ол азған екен? «Тұранның бір бауында» (сурет) [106, 180 б.]	Лежат кораллы вишен под ногами. Один гранат не радуется плодами, Так сух и бледен. Бедный, отчего? Ведь изумрудом полон ты с краями. (В саду турана (Картина) [113, с. 195];

Аталмыш өлеңде жалпы Тұран бауының сұлулығын, ондағы жемістерді жақұт тастарға теңеп суреттейді. Анардың ішіндегі дәнінің көп болуын жамбының көп жақұтына теңейді. Аудармашы модуляция көмегімен *изумрудом полон ты с краями* деп ақынның ойын жеткізуге тырысады. Бірақ жамбы сөзі түсірілген.

Ал, *Толған ай* өлеңінде ажары ақ жамбыдай сұлулардың көркі айдың сұлулығынан аспайды деп суреттейді:

Кесте 3.16

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Ажары ақ <i>жамбыдай</i> сұлулардың Жалғанда тіпті кетпес көркі асып. Сәуленнің түскеніне әлдеқандай Теңіздер жан теңгермес жатқан тасып [106, 43 б.]	То круто свои ты закрутишь края, <i>Серьгою красавицы в звездах горя,</i> То в полной предстаешь своей красоте, Вскипать на земле заставляя моря. [113, с. 21].

Көріп отырғанымыздай орыс тіліндегі аудармада ақ жамбыдай теңеуі жоқ, алғашқы екі жолды аудармашы еркін тәржімалайды. Түрік тілінде де аудармашы сұхбат барысында осы сәтте қателескенін айтты. Яғни, айдың толған жүзінен сұлулардың еш көркі аспас деген сәтті аудармашы «Güzelletin beyaz gümüş parçasına benzeyen yüzleri, dünyada asla birbirinin güzelliğini aşmaz (Жүздері ақ күміс тиындарға ұқсайтын сұлулардың сұлулығы ешқашан бір-бірінен аспас) деп мағыналық өзгеріске ұшыратып тәржімалайды [114, s. 53]. Яғни, айдан сұлулардың көркі аспайды деген мағынаны сұлулардың бір-бірінен сұлулығы аспайды деп түсінген. Бірақ ақ жамбыны *beyaz gümüş parça* (ақ күміс тиын) деп дескриптивті эквивалентпен тәржімалайды.

Көшпелі қазақ тұрмысында орын алған, бүгінде біраз басқаша мағыналық қолданысқа ие атау - *ақ қала*. Энциклопедия бойынша «АҚ ҚАЛА – қыстыгүні қардан қаланатын пана, қора, ықтасын. Өрісте мал бағып жүрген қойшылар қар қалындап, әбден бекігеннен кейін әдетте А. соғады. Бұрын теріскей жақтағы елді-мекендер боранды күндерде жатаған үйді, қора-қопсыны қар басып қалмау үшін таса, тосқауыл ретінде А. соққан. Қар қалың, қасаттанып түскен кездері төбесі бар апан тәрізді етіп те жасаған. А. боран-шашында малға ық, малшыға пана, әр ауылдың өрісіне белгі болады [131, 120 б]. Ақынның балаларға арналған Ақ қала деген өлеңі бар, балалар далаға шығып ақ қала соғады. Бірақ қазіргі балалардың ақ қаласы біраз өзгеше екенін білеміз:

Кесте 3.17

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
Томпаңдап бір топ бала, Соқпақ болып <i>ақ қала</i> , Кіріп кетті кесеге	А детвора – за дверь грубкой, <i>Из снега город</i> строить свой. – Не удержат ребят.
Қарақшыдай қалтиып, Қарындары шартиып, Бастады соға <i>ақ қала</i> .	Разбойнички – ни дать, ни взять, Им подавай во что играть! Решили <i>дом</i> сложить.
Қатар-қатар тізілді үй, «Алақай», айғай, күлкі ылғи. Күлді бірге <i>ақ қала</i> ,	А лица – земляничек горсть, Их красит холод – зимний гость. Стихает смех вдали...
Ерінбесең бар қара: Күліп жүріп көп бала Салып қойды <i>ақ қала</i> [106, 211б.].	Кто не ленив, пойдь, взгляни: Резвились дети, и они Здесь <i>город</i> возвели [113, с. 229].

Бір өлеңде *ақ қала* сөзі төрт рет қолданысқа түседі. Бірінші бағанда ақ қаланың *город из снега* деп дескриптивті аудармамен, екінші бағанда *дом* деп, үшінші бағанда оmissия және функционалды аналог орын алған. Түрік тілінде аудармашы *ak kale* деп тәржімалайды:

Ак kale: daha önce evin karla kaplanmaması için kar bariyeri yapılmıştı.
Аудармада:

Anneleri ‘Ne var?’ Eliniz üşür!’ dese de bir grup çocuk, *ak kale* yapmak için yanlamasına karin içine girdi.

Top top haldeki çocuk grubuö köpüğe benzeyen gümüş kara sülük gibi kırırdamadan bakıp, karınları gerilip *ak kale* yapmaya başladılar.

Ak kale de onlarla birlikte güldü. Erinmezen gidip bak: Çok sayıda çocuk gülüp oynayarak bir *ak kale* yaptı [114, s. 84].

Ұсақ төлді (қой, ешкі, қозы, лақ) тізіп байлап қоюға арналған жүн арқан – *көген*. Көріп отырғанымыздай қазақтың күнделікті тұрмысындағы заттарды ақын өте образды түрде, абстракциялап өз өлеңдерінде қолданады. Көгеннің де қолданысы соның дәлелі десек те болады. Ақынның *Немере мен әжесі* (1) [106, 201 б.] өлеңінде қолданылған:

Бұлттар бөрте ешкідей дәл

Мана тізген көк *көгенге*.

Қатар көкте шұбырып барад,

Ағытып біреу: «Шек!»- деген бе?

Демек, ақын аспанды көк көгенге, бұлттарды осы көгенге тізілген ешкіге теңейді. Орыс тіліндегі аудармасы төмендегідей:

Словно тучные козы, привязаны тучи

Голубою прозрачной веревкою, да?

Друг за другом по небу летят в никуда,

Будто их отвязали, спугнули их, да? Внук и бабушка [113, с. 215].

Орыс тілінде аудармашы көгеннің өзін атамай, сипаттап *привязаны тучи голубою прозрачной веревкой* деп аударарды. Бұл амал П. Ньюмарк бойынша дескриптивті эквивалент деп аталады, доместикация стратегиясына жатады.

Жалпы, көгенді орысша *овцевязь*, түрікше *koyun ipliği*, ағылшынша *sheep yarn* деп атайды.

Келесі көнерген, қазіргі қолданыста мүлде жоқ атау - *отарба*. Алғаш қазақ даласында паровоздар пайда болғанда оларды отарба деп атаған. Ақын бұл сөзді Орамал (1) [106, 62 б.] өлеңінде қолданады:

Толып қалды төрт айға,

Күйікпенен күн өтгі.

Жарымды өкіріп *отарба*

Қанды жаққа әкетті.

Орыс тіліне аудармашы отарба деп формасын сақтап, мәтін соңында *паравоз, поезд* деп қосымша түсіндірме беру арқылы тәржімалайды:

Четвертый месяц, как судьба

Нас разлучила с женихом.

Его горластый *отарба*¹

К войне умчал под стук и гром. Платок [113, с. 49]: паравоз, поезд.

Түрік тіліне жалпылау арқылы *tren (нойыз)* деп аударарды:

Dört ay kadar oldu günler üzüntü içinde geçti. *Tren*, yüksek sesle ötüp yârimi kanlı bölgeye götürdü. HAVLU [114, s. 177].

Мал шаруашылығына қатысты *саулық қой, түйе, қулық бие* деген ұғымдар да ақын шығармашылығында орын алған.

Қулық биені ақын Жазғытұры өлеңінде атайды:

Қырдағы жылқышар ұйқы көрмес,
 Қолынан қулық бие құлындатып.
 Орыс тіліне аудармашы дескриптивті эквивалентпен *кобылицы, что жеребятся первый раз* деп тәржімалайды:
 И бессонно не спуская глаз,
 С кобылиц, что жеребятся первый раз.
 Түрік тіліне де дәл солай сипаттап *алғаш рет құлындайтын биелер* деп аударылады:
 Kırdaki at çobanları, elleriyle *ilk defa yavrulayacak kısrakların*(алғаш рет құлындайтын биелер) *yavrulamasına yardım etmekten uyku uyuamazlar* [114, s. 87].

Тараушаның қорытындысы

Кесте 3.18 Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

Ескерту. Мәдени элементтен соң көрсетілген бірінші сан осы сөздің ақын поэзиясында жалпы қанша рет қолданылғаны жайлы мәлімет берсе, жақша ішіндегі екіншісі аудармаларда қанша рет қолданылғанын көрсетеді. Мысалы, Домбыра 14 (8) – домбыра сөзі жалпы әр түрлі өлең жолдарында он төрт рет қолданыс тапса, аударылған өлеңдердегі көрінісі – сегіз рет.

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
1	Домбыра 14 (8)	Натурализация (8)	Форенизация (8)
2	Қобыз 2 (1)	Натурализация (1)	Форенизация (1)
	16 9		
3	Ақ үй 2 (1)	Қабылданған (танылған) аударма	Доместикация
4	Ақ отау 1 (1)	Қабылданған (танылған) аударма	Доместикация
5	Арба 2 (2)	Трансференция (2)	Форенизация (2)
6	(Сапты) аяқ 2 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
7	(Оң) босаға 1 (1)	Омиссия	Доместикация
8	Бесік 8 (5)	Мәдени эквивалент ⁴ Омиссия ¹	Доместикация (5)
9	(Жібек) бау 2 (2)	Генерализация ¹ Функционалды эквивалент ¹	Доместикация (2)
10	Кереге 1	-	-
11	Күрке 3 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
12	Қамшы 2 (2)	Натурализация ¹ , дискриптивті эквивалент ¹	Доместикация (2)
13	Қазан 1 (1)	Натурализация	Доместикация
14	Ноқта 2 (1)	Омиссия	Доместикация
15	Сандық 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
16	Түндік 1 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
17	Торсық 1 (1)	Модуляция	Доместикация

18	(Алтын) уық 4 (3)	Қосу ¹ , функционалды эквивалент ¹ , генерализация ¹ .	Форенизация ¹ Доместикация ²
19	Ұршық 2	-	-
20	Шымылдық 3 (2)	Натурализация ¹ , функционалды эквивалент ¹	Форенизация ¹ Доместикация (2)
21	Шаңырақ 2 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
22	Шанаш 1 (1)	Омиссия	Доместикация
	42 32		
23	Бөрік 2 (2)	Омиссия ¹ , функционалды эквивалент ¹	Доместикация 2
24	Дулыға 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
25	Жарғақ 1 (1)	Дискриптивті эквивалент	Доместикация
26	(Ақ) жаулық 2 (1)	Омиссия	Доместикация
27	Камзол 2 (2)	Трансференция (2)	Форенизация (2)
28	Сәлде 1 (1)	Қабылданған (танылған) аударма	Доместикация
29	Тымақ 3 (2)	Натурализация ¹ , мәдени эквивалент ²	Форенизация ¹ Доместикация ²
30	Тон 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
31	Тақия 3 (3)	Функционалды эквивалент (3)	Доместикация (3)
32	Шапан 1 (1)	Натурализация	Форенизация
33	Шекпен 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
	17 15		
34	Найза 5 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
35	Шоқпар 1 (1)	Қосу	Форенизация
	6 3		
36	Бауырсақ 3 (1)	Глобализация	Доместикация
37	Боза 1 (1)	Омиссия	Доместикация
38	Көже 1	-	-
39	Құрт көже 1	-	-
40	Қатық 3 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
41	Қаймақ 1 (1)	Модуляция	Доместикация
42	Қымыз 11 (6)	Натурализация ⁵ Омиссия ¹	Форенизация (5) Доместикация (1)
43	Саумал 1	-	-
44	Уыз 1 (1)	Дискриптивті эквивалент	Доместикация
45	Шалап 1 (1)	Натурализация	Форенизация
46	Ірімшік 1 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
	25 14		
47	Күмбез 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация

48	Мешіг 4 (5)	Қабылданған (танылған) аударма (натурализация) (5)	Доместикация (5)
49	Медресе 2 (2)	Омиссия ¹ Трансференция ¹	Доместикация (1) Форенизация (1)
50	Мазар 2 (3)	Трансференция ³	Форенизация (3)
	9 11		
51	Кесте, кестелеу 6 (4)	Мәдени эквивалент (4)	Доместикация (4)
52	Құрақ 2 (2)	Переводческая ошибка (2)	Доместикация (2)
	8 6		
53	Шолпы 4 (2)	Функционалды эквивалент ¹ Генерализация ¹	Доместикация (2)
54	Шаңырақ сырға 1 (1)	Генерализация	Доместикация
	5 3		
55	(ақ) жамбы 2 (2)	Омиссия ¹ Трансференция ¹	Форенизация ¹ Доместикация ¹
56	Ақ қала 4 (3)	Функционалды эквивалент ² Модуляция ¹	Доместикация (3)
57	Жайлау 2 (1)	Натурализация	Форенизация
58	Көген 1 (1)	Дискриптивті эквивалент	Доместикация
59	Құлық (бие) 1 (1)	Дискриптивті эквивалент	Доместикация
59	Отарба 1 (1)	Қосу	Форенизация
60	Пұл 8	-	-
61	Саулық (қой, түйе) 2 (2)	Модуляция ¹ Генерализация ¹	Доместикация (2)
62	Тезек 1	-	-
	21 11		
	145 (102)		67 - Доместикация 35 - Форенизация
			66 % доместикация, 34% форенизация.

Кесте 3.19 Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың түрік тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі:

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
1	Домбыра 14 (8)	Қосу ⁵ натурализация ² мәдени эквивалент ¹	Форенизация ⁷ Доместикация ¹
2	Қобыз 2 (1)	Мәдени эквивалент (1)	Доместикация
	16 9		
3	Ақ үй 2 (2)	Қосу (2)	Форенизация (2)
4	Ақ отау 1 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
5	Арба 2	-	-
6	(Сапты) аяқ 2 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
7	(Оң) босаға 1 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
8	Бесік 8 (5)	Мәдени эквивалент ⁵	Доместикация (5)
9	(Жібек) бау 2 (2)	Функционалды эквивалент	Доместикация (2)

10	Кереге 1 (1)	Қосу	Форенизация
11	Күрке 3	-	-
12	Қамшы 2 (2)	Мәдени эквивалент ²	Доместикация (2)
13	Қазан 1	-	-
14	Ноқта 2	-	-
15	Сандық 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
16	Түндік 1	-	-
17	Торсық 1	-	-
18	(Алтын) уық 4 (2)	Қосу(2)	Форенизация(2)
19	Ұршық 2	-	-
20	Шымылдық 3(3)	Функционалды эквивалент (3)	Доместикация (3)
21	Шаңырақ 2 (1)	Қосу	Форенизация
22	Шанаш 1	-	-
	42 27		
23	Бөрік 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
24	Дулыға 2 (2)	Мәдени эквивалент(2)	Доместикация(2)
25	Жарғақ1 (1)	Қосу	Форенизация
26	(Ақ) жаулық 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
27	Камзол 2	-	-
28	Сәлде 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
29	Тымақ 3(1)	Қосу	Форенизация
30	Тон 1 (1)	Функционалды эквивалент, генерализация	Доместикация
31	Тақия 3	-	-
32	Шапан 1 (1)	Қосу	Форенизация
33	Шекпен 1 (1)	Қосу	Форенизация
	17 10		
34	Найза 5 (4)	Мәдени эквивалент ³ Функционалды эквивалент ¹	Доместикация (4)
35	Шоқпар 1	-	-
	6 4		
36	Бауырсақ 3	-	-
37	Боза 1	-	-
38	Көже 1	-	-
39	Құрт көже 1	-	-
40	Қатық 3	-	-
41	Қаймақ 1	-	-
42	Қымыз 11 (2)	Мәдени эквивалент(2)	Доместикация(2)
43	Саумал 1 (1)	Генерализация	Доместикация

44	Уыз 1 (1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
45	Шалап 1	-	-
46	Ірімшік 1 (1)	Қосу	Форенизация
	25 11		
47	Күмбез 1	-	-
48	Мешіт 4	-	-
49	Медресе 2	-	-
50	Мазар 2	-	-
	9		
51	Кесте, кестелеу 6 (4)	Мәдени эквивалент (4)	Доместикация (4)
52	Құрақ 2 (2)	Дескриптивті эквивалент (2)	Доместикация (2)
	8 6		
53	Шолпы 4 (2)	Дескриптивті эквивалент ¹ Қосу ¹	Доместикация ¹ Форенизация ¹
54	Шаңырақ сырға 1	-	-
	5 3		
55	(ақ) жамбы 2 (1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
56	Ақ қала 4 (4)	Функционалды эквивалент (4)	Доместикация (4)
57	Жайлау 2 (1)	Омиссия	Доместикация
58	Көген 1	-	-
59	Қулық (бие) 1 (1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
59	Отарба 1 (1)	Генерализация	Доместикация
60	Пұл 8	-	-
61	Саулық (қой, түйе) 2 (1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
62	Тезек	-	-
	21 (10)		
	145(67)		48 - Доместикация 19 - Форенизация
			72 % доместикация, 28 % форенизация.

Кесте 3.20 Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың ағылшын тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі:

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
1	Домбыра 14 (1)	Қосу	Форенизация
2	Бесік 8 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
	22 (2)		50 % доместикация, 50 % форенизация.

Кесте 3.21 М. Жұмабаев поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты мәдени лексиканың үш тілдегі аудармасындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі:

	Орыс тілі		Түрік тілі		Ағылшын тілі	
Аударма стратегиясы	145(102)	Пайыздық көрсеткіш	145(67)	Пайыздық көрсеткіш	145(2)	Пайыздық көрсеткіш
Доместикация	67	66%	48	72%	1	50 %
Форенизация	35	34%	19	28%	1	50 %

Кесте 3.22 Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс тіліне аударылу барысында қолданылған аударма стратегияларының көрсеткіші:

	Аударма трансформацияларының түрлері	Орыс тіліне аударылуы	Түрік тіліне аударылуы	Ағылшын тіліне аударылуы
1	Сөзбе-сөз аударма	-	-	-
2	Трансференция (сақтау)	8	-	-
3	Натурализация	25	2	-
4	Мәдени эквивалент	19	24	1
5	Функционалды эквивалент	12	13	-
6	Дескриптивті эквивалент	5	7	-
7	Модуляция	4	-	-
8	Омиссия	10	1	-
9	Генерализация	5	2	-
10	Қосу (түсіндіру, қосымшалар)	3	17	1
11	Қабылданған (танылған) аударма	8	-	-
12	Құру	5 (Джайляу, отар, кетпен, айран, қоран)	-	-
		103		

Көріп отырғанымыздай, мәдени сөздер қолданылған өлеңдердің көбі орыс тіліне, содан түрік тіліне, ең азы ағылшын тіліне тәржімаланған. Орыс және түрік тілдерінде де доместикация стратегиясы басым. Яғни, аудармашылар әр түрлі аударма амалдарымен реалия сөздерді аударма тіліне бейімдеуге тырысқан. Орыс тілінде аударма трансформацияларының ішінен ең басымы – натурализация. Екі тіл бір әліпбиді қолданғанымен қазақ тілінің өзіне тән ә, ө, ұ, ү, і, қ, ғ тәрізді ерекше дыбысталатын әріптер орыс тілінің фонологиясына бейімделіп, қосымша түсінік берілместен натурализацияланған. Фонологиясы мен қатар морфологиясы да орыс тіліне бейімделген. Түрік тілінде де транскрипцияланған сөздер оның грамматикалық категорияларына да сәйкестендіріледі. Трансференция, модуляция амалдары тек орыс тілінде көрініс тапқан. Омиссия деңгейі де орыс тілінде басым. Себебі поэтикалық аудармада өлең жолдарының жалпы мазмұнын жеткізіп, кейбір сөздерді түсіріп кету мүмкіндігі болған. Ал, түрік тілінде прозалық аударма болғандықтан омиссия орын алмаған. Түрік тілінде туыстығына қарамастан қосу (қосымша,

түсініктеме, сілтеме) амалы басым. Көбінесе тұрмысқа, киім мен тағам атауларына қатысты аудармашы мәтіннен тыс түсініктеме беріп отырған. Сирек кездесетін түпнұсқадағы мәдени тіл бірлігін басқасымен аудару орыс тіліндегі аудармаларда орын алған. Ағылшын тілінде форенизация мен доместикация деңгейі тең. Домбыраға қатысты аудармашы қосу амалын, бесікке қатысты мәдени эквивалентін қолданады. Жалпы, бесік ұғымы формаларының әр түрлілігіне, осы ұғым сидыратын коннотацияларының біраз өзгешелігіне карамастан төрт мәдениетке дә тән.

3.2 М. Жұмабаев поэзиясындағы рухани мәдениетке қатысты атаулардың орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері

Ұлттық мейрамдар мен ойын атаулары

Барша Мұсылман халықтарының басты діни мейрамдарының бірі - *Құрбан мейрамы*. Ақын ол жайында *Еділдің сағасында* өлеңінде сөз етеді. Бірақ тағы да өзгеріп бара жатқан қоғам, құндылықтар мәнмәтінінде жазады:

Бір ауыл беріш ішінде ек
Қонған өзен бойына.
Күн шықты, *құрбан мейрамы*
Басталды құрбан сойыла.
Біраздан біткен бозбала
Тойып ап құрбан қойына,
Шәмеледей шаштары,
Күйектей кесет мойында,
Дүркіресіп жөнелді
Селенге - Сергей тойына...
Еліңнің жайы осылай,
Келе ме еш зат ойыңа? [106, 205 б.]

Орыс тіліндегі аудармасында аудармашы өлеңнің мағыналық сюжетіндегі байланысты дұрыс жеткізу үшін *Курбан-байрам* деп екі рет атайды:

Были мы в ауле Берш,
Он на Едиле стоит.
Праздник был *Курбан-байрам*,
Жертва уж с утра лежит.

Каждый с шерстью и сумой,
И смешной, и жалкий вид.
И *Курбан-байрам* забыт.
Что вам это говорит? На берегу волги [113, с. 222].

Яғни, өлеңнің соңғы жағындағы құрбан малы сойылып, әбден тойған адамдардың селенге Сергейдің тойына жөнелуін *И Курбан-байрам забыт* деп перефразалап жеткізеді. Жалпы, қазақы қ, ұ әріптерін к, у мен алмастырып,

натурализациялап, мейрамды – байрам деп аударарды. Бұл жерде натурализациялау мен қабылданған, танылған аударманың қосындысын көреміз. Байрам сөзінің орыс тілінде танылған аударма екендігі сөздіктерден байқалады. Т.Ф. Ефремованың орыс тілінің жаңа түсіндірме-сөзжасамдық сөздігіне де енген: «байрам м. Название каждого из двух трехдневных мусульманских праздников» [132]. Сондай-ақ *Орыс тіліндегі шет тілдік сөздер* сөздігінің барлығынан дерлік табуға болады:

«БАЙРАМ

{тюркск.} - праздники у мусульман [133].

БАЙРАМ

Бейрам, пер.-тур. Два мусульманских праздника; один из них, трехдневный, бывает после поста рамазана, другой - четырехдневный, празднуется через семьдесят дней после первого [134].

БАЙРАМ

Большой и Малый б. - главнейшие праздники у мусульман, первый 3 дня, 2-й - 4 дня [135].

Барша мұсылман халықтарына ортақ мейрам болғандықтан түрік тілінде (Kurban Bayramı) эквиваленті, ағылшын тілінде өте жақсы белгілі қабылданған (Qurban Eid; Eid al-Adha) аудармасы бар.

Ал, қазақтың ұлттық ойындары *ақсүйек пен алтыбақан* қатарынан *Туған жер* өлеңінде қолданылған:

Түнде - *ақсүйек, алтыбақан*, ал күндіз

Үйретем деп асау тайға жабысып [106, 56 б.].

Орыс және түрік тілдерінде аудармашылар мәтін соңында қосымша ақпарат беру арқылы тәржімалап, форенизация стратегиясын ұстанған:

Кесте 3.23

В. Антоновтың орыс тіліндегі аудармасы	Ф. Тамирдің түрік тіліндегі аудармасы
Ночью – <i>алтыбакан, аксүйек¹</i> , а к полудню – На спине жеребца гарцеванье верхом.	Gece, <i>ak süyek (2) ve altı bakan(3)</i> ...İşte gündüz..Acemî taya “Binmeye alıştırıyorum” diye уарışır...
Аксүйек (1) Родная земля: казахские народные игры [113, с. 41]. Алтыбакан (1) Родная земля [113, с. 41]: казахские народные игры.	Ak süyek (1) Doğduğum yer [114, s. 231] Ak süyek (2) dört çeşit hayvan: at, koyun, deve ve sığır (Ақсүйек төрт түлік мал: ат, қой, түйе және сиыр).
	Altı bakan (1) Doğduğum yer [114, s. 231]: Üy: Kazakların keçeden yapılan taşınabilir evi (Үй: қазақтардың киізден жасалған көшпелі үйі).

Бірақ көріп отырғанымыздай, түрік тіліндегі аудармасында мәтін соңында қате түсініктемелер берілген. Аудармашыға сұхбат барысында ол жайында айтылды. Ф. Тамир өкінішін білдіріп, келесі жинақта түзетіліп шығатынын айтты (Ф. Тамирмен сұхбаттан).

Қазақтың ұлттық ойыны асық та ақынның *Асық иіру* (2) [106, 197 б.]; *Үйдегі үнсіз қарындас* (1) [106, 208 б.] өлеңдерінде қолданылған. Бірінші өлеңге назар қойсақ:

Ал, *асықты* байқалық,
Не дер екен біздің бал? –

деп ақын асықтың қай жағына түскеніне байланысты ойын ережесін өмірмен шендестіре жазады.

Орыс тіліндегі Т. Васильченконың аудармасы:

Так посмотрим на *асык*,
Что гадание сулит? Кручение асыка [113, с. 207]

Демек, орыс тіліне қ әрпін к әрпіне алмастырып, орыс тілінде оқылуына бейімдеп тәржімалайды. Оны транскрипция немесе П. Ньюмарк бойынша натурализация деп атаймыз. Ал, *Үйдегі үнсіз қарындас* өлеңінде ақын қорғасын құйылған асықтың ауырлық қасиетін қыз баланың салмақтылығын сомдауда қолданады:

Қарындасым, салмақтым
Қорғасын құйған *асықтай* [106, 208 б.].

Орыс тіліндегі Н. Чернованың аудармасы төмендегідей:

Ты степенней с каждым разом,
Как *асык*, свинцом залитый [113, с. 224].

Демек, екі өлеңнің аудармасында да орыс тілінің фонологиясына бейімдеп аударады, бірақ еш қосымша түсінік берілмейді, сол себепті форенизацияланады.

Түрік тілінде бұл өлеңдердің аудармалары жоқ. Бірақ туыстас түрік халқына да асық ойыны ортақ, сәйкесінше тілде де көрініс тапқан, *ашык* деп аталады.

Ақын шығармашылығында тура және ауыспалы мағынасында да кездесетін асық ойынының маңызды элементтерінің бірі – *сақа*. Еслам қазасына көңіл айту (1); Бұлқынып, бұғау үзген қарындас (1) [106, 208 б.]; Асық иіру (1) [106, 197 б.]; Алыстағы бауырыма (1) [106, 72 б.] өлеңдерінде қолданылған.

Бұлқынып, бұғау үзген қарындас өлеңінде қыз баланың мінезін сипаттауда теңеу ретінде көрініс тапқан:

Қорғасын құйған *сақадай*
Сәулем менің салмақты.

Орыс тіліндегі Н. Чернованың аудармасы:

И важна, и деловита.
Добиваешься ты цели,
Как в свинце тяжелом *бита* [2, с. 225].

Басқа да өлең жолдарындағы сақаның орыс, түрік және ағышын тілдеріндегі аудармалары төмендегідей:

Кесте 3.24

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Асық иіру	Кручение асыка Т. Васильченконың аудармасы	-	-
Сынайын бір сақаны, Иірейін құрғырға,- [106, 197 б.]	Испытаю-ка и я свою биту, Покручу ее проклятую. [113, с. 207];	-	-
Алыстағы бауырыма	Далекому брату А. Соловьевтың аудармасы	Uzaktaki kardeşime	To my brother in distance
Алалы алтын сақа атыспап па ек, Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек [106, 72 б.]	Не мы ли в асыки играли битой лихой И спали, уставшие за день, в постели одной? [113, с. 63].	Alaca altın <i>aşık</i> atışmamış mıydık? Aynı döşekte tepisip, yatmamış mıydık? [114, s. 265]	Haven't we have played <i>golden</i> <i>knucklebone</i> Haven't we scuffled together in the same bed? [113, p. 69]

Сақа сөзінің орыс тіліндегі аудармаларының бәрінде *бита* деп тәржімаланғандығын көреміз. Аударма амалын түсіну үшін орыс тіліндегі түсіндірме сөздікке жүгінеміз. Д.Н. Ушаков бойынша:

«БИТА́, биты, жен. (разг., спорт.). В разных играх (в бабки, городки) - предмет, которым бьют» [136].

Демек, аудармашы сақа сөзін орыс тіліндегі функционалды эквивалент көмегімен аударған. Сақа да, бита да ойындаатып, қағып түсіру мақсатында қолданылады. Түрік тіліндегі аудармасында сақаны *aşık* деп жалпылап аударады. Ағылшын тілінде қойдың асық сүйегімен ойналатын *knucklebones* (*jacks*) деген ойын бар. Аудармашы алтын сақаны *golden knucklebone* (алтын асық) деп тәржімалайды. Екі ойынды да қойдың асығымен ойнайды. Бірақ ережелері мүлдем басқа. Ағылшындардың асықпен ойналатын ойынында сақа, атып түсіру, асық иіру түсініктері жоқ. Төрт-бес асықты алақанға алып тұрып, біраз 3-4 сантиметрдей жоғары лақтырып, қолдың үстінгі жағына қондырып ұстап алу қажет [137, p. 21]. Ағылшын тіліне *Asyk* (*national game with knucklebones*) деп түсіндіріп беруге болады. Бұл реалия сөздің аудармасы жайында тікелей аудармашыға сұрақ қойған едік:

«Ақынның атақты «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде жастық шағынан есте қалған «алалы алтын асық» ойыны аталады. Асық ату – қазақтың және

басқа да түркі халықтарының ұлттық ойыны. Бүгінде ЮНЕСКО Материалды емес мәдени мұраны сақтау реестріне «Қазақтың дәстүрлі асық ойыны» ретінде тіркелді [138]. Ал, аудармашы үшін бұл кезекті реалия сөз. Сіз әдетте реалия сөздерді аударуда қолданылатын калькалау, транслитерация немесе транскрипция әдістеріне жүгінбей, «to play golden knucklebone» деп тура аудармасын беріпсіз. Оның себебі неде?»

Аудармашы төмендегідей жауап қайырды: «Көптеген мәдениеттер мен адамдар «knucklebone game» (асық ойынын) білетіндіктен, мен бұл ағылшын терминін оның қазақша атауының орнына қолдандым. Егер мен оның қазақша атауын қолданған болсам, оны ескертулерде түсіндіруім керек еді. Осындай мәдени сөздер мен терминдерді аудару кезінде мен қайсысын алу керектігін бірнеше рет тоқтаттым: түпнұсқадағы қазақша сөз немесе ағылшын тіліндегі оның баламасы.

Осы жерде бір нәрсені мойындауға рұқсат етіңіз: Өкінішке орай, менің басты уайымым әрқашан Мағжан поэзиясының көркем әдеби шеберлігін оның ағылшын тіліндегі аудармаларында көрсету болды, өлеңдеріндегі сөздерден гөрі». Демек, аудармашы сақа демей жалпы асық деп, тек ағылшын тілінде атайды. Және аудармышының өз жауабынан глобализация сарынын көреміз. Мәдени бірлікті мультимәдени ортаға таныс, жақсы білетін атаумен тәржімалау.

Асық ойынында асық алшысынан, тәйкесінен, бүге немесе шіге түсетін жақтары бар. Ойын ережесі бойынша әрқайсысының өз мәні бар. Ойында асығы алшысынан түссе, ойыншы басымдылыққа ие болады. Ойынның осы ерекшелігі абстракцияланып, қазақ халқының тілдік бейнесіне «асығы алшысынан түсті» [139, 213 б.] деген адамның жолы болды, сәтті болды деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес ретінде тұрақталып қалды. Ойынның осы қағидаларын ақын өмірмен шендестіре *Асық иіру* өлеңінде сипаттайды:

Алшы түссең - болғаның,

Тәйке түссең - тәуекел.

Бүге түссең - құрығаның,

Шіге түссең - ұрғаның.

Алшы түссе, алақай!

«Түс,- дегенде,- түс, құрғыр!»

Қырыққа келген «балақай»,

Тәйке түсті-ау! Тәуекел! [106, 197 б.]

Орыс тіліне аудармашы аталмыш сөздерді орыс тілінің фонологиясына бейімдеп, еш қосымша түсінік бермей, *алшыны* – *алиши*, *тәйкені* – *тайке*, *бүкті* – *бук*, *шікті*- *шик* деп тәржімалайды:

На *алиши* встанет встанет – счастье найду,

На *тайке* (1) – я рискую удачей,

Если ляжет на *бук* – пропаду,

Шике выпал – буду бит, не иначе.

Встань на счастье – *на алиш!*
Встань, проклятый, не души!...

Сорок лет, а счастья нет...

Сны одни.

Встал, крутнувшись, на *тайке*...

Так рискни! Кручение асыка [113, с. 207].

Түрік халқы үшін де бұл ойын таңсық емес. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінен *Aşık atmak* (*veya ounamak*) – асық ату немес ойнау деген тіркестер келтірілген. Асық сүйегінің төрт жағы бар: *Suk* (шік), *tok* (тәйке), *allı* (алшы) *ve kazak* (бүк) деп түсіндіріледі [140].

Қазақтың тағы да бір ұлттық ойындарының бірі *көкпарды* ақын ауыспалы мағынада *Өміріме өкпем* (1) [106, 228 б.] өлеңінде қолданады:

Басқадан менің жаным бағалы ма,

Талай жан тап жолында болды *көкпар!*

Қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған ақын басқа да талай жанның өмірі көкпардай қолдан-қолға өтіп, жұлма-жұлмасы шығып, ойынға айналғандығын наздана жырлайды.

Алайда орыс тіліне көкпарды Б. Жылқыбаев *шоқпар* деп тәржімалайды:

Чем же лучше других моя голова? Чем же лучше я прочих людей?

Я не первый, кого превратила в *шокпар* неподкупная строгость судей!

[113, с. 246]

Негізінде бұл өлең жолдарында *шоқпар* деген сөз де кездеседі:

Кесте 3.25

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы Б. Жылқыбаев
Адам басы - Алланың добы болса, Тағдырдан табандатып тиді <i>шоқпар</i> [106, 228 б.].	Голова человека – лишь мяч для игры, а игрой забавляется Бог. Вот и стать довелось игрушкой в игре! <i>Я шокпара</i> ¹ вкусил сколько смог! Шокпар (1) Моя обида на жизнь [113, с. 246]: дубинка.

Бұл жолдарда аудармашы *шокпар* деп аударып, мәтін соңында *дубина* деп түсіндірме береді. «Я не первый, кого превратила в *шокпар* неподкупная строгость людей» дейді, яғни біреудің қолындағы шокпар болсаң, өз еркің жоқ, сенің көмегіңмен басқа адамға зиян тигізу деп ұғуға болады, ал тап жолында көкпар болсаң, керісінше сені көкпар қылдырып, өміріңді ойынға айналдырып, ойларына келгенін істейді. Көкпар болсаң, еш әрекет жасай алмайсың. Сен – өлісің. Ойыншылар сені ойынға салады. Ал, шокпар болу - мүлдем басқа дүние. Демек, бұл жағдайда тіпті қандай трансформация орын алғанын атау қиын, мағыналық ауытқушылыққа алып келген аудармашылық қателік орын алған.

Түрік, ағылшын тілдеріне бұл өлең жолдарын дұрыс аудару үшін аудармашы алдымен көкпардың не екенін, қандай ойын екенін жақсы түсінуі қажет. Қосымшада, Сөздікте екі тілде де түсіндірмелері келтірілді.

Этнографиялық атаулар

Бұл күндері көнерген этнографиялық атауға айналған *барымтаны* ақын ел арасында орын алып жатқан жағдайға назын білдіре жазған *Жатыр* (1) [1, 34 б.] өлеңінде қолданған:

Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс -

Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.

Орыс тіліндегі аудармасы төмендегідей:

А прочему люду печальная выпала доля –

Сутяжничать, *красть*, убивать да судьбу свою клясть!

Аудармашы барымтаны *красть* деп жалпылап аударарды. Негізінде барымта - ұрлық емес. «Барымта – байырғы уақытта дауласушы жақтың бірі би шешіміне наразы болған жағдайда немесе кінәлі жақ би шешімін орындамаған кезде күшпен кепілдікке айдап алынатын жылқы. Дәстүрлі қазақ қоғамында барымта орынды саналатын, өйткені қазақта жер дауы, жесір дауы сияқты мәселелерден туындайтын кикілжіңнің аяғы дау-дамайға айналып, соңы Б.-мен тынатын да, екі жақ билер билігіне жүгіну арқылы шешетін. Шешімге риза болғанда Б. жасағандар еш құн төлемей, қарсы жақтың малы өзіне қайтарылатын. Бірақ үшінші рет Б.-ға шығар болса, кейін құн төленеді т.б. жаза қолданылады. Б.-да алынатын негізгі мал жылқы айдап әкету. Бір-екі жылқы әкетілсе ол Б. емес, сегіз-он жылқыдан көп, яки үйірімен әкетсе ғана Б.-ға жатады. Б.-ны көбінесе алдын ала жария етіп, ескертіп те жасайтын. Б. түнде емес, күндіз жасалады» [141, 411-412 бб].

Заманауи қазақша-орысша сөздікте барымтаның аудармасы мен өте жақсы, қысқа түсіндірмесі келтіріледі: «Этн. баранта (самовольный захват скота, без присвоения его, исключительно с целью принудить обидчика или его родичей дать удовлетворение за нанесенную обиду)». Түрік және ағылшын тілдерінде де бұл сөзді қосымша түсіндірмесіз аудару қиынға соғады. Сол себепті Қосымшада Сөздікте транскрипциялап аударып, анықтамаларын ұсындық:

Barımta arkaizm (yalnızca suçluyu veya akrabalarını suçu tatmin etmeye zorlamak amacıyla, mülküne el konulmadan izinsiz olarak hayvana el konulması).

Barymta; baranta archaism (unauthorized seizure of livestock, without appropriating it, solely for the purpose of forcing the offender or his relatives to give satisfaction for the offense).

Жалпы, орыс тілінде де, ағылшын тілінде де отандық зерттеушілердің барымтаға қатысты көптеген мақалалары халықаралық ғылыми басылымдарда жарық көрген. Мысалы, Дағыстан мемлекеттік университетінің Құқықтану Хабаршысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары Усеинова Г.Р., Усеинова К.Р. жазып, жарыққа шығарған «Барымта: понятие, сущность, условия правомерности» мақаласы [142]; Ашық

қолжетімділіктегі Скопус базасына енетін басылымда Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары Қ. Усеинова, А. Тоқтыбаев, А. Исабеков, С. Сартаев және А. Жайнақ жарыққа шығарған «Barymta – As an Institution of the Legal System» [143] іспеттес мақалалар қолжетімді. Демек, қай тілде болмасын аудармашылар барымтаның не екенін, қандай мәні болғанын, және жалпы халық арасында, отандық қана емес, халықаралық ғылыми дискурста қалай аударылып, қолданылып жүргенін көріп, таныса алады. Демек, аталмыш этнографиялық атауды орыс тілінде *крась* деп жалпылап аударғаннан қарағанда сол күйінде сақтап немесе орыс тілінде танылған баранта іспетті аудармасын қолданып, қосымша түсінік бергенде жөн болар еді.

Келесі ақын поэзиясында орын алған этнографиялық атаулардың бірі – *бақсы*. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясына сүйенсек: «Бақсы\бақсылық з.е. – байырғы этномәдени түсінікте «*аруақ қону*» арқылы адамдар әлемін рухтар мен жындар әлемімен байланыстарушы, әрі қобыз тартып, «ойын салып», сәуегейлік жасаушы, науқастарды емдеуші тұлғамен байланысты қолданылатын ұғым. Бақсылықта «*шалдыққандар*» мен *есі ауысқандарды*, жылан, қаракұрт шаққандарды «емдеген», сондай-ақ толғағы қиын әйелдерді босандырған. Дәуірім Б.-лар ел ішінде «*абыз*» деп те аталған. Олар қобызға қосып күй шығарған» [144, 366 б.].

Бұл сөз ақынның *Ауру* (2) [106, 148 б.]; *Өткен аяулы* (1) [106, 102 б.] өлеңдерінде қолданыс тапқан:

Кесте 3.26

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі Т. Васильченконың аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы
1	<i>Ауру</i>	Болезнь	Hasta
	«Дәрігер, дәрі, <i>бақсы!</i> »- деп, Алмандаршы мазаны. Дене ауырса, дұрыс- ақ, Дәрігер, <i>бақсы</i> ем қылар [106, 148 б.].	Словами «лекарь» и «болеть» Не нарушайте мой покой. Когда страдает только плоть, Помогут доктор, <i>знахарь</i> мне...[113, с. 164].	«Doktor, ilaç, <i>baksı!</i> » deyip rahatımı kaçırmaın... Vücut hastalansa, hakikaten doktor ve <i>baksı</i> tedavi eder [114, s. 117].
2	<i>Өткен аяулы</i>	-	Geçmiş kıymetlidir
	Заң да болған соларда, Тура, әділ, жақсы да, Аспаннан пері түсірген Ғайыпты болжар	-	Gâibi tahmin eden baksı da gökyüzünden peri indirmiş[114, s. 309].

3.26 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	бақсы да [106, 102 б.].	-	

Екі өлеңде де бақсы сөзі тура мағынасында қолданылған. *Ауру* өлеңінің алғашқы жолдарындағы бақсы сөзі орыс тілінде омиссияға ұшыраған ба, әлде аудармашы *лекарь* деп дәрігерді, я бақсыны атап отырғанын басып айту қиын. Немесе екеуін жалпы *лекарь* деп тәржімалаған. Ал, кейінгі жолдарында *знахарь* деп тәржімаланады. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктеріне сүйенсек:

ЗНА́ХАРЬ, знахаря, муж. (обл.). Лекарь-колдун.

[Толковый словарь Ушакова. Д.Н. Ушаков. 1935-1940] [145].

ЗНА́ХАРЬ, -я, муж. Лекарь

самоучка, действующий собственными примитивными способами, часто с колдовскими приёмами.

[Толковый словарь Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992] [146].

ЗНАХАРЬ, в узком понимании лекарь, применяющий травы, заговоры, массажирование, водолечение и другие в сочетании с различными ритуалами. Существовали также знахари и заклинатели змей и других животных, знахари-предсказатели. Знахарство восходит к дохристианским культам. В России вплоть до 18 века знахари были основными врачами. [Современная энциклопедия. 2000] [147].

Демек, екі халықтың да дүниетанымында ертеде орын алған, әр түрлі амалдармен емдейтін емшілер болған. Ендеше орыс тіліне мәдени эквивалент көмегімен аударылып, доместикацияланған. Түрік тіліне екі өлеңнің аудармасында да *baksı* деп тәржімаланған. Ислам діні енгенге дейін ежелгі түрік халқында сиқыр, балашу, сәуегейлік пен көріпкелдік аса кең таралған болатын. Бақсы дуагер де, сәуегей де, абыз да жыршы болған [148, 91 б.]. Түрік тілінде де мәдени эквивалентін көреміз. Заманауи қазақша-ағылшынша сөздікте бақсыны *Sorcerer, witch-doctor, quack(-doctor)* деп аударарды және онымен әбден келісуге болады [120, р. 66].

Бата - қазақ үшін киелі нәрсе. Дәстүрлі дүниетанымда үлкеннің, ата-ананың батасынан қымбат нәрсе жоқ деп саналады. Бата ақынның Анама (1) ақ бата [106, 140 б.]; Ата, бата (5) [106, 212 б.]; Еділде (1) ақ бата күту [106, 204 б.]; Бұлқынып, бұғау үзген қарындас (1) [106, 209 б.]; Түн еді (1) бата беру [106, 128 б.]; N...альбомына (1) [106, 159 б.] ақ бата; Еділдің сағасында (1) [106, 205 б.] өлеңдерінде қолданылған және барлығында дерлік *ақ бата* мәнмәтінінде көрініс тапқан:

Кесте 3.27

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы
1	Анама	-	Anama

	Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға, Жан балаңа <i>ақ батаңды</i> бере гөр.		Alınyazım yazılıp, uzun yollara düşersen, yabancı ülkelerde beni yanlış yollardan muhafaza etmesi için <i>hayır duânı</i> , can yavruna vermeye devam et!...[114, s. 235]
2	N...альбомына	-	...’in albümüne
	Кірсіз Айым, Еркетайым, <i>ақ батам</i> : Өмір сағым. Сен, қарағым, сағым қу...		Tertemiz ayım, nazlı tayım! Benim <i>hayır duam</i> şudur...[114, s. 135].
3	Еділде	На волге а. соловьевтың аудармасы	-
	Моласына түнейін, <i>Ақ батасын</i> күтейін.	Он меня <i>благославит</i> Терпеливо подожду [113, с. 220]	-
4	Бұлқынып, бұғау үзген қарындас	Строптивая сестренка Н. Чернованың аудармасы	-
	Көндірем деп еппенен, Аға, жеңге арбапты... <i>Ақ батаны</i> бұздың деп, Ата-анасы қарғапты.	Уговаривали снохи, Заставляли тебя братья, <i>Но под горестные вздохи,</i> Но с родительским проклятьем[113, с. 225].	
5	Түн еді	Ночь была С. Мнацаканяның аудармасы	Gece idi
	Сүйетін еркелетіп әжем, атам, «Өміріңше жыла!»- деп бердің <i>батаң</i> !..	Дед и бабушка мне чуть ли не вчера <i>Все внушали:</i> «От утра и до утра Плачь, наш внучек...».... [113, с. 137]	Nazlandırıp seven ninem ve dedem! ‘Ömrümce ağla!’ diye <i>dua</i> ettiniz [114, s. 171].
6	Еділдің сағасында	На берегу волги А. Соловьевтың	-

3.27 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
		аудармасы	
6	Еділдің сағасында	На берегу волги А. Соловьевтың аудармасы	-
	Ақ сақалды бір ата. Бес бекіресін секіртіп, Алып кеп, деді: «Ақ бата!».	Вот белобродый дед Встретил нас, <i>благославясь.</i> Красных рыбин нам принес...[113, с. 221]	

Орыс тіліндегі *Еділде, Еділдің сағасында* өлеңдерінің аудармаларында *благославить, благославясь* деп сөз табының өзгерісі арқылы грамматикалық трансформацияның орын алғандығын, ал *Бұлқынып, бұғау үзген қарындас* өлеңінде *Ақ батаны бұздың* деген жол *Но под горестные вздохи* деп, Түн еді өлеңінде *Все внушали* деп модуляция амалымен тәржімаланған. *Благославить* сөзі батаның фнукционалды эквиваленті болады. Ал, ақ батаны бұзу деген қазақ үшін өте күрделі айып. Оны *горестные вздохи* деп аудару аға-жеңге, жақындарының күйін білдіргенмен, *ақ батаны бұзу* деген семантиканы жеткізе алмайды.

Ал, түрік тіліне барлық жағдайда *dua*, ал ақ бата *hayir dua* деп тәржімаланған.

Түрік тілінің түіндірме сөздігі бойынша:

«dua (дұға)

(dua:), Арапша du‘ā’

1. isim, din bilgisi Yakarış (з.е., діни, Тәңіріден бір нәрсе тілеу үшін айтылатын сөз, дұға).

2. isim Tanrı'ya yalvarma, yakarış için söylenen dinî metin (з.е. Тәңіріге жалыну, жалбарыну үшін айтылатын діни мәтін)». Демек, дуа мен батаның Тәңіріден сұрау, тілеу тәрізді ұқсас элементі бар. Бірақ дуада діни мәнмәтін басым. Ал, қазақтың батасы – ұлттық дәстүр. Міндетті түрде діни мәнмәтінде емес, адамның жадынан шыққан, әдеби сөздермен жазылған тілек те болады. Сондай-ақ, бата қазақ фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қарастырылады. Ұйқасты, ырғақты болып келеді.

Сол себепті түрік тіліне мәдени эквивалент емес, мақсатты оқырманның қабылдауында ұқсас әсер тудыратын функционалды эквивалентімен тәржімаланып, доместикацияланған. Ақын поэзиясындағы дұға қылу, ету тіркесі де *dua et* деп тәржімаланған. Бұл жағдайда толық діни мәдени эквивалент орын алған деп айта аламыз.

Ағылшын тіліне келер болсақ, Заманауи қазақша-ағылшынша сөздікте төмендегідей аударма ұсынылыпты: *Parting words, blessing, benediction* [120, p. 70].

Келесі үш тілдегі аудармада үш түрлі көрініс тапқан келесі этнографиялық реалия - *қара шаңырақ*. Бұл ұғым әлі күнге дейін халықтың дәстүрлі дүниетанымында маңызды орын алады:

Кесте 3.28

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Түркістан	Туркестан Б.Жылқыбаевтың аудармасы	Türkistan	Turkistan
Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта <i>қара шаңырақ</i> қалған жоқ па? [106, 188 б.]	Много тюрков ушло. Разбрелись кто куда. На туранской земле встал теперь Казахстан [113, с. 201].	Kalabalık Türk boyları ata mirasından kendilerine düşen hisseyi alıp dağıldıkları zaman, <i>dede mirası</i> Kazak'ta kalmış değil mi? [114, s. 271]	After many other Turks had claimed their own shares Didn't the " <i>black hole</i> ⁸⁶ " remain for the Kazaks? [113, p. 41]. “ ⁸⁶ black hole: the top edge of a tent, meaning the essential part of the country”

Орыс тіліне «На туранской земле встал теперь Казахстан» деп, түрік тіліне *dede mirası* - *ата-баба мирасы қазақтарға қалды деп* модуляция көмегімен, ағылшын тіліне *black hole* деп мәтін соңында “⁸⁶black hole: the top edge of a tent, meaning the essential part of the country” (қара ойық: мемлекеттің маңызды бөлігі деген мағынаны білдіретін шатырдың төбесі) деп тәржімаланады. Демек, ағылшын тілінде аудармашы түсті сақтап, ал шаңырақтың киіз үйдің төбесіндегі ойық түріндегі пішініне қарай *hole* деп атайды. Ағылшын тілінде екі түрлі аударма амалының комбинациясы орын алған: алдымен қара шаңырақ деген сөздің өзі трансформацияға ұшыраған және аудармашы мәтіннен тыс түсінік береді.

Сонымен, орыс және түрік тілдеріне логикалық жолдармен қара шаңыраққа шығып, доместикациялаған. Ал, ағылшын тілінде форенизацияланған.

Ал, қазақтың *сүйіншісін* ақын табиғатпен шендестіре Жазғытұрым (1) [106, 155 б.] өлеңінде қолданады:

Бірдеңе де былдырлап,
Көрінгеннен *сүйінші*
Сұрайтын жас баладай,
Асығып сулар жүгірер.

Судың ағысы мен сылдырын асыға қуанып сүйінші сұраған баланың жүгірісі мен дыбысына теңейді. Орыс тілі мен түрік тіліндегі аудармалары төмендегідей:

Кесте 3.29

Орыс тіліндегі А. Жовтистің аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы:
...и бежит вода, звеня, и смеется в свете дня, <i>рассказать о чем-то хочет</i> – как ребенок, все лопочет, разливаается ручей. Весной [113, с. 171].	Sular kahkahayla gülerек şırıldaуып, bir şeyler söyleyіp, gördüğünden <i>müjde isteyen</i> küçük çocuklar gibi acele edip koşar. İlk baharım [114, s. 47].

Орыс тіліне *рассказать о чем-то хочет* деп модуляция көмегімен, ал түрік тіліне *gördüğünden müjde isteyen küçük çocuklar gibi* (көрінгеннен жақсы хабар үшін қызық бір сыйлық қалаған кішкентай балалар сияқты) деп аударылған. Қазақ халқы жақсы хабар алып келгенде *Сүйінші* десе, түрік халқында *Müjde* дейді. Сүйінші сұрау - *müjde istemek*. Тек түрік халқында жақсы хабар үшін қызық, әзілшең сыйлық күтеді [150], ал қазақ халқы бағалы зат немесе ақша береді. Тіпті, ризалық білдіріп, қалағаныңды ал дейді. «Бұрынғы әдет-ғұрып заңы бойынша жоғалған қымбат затты тауып, не оның қайда екенін көрсеткен, не ұрыны ұстаған адамдар иесінен сүйінші дәметкен, егер иесі бұны беруден қашпақтаса, биге жүгінуге хақылы болған.

«Сүйінші көлемі хабаршының көрсеткен қызметіне және жоғалып табылған заттың бағасына байланысты анықталған. Мәселен, ұрланған малды тауып әкеліп берсе, одан әлгі малдың құнынан жиырмадан бірін, ал ұрыдан тартып алса, бестен бірін, ал ұрының өзін әкелсе, ұрланған малдың жарты құнындай сый алған. Егер хабаршы жоғалған малды көрмей, оның қайда екенің естуі бойынша жеткізсе, құлақ сүйінші алған. Ұры жоғалған малды өзі әкеліп берсе, әрине сүйінші дәметуге хақысы жоқ. Егер жоғалған малды табуға, не ұрының мойнына қойып беруге уәде етіп, сүйінші алған адам, уәдесін орындамаса, алған сүйіншісінің белгілі бір бөлігін қайтаруға тиіс. Жалпы қазақ халқында сүйінші жақсылықтың нышаны. Беті балбұл жанып сүйінші сұрай келген адамға қалағаныңды ал, деп қолын еш қақпаған. Сүйінші берілмеген жағдайда, сұраушының бағалы зат алып қашуына болады» [151, 415 б.]. Қазіргі кезде сүйінші берілмеген жағдайда биге жүгініп жатпаса да, бұл салт әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Демек, орыс тіліне модуляция көмегімен аударылып, доместикацияланса, түрік тілінде мәдени эквиваленті бар.

Ағылшын халқында, сәйкесінше тілінде мұндай түсінік жоқ. Сол себепті аудармада *asking present for bringing good news* деп сипаттап аударып, мәтін соңында қазақ халқында осындай салттың барын түсіндіріп жазу қажет болар. Заманауи қазақша-ағылшынша сөздіктерде төмендегідей түсіндірмелер келтірілген: *Suyunshi*

З.е. (ЭТН) exclamation used in telling good news. сүйіншілей - to tell good news [120, p. 332]; n. present given to smb. who brings good news [117, p. 207].

Қазақ халқына тән тағы да бір әдемі салт-дәстүрдің бірі – *сыбаға*. Сыбаға з.е. – құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағам [152, 97 б.].

Ақын *Балалық шағы - Патшаның тағы* (1) [106, 45 б.] атты өлеңінде білімге ұмтылған адамды қалай қарсы алатыны, жұртының көзқарасы қандай болатынын сипаттауда қолданады:

Жұртына мақтаулы,
Сыбаға сақтаулы,
«Пәлі!» деп қарсы алар.

Орыс тіліндегі аудармада өкінішке орай түсірілген:

Тот, кто в знаниях искушен,
Тот почетом окружен.

Мастер не сидит на всем готовом. Детские годы [113, с. 26].

Орыс тіліне сыбаға сақтаулы деген жолды *почетом окружен* деп модуляция көмегімен тәржімалайды. Әрине, құрметті әр түрлі көрсетуге болады. Сыбағаның орны бір бөлек. Бірақ сыбаға да – құрмет көрсету белгісі болып табылады. Демек, бұл аудармада мәдени колорит жоғалған, бірақ мағынасы толықтай болмаса да шамалас сақталған.

Ф. Тамирмен сұхбат барысында түрік халқында мұндай түсініктің жоғы айтылды. Ағылшын халқына да мұндай ұғымның таңсық екені айдан анық. Заманауи сөздікте ағылшын тілінде төмендегідей аударма ұсынылыпты: З.е. allotment; share; (ЭТН) meat or food meant for guests [120, p.334] Қосымшада Сөздікте түрік, ағылшын тілдерінде толық түсіндірмесі келтірілген.

Қазақ халқы келген қонаққа қашан да зор құрмет көрсеткен. Төрден орын берген. Әлі де «Төрлетіңіз» деп қонағына қошемет көрсетеді. *Төр* сөзі ақынның *Жердің жұмырлығы* (1) [106, 97 б.]; *Нағашыларға* (1) [106, 225 б.] өлеңдерінде қолданылған. Бірінші өлеңге назар қойсақ:

Оқудан қайтты жас Сапар,
Төрде отырған ақсақал
Орын берді қасынан.

Орыс тіліндегі аудармасында ө әрпін о әрпімен алмастырып, натурализациялап тәржімалайды:

С учебы домой возвратился Сапар!

Сидящий на *торе* аксақал

С собой усадил его рядом... Круглая земля [113, с. 209].

Демек, орыс тіліне *тор* деп форенизацияланған, қосымша еш түсінік берілмеген.

Түрік, ағылшын тілдерінде аталмыш реалиялардың эквиваленттері жоқ, дескриптивті түрде сипаттап түсіндіруге болады:

Onur yeri (bir yurtta, bir odada); bina girişinin karşısında arkada bir yer.

Заманауи қазақша-ағылшынша сөздікте:

«З.е. honorary place in the house; төрде on the honorary place» [117, p. 373] деп тәржімалаған.

Қазақтың тағы да бір әдемі салты – шашу. *Бұлқынып, бұғау үзген қарындас* өлеңінде ақын қарындасына арнаған өлеңін уыстап шашқан шашуға теңейді:

Тарту қылып тойыңа,
Уыстап шашқан *шашудай*
Ағаң өлеңді аңдатты...[106, 209 б.]

Орыс тіліне аудармашы мәтін соңында *свадебный ритуал* деп қосымша түсінік беру арқылы тәржімалайды:

Пусть мой стих подарком станет,
Как шашу¹ на свадьбе вашей [113, с. 209].

Ағылшын тілінде мұндай салт жоқ. Сол себепті транскрипциялап, қосымша түсініктеме беру қажеттілігі туындайды: Shashu n. the public custom of showering money, sweetmeat; gift [153, p. 261].

Ұлттық өнер, музыка

Қазақтың күйі (тарту) Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж-ге арналған) (1) [106, 126 б.]; Мені де, өлім, әлдиле (2) [106, 166 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.30

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Түрік тіліндегі аударма
Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж-ге арналған)	ДОМБРА (стихотворение в прозе) Б. Канапьяновтың аудармасы	DOMBIRA [3, 153]
Шымылдық та дірілдегендей...Жанымда қатар жатқан жігіт домбыраға бір күй тартып жатыр [106, 126 б.].	Толық оmissия [113, с. 134].	Yanımda yatan yiğit <i>dombırayla</i> bir nağme çalmakta... [114, s.153]
Мені де, өлім, әлдиле	И меня, смерть, убаюкай Л. Степанованың аудармасы	Ölüm, bana da ninni söyle
Жел, күңіренбе, жасың тый, Өлім күйі – тәтті күй [106, 166 б.].	Слышишь, ветер, уйми волнение – Смерть несет нам успокоенье...[113, с. 186]	Yel, ağlama; göz yaşını dindir. Ölüm nağmesi, güzel nağme[114, s.141].

Орыс тіліндегі аудармада бұл сөйлем түгелімен омиисияға ұшыраған. Ал, түрік тіліне екі жағдайда да күй тарту – nağme çalmak, күй – nağme деп

функционалды эквивалентімен аударылады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігі бойынша:

«Arapça nağme

1. isim Güzel, uyumlu ses, ezgi, melodi (з.е. әсем, үйлесімді дыбыс, саз, әуен).
2. isim, müzik Ezgi (з.е., музыка Әуен)» [121].

Хакім дегенде қай қазақтың болмасын ойына Абай келеді. Хакім (араб.: **حكيم**) — әр түрлі ғылымды меңгерген, сол ілімімен адамға ізгі қызмет қылуды мақсат еткен ғұлама [155, 113 б.].

Мағжан ақынның *Атақты ақын сөзі алтын хакім Абайға* (3) [106, 40 б.] атты өлеңі бар:

Шын *хакім*, сөзің асыл - баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.

Орыс тіліне бұл өлеңнің атауын *Золотому хакиму Абаю* деп тәржімалайды:

Благородный *хаким*, твое слово бесценно,
Пусть проходят века, твоя слава нетленна.
И другого такого, как ты, Человека,
Может быть, никогда не дождаться Вселенной [106, с. 17].

Яғни, бірінші жолдағы хакім сөзін сақтап қалған, тек қазақ тіліне тән *i* дыбысын *и* дыбысына алмастырып натурализациялайды. Бірақ үшінші жолдағы хакім сөзі түсірілген. Жалпы, *Қарадан хакім болған сендей жанды* деген жол еркін аудармамен аударылып, *қарадан хакім болу* семантикалық компоненті жоғалған. Қара сөзінің өзі тарихи-этнографиялық коннотацияға ие. Қара - қарасүйек сөзінің қысқарған түрі. «Қарасүйек – байырғы қазақ қоғамында ақсүйек тобына жатпайтын жай халық, қара халық. Қ.-тер ертеректе қараша, қара кісі, қара халық деп те аталған. Қазақ қоғамында қара сүйектер өз ішінде шаруалар (көшпелі малшы қауым, егінші жатақтар), билер, ақсақалдар, батырлар, бай-бағландар, құл-құтандар тәрізді әлеуметтік жіктерге бөлінген. Қара сүйектер мүліктік және жеке бастық құқығы бар ерікті тұлғалар деп танылған. Сондықтан әлеуметтік, саяси, құқықтық т.б. мәселелерді шешуде халықтық жиындарға қатыса алатын болған» [156, 78 б.]. Яғни, Абай осындай қарадан хакім болған тұлға.

Түрік тілінде бұл өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ айтылуы да, мағынасы да дәл келетін *hakim* сөзі қолданылады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзге төмендегідей анықтама берілген:

«*hakim(haki:m)*, Арапша *ḥakīm*

1. sıfat, eskimiş Bilge. (сын есім, көнерген, Дана, данагөй, данышпан)
2. sıfat, eskimiş, din bilgisi Her şeyi bilen (Tanrı)». (сын есім, көнерген, дін бойынша әр нәрсені білетін (Тәңір)) [116].

Ағылшын тіліне *sage; thinker* деп тәржімалауға немесе транскрипциялап, түсіндірмесін беруге болады: *Hakim (sage; thinker) is an Arabic word that literally*

means “one who judges between people,” that is, a judge. Also means "possessor of wisdom" (hikma).

Қазақтың *serici* Сәлем хат (1) [106, 206 б.]; Өткен күн (1) [106, 85 б.] өлеңдерінде қолданылған. Орыс тілінде бұл өлеңдердің аудармасы жоқ. Бірақ сөздіктерде транскрипцияланып аударылады:

этно. Сери (певец; музыкант, артист, фронт, щеголь).

Түрік тілінде *Өткен күн* өлеңінің аудармасында транскрипциялап, мәтіннен тыс *Seri: Kazaklarda eskiden halk arasında serbestçe dolaşan ve eğlenceler düzenleyen halk sanatçıları* (Қазақтарда ертеде халық арасында еркін жүріп, халықтың көңілін көтеретін халық әртістері) деп қосымша түсініктеме берілген:

Кесте 3.31

Түпнұсқа	Түрік тіліндегі аудармасы
Алты Алашқа атақты – Бәрі ақын, сері еді [106, 85 б.].	Hepsi <i>Altı Alaç'ta</i> meşhur, bir sözü bin altın değerinde olan şairler ver seriler (1) idi. Geçmiş gün [114, s. 247] Seri: Kazaklarda eskiden halk arasında serbestçe dolaşan ve eğlenceler düzenleyen halk sanatçıları

Ағылшын тілінде қазақша-ағылшынша сөздікте мынадай аударма ұсынылған: «Seri з.е. (ЭТН) singer; composer and poet (сері з.е. әнші, композитор және ақын)» [117, p. 318]. Бірақ бұл аударманың толыққандылығымен келіспей, төмендегідей қосымша ақпарат Сөздікте Қосымшада ұсынылды: «Seri were masters in a range of genres: poets and orators, singers and dancers, even skilled wrestlers, horse masters and horse trainers. At the same time, their main difference from akyns and zhyrau was that they furnished the whole action as the most eccentric, colorful and cheerful theatrical performance. We can say that it was a real Kazakh nomadic theater».

Әкімшілік бөлініс, қоғамдық өмір, билік атаулары

Алаш сөзі ақынның поэзиясында өте жиі кездеседі. Бұл сөзді профессор Тимур Кожаоглу да өзінің аударма кітабының соңында ақын шығармашылығында көп кездесетін сөздердің қатарына енгізеді. Оның бірден-бір себебі ақын өмір сүрген уақыттағы қазақ даласындағы тарихи-саяси, әлеуметтік, қоғамдық жағдай. Алаш деп ақын қазақ халқын атайды, алаш деп ұрандайды. Жалпы қазіргі қоғамдық мәнмәтінде алаш сөзін естігенде оқырмандарда түрлі ассоциациялар туындауы мүмкін: Алаш партиясы, Алаш қозғалысы, ата-бабалар, қазақ халқы немесе «алаш» деп ұрандаған жаугершілік заман. Сол себепті ақынның ниетін дәл тауып басып тәржімалау аудармашыларға қиындық тудыратыны анық әрі тарихи білімді қажет етеді.

Бұл сөзді ақын Есімде тек таң атсын! (2) [106, 59 б.]; Сүйемін (1) [106, 96 б.]; Түркістан (5) [106, 188-189 бб.]; Мен жастарға сенемін (4) [106, 82 б.]; ...ҒА (1) [106, 83 б.]; Тәңірі (1) [106, 88 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.32

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
1	Есімде тек таң атсын!	Как только солнце взойдет! В. Антоновтың аудармасы	Aklımda...tek tan atsın!	
	Алтайдың ақиығы – алғыр құсы, <i>Алаштың</i> Арқада еркін ойнақтаған, Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі? Сәулесі қызыл алтын – сәлем еді, «Көргенше қош, <i>алаш!</i> » деп амандасты [106, 59 б.].	Алтая краса, белоглавый <i>Алаш</i> , Паривший бесстрашно над степью дневною, Неужто жизнь даром ты отдашь? Вот солнце, садясь, на прощанье махнуло Холодным лучом: «До свиданья, <i>Алаш!</i> » [113, с. 45].	Altay'ın ak ıyığı, alğır kusu olan <i>Alaç'in</i> , yol bekleyen yavuz düşmanla bir işi oldu mu? Kızıl altın ışığı, selâmı idi. ' <i>Alaç!</i> Tekrar görüşünceye kadar hoşça kal!' [114, s. 249].	-
2	Түркістан	Туркестан Б.Жылқыбаевтың аудармасы	Türkistan	Turkistan
	Әділ хан аз болады Назардайын, <i>Алашқа</i> Есім ханның жолы дайын. Бұл Тұран ежелден-ақ <i>алаш</i>	Хан Назар справедливый! Такого уж нет. Есим-хан дал Алашу дорогу и свет. На Туранской земле зародился	Nazar Han (1) kadar âdil han az bulunur; <i>Alaç'a</i> Esim Han'ın (2) kanunları uygundur. Bu Tūrân ülkesi, ezelden beri	There can be only a few fair khan like Nazar. The codes of Esi, Khan are suitable to Alash ⁹⁷ . Turan is eternally the land of White

3.32 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	жері, Тұрансыз тарқамаған <i>алаш</i> шері. Тұранның топырағында тыныштық тапқан <i>Алаштың</i> арыстаны — Абылай ері...	<i>Алаш.</i> Без Турана печальный <i>Алаш</i> не <i>Алаш.</i> На туранской земле упокоился прах Аблай-хана, кто жизнь положил за <i>Алаш!</i>	Алаç'ın mekânıdır; Türân'da yaşamazsa Алаç'ın üzüntüsü gitmez. Алаç'ın yiğidi, arslanı Abılay Han; Türân'ın toprağında sükûnet bulmuştur.	Alash, Outside Turan the Alash heroes never took root. It was in Turan's soil that the lion of Alash, Hero Ablay, at last found peace.
	Арқанын ардагері - қалың <i>алаш</i> , Тұран да, біле білсең, сенің жерің! [106, 188- 189 бб.]	О, любимец степей, всем любезный <i>Алаш</i> , Знай, что только Туран – отчий дом твой родной [113, с. 201; 202].	Arkanın en saygılısı kalabalık Алаç! Türân da senin yerin...Bile bilsen! [114, s. 271]	For its birthplace? Oh, esteemed Alash, Turan, if you know, is your land! [115, p. 41]
3	Мен жастарға сенемін!	Я верю в молодых! А. Соловьевтың аудармасы	Ben gençlere güveniyorum!	I believe in youth!
	Айбынды алаш елім дер, Алтын Арқа жерім дер, Мен жастарға сенемін!	Что народ Алаша чтут, Золотой Арку зовут, - Верю, верю в молодых!	'Serefli Алаç (2) milletim.' derler. 'Altın Arka (3) vatanımdır.' derler. Ben gençlere güveniyorum.	Say my Majestic Alash nation, Say my Golden backbone, I believe in youth!
	Алаш айбынды ұраны, Қасиетті құраны, Алаштың олар құрбаны, Мен жастарға сенемін! [106, 82 б.]	Если знамя их Алаш, И Коран священен наш – С ними в жертву жизнь отдашь. – Верю, верю в молодых! [113, с. 75]	'Алаç' sözü, heybet veren parolararıdır; mukaddes Kur'ân'lari vardır; onlar Алаç'ın kurbanlarıdır. Ben gençlere	Alash ²³ – the Majestic warcry, The dignity of Quran, They sacrifice themselves to Alash, I believe in youth! [157, p.

3.32 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			güveniyorum. [114, s. 287]	77-78]
	...ҒАГА А. Соловьевтың аудармасы	...’ҮА	-
	Күні ертең айбынды Алаш жинап есін, Көксеген көп заманнан тілегіңді Жарыққа шығаруға жұмсар күшін [105, 83].	Снова духом для борьбы воспрянем мы И мечту заветную Алаша В яви воплотим, восстав из тьмы [111, 76].	Heybetli <i>Alaç</i> , bugünlerde aklını başına toplayıp, çok zamandan beri senin arzuladığın dileği gerçekleştirmek için gayret ediyor [112, 241].	-
5	Тәңірі	Тенгри А. Ширяевтың аудармасы	Tanrı	
	Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ - <i>Алашқа</i> әлде жазғаны бар да шығар?[106, 88 б.]	А нам – ни пророка, ни вещего слова. Видать, у <i>Алашей</i> другая судьба [113, с. 79].	<i>Alaç’a</i> (2) ne elçin, ne de yol gösterir kitabın yok. Herhalde Tanrının takdiri vardır[114, s. 205].	-
6	Сүйемін	Люблю Л. Степанованың аудармасы	Seviyorum	
	<i>Алаш</i> деген елім бар, Неге екенін білмеймін – Сол елімді сүйемін! [106, 96 б.]	И это мой <i>Алаш</i> , его люблю, А вот за что люблю и почему – Сам не пойму [113, с. 94].	<i>Alaç</i> (2) adlı elim var. Niye olduğunu bilmiyorum; ama ben o milletimi seviyorum[114, s. 185].	-

Демек, орыс тіліне *алаш* сөзі түгелімен трансференцияланған, қосымша түсінік берілмеген. Орыс тіліндегі аудармада назар аудартатын жағдай барлық аудармада алаш сөзі бас әріппен берілген. Түпнұсқада ақын жалпы қазақ халқын алаш атымен атап, қазақ сөзінің баламасы ретінде қолданып, кішкентай әріппен жалпы есім ретінде көрініс тапқанымен, орыс тілінде түгел

жалқыланған. Демек, мақсатты оқырман оны халық аты ретінде емес, басқаша қабылдауы мүмкін. Сондықтан алаш сөзінің аудармасы аудармашыдан біраз мұқияттылықты талап етеді. Түрік тіліндегі аудармасында мақсатты тілдің фонологиясына бейімделіп, натурализацияланған. Үш өлеңнің аудармасында мәтін соңында Алаш: Kazak (Алаш: қазақ) деп қосымша түсіндірме берілген. Ағылшын тіліне де мәтін соңында түсіндірме берілген. Тек екі өлеңде екі түрлі: Түркістанда ⁹⁷Alash: the historical unity of the Kazaks (Алаш: қазақтардың тарихи одағы) деп, Мен жастарға сенемін өлеңінде Alash is national motto and ancient warcry of the Kazakhs (Алаш қазақтардың ұлттық ұраны және ежелгі соғыста айтылатын ұраны) деп түсіндіреді. Үш тілдегі жалпы аударма сұлбасы төмендегідей:

Кесте 3.33

Орыс тіліндегі аударма	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
Алаш (2) Как только солнце взойдет [113, 45];	Алаш (2) Aklımda...Tek Tan Atsın [114, 251];	Alash(5) Turkistan [115, 41]: ⁹⁷ Alash: the historical unity of the Kazaks; Alash(4) I believe in youth [115, 77-78]: Alash is national motto and ancient warcry of the Kazakhs.
Алаш (5) Туркестан [113, 201, 202];	Алаш(5) Türkistan [114, 269, 271]	
Алаш (3) Я верю в молодых [113, 75];	Алаш (4) Ben Gençlere Güveniyorum [114, 287]. Алаш: Kazaklar (Алаш: қазақтар); Алаш(1) ...’Ya [114, 241];	
Алаш(1)га [113, 76];	Алаш(1) Tanrı [114, 205].	
Алаш(1) Тенгри [113, 79];	Алаш: Kazaklar (Алаш: қазақтар). Алаш(1) Sevıyorum [114, 185].	
Алаш (1) Люблю [113, 94].	Алаш: Kazak (Алаш: қазақ);	

Келесі туыстас ұғым - *алты алаш*. Ақынның Толғау (1); Тәңірі (1) [106, 88 б.]; Түркістан (1) [106, 189 б.]; Еділде (1) [106, 203 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.34

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
1	Түркістан	Туркестан Б.Жылқыбаевтың	Türkistan	Turkistan

3.34 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		аудармасы		
	Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме, Түркістан <i>алты алаиқа</i> болған Кебе [1, 189 б.].	Шумақ толығымен аударылмаған	‘Sarı Arka’ya Tūrân’dan ayrıdır’ deme; Türkistan, <i>Altı Alaça</i> gebe olmuştur [114, s. 271].	Don’t speak of the steppes as outside of Turan Turkistan gave birth to the <i>Six Alash</i> ¹¹⁹ [115, p. 41] ¹¹⁹ Six Alash: the legendary ancestors of the Kazaks
2	Тәңірі	Тенгри А. Ширяевтың аудармасы	Tanrı	
	Соншама кең рахметтен құр тастайтын, Баласы <i>алты Алаштың</i> - біз не қылдық? [106, 88 б.]	От веку живем без твоей благодати, <i>Потомки Алашей</i> , - в чем наша вина? [113, с. 79]	O kadar geniş rahmetten nasipsiz bıraktığın <i>Altı Alaç’ın</i> (1) evlâdı ne yaptık [114, s. 178]. <i>Altı Alaç: Bütün Kazaklar.</i>	-
3	Еділде	На волге А. Соловьевтың аудармасы	-	-
	Арқада жатқан <i>алты алаш</i> Ол күнде болған ағайын [106, 203 б.].	И <i>алашей</i> из Арки Каждый братьями считал...[113, с. 219]	-	-
4	Өткен күн	-	Geçmiş gün	-
	<i>Алты алаиқа</i> атақты – Бәрі ақын, сері еді [106, 85].	-	Hepsi <i>Altı Alaç’ta</i> meşhur, bir sözü bin altın değerinde olan şairler ver seriler idi [114, s. 241].	-

Кесте бойынша, алты алаш атауы орыс тіліне *потомки Алашей* және көпше түрде *алаши* деп модуляция көмегімен аударылып, доместикацияланады. Түрік тіліне Тәңір өлеңінің аудармасында *Altı Alaç: Bütün Kazaklar* (Алты Алаш: барша қазақтар) деп мәтіннен тыс қосымша түсіндірме берілсе, қалған өлеңдерде *Altı Alaç* деп натурализацияланып, тәржімаланады. Яғни, тек түрік тілінің фонологиясына бейімделеді. Ағылшын тіліне ¹¹⁹*Six Alash: the legendary ancestors of the Kazaks* (Алты Алаш: қазақтардың аңызға айналған ата-бабалары) деп тіркестің өзін калькалап, мәтін соңында қосымша ақпарат ұсынылады.

Ақын шығармашылығында ерекше жылы лебізбен, алыстағанда сағынышпен жиі аталатын – қазақтың *ауылы*. Айда атыңды, Сәрсембай (2) [106, 90-91 б.]; Бесік жыры (1) [106, 91б.]; Мағарри сөздер (1) [106, 99 б.]; Еділдің сағасында (2) [106, 205 б.]; Өткен күн (1) [106, 85 б.]; Жылқышының үйінде (Қысқы түнде шеше мен бала) (1) [106, 207 б.]; Оқудағы қарындас (3) – ауыл (2), ауылшыл (1) [106, 226 б.], Ақ қала (1) [106, 211 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.35

Орыс тіліндегі аудармалары	Түрік тіліндегі аудармалары
Аул	Avıl; köy
Аудармада:	Аудармада Avıl (4); köy (1):
Аул (2) Погоняй Лошадку, Сарсембай!.. [113, 83];	Avıl (2) Sür Atını, Sersembay [114, 239] anlatma yok;
Опущение (1) Колыбельная [113, 85];	Avıl (1) Beşik Şiiri [114, 225]: Avıl: 2-20 keçe evden meydana gelen yerleşmiş birirmi (Ауыл 2-20 дейін киіз үйден құралған тұрғылықты жер);
Аул (1) Четверостишия [113, 96];	
Аул (2) На Берегу Волги [113, 221];	
Аул (1) В Доме Табунщика (В Зимнюю ночь – мать и сын) [113, 223];	Avıl (1) Geçmiş Gün [114, 247]: Avıl: 2-20 keçe evden meydana gelen yerleşmiş birirmi (Ауыл 2-20 дейін киіз үйден құралған тұрғылықты жер).
Аул (2), аульная (1) Сестренка На Учебе [113, 226-227];	Köy (1) İbretli Sözleri [114, 317]: köy Farsça küy 1. isim Yönetim durumu, toplumsal ve ekonomik özellikleri veya nüfus yoğunluğu yönünden şehirden ayırt edilen, genellikle tarımsal alanda

3.35 – кестенің жалғасы

1	2
	çalışılan, konutları ve öteki yapıları bu hayata uygun yerleşim birimi, köylük yer, köy yeri.

Ауыл сөзі орыс тіліне барлық аудармаларда орыс тілінің фонологиясына бейімделіп дыбысы түсіріліп, аул деп натурализацияланып тәржімаланған. Түрік тіліне *Avıl* деп транскрипцияланып, мәтіннен тыс *Avıl: 2-20 keçe evden meydana gelen yerleşmiş birirmi* (Ауыл 2-20 дейін киіз үйден құралған тұрғылықты жер) деп қосымша түсіндірме арқылы аударылған. Тек *Mağarri сөздер* өлеңінің аудармасында ауыл сөзінің түрік тіліндегі функционалды эквивалентімен доместикацияланып тәржімаланған. Қазақ тіліндегі - ауыл, түрік тілінде – köy:

Köy (1) İbretli sözleri [114, s. 317]:

Ал, тарихи *ауылнай* сөзі ақынның *Қойшының аләуләйі* (2) [106, 215 б.] өлеңінде қолданылған:

Ылғи ғана құйрық пен бауыр жер едім,

Егер ғана мен де болсам *ауылнай, ауылнай*.

«Ауылнай тар. з.е. – отаршылдық кезеңдегі қазақ ауылдарын басқару мәселесімен айналысқан жергілікті билік иесі, биліктің ең төменгі сатысы – ауылбасы. А. ауыл деңгейіндегі саяси, шаруашылық және мәдени шараларды ұйымдастыру және реттеу мәселелерімен айналысты. А. лауазымына ХІХ ғ. басында патша үкіметінің «Сібір қазақтары туралы жарғысы» бойынша ашық дауыспен үш жылға сайланып отырған [95, 289 б.].

Орыс тіліне *аулнай* деп орыс тілінің фонологиясына, сосын морфологиясына бейімделіп тәржімаланады, әрі ешқандай түсіндірме берілмейді:

Я бы тоже курдюк вместе с печенью ел,

Если б был *аулнаем* в округе моей. Песня «айуля=ау» [113, с. 238].

Түрік, ағылшын тілдеріне аталмыш өлеңнің аудармасы жоқ. Бұл тарихи атаудың түрік, ағылшын тіліндегі анықтамасы Сөздікте Қосымшада көрсетілді.

Келесі тарихи көнерген сөз, қазақ хандығының тарихында ерекше орын алатын – *билер*. Би сөзі ақынның Мен кім? (1) [106, 203 б.]; Бір биге (3) [106, 105 б.]; Түркістан (2) [106, 188 б.], Өткен күн (1) [106, 85 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.36

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тілінде
Мен кім?		Ben kimim	
Өзім - патша,	-	Padişah kendim, kadı kendim, <i>biy</i> (2)	-

3.36 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
өзім - қазы, өзім - би, Қандай ессіз не қылдың деп тергейді? [106, 203 б.]	-	kendimim. Hangi akılsız ‘Ne yaptın?’ diye sorguya çekiyor. [114, s. 285] Biy: Kazakların örki hukukunu çok iyi bilen, Kazaklar arasındaki dâvâları, bu hukuk esaslarına göre halleden itibarşı kimse (Қазақтардың дәстүрлі құқықтық нормаларын жақсы білетін және қазақтар арасындағы қатынасты, дау-дамайларды соған сай реттейтін өте беделді тұлға).	-
Бір биге	Одному бию В. Антоновтың аудармасы	Bir biy’e	-
Ә, биіміз, биіміз, Түрленіп қапты үйіңіз... [106, 105 б.]	О бий! Воистину ваш дом Стал чашей, полною достатка. [113, с. 108];	A biyimiz, biyimiz! Eviniz güzellişmiş. [114, s. 301] Biy: Kazakların örki hukukunu çok iyi bilen, Kazaklar arasındaki dâvâları, bu hukuk esaslarına göre halleden itibarşı kimse (Қазақтардың дәстүрлі заңын жақсы білетін және қазақтар арасындағы даулы мәселелерді сол заң бойынша шешетін беделді тұлға).	-
Түркістан	Туркестан Б.ЖЫЛҚЫБАЕВТЫҢ	Türkistan	Turkistan

3.36 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	аудармасы		
Тұранның билері бар Тарағайдай, Сол биден Темір туған от боп ойнай [106, 188 б.].	Был в Туране средь биев мудрец Тарагай. Сын его Тамерлан возвеличил наш край...[113, с. 201].	Türân'ın Toragay gibi beyleri vardır... Temür, o beyin ateş olarak doğmuş oğludur [114, s. 269].	Turan has chieftains such as Taraghay. From whom Tamerlane was born lika a fireball [115, p. 39].
Өткен күн	-	Geçmiş gün	-
Ұзап кетпес артық іс, - Бітімге биге келеді [106, 85 б.].	-	Bir iş çıkarsa, iş fazla uzayıp gitmez...Anlaşmak için biye geliyor [3, s. 245]: Biy: Kazakların örki hukukunu çok iyi bilen, Kazaklar arasındaki dâvâları, bu hukuk esaslarına göre halleden itibarşı kimse (Қазақтардың дәстүрлі құқықтық нормаларын жақсы білетін және қазақтар арасындағы қатынасты, дау-дамайларды соған сай реттейтін өте беделді тұлға).	-

Орыс тіліне би сөзі барлық аудармада сол қалпында трансференцияланып тәржімаланған. Түрік тіліне транскрипцияланып, мәтіннен тыс қосымша түсіндірме берілген. Тек Түркістан өлеңінде биді *bey* деп аударарды. Түрік тілінің түсіндірме сөздігі бойынша *bey* (I)

1. isim Erkek adlarından sonra kullanılan saygı sözü (з.е., ер адамдардың атынан соң қолданылатын құрмет сөзі);
2. isim Erkek özel adları yerine kullanılan bir söz (з.е. ер адамдардың жалқы есімінің орнына қолданылатын сөз: Бір бей сізді іздеді).
3. isim Eş, koca(з.е. күйеу, жар):

4. isim Erkek sıfatlarının hemen arkasına eklenir (ер адамдарға қатысты сын есімдердің артынан қолданылады: Doktor bey. Damat bey).
5. isim, tarih Küçük bir toplumun veya küçük bir devletin başkanı (кішкентай бір қоғам немесе мемлекеттің басшысы).
6. isim, askerlik Komutan (з.е. әскери, командир)
7. isim, eskimiş Zengin, ileri gelen kimse, bay (I) (з.е. көнерген, Бай, танымал кісі).

Қалай болғанда да аудармашы өзі «Қазақтардың дәстүрлі заңын жақсы білетін және қазақтар арасындағы даулы мәселелерді сол заң бойынша шешетін беделді тұлға» деп анықтама бергендей bey сөзі қазақтың биіне, билер институтына теңесе алмайды.

Ал, ағылшын тіліне функционалды эквивалент көмегімен *chieftain* деп тәржімалайды. Сөздік бойынша chieftain:

Американдық ағылшын тілінде:

('tʃiftən)

countable noun

“A chieftain is the leader of a tribe”...the legendary British chieftain, King Arthur (саналатын з.е., Чифтейн - тайпаның көшбасшысы...Аңызға айналған ағылшын чифтейні - Артур патша)

Британдық ағылшын тілінде:

('tʃi:ftən, -tɪn)

1. the head or leader of a tribe or clan

2. the chief of a group of people (Collins dictionary n.d.) [158].

Ағылшын тілінде де бұл сөзбен бидің атқаратын елде билік жүргізу, даулы мәселелерді шешу тәрізді ұқсас функциялары болғанымен, толықтай қазақ даласының билер институтын суреттей алмайды.

Патшалық Ресейдің қол астына өткеннен кейін пайда болған әкімшілік билік атауларының бірі - *болыс, болыстық* Жатыр (1) *болыстық* [106, 34 б.]; *Қазағым* (1) *болыстық* [106, 46]; *Қойшы бала мен күшік (болыс)* (3) [106, 201 б.]; *Қойшының әләуләйі (болыс)* (2) [106, 215 б.] өлеңдерінде аса жағымсыз сарында, үнемі қарын қамын ойлайтын образда қолданылады:

Кесте 3.37

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
1	Жатыр өлеңі	Мой народ Қ. Бакбергеновтың аудармасы
	Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр, Бар малын <i>болыстыққа</i> сарқып жатыр [106, 34 б.].	Богатство транжиря, богатые <i>рвутся во власть</i> , Ничем не гнушаясь, - дай властью потешиться всласть! [113, с. 7]
2	Қазағым өлеңі	Мой казах А. Соловьевтың аудармасы
	Тасталық <i>болыстыққа</i> таласуды, Таласып, жаман кезбен қарасуды	Место <i>волостного</i> поделить – Значит, друг на друга злость излить

3.37 – кестенің жалғасы

1	2	3
	[106, 46 б.].	[113, с. 28].
3	Қойшы бала мен күшік	Мальчик-чабан и щенок Т. Васильченконың аудармасы
	Бір бағыланды сойғызып, Іргеге жастық қойғызып, Үйіне <i>болыс</i> кеп отыр. Бір бала отыр анадай, Беті-қолы қара май, Көзі <i>болыс</i> көзінде. Сонда <i>болыс</i> ыңқ етіп, Үйдің ішін мұңкітіп, «Өһ!» деп бір кекірді [106, 201 б.].	Подушки разложив для <i>волостного</i> , Подав ему барашка молодого, Хозяин угощает гостя всласть. А у двери малчишка неугодный, На нем одежда грязная, худая. На <i>гостя</i> он глядит, слюну глотая... А <i>волостной</i> рыгнул, воняя ртом. [2, с. 216-217];
4	Қойшының әләуләйі	Песня «айуля=ау» Т. Васильченконың аудармасы
	Әләуләй, әләуләй, әләуләй! Ылғи ет жеп жүреді елде <i>болысың-ай</i> . <i>Болыс</i> болсам, арманым не, уа, шіркін! Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар?[106, 215 б.]	Айулэй, айулэй, айулэй, айулэй! Мясо жирное ест <i>волостной</i> у людей. Ну а если б я стал <i>волостным</i> ?...О, мечты! Кто б тогда на джайляу овец выгонял? [2, с. 238].

Ең бірінші Жатыр өлеңінің аудармасында болыстыққа ұмтылуды *рваться во власть* деп модуляция әдісімен тәржімалайды. Яғни, болыстық деген сол билік. Қалған жағдайлардың бәрінде *волостной* деп тәржімаланған. Жалпы, болыстықтың өзі Ресей империясынан келген әкімшілік билікті ұйымдастыру формасы: «Волость — нижняя единица административно-территориального деления на Руси, в Великом княжестве Литовском до начала XV века, и в России с конца XVIII века в сельской местности» [159, с. 191]. Болыс деген сөздің осы волосттың керісінше қазақ тілінің фонологиясына бейімделген нұсқасы. Түрік, ағылшын тілдерінде бұл өлеңдердің аудармасы жоқ. Сөздікте Қосымшада аталмыш тілдерде анықтамалары берілді.

Байлар да – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік топ болатын. 20 ғасырдың 30-жылдарындағы сталиндік режим, большевиктердің таптық

қысымы бүкіл қазақ этносының трагедиясына айналды, байлар мен кулактарды тап ретінде жойды. Ақынның *Үйдегі үнсіз қарындас*, *Жазғытұры* өлеңдерінде қолданысқа түседі. Бірінші өлеңде қарындасын сипаттай келе, соңында ақыры бір бай сатып алады-ау деп ой толғайды:

Әкеңменен қол соғып,
Алады-ау сатып сасық бай [106, 208 б.].

Орыс тіліне дәл солай *бай* деп трансференцияланып, форенизацияланады:
Все решит обычный случай:

По рукам с отцом ударив,
Тебя купит *бай* вонючий,
Как овцу берут в отаре [113, 224 б.].

Жазғытұры өлеңінде байлардың жылқы шаруашылығына қатысты тірлігін суреттеледі:

Ұлы *бай* жылқы қамап, қыл күзеуге
Белсенген жылқышыға ноқталатып [106, 36 б.].

Орыс тіліне:

Лошадей арканят в *байском* табуне,
Их взнуздать и укротить спешат. Весенняя пара [113, с. 11]

Түрік тіліне *zengin* – бай деп функционалды эквивалентімен тәржімаланады:

Büyük *zengin*, at sürüsünü karatıp, gayretli at çobanına yularla yakalatıp atlarını killarını kırktırır [114, s. 45].

Тарихи мәнмәтінде де, бертін келе өзінің семантикалық аясын біраз тарылтқан *батыр* сөзі ақынның Айға (1) [106, 87 б.]; Қазақ тілі (2) [106, 78 б.], Жер жүзіне (1) батыр жүрек [106, 79 б.]; Бесік жыры (1) батыр жан [106, 92 б.]; Жәй әншейін ойын ғой (2) [106, 173 б.]; Орал тауы (2) [106, 56-57 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.38

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аудармасы
1	Айға	Луне Л.Шашкованың аудармасы	Ау'а	To the moon
	Жас едім, жалынды едім, <i>батыр</i> едім, Қолыма қонып еді ол уақыт бақ [106, 87 б.].	Юность дала мне и силу, и <i>смелость</i> , Счастье мне голову позолотило [113, с. 78].	Genç idim, ateşli idim, <i>kahraman</i> idim. O vakit talih kuşu koluma konmuş idi [114, s. 201]	I was young, I was fiery, I was a fearless <i>hero</i> , At that time the fortune was landed on my hand.

3.38 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
				[113, p. 87]
2	Қазақ тілі	Родной язык С.Мнацаканяның аудармасы	Kazak dili	-
	Күш кеміді, айбынды ту құлады, Кеше <i>батыр</i> – бүгін қорқак, бұғады. Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ, <i>Батыр</i> , хандар — асқан жандар ұмытылды! [106, 78 б.]	Неужто навсегда иссякли силы? Бегут <i>батыры</i> , бросив знамена... Неужто золотая мать забыта, И загнаны <i>великие</i> в тупик? [113, с. 68]	Kuvvet azaldı, heybetli bayrak yere düştü. Geçmişin <i>kahramanı</i> bugün korkak, saklanıyor. Altın anamız olan yüksek Altay Dağları hatırda yok; <i>kahraman hanlar</i> , büyük adamlar unutuldu. [114, s. 257-258]	-
3	Жер жүзіне	Всему миру... Б. Қанапияновтың аудармасы	Yer yüzüne	-
	Талай тайғақ, тар кешуде таймаған <i>Батыр</i> жүрек, қайрат енді алдай ма?! [106, 79 б.]	Если только натягивал я тетиву – <i>Уповал я на</i> <i>сердце</i> , прищуря свой глаз [113, с. 69]	Birçok kaygan ve dar geçitte kaymayan <i>kahraman</i> yürek ve gayret, şimdi aldatır mı? [114, s. 259]	
4	Бесік жыры	Колыбельная Т. Фроловскаяның аудармасы	Beşik şiiri	-
	Қайнап қаның, <i>Батыр</i> жаның Ерікке ұмтылар [106, 92 б.].	Выйдешь на врага. Как <i>батыр</i> народа Зовоюй свободу... [113, с. 87]	Senin kanın kaynaуыр, <i>kahraman</i> canın hürriyete atılır [114, s. 225].	
5	Орал тауы	Горы урала В. Антоновтың аудармасы	Ural dağı	-
	Қорықпайтын таудан, тастан <i>батыр</i> түрік		Dağdan ve taştan korkmayan <i>kahraman</i> Türk,	

3.38 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Қойныңа жайыменен кіріп еді. Қосылып <i>батыр</i> түрік балалары, Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге Орал. [106, 56-57 б.]	<i>Храбрый</i> тюрөк лелеял красу этих мест, Кочевал не во вред ей, с опаской. Дети <i>тюрков-батыров</i> , у топчущих нас Перехватим	koynuna yaуı ile girmiřti. <i>Kahraman</i> Türk çoçukları! Birlesip, Ural'ı çıĝnetmeyiniz! Düşmanın yolunu kesip dizgine sarılınız! [114, s. 261; 263]	-

Демек орыс тіліндегі аудармаларда батыр сөзін *батыры*, *батыр народа*, *тюрков-батыров* деп трансференция, жартылай калькалау әдістерімен, сондай-ақ, *смелость*, *храбрый* деп, хандар мен батырларды жалпы *великие* деп модуляция көмегімен тәржімаланғанын көреміз. Түрік тіліне барлық жағдайда *kahraman* деп мәдени эквивалентімен аударылады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігі бойынша *kahraman* зат есім де, сын есім ретінде де қолданысқа түседі. Сын есім ретіндегі мағынасы: «sıfat. Savaşta veya tehlikeli bir durumda yararlık gösteren (kimse), alp, yiğit (сын е. Соғыста немес қауіпті бір жағдайда пайдасы тиген (адам), алып қаһарман) [118]. Ағылшын тілінде ерекше ерлік көрсеткен адамды атайтын *hero* сөзімен тәржімаланады. Яғни, орыс тілінде доместикация және форенизация аралас қалпында қолданысқа түссе, түрік және ағылшын тілінде толық доместикация орын алған. Ежелгі жаугершілік замандарда қандай да болмасын халықтың жауға шапқан батырлары болған. Оларды құрмет тұтқан. Әр халықтың тілінде өзгеше аталғанымен, мағынасы бір. Кейбір мағыналық қабаттардың өзгешелігін есепке алмағанда бұл сөзді де төрт тілдегі универсалийлер қатарына енгізуге болады, Мысалы, батырлар қазақ халқында жеке әлеуметтік топ болған, атадан балаға берілетін кәсіп ретінде қарастырылған.

Тарихи қазақ қоғамындағы орын алған тағы да бір әлеуметтік топ – *төрелер*. Ақынның Жатыр (1) [106, 34 б.]; Жәй әншейін ойын ғой... (1) [106, 172 б.] өлеңдерінде қолданылған. Бірінші өлеңде ақын:

Біреулер оқып *төре* болып жатыр,

Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.

Ұмытып өзін- өзі бұл сабазың,

Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр, - деп жазады.

Орыс тіліндегі аудармада *белая кость* деп мәдени эквивалентпен аударылған:

Чиновники все из себя образованных гнут,

В усердьѣ чрезмерномъ любого за пояс заткнут.

Мы – гордость, мы – цвет, мол, мы – *белая кость*,

И кроткий, покорный народ подставляют под кнут [113, с. 7].

Орыс тіліндегі фразеологиялық сөздік бойынша *белая кость* дегеніміз:

«Устар. Человек знатного происхождения или принадлежащий к привилегированному сословию в дореволюционной России» [160, с. 54].

Төрелер де өздерін ақсүйектер қатарына жатқызған. Түрік және ағылшын тілдерінде бұл өлеңнің аудармасы жоқ. Сөздікте төре сөзінің анықтамалары түрік және ағылшын тілдерінде берілген. Заманауи қазақша-ағылшынша сөздікте төре сөзіне төмендегідей анықтама берілген: *Tore hist. aristocrat; having sultan's origin hist* [121, 373].

Келесі тарихи *хан* сөзі Түркістан (5) [106, 187; 189 б.]; Қазақ тілі (1) [106, 78 б.] өлеңдерінде көрініс тапқан:

Кесте 3.39

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Түркістан	Туркестан Б. Жылқыбаевтың аудармасы	Türkistan	Turkistan
Тұранды түгелімен билеп тұрған Ертеде ертегі <i>хан</i> Афрасияб.	Первый <i>хан</i> , в государство собравший Туран, Мудрый Афрасиаб с нами вечно живет!	Geçmişte Tūrân'ı bütün olarak idare eden efsânevi <i>han</i> , Afrâsyâptır.	Afrasyap was the legendary <i>khan</i> [or ruler] Who reigned over the entire Turan.
Қазақтың қасқа жолды Қасым <i>ханы</i> Тұранның талай жерін билеп тұрған.	Полководец и мудрый <i>правитель</i> Касым Под знамена собрал самых храбрых сынов.	Kazağın, kolay anlaşılır kanunları olan Kasım <i>Han</i> 'ı, Tūrân'ın bir çok yerlerini idare etmiştir.	The evenhanded Qasim <i>Khan</i> of the Kazaks Has reigned most of Turan's land.
Әділ <i>хан</i> аз болады Назардайын, Алашқа Есім <i>ханның</i> жолы дайын.	<i>Хан</i> Назар справедливый! Такого уж нет! Есим <i>хан</i> дал Алашу дорогу и свет.	Nazar <i>Han</i> (1) kadar âdil han az bulunur; Alaç'a Esim <i>Han</i> 'ın (2) kanunları uygundur.	There can be only a few fair <i>khan</i> like Nazar ⁷ The codes of Esim <i>Khan</i> are suitable to Alash.
Тәукедей данышпан <i>хан</i>	Тауке-правовед, самый первый из	Tevke <i>Han</i> (3) gibi dâhî bir <i>han</i> ,	The wise <i>ruler</i> Tevke gathered His grand

3.39 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
кұрған екен Басында Күлтөбенің Құрылтайын [106, 187; 189 б.].	<i>ханов,</i> На горе Культобе всех собрал на Совет[113, с. 200; 201];	kurultayını Köl Töbe'nin başında toplamıştır. (1), (2), (3): Kazak hanlarının isimleri [114, s. 169].	assembly on the top of Kol Tobe [115, p. 38].
Қазақ тілі	Родной язык С.мнацаканяның аудармасы	Kazak dili	-
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ, Батыр, <i>хандар</i> — асқан жандар ұмытылды! [106, 78 б.]	Неужто золотая мать забыта, И загнаны <i>великие</i> в тупик [113, с. 68].	Altın anamız olan yüksek Altay Dağları hatırda yok; <i>kahraman</i> <i>hanlar</i> , büyük adamlar unutuldu [114, s. 258].	-

Хан сөзі түркі-моңғол халықтарының барлығына ортақ мемлекет басқарған билік иесінің атауы болғандықтан, дүниежүзі тарихын оқып, танитын барлық халықтарға жақсы таныс, барлық тілде қабылданып, орныққан аудармасы бар атау. Орыс тіліне Түркістан өлеңінде хан деп, тек бір жағдайда правитель деп генерализация әдісімен тәржімаланған. Қазақ тілі өлеңінің аудармасында батыр, хандарды великие деп модуляция әдісімен тәржімалайды. Түрік тілінде Түркістан өлеңінің аудармасында түгелдей *han* деп тәржімаланған. Бұл сөз түрік тілінің түсіндірме сөздігінде де бар. Тек Қазақ тілі өлеңінің аудармасында бір түсініспеушілік орын алған. Ф. Тамир өлеңнің латын әліпбиімен түпнұсқасын көрсеткен кезде де батыр хандар деген екі сөздің арасында үтір орын алмаған. Сонда батыр сөзі ханның анықтаушы ретінде орын алған. Аудармада да дәл солай батырды жеке зат есім емес, батыр хан - *kahraman han* деп тәржімалаған. Ағылшын тілінде Түркістан өлеңінің аудармасында қабылданып, жалпыға танылған, сөздіктерінде орын алған *Khan* деп көрініс тапқан. Бірінші рет аудармада кездескенде аудармашы мәтін ішінде *khan* [or ruler] (хан немесе билеуші) деп қосымша түсініктеме береді [161, 201]. Және де the wise ruler Тевке – дана билеуші Тәуке деп, ханды орыс тіліндегідей билеуші деп жалпылап аударды.

Хандық сөзінің де барлық тілде қабылданып, танылған аудармалары бар. Орыс тілінде – *ханство*, түрік тілінде – *hanlık*, ағылшын тілінде – *khanate*. Тек орыс тілінде бұл реалия омиссияға ұшыраған:

Кесте 3.40

Түркістан	Туркестан	Türkistan	Turkistan
Арыстан елге Отан болған Тұран, Тұранда қазағым да хандық құрған [106, 187 б.].	Был Туран древней родиной рыцарей-львов. Он остался таким, он пребудет таков! [113, с. 201]	Türân, arslan bir millete vatan olmuş...Türânda Kazağım da <i>hanlık</i> kurmuş [114, s. 271].	Turan become fatherland for lion- hearted people My Kazak has formed a <i>khanate</i> too [115, p. 41].

Төрт-түлік мал атаулары

Төрт-түлік мал қазақ халқының өмірінде ерекше орын алды. Халық әрқайсысының пірін атап, қыр-сырын жіті біліп, ұрпағын «Малды аяқпен теппе» деп тәрбие берді. Балаларын малдың төлдерінің атауымен жақсы көрді. Қозым, құлыным деді. Ал, ботаның мөлдіреген көзіндей жанары бар қыз балаларға Ботагөз деп ат қойды. Көзі ботадай деп теңеді. Ботам деп жақсы көрді. Мағжан ақын поэзиясында да бота сөзі үнемі осындай сарында N...Альбомына (1) [106, 159 б.]; Ата, бата (1) балаға қатысты [106, 212 б.]; Батқан күн, атқан таңның жыры (1) * бота көзді [106, 95 б.]; Гүлсім ханымға (2) бота көз [106, 125 б.]; Айрылғанда (Ғ..ға) (1) бота көзім [106, 160 б.]; Тірілдім (2) бота көз [106, 170 б.] өлеңдерінде қолданыс тапқан:

Кесте 3.41

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
1	Гүлсім ханымға	Гульсум-ханум Қ. Бақбергеневтың аудармасы	Gülsüm hanım'a	To lady gülsim
	Бота көз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым, Бота көз, сиқырлы сөз ханым Гүлсім..... [106, 125 б.]	Глаза верблюженка, волшебные речи – Гульсум! Глаза верблюженка, волшебные речи – Гульсум! [113, с. 132]	Bota (1) gözlü, sözleri sihirli Gülsüm Hanım! Bota (1) gözlü, sözleri sihirli Gülsüm Hanım! Devenin yavrusu (Бота: түйенің төлі). [114, s. 61]	Oh, pretty- eyed, sweet- voiced Lady Gülsim! Oh, pretty- eyed, sweet- voiced Lady Gülsim! [115, p. 61]
2	N...альбомына	-	...’in albümüne	-

3.41 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<i>Бота</i> көзді, Жібек сөзді ғарышқа Кетті ұшып.... [106, 159 б.]		Bota (1) gözlü, ipek sözlü uçup Arş'a gitti. [114, s. 135]: Deve yavrusuna bir yıllık olana kadar verilen ad (Түйе төліне бір жасқа толғанша берілетін атау).	
3	Батқан күн, атқан таңның жыры	Песня закатного солнца, рассветной зари В. Антоновтың аудармасы	Batan güneşin, atan tanın ağıtı	
	Бота көзді бұраң бел, Жіберші жақын қасыңа! [106, 95 б.]	Верблюженок темноокий, Дай подсяду поближе я [113, с. 92]	Botagözlü, ince belli güzel! Sana yakın gönder [114, s. 181].	
5	Айрылғанда (ғ..ға)	При расставании Л. Шашкованың аудармасы	Ayrıldığımızda (g'ye)	-
	Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан! Тірі тастап кетіп мені нетесің? [106, 160 б.]	Мой верблюжонок, душу взяв с собою, Зачем меня живым ты оставляешь? [113, с. 181]	Bota (2) gözlüm! Beni diri halde bırakıp ne yapacaksın? [114, s. 105]: Bota: Devenin yavrusu (Бота: түйенің төлі);	
6	Тірілдім (2)	Живу заново С. Мнацаканяның аудармасы	Dirildim [3, 109]	-
	«Сүйем!» - дейді бота көзі мөлдіреп, Жасын төкті, жасын	«Люблю!» - душа мне говорила, И я ее боготворю.	Bota gözü yaşla dolup 'Seviyorum'	-

3.41 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	іштім, бал іштім. Деп сыбырлады алма ерні елбіреп, Бота көзде ыстық жасы мөлдіреп [106, 170 б.].	[113, с. 190] - түпнұсқа 11 шумақ, аударма 9 шумақ. Дәл осы шумақ түсірілген.	dedi, gözyaşı döktü. Göz yaşını içtim, bal içtim oldum. Elma dudağı kırıldayıp, bota gözü yaşla dolup... [114, s. 109]	

Орыс тіліне бота көздің барлығы *глаза верблюженка, верблюженок* деп тәржімаланған. Жалпы, орыс халқына *верблюженок* деп жақсы көріп, сүйсіну ұғымы таңсық емес. Бірақ түрік тіліне *bota* деп транскрипциялап, мәтін соңында «Bota: Devenin yavrusu (Бота: түйенің төлі)» деп қосымша түсінік берілген. Себебі түрік халқында ондай түсінік жоқ. Ағылшын тілінде де адамның көзін ботаға теңеу ұғымы жоқ болғандықтан аудармашы *pretty-eyed* (сұлу көзді) деп тәржімалайды.

Тұлпар сөзі де ақын поэзиясында өте жиі қолданылады. Түркістан (1) [106, 189 б.]; Алыстағы бауырыма (1) [106, 72 б.]; Есімде тек таң атсын! (1) [106, 58 б.]; Бесік жыры (1) [106, 92 б.]; Тез барам (1) [106, 75 б.]; Жаралы жан (1) [106, 76 б.]; Мен жастарға сенемін (1) [106, 82 б.]; Сүйгенім анық (1) [106, 37 б.]; Мен кім? (1) [106, 97 б.]; Төбет (1) [106, 107 б.]; 3...ға (1) ауыспалы мағынада [106, 139 б.] өлеңдерінде орын алған:

Кесте 3.42

Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Тұлпар Аудармада: Тұлпар (1) (заглавной буквой в середине текста) ТҮРКЕСТАН [113, 202]; Скакун (1) ДАЛЕКОМУ БРАТУ [113, 63]; Скакун (1) КАК ТОЛЬКО СОЛНЦЕ ВЗОЙДЕТ [113, 45]; Тұлпар (1) заглавной буквой Кольбельная [113, 86]; Конь (1) Я СПЕШУ [113, 65];	Tulpar Аудармада (мәтін соңында түсініктеме берілген): Tulpar (1) TÜRKİSTAN [114, 271]: Çok hızlı koşan afsânevi at (Өте жылдам шабатын аңыз ат). Tulpar (1) UZAKTAKİ KARDEŞİME [162, 265]: Çok hızlı koşan afsânevi at. Tulpar (1) AKLIMDA... TEK TAN AT SIN [114, 249]: Çok hızlı koşan afsânevi at. Tulpar (1) BEŞİK SİİRİ [114, 227]: Çok hızlı koşan afsânevi at.	3.e. winged horse; like winged horse тұлпардай. <i>Kazakh-English Dictionary, 378</i> Аудармада: Legendary mustang (1) TURKISTAN [115, 41]; stallion Buraq (1) TO MY BROTHER IN DISTANCE [115, 69]: Buraq: is a steed in Islamic mythology, a creature from the heavens that transported the prophets. Most notably Buraq carried the Islamic prophet Muhammad from Mecca to Jerusalem and back during the Mi'raj (Night Journey to Heaven).

3.42 – кестенің жалғасы

Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Тулпар (1) Я ВЕРЮ В МОЛОДЫХ [113, 75];	Tulpar (1)TEZ VARIYORUM [114, 255]: Çok hızlı koşan afsânevî at.	stallion (1) I BELIEVE IN YOUTH [115, 77]
Тулпар (1) ПОСВЯЩЕНИЕ ЗЕЙНЕП [113, 154];	Tulpar (1)YARALI CAN [114, 207]: түсініктеме жоқ	
Скакун (1) ПЕС [113, 107].	Tulpar (1)BEN GENÇLERE GÜVENİÜYORUM [114, 287]: Çok hızlı koşan afsânevî at. Tulpar (1)GEÇMİŞ GÜN [114, 247]: Çok hızlı koşan afsânevî at. Tulpar (1) BEN KİMİM [114, 285]: Çok hızlı koşan afsânevî at. Tulpar (1) ERKEK KÖPEK [114, 297]: Çok hızlı koşan afsânevî at. Tulpar (1) Z...YA [114, 103]: Çok hızlı koşan afsânevî at.	

Тұлпарды орыс тіліне *конь*, *скакун* деп доместикациялап, кей жағдайда *тулпар* деп форенизациялап тәржімаланғандығын көреміз. Түрік тілінде *tulpar* деп транслитерациялап, үнемі мәтін соңында Çok hızlı koşan afsânevî at (Өте жылдам шабатын аңыз ат) деп түсініктеме берген [163, 200]. Ағылшын тіліне *legendary mustang* (аңызға айналған мустанг) деп дескриптивті эквивалентпен және *stallion Buraq* деп, мәтін соңында қосымша ақпарат беріп тәржімалайды.

Бағлан - ерте туған семіз қозы. Бағланның еті жұмсақ әрі тәтті болатындықтан, оны көбіне сыйлы қонаққа сояды. “Бағлан” сөзі “семіз” деген ұғымды білдірген. Заман өте келе “бағлан қозы” тіркесі ықшамдалып Бағланға айналған. Батырлық жырларда кездесетін: “Бал татыған бағлан” деген өлең жолдары осының айғағы [164, 123 б.]. Бағлан атауы ақынның *Қойшы бала мен күшік* өлеңінде қолданылған.

Бір бағыланды сойғызып,
Іргеге жастық қойғызып,
Үйіне болыс кеп отыр [106, 201 б.].

Орыс тіліне аудармашы барашек молодой деп сипаттап аударды:

Подушки разложив для волостного,
Подал ему *барашка* молодого,
Хозяин угощает гостя власть [113, с. 216].

Түрік және ағылшын тілдерінде де малға қатысты мұндай арнайы атау жоқ. Сол себепті тек дескриптивті аударма амалына жүгіну мүмкін.

Діни реалиялар

Ақын поэзиясында діни реалиялар өте жиі көрініс тапқан. Мысалы, Көкшетау өлеңінде ақын діни реалия Арсыны атайды. Әрі өлең соңында мәтіннен тыс ¹Арсы – Алла тағыз деп түсінік беріледі:

Аяқ басып Арсыға¹
Жүгіріп барып қарсына,
Тәңірінің тілін ұғамын.

Орыс тіліне аталмыш ұғым божий чертог деп аударылады:

Стопы направив к божьему чертогу,
Пойму я небо и ответу Богу –
Язык его понятен станет мне!

Сөздік бойынша: «ЧЕРТОГ, чертога, муж. (книжн. поэт. ритор.). Большое, пышное, великолепно убранное помещение, великолепное здание, дворец» [165, с. 496].

Демек, орыс тіліне модуляция әдісімен тәржімаланған. Алланың тағыз қайда? Тақ патшада болады, патша сарайда өмір сүреді. Осындай логикалық байланыс туындайды.

Түрік тілінде бұл атаудың толық эквиваленті бар:

Arş'a ayak basıp, huzuruna varıp diz çöküp Tanrım'ın dilini anlarım.

Arş (1) КӨКҚЕ ТАҰ [3, с. 18].

Сөздік бойынша:

Arş isim, din bilgisi, Arapça 'arş

İslam inanışına göre göğün en yüksek katı (з.е., діни, Ислам дініне сай аспанның ең үстіңгі қабаты) [121].

Арсыны Мағжан ақын Алланың тағыз деп атайды, түрік тіліндегі сөздікте аспанның ең үстіңгі қабаты деп түсіндіріледі. Жалпы құдай, тәңір үнемі көкпен, аспанмен байланыстырылған. Тәңіріден де бір нәрсе тілегенде үнемі алақанын жайып, көкке қарап тілеген. Жалпы құдай жоғары күштің билігі ретінде тура мағынасында адамдардан жоғары тұратын, көкпен байланыстырылады, ал тозақ, зұлым күштер Жердің астында. Ал, ағылшын тіліне бұл діни ұғымды түсіндіріп немесе сипаттап аударуға болады. Немесе орыс тіліндегідей *God's palace* деп тәржімалау әбден мүмкін.

Адам ата Әйел (1) [1, 136 б.] өлеңінде қолданылған:

Қылмыстан жазып Тәңіріге,
Қарсы келіп әміріне,
Қуылды *Адам* жұмақтан.

Орыс тіліндегі аудармасы:

Когда на землю изгнан был *Адам*,
сказал Господь: «Я за грехи воздам!»

Демек, орыс тіліне трансференцияланған деп айтуға болады. Бірақ орыс, түрік, ағылшын тілдерінде де Жер бетіндегі алғашқы адам туралы түсінік бар. Түрік тілінде аудармада *Âdem* (1) Kadın [2, с. 149] деп көрініс тапқан. Ағылшын тілінде аталмыш өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ *Adam* деп айтылады.

Келесі діни реалия - *рақмет* сөзі. Рақмет деген [162, 214 б.]. Ақынның Әйел (1) [106, 136 б.]; Жауға түскен жанға (1) [106, 81 б.], Тәңірі (1) [106, 136 б.] өлеңдерінде қолданылған.

Кесте 3.43

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма
1	Әйел	Женщина Р. Тамаринаның аудармасы	Kadın
	Жасты көріп, Жаратқан, Ыстық дария боп аққан, Ашты <i>рақмет</i> есігін [106, 136 б.].	...унять не в силах горькие рыдания, что внял его страданиям Творец и, гнев сменив на милость наконец, раскрыл Адаму двери <i>воздаянья</i> [113, с. 149].	Yaradan, sıcak ırmak olup akan göz yaşını görüp, <i>rahmet</i> esiğini açtı [112, s.165].
2	Жауға түскен жанға (м. Д. – ға хат)	Попавшему к врагу (Письмо к М. Д.) А. Соловьевтың аудармасы	Düşmanın eline düşen dosta (Mircakıp Duvlat'a mektup)
	Мейірімі кең күшті Ием, Сорлы жұртты оң баста. Дұшпан – құлаш, біз – сүйем, <i>Рақмет</i> ұшқынын таста! [106, 81б.]	О, Создатель всех миров, <i>Ты народу помоги.</i> Мы – лишь горстка храбрецов, Но бесчисленны враги [113, с. 72].	Mehrameti çok olan Rabbim! Bahtsız yurdumuzu doğru yola götür. Düşman kulaç, biz parmağız, <i>rahmet</i> kivılcımını ateşle [112, s. 193].
3	Тәңірі	Тенгри А. Ширяевтың аудармасы	Tanrı
	Соншама кең <i>рахметтен</i> күр тастайтын, Баласы алты Алаштың - біз не қылдық? [106, 136 б.]	От веку живем без твоей <i>благодати</i> , <i>Потомки Алашей</i> , - в чем наша вина? [113, с. 79]	O kadar geniş <i>rahmetten</i> nasipsiz bıraktığın Altı Alaç'ın(1) evlâdı ne yaptık [112, s. 205]. Altı Alaç: Bütün Kazaklar.

Орыс тіліне рақмет сөзі воздаяние, благодать деп, және ты помоги народу деп тәржімаланған. Ақын *Жаратушы Иесінен жұртына Рақмет ұшқынын*

таста деген тілегін орыс тіліне аудармашы *О, Создатель ты помоги народу* деп модуляциялық трансформация көмегімен аударарды. Ал, енді *воздаяние* және *благодать* сөздерінің түп-төркініне үңілсек:

«Благода́ть — одно из ключевых понятий христианского богословия, рассматривается как дар для человека от Бога, подаваемый исключительно по милости Господа, без всяких заслуг со стороны человека [1] и предназначенный для его спасения и освящения («возрастания в благодати»). Благодать понимается как действительное снисхождение Бога к человеку, действие Бога, изменяющее сердце человека, и само свойство Бога, указывающее на Его доброту и милосердие. В представлении о благодати сочетается понимание её одновременно как деяния и как силы». Яғни, *благодать* сөзі де рақмет тәрізді діни мәнмәтінге қатысты, адамның еш қатысынсыз, оған берілетін құдайдың сыйы, мейірімі. Ал, *воздаяние*: (книжн.устар.). Возмездие, кара или награда за поступки. Воздаяние за заслуги. Наградить в воздаяние заслуг. Воздаяние за преступление [124].

Демек, *воздаяние* адамның қандай да бір іс-әрекетіне қарай болатын марапат, сый немесе жаза. Ал, *благодать* сөзі Алланың нұры деген ұғымды білдіретін рақмет сөзіне ең жақын мәдени (діни) эквивалент екенін көреміз. Жалпы аудармашылар модуляция, мәдени эквивалент амалдарын қолданып, доместикация стратегиясын ұстанған. Ал, түрік тіліне аудармашы *rahmet* деп аударарды. Түрік тілінің сөздігі бойынша *Rahmet* Арапша *raḥmet* 1. isim Birinin suçunu bağışlama, yarlıgama, merhamet etme (біреудің кінәсін кешіру, мейірім) деген мағынаны білдіреді. Немесе *Tanrı'nın acıması, bağışlaması, yardımı* (Тәңірдің мейірімі, кешірімі, көмегі). Демек, толық мәдени эквиваленті бар. Әрі ол заңдылық та себебі екі халық ортақ дінді ұстанады. Ағылшын тілінде бұл өлеңнің аудармасы жоқ, бірақ болашақ аудармаларда *Rakhmet is the mercy of Allah* деп дескриптивті эквивалентпен тәржімалауға болады.

Келесі діни мәнмәтінге жақын сөз – *рия*. Ақын шығармашылығында сын есім түрінде *риялы* деп қолданылады. *Риялы* с.е. (ораза) – арабша: сөз бен істің қабыспауы, екіжүзділік [1, 99 б.]. Ал, *рия* теолингвистикалық сөздік бойынша:

«РИЯ [ар. рия ریا – [з а т. Алла ризалығы үшін емес, адамдар көрсін деп, мақтанғыш үшін орындалатын амал. Пайғамбарымыздың рияға байланысты көптеген ескертулері бар (А.Ә.Түкетаев, Рия деген не?, ihsan.kz)» [166, 115 б.].

Өлеңнің түпнұсқасы мен аудармаларына назар қойсақ:

Кесте 3.44

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма
Мағарри сөздер	Четверостишия В. Антоновтың аудармасы	İbretli sözler
<i>Риялы</i> ораза, намазбен Өзіңді өзің алдама! Әдейі қойсаң, онан да	Оразою и намазом Не задабривай творца,	<i>Riyâlı</i> oraç ve namazla kendi kendini aldatma! Kasten

3.44 – кестенің жалғасы

1	2	3
Көп жақынсың Аллаға!	Отличит Всевышний разом <i>Верящего от льстеца</i> [114, с. 96].	bıraksan, riyâlı oruç ve namaz kılanlardan Allah'a daha yakınsın. [113, s. 319]

Түрік тілінде толық эквивалент бар: Riya isim, (riya:), Арапша riyā İkiyüzlülük (рия з.е., екіжүзділік) [167]. Орыс тілінде аудармашы фокусты *льстец* деп ораза мен намазды орындаушы адамға ауыстырады. Бірақ мағына сол қалпында сақталады.

Ал, *шүкір* сөзі ақынның Үйдегі үнсіз қарындас (1) [106, 208 б.]; Оқудағы қарындас (1) [106, 210 б.] өлеңдерінде қолданылған. Сөздік бойынша шүкір: «ШҮКІР [ар. шукр الشكر – алғыс] – өзінің жағдайына разы болып, Құдайға алғыс айту» [168, 190 б.].

Орыс тіліндегі аудармалары төмендегідей:

Кесте 3.45

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы
1	Үйдегі үнсіз қарындас	Молчаливая сестренка В. Антоновтың аудармасы
	« <i>Шүкір</i> » деп шапшаң айтпайсың, «Үш-ш-ш» дейсің асықпай. Жуырда жауап бермейсің, Жігерді жүн ғып жасытпай [106, 208 б.].	Ты тиха и молчалива, Никогда « <i>шукур</i> » ¹ не скажешь. «Уш-ш», - вздохнешь неторопливо И с бедой себя повяжешь. ¹ все нормально, все хорошо [113, с. 224]
2	Оқудағы қарындас	Сестренка на учебе Н. Чернованың аудармасы
	«Есен бе, шырақ?»- деп едім, «Үш-ш-ш» демейді, « <i>шүкір</i> » дейді [106, 210 б.].	Не сказала «Уш-ш», как прежде, А « <i>шукур</i> » она сказала [113, с. 226].

Орыс тіліне бірінші өлеңде мәтіннен тыс қосымша ақпарат беру арқылы тәржімаланып, форенизацияланса, екінші өлеңде тек ү әрпі у әрпіне алмастырылып, натурализацияланады. Бірақ нәтижесінде, екі амалда форенизацияға алып келеді.

Діни *тәубе* сөзі ақынның Күнә айтқызды (3) [106, 196 б.] өлеңінде қолданылған әрі бірнеше рет қайталанып, белсенді семантикалық позицияға ие болып тұр:

«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,
 Жаным қалай тазарсын?
 Тұрмыста нәпсіз сәуле жоқ,
 «Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ.
 Өмір деген - шірік шөп,
 Қай үмітпен қазарсың?
 «Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,
 Жаным қалай тазарсын?

Орыс тіліндегі аудармасы:

Не произносишь «Всевышний» и «вера»,
 В сердце другие вложил ты слова.
 Жить без любви – как без солнца, к примеру,
 Не произносишь «Всевышний» и «вера»,
 Жизнь-траву поливаешь без меры,
 Вместо зеленой – гнилая трава.
 Не произносишь «Всевышний» и «вера»,
 В сердце другие вложил ты слова [113, с. 206].

Демек, тәубе сөзі вера деп жалпыланып аударылады. Тәубе, тәубешілік қайдан шығады? Ол тек Тәңірі иеге сенімнен шығады. Тәубе ету де - шүкіршілік ету. Аудармашы осылайша жалқыдан жалпыға өтеді.

Жалпы, діни реалиялар ақын поэзиясында ең көп қолданылған сөздер тобының бірі. Түрік тілінде толық эквиваленттері бар, ағылшын тілінде де функционалды эквиваленттері немесе Ислам діні танымал әлемдік діндер қатарына жатқандықтан, көп ұғымдардың қабылданған, танылған аудармалары бар. Олар аудармаларымен төмендегі кестеде топшаланды:

Кесте 3.46

<p>Алла тағала з.е. – күллі әлем мен жалпы жаратылыс атаулыға өзінің үкімін қабылдатып, билігін жүргізуші шексіз құдіреттің, әрі шексіз қабілеттің өзі. <i>Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: ДПС, 2011. 230 б.</i></p> <p>От (1) алла [1, 67]; Тәңірі (2) [1, 88]; Түн еді (1) Алла [1, 128]; Жұлдыздарға (1) [1, 149]; Мен сорлы (1) (Алла тағала) [1, 54] өлеңдерінде қолданылған.</p>		
Орыс тілі	Түрік тілі	Ағылшын тілі
<p>Аудармада:</p> <p>Аллах (1) ОГОНЬ [2, 56]; Аллах(3)ТЕНГРИ [2, 79]; Боже(1)НОЧЬ БЫЛА[2, 137]; Аллах (1) НЕБУ [2, 165]; Господь (1) БЕДОЛАГА [2, 39].</p>	<p>Аудармада:</p> <p>Өлең жолдары аудармада түсіп қалған ATEŞ [3, 279]; Allah (1)GECE İDİ [3, 171]; Allah (1)YILDIZLARA [3, 119].</p>	<p>Allah (name of God in Islam)</p>
<p>Әпсүн оқу</p> <p>Қысқы жолда (1) [1, 153]; Жиіленді қара орман (2) [1, 157], Жан сөзі (1) [1, 164] өлеңдерінде қолданылған.</p>		
<p>Читать молитву</p> <p>Аудармада:</p> <p>Слова молитвы (1) ЗИМНЯЯ ДОРОГА [2, 169]; Петь за упокой (1), причитать (1) ВСЕ ГУЩЕ</p>	<p>Afsun oku</p> <p>Аудармада:</p> <p>Efsün oku (1) KIŞIN YOLDA [3, 21].</p>	<p>To read a prayer</p>

3.46 – кестенің жалғасы

1	2	3
ЛЕС [2, 176].	Afsun oku (1) CAN SÖZİ [3, 111].	
Дұға (қылу, оқу)		
Аудармада: Молись (1) Я СПЕШУ [1, 65]; Молитва(1) ПОСВЯЩЕНИЕ Ж. [1, 143].	Аудармада: Dua et (1) TEZ VARIYORUM [3, 257]; Dua et (1)C. YA [3, 127].	Prayer; to pray. <i>Kazakh-English Dictionary, 90</i>
Дәрғаһ		
Тәңірі (1) [1, 88]; Ф...ға (1) дәрғаһынан қуылу [1, 133]; Тұранның бір бауында (Сурет) (1) [1, 182].		
Рай(1) ТЕНГРИ [2, 79]; Изгнанник(1) ПОСВЕЩЕНИЕ Ф. [2, 144]; Опущение В САДУ ТУРАНА [2, 197].	Аудармада: Dergâh (1) F. YA [3, 129]; Dergâh (1) TANRI [3, 205].	Paradise
Кебін		
Саван Аудармада: (белый) Саван (1) ПТЕНЕЦ ВЗМАХНУЛ КРЫЛОМ [2, 67]; (белый) Саван (1) ЛЮБЛЮ [2, 94]; Опущение (1) БЕРЕЗКА [2, 168]; Мертвая (степь) (1) ЗИМНЯЯ ДОРОГА [2, 169]; Саван (1) БАБОЧКА [2, 98]; Саван (1) ВСЕ ГУЩЕ ЛЕС [2, 176]; Покоится будем в грядущих могилах (1) СЕСТРА [2, 139].	Kefen Аудармада: Kefen (1) KUŞ YAVRUSU KANAT ÇIRPTI [3, 255]; Beyaz kefenli (1) SEVİYORUM [3, 185]; Kefen (1) KAYIN [3, 27]; Kefen (1) KIŞIN YOLDA [3, 21]; Kefen (1) KELEBEK [3, 321]; Kefen (1) F. YA [3, 129]; Kefen (1) CAN SÖZİ [3, 111]; bembeyaz kefen (1) KARA ORMAN SIKLAŞTI [3, 19]; Kefen (1) KIZ KARDEŞ'E [3, 175].	3.e. shroud; grave-clothes; кебін киген deceased. <i>Kazakh-English Dictionary, 165</i>
ҚИЯМЕТ Сырым (1) [1, 109] өлеңінде қолданылған.		
рел. Загробный мир; воскресение мертвых; судный день https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/%D2%9A%D0%98%D0%AF%D0%9C%D0%95%D0%A2/	Қиямет Аудармада: Қиямет (1)SIRRIM [3, 305].	The other world, hell. қиямет қайым - the other world, difficulties. <i>Kazakh-English Dictionary, 209</i>
Аудармада: Мир пред концом (1)ОТКРОВЕНИЕ [2, 119].		
Құран Бостандық (1) [1, 103]; N-ға сен – құраным [1, 114]; Мен жастарға сенемін (1) [1, 83]; Ләззат қайда ? (1) [1, 39] өлеңдерінде қолданылған.		
Қоран	Kur'ân	Qoran; Koran. <i>Kazakh-English Dictionary, 225</i>

3.46 – кестенің жалғасы

<p>1</p> <p>Аудармада:</p> <p>Коран (1) СВОБОДА [2, 105];</p> <p>Коран(1) Я ВЕРЮ В МОЛОДЫХ [2, 75];</p> <p>На небеса не уповай (1) В ЧЕМ УСЛАДА? [2, 14].</p>	<p>2</p> <p>Аудармада:</p> <p>Kur'ân (1) SERBESTLİK [3, 291];</p> <p>Kur'ân (1) N'YA[3, 79];</p> <p>Kur'ân (1) BEN GENÇLERE GÜVENİYORUM [3, 287];</p> <p>Kur'ân (1) N'YA [3, 79].</p>	<p>3</p>
<p>Молда</p> <p>Дін үйреткенге (1) [1, 61]; Жәй әншейін ойын ғой (1) молдеке ау [1, 173]; Немере мен әжесі (2) [1, 201]; Ескі шәһар (1) [1, 198]; Арбакеш (1) [1, 199]; Еділдің сағасында (1) [1, 205]; Үйдегі үнсіз қарындас (1) [1, 208]; Мағарри сөздер (1) [1, 99] өлеңдерінде қолданылған.</p>		
<p>Мулла</p> <p>Аудармада:</p> <p>Мулла (2)ВНУК И БАБУШКА [2, 215];</p> <p>Мулла (1) СТАРЫЙ ГОРОД [2, 211];</p> <p>Мулла (1) АРБАКЕШ [2, 199];</p> <p>Мулла (1) НА БЕРЕГУ ВОЛГИ [2, 222];</p> <p>Мулла (1) МОЛЧАЛИВАЯ СЕСТРЕНКА [2, 224];</p> <p>Мулла (1)ЧЕТВЕРОСТИШИЯ [2, 96].</p>	<p>Molla</p> <p>Аудармада:</p> <p>Molla(1) DİN ÖĞRETENE [3, 251];</p> <p>Molla (1) İBRETİ SÖLER [3, 319].</p>	<p>3.e. Mullah. <i>Kazakh-English Dictionary</i>, 253</p>
<p>Намаз Мағарри сөздер (1) [1, 99] өлеңінде қолданылған.</p>		
<p>Намаз</p> <p>Аудармада:</p> <p>Намаз (1) ЧЕТВЕРОСТИШИЯ опущение [2, 96].</p>	<p>Namaz</p> <p>Аудармада:</p> <p>Namaz (1) İBRETİ SÖZLER [3, 319].</p>	<p>Namaz (Muslim prayer); to perform namaz намаз оқу. <i>Kazakh-English Dictionary</i>, 261</p>
<p>Пайғамбар Пайғамбар (5) [1, 68-70]; Алданған сұлу (1) [1, 55] өлеңдерінде қолданылған.</p>		
<p>рел. <u>Пророк</u> (в исламе)</p> <p>Аудармада:</p> <p>Пророк (5) ПРОРОК [2, 59-60];</p> <p>Пророк (1) ОБМАНУТАЯ КРАСАВИЦА [2, 40].</p>	<p>Peygamber</p> <p>Аудармада:</p> <p>Peygamber (5) PEYGAMBER [3, 281];</p> <p>Peygamber (1) ALDANMIŞ GÜZEL [3, 163].</p>	<p>3.e. (ДИН) Prophet. <i>Kazakh-English Dictionary</i>, 282</p>
<p>Садақа Қазақ азаматы (1) [1, 89] өлеңінде қолданылған.</p>		
<p><u>Милостыня</u></p> <p>1) этн. искупительная или благодарственная жертва по народному обычаю (для изгнания духа болезни, от сглаза и т. п.)</p> <p>2) <u>милостыня; подаяние</u></p> <p>қайыршыға садақа беру → давать нищему милостыню</p>	<p>Sadaka</p> <p>Аудармада:</p> <p>Sadaka (1) KAZAK YİĞİDİ [3, 296].</p>	<p>Handout, alms, charity. <i>Kazakh-English Dictionary</i>, 191</p>

3.46 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>құдайы садақа → подаяние ради бога садақа сұрау → просить милостыню</p> <p>https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/%D1%81%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D2%9B%D0%B0/</p>		
Сопы Ескі шәһар (1) [1, 198] өлеңінде қолданылған.		
<p>1) Суфий (аскет-мистик)</p> <p>Аудармада: Богомолец (1) СТАРЫЙ ГОРОД [2, 211].</p>	Sufi	Sufi
<p>Тәңір Ақсақ Темір сөзі (8) [1, 74]; М. Д. Абақтыдан шыққанда (2) [1, 82]; Тәңір (5) [1, 87-88]; Түркістан (1) [1, 186]; «Күнә» айтқызды (3) [1, 196]; Түн айтқызды (3) [1, 196]; Қызыл жалау (2) [1, 200]; Өміріме өкпем (1) [1, 227]; Мен сорлы (1) [1, 54]; Гүлсімге (1) [1, 64]; Тез барам (1) [1, 75]; Жаралы жан (5) [1, 76-77]; Көкшетау (3) [1, 150-151] өлеңдерінде қолданылған.</p>		
<p>1) <u>Всевышний</u> Тәңір атқыр! → пусть сразит тебя Всевышний! Тәңір жарылқасын! → благослови Господь!</p> <p>2) уст. Тенгри (верховное божество в тенгрианстве)</p> <p>3) <u>небо</u> тәңірден → с неба</p> <p>https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/%D1%82%D3%99%D2%A3%D1%96%D1%80/</p> <p>Аудармада:</p> <p>Тенгри (3), бог (1) СЛОВО ХРОМОГО ТИМУРА [2, 66];</p> <p>Небо (1), Создатель (2) Стихи на выход М. Д. из тюрьмы [2, 74];</p> <p>Тенгри (3); великий (1); мудрый (1) ТЕНГРИ [2, 79-80];</p> <p>О, Всевышний (1) ТУРКЕСТАН [2, 199];</p> <p>Всевышний (3) ЗАСТАВИЛ СКАЗАТЬ «ГРЕХ» [2, 206];</p> <p>Божество (3) СКАЗАЛА МНЕ НОЧЬ [2, 206]; Бог (1) КРАСНОЕ ЗНАМЯ [2, 214];</p> <p>Господь (1) МОЯ ОБИДА НА ЖИЗНЬ [2, 246];</p> <p>О, Аллах (1) БЕДОЛАГА [2, 39];</p> <p>Всевышний (1) ГУЛЬСУМ [2, 51];</p> <p>Тенгри (1) СПЕШУ [2, 65];</p> <p>Бог (2) КОКШЕТАУ [2, 166].</p>	<p>Tanrı isim, din bilgisi Çok tanrıcılıkta var olduğuna inanılan insanüstü varlıklardan her biri, ilah. Birleşik Kelimeler</p> <p>Tanrı isim, özel, din bilgisi Kâinatta var olan her şeyi yaratan, koruyan, tek ve yüce varlık, Yaradan, Allah, Rab, İlah, Mevla, Halik, Hüda, Hu, Oğan.</p> <p>https://sozluk.gov.tr/</p> <p>Аудармада:</p> <p>Tanrı (8) AKSAK TEMÜR'ÜN SÖZÜ [3, 273];</p> <p>Tanrı (2) M.D. HASİPHANEDEN ÇIKTIGINDA [2, 241; 243];</p> <p>Tanrı (5) TANRI [2, 203; 205];</p> <p>Tanrı (1) TÜRKİSTAN [2, 267];</p> <p>Tanrı(1) GÜLSÜM'E [2, 61];</p> <p>Tanrı (1) TEZ VARIYORUM [2, 257];</p> <p>Tanrı (5) CARALI CAN [2, 209];</p> <p>Tanrı (3) KÖKÇE TAŦ [2, 19].</p>	The Almighty, the Lord.

Қазақ халқының дүниетанымындағы жан-жануарлар әлемі. Ақын шығармашылығында бірден назар аудартатын көкжал және бөрі атауларының

қолданысы. Көкжал сөзі ақынның ең танымал өлеңдерінің бірі Түркістанда үш рет қолданылады:

Кесте 3.47

Түркістан	Туркестан Б.Жылқыбаевтың аудармасы	Türkistan	Turkistan
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің Бауырында дүние көрген түрік <i>көкжал.</i>	На твоих берегах, о святой ИссыкКуль, <i>Синих тюрков</i> Отчизна ковала клинки [113, с. 44].	Bir uçtaki mukaddes Isık Göl'ün bağrında <i>gök yeveli Türk</i> dünyaya gelmiş [114, s. 268).	In the bosom of the sacred Lake Issik The <i>blue-</i> <i>maned Turk</i> was born [115, p. 36].
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі — Жолбарыс Сұпытай мен <i>көкжал Жебе.</i>	Два лихих полководца, два глаза Чингиза: Субудай – старый тигр и <i>бесстрашный</i> Жебе [113, с. 45]	Cengiz'in orduyu idare eden iki gözü, kaplan Subıtay ile <i>gök</i> <i>yeveli Cebedir</i> [114, s. 268).	The two eyes of Genghis that he entrusted Were the tiger Supitay and the <i>blue-maned</i> Jebe [115, p. 40].
Тұранның топырағын кұшып жатыр Кешегі ердің ері <i>көкжал Кене.</i>	-	Dünkü kahramanlar kahramanı <i>gök</i> <i>yeveli Kene,</i> Türân'ın toprağını kucaklayıp yatmaktadır [114, s. 270).	The hero of heroes, <i>Bluemaned Kene</i> Has been caressing the soil of Turan [115, p. 40].

Аударма амалдарын түсіну үшін алдымен көкжал ұғымын түсініп алайық. «КӨКЖАЛІ з.е. – дәстүрлі ортадағы қасқырдың арланына қатысты айтылатын эвфемистік атау. Халық түсінігінде өзгелерінен бөлектеніп тұратын ірі денелі, шоқтығы биік, үйір бастаған, өте батыл сияқты қасиетімен ерекшеленетін арлан қасқырды – К. деп атайды» [169, 126 б.].

Түрік және ағылшын тілдерінде көкжал сөзіне түрікше *gök yeveli* (көк жалды), *blue-maned* (көк жалды) деп сөзбе-сөз (буквальный) аударма жасайды. Бірақ рецептор оны қалай түсінеді. Түрік интеллигенциясына бірден түсінікті

болары анық, бірақ ағылшын тілді аудиторияға келгенде күмән туады. Көк жалды түрік, көк жалды Жебе, яғни көк жалы бар. Біз осы сұрақты аудармашы Т. Кожаоглуға қойған болатынбыз: Мағжан поэзиясын тәржімалауда қиындық тудыратын факторлардың бірі – лингвомәдени лексика, ұлттық колорит. Мысалы, Түркістан өлеңі фондық ақпаратқа тұнып тұр. Бір мысал келтірсек: аталмыш өлеңде Мағжан ақын бірнеше рет символдық әрі мәдени мағынаға ие «көкжал» сөзін қолданады. Сіз оны ағылшын тіліне «blue-maned» деп тәржімалапсыз. Қалай ойлайсыз, аудармада символдық әрі мәдени мағына сақталды ма? «Blue-maned Turk» дегенде шетелдік оқырман көз алдына қандай бейне, ассоциация келеді деп ойлайсыз? (Болашақта диссертациялық жұмыс бойынша алдыма қойып отырған үлкен мақсат – осы аударманы рецепция деңгейінде зерттеу. Яғни, аудармадағы фондық ақпаратты, эквивалентсіз лексиканы оқырман қалай қабылдайды. Ол үшін әрине шетелдік аудиторияда сауалнама жүргізу қажеттігі туындайды. Сол жағдай қиындық тудырып отыр. Бірақ бір амалдарын ойластырып көруге болады деп ойлаймын. Әзірге жоспар түрінде...)

Аудармашының жауабы: «Бұл өте маңызды мәселе! «Көкшіл түрік» сөзін шет елдерде тарихшылар немесе ежелгі түріктердің тарихын зерттеген адамдар жақсы түсінуі мүмкін. Бірақ қарапайым адамдар оны оңай түсінбеуі мүмкін. Менің қатемді таптыңыз деп ойлаймын Мен ескертулерде «көкшіл түрік» терминіне түсініктеме беруім керек еді. Мұны еске түсіргеніңіз үшін көп рахмет!»

Ал, орыс тіліне *синие тюрки и бесстрашные тюрк* деп тәржімаланған. Бірінші жағдайда аудармашы логикалық түрде көкжал түріктің мағынасын жеткізсе, екінші жағдайда көкжалдың бір қасиетін атап аударады. Себебі көкжал өзінің үйір бастайтын ерекше батылдығымен ерекшеленеді.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымыдағы тотемдік мәнге ие тағы да бір қасқардың эвфемистік атауы – бөрі. Бөрі з.е. – халықтың дәстүрлі дүниетанымында айрықша этномәдени мәнге ие қасқырдың эвфемистік атауы. Қазақтарда осы хайуанның киелі саналуы ғұндар мен ежелгі түркілерден бастау алады. Ежелгі түркілердің этногониялық генеологиясы бойынша Б.-нің қаншығы алғашқы түркілердің анасы болған [170, 58 б.].

Ақынның Тез барам (1) жас бөрі [106, 75 б.]; Бесік жыры (1) [106, 92 б.]; Төбет (1) [106, 60 б.]; Түркістан (1) [106, 188 б.]; Жылқышы (1) [106, 192 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.48

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Түрік тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аудармасы
1	Түркістан	Туркестан	Türkistan	Turkestan
	Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле	А потомки Чингиза есть волки в седле:	Cengizden Çagatay Ögeday Cucı ve Töle...Hepsi	From Genghis, Chagatay, Oktay, Chochi,

3.48 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Атаға тартып туған бәрі <i>бәрі</i> . [106, 188 б.]	Шагатай, Укитай и Жучи, и Туле. Волк (1) [113, с. 200].	<i>kurt...Babaya</i> <i>çekmişler</i> [114, s. 269].	and Toli Were born as <i>wolves</i> like their father [115, p. 39].
2	Тез барам	Я спешу А. Ширяевтың аудармасы	Tez varıyorum	-
	Жердің жүзі кім екенім танысын, Жас <i>бәрідей</i> біраз ойын салайын [106, 75 б.].	Пусть в мире прославится сила <i>волчонка</i> , Который забавою видит войну [113, с. 65];	Yer yüzü, kim olduğumu öğrensin; biraz genç <i>kurt</i> gibi savaşayım [114, s. 255].	
3	Бесік жыры	Колыбельная Т. Фроловскаяның аудармасы	Beşik şiiri	-
	Сен еріме – Жас <i>бәріме</i> Қарсы кім тұрар! [106, 92 б.]	Будешь грозным <i>волком</i> . Пересудам, толкам Преграждая путь...[113, с. 86];	Sen yiğidime, genç <i>kurduma</i> karşı kim durur? [114, s. 229]	
4	Төбет	-	Erkek köpek	-
	Білгенін <i>бәрі</i> істеді, Төбет тағы естіді Кешегі сөзді «алжыған!» [106, с. 60]		<i>Kurt</i> bildiğini yaptı, erkek köpek de çünkü ‘Bunamış’ sözünü işitti [114, s. 311].	

Аудармадан көріп тұрғанымыздай, орыс, түрік, ағылшын тілдеріне де бұл атау жалпыланып *қасқыр* деп тәржімаланған. Орыс тілінде волк, жас бәрі – волчонок, түрік тілінде *kurt* (қасқыр), жас бәрі – *genç kurt* (жас қасқыр), ағылшын тілінде *wolf* (қасқыр) деп көрініс тапқан. Яғни, үш тілде де генерализация әдісімен доместикацияланған.

Қазақтың *тазысы* да ақынның Ләззат қайда (1) [106, 38 б.] өлеңінде қолданылған:

Жүйрік *тазы*, сұлу мен,
Қызойнақ иә тойда ма?

Орыс тіліне борзые деп функционалды эквивалентімен тәржімаланған:

В пылу охоты бег *борзых*

И среди ветрениц пиры? В чем услада? [2, с. 14].

Түрік және ағылшын тілдеріне транскрипциялап, түсіндірмесін Қосымшада Сөздікте ұсындық. Жалпы, қазақша-ағылшынша үлкен сөздікте з.е. foxhound, greyhound деп аударылыпты (*Kazakh-English Dictionary, 342*).

Халықтың дүниетанымында тағы да қосымша коннотацияға ие құстар әлемінің өкілі – *байғыз*. «Жапалақ тәрізді, арқасы қоңыр теңбіл, бауыры ақшыл тарғыл, тұмсығы сүйір, имек келетін түнде ұшатын құс. Дәстүрлі ортада Б.-дың шақыруын жаман ырымға балаған, сондықтан да осы құсқа байланысты әр түрлі ырым-жоралғылар қалыптасқан. Қазақ этнографтарының жазбаларына қарағанда, қазақтар үйдің шаңырағына Б. қонса, ол үйдің орнын ауыстырып, басқа жерге тіккен, тіпті жамандыққа жорып, сол шаңырақты дереу отқа жағып жіберген немесе отпен аластаған» [171, 316 б.].

Ақын бұл тылсым құсты Түн айтқызды өлеңінде атайды әрі бұл өлеңнен ақынның осы құспен көңіл-күй ассоциациясы бірден байқалады:

Тауда түнде үн берген

Тәңірі ме әлде *байғыз ба?*

Үнді естіп, жаным күңіренген.

.....

Тауда түнде үн берген

Тәңірі ме әлде *байғыз ба?*

Орыс тілінде бұл құс *птица-сыч* деп аталады:

Кто подал свой голос в горах –

Божество или *птица-сыч?*

Душа утонула в слезах.

.....

Кто подал свой голос в горах –

Божество или *птица-сыч?* Сказала мне ночь [113, с. 206].

Табиғатта кездесетін, жалпы адамзатқа ортақ табиғат жаратылысының бірі болғандықтан, үш тілде де бұл құстың атауы бар. Сол себепті аудармада әр халықтың бұл құспен ассоциациясын ғана салыстыруға келеді. Оқырманға түпнұсқаны оқығандағыдай сезімдер болады ма?

Үш халықтың да дүниетанымында аталмыш құсқа қатысты ырым нанымы бары анықталды: американдық мәдениетте бұл ажалдың, сәтсіздіктің және өлімнің белгісі. Ағылшын әдебиетінде Байғыз Құсы зұлым беделге ие болған, мүмкін ол қараңғылық құсы болғандықтан әрқашан өліммен байланыстырылған. XVIII-XIX ғасырларда ақындар, Роберт Блэр мен Уильям Уорсворт, Байғыз Құсын өздерінің сүйікті "тағдыр құсы" ретінде қолданған. Сол кезеңде көптеген адамдар Байғыз Құсы ауру адамның терезесінің алдынан ұшып бара жатқан кезде дауысын немесе айқайын естісе сөзсіз сол адамның өлімін білдіреді деп сенген. Англиядағы адамдар Байғыз Құсын ауа-райын болжау үшін де қолданған. Байғыз Құстың айқайы суық ауа-райын немесе жақындап келе жатқан дауылды білдірді. Ал егер де Құс айқайы жаман ауа-

райында естілсе, онда оның өзгеруі жақын болтынын білдірген. Зұлымдық пен найзағайдан сақтану үшін Байғыз құсын қораның есігіне бекіту әдеті 19 ғасырда сақталды [172, р. 96].

Ежелгі славяндар үй жанында байғыз құс немесе жапалақтың пайда болуы өлімді немесе өртті білдіреді деп санаған. Аңға шыққанда ата-бабаларымыз байғыз құстың тырнағын алып кеткен, өйткені олар өлсе, осы тырнақтардың көмегімен олардың жаны жәннатқа жетеді деп сенген

Русьте байғыз құстарға деген көзқарас әртүрлі болды. Шаруалар үкінің айқайы қиыншылық әкеледі деп сенген, егер үкі үйге кіріп кетсе және кері ұшып кете алмаса, бұл одан да жаман, ал терезеге соғылып қалса, өлімге алып келеді деп сенген. Сондықтан олар зиянды құстар саналып, кейде жойылып кетіп отырған [173, 54].

Түрік тілінде де байғыз құсының мәдени коннотациясы қазақ тіліне ұқсас. Демек, жағымсыз сарынға ие (*Ферхат Тамирмен сұхбаттан*).

Тараушаның қорытындысы

Кесте 3.49 Рухани мәдениетке қатысты атаулардың орыс тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
1	Айт 1	-	-
2	Құрбан мейрамы 1(2) 2 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
3	Алтыбақан 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
4	Ақсүйек 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
5	Асық 3 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
6	Көкпар1(1)	Шокпар Семанткалық қате	
7	Сақа 4 (3)	Функционалды эквивалент (3)	Доместикация (3)
8	Алшы түсу 1(1) Тәйке түсу 2 (2) Бүге түсу 1(1) Шіге түсу 1(1) 15 (13)	Натурализация (5)	Форенизация (5)
9	Айдар 2 (2)	Семантикалық қате (2)	-
10	Аластау 1	-	-
11	Барымта 1(1)	Генерализация	Доместикация
12	Бақсы 3 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
13	Бесін 1(1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
14	Бата 11 (4)	Функционалды эквивалент ² ; Модуляция ²	Доместикация (4)
15	Қара шаңырақ 1(1)	Модуляция	Доместикация
16	Сүйінші 1(1)	Модуляция	Доместикация
17	Сыбаға 1(1)	Омиссия	Доместикация
18	Төр 1(1)	Натурализация	Форенизация
19	Шашу 1(1) 24 /15	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
20	Бесік жыры 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
21	Жыр 9(3)	Генерализация (3)	Доместикация (3)
22	Жыршы 2 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
23	Жырау 3	-	-

24	Күй(таргу) 2 (2)	Омиссия ¹ ; Модуляция ¹	Доместикация (2)
25	Сері 1(1)	-	-
26	Хакім 3 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
27	Шешен 1(1)		
	22/11		
28	Алаш 14 (13)	Трансференция (13)	Форенизация (13)
29	Алты алаш 4 (3)	Дескриптивті эквивалент ¹ ; Омиссия ¹ ; Модуляция ¹	Доместикация (3)
30	Ауыл 13 (11)	Омиссия ¹ ; Натурализация ¹⁰	Доместикация ¹ Форенизация ¹⁰
31	Ауылнай 2 (2)	Натурализация	Форенизация
32	Би 7 (3)	Трансференция (3)	Форенизация (3)
33	Батыр 9 (6)	Модуляция ² ; Генерализация ¹ ; Функционалды эквивалент ¹ ; Трансференция ²	Доместикация (4) Форенизация (2)
34	Бай 2 (2)	Трансференция ²	Форенизация (2)
35	Болыс 5 (5)	Модуляция ¹ ; мәдени эквивалент ⁴	Доместикация (5)
36	Болыстық 2 (2)	Модуляция ¹ ; дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация (2)
37	Көсем 3 (3)	Модуляция ² ; мәдени эквивалент ¹	Доместикация (3)
38	Қазы 1	-	-
39	Манап 1	Трансференция	Форенизация
40	Ру 1	-	-
41	Сұлтан 1	-	-
42	Төре 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
43	Тақсыр 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
44	Хан 6 (6)	Трансференция ⁵ , генерализация ¹	Форенизация (5) Доместикация (1)
45	Хандық 1(1)	Омиссия	Доместикация
46	Ханзада 1(1)	Омиссия	Доместикация
	76/60		
47	Алла тағала 6 (7)	Танылған аударма ⁵ ; Генерализация ²	Доместикация (7)
48	Арсы1(1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
49	Азан 1(1)	Модуляция	Доместикация
50	Аруақ 1	-	-
51	Адам (ата) 1	Мәдени эквивалент	Доместикация
52	Әпсүн (оқу) 4 (3)	Модуляция ² ; Дескриптивті эквивалент ¹ Семантикалық қате	Доместикация (3)
53	Өззіл 1(1)	Омиссия	Доместикация
54	Дұға (қылу, ету) 2 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
55	Дәрғаһ 3 (3)	Мәдени эквивалент ¹ ; Модуляция ¹ ; Омиссия ¹	Доместикация (3)
56	Жасаған 2 (2)	Создатель	Доместикация (2)
57	Зәмзәм 1(1)	Танылған аударма немесе натурализация	Доместикация
58	Иман 7 (5)	Омиссия ² ; Модуляция ¹ ; Генерализация ²	Доместикация (5)
59	Кебін 9 (7)	Модуляция ² ; Омиссия ¹ ; Мәдени эквивалент ⁴	Доместикация (7)
60	Қиямет 1(1)	Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация
61	Құран 3 (3)	Танылған аударма ² ; Модуляция ¹	Доместикация (3)
62	Лағынет 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
63	Лахаула 1(1)	Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация
64	Махпуз (тақтайы) 1(1)	Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация
65	Молда 9 (7)	Танылған аударма (7)	Доместикация (7)
66	Намаз 1(1)	Омиссия	Доместикация
67	Ораза 3 (3)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ² ; Трансференция ¹	Форенизация (3)
68	Пайғамбар 6 (6)	Мәдени эквивалент (6)	Доместикация (6)
69	Рақмет 3 (3)	Модуляция ¹ ; Мәдени эквивалент ¹ Семантикалық қате	Доместикация (2)

70	Риялы 1(1)	Модуляция ¹	Доместикация
71	Сұбханалла, сұбхан 1 (1)	Омиссия	Доместикация
72	Садақа 1	-	-
73	Сопы 1(1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
74	Тәубе 3 (3)	Генерализация (3)	Доместикация (3)
75	Тәңірі 36 (24)	Натурализация ⁷ ; Модуляция ³ ; Генерализация ¹⁵ ; Конкретизация ¹	Форенизация (7) Доместикация (19)
76	Тәңірі ие 2 (2)	Генерализация (2)	Доместикация (2)
77	Тамұқ 3 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
78	Хор қыздары 6 (2)	Омиссия (2)	Доместикация (2)
79	Шүкір 2 (2)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ¹ ; Натурализация ¹	Форенизация (2)
80	Ібіліс 5 (2)	Дескриптивті эквивалент ¹ ; Генерализация ¹	Доместикация (2)
	127/98		
81	Пері 9 (5)	Модуляция ³ ; Мәдени эквивалент ² ;	Доместикация (5)
82	Албасты 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
83	Шайтан 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
	11/7		
84	Аға 8 (7)	Функционалды эквивалент ⁵ ; Омиссия ¹ ; Натурализация ¹	Доместикация (6) Форенизация (1)
85	Ағайын 5 (3)	Функционалды эквивалент ¹ ; Омиссия ¹ ; Модуляция ¹	Доместикация (3)
86	Ата 19 (12)	Мәдени эквивалент (12)	Доместикация (12)
87	Апа 7 (4)	Трансференция ² ; Функционалды эквивалент ²	Форенизация (2) Доместикация (2)
88	Әже 5 (4)	Функционалды эквивалент ¹ ; Семантическая ошибка ³	Доместикация (1)
89	Баба 2 (2)	Функционалды эквивалент 2 (2)	Доместикация (2)
90	Бәйбіше 5 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
91	Бауыр 21 (15)	Конкретизация ¹³ ; Генерализация ¹ ; Модуляция ¹ ;	Доместикация (15)
92	Ене 2	-	-
93	Жеңге 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
94	Жиен 5	-	-
95	Келін 7 (2)	Мәдени эквивалент ² ;	Доместикация(2)
96	Құда 1	-	-
97	Қарындас 15 (10)	Функционалды алмастыру ² ; Функционалды эквивалент ⁸	Доместикация (10)
98	Нағашы, нағашы жұрт 4	-	-
99	Сіңлі 1(1)	Генерализация	Доместикация
100	Тете 3 (2)	Генерализация ¹ ; Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация (2)
101	Шеше 1(1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
	112/66		
102	Айғыр 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
103	Атан 1(1)	Модуляция	Доместикация
104	Бота 8 (5)	Модуляция ¹ ; Омиссия ² ; Грамматикалық ауыстыру ² ;	Доместикация (5)
	Бағлан 1(1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
105	Бие 2 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
106	Жабағы 2 (2)	Дескриптивті эквивалент ¹ ; Генерализация ¹	Доместикация (2)
107	Жорға 2 (2)	Омиссия ¹ ; Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация (2)
108	Құнан 2 (1)	Генерализация	Доместикация
109	Марқа 1(1)	Генерализация	Доместикация
110	Нар 1(1)	Трансференция	Форенизация
111	Серке 1(1)	Модуляция	Доместикация
112	Тұлпар 11 (8)	Натурализация ⁴ ; Функционалды	Форенизация (4)

		эквивалент ⁴	Доместикация (8)
113	Тай 6 (3)	Мәдени эквивалент ² ; жеребец	Доместикация (3)
114	Теке 6 (3)	Функционалды эквивалент Козел (3)	Доместикация (3)
115	Тайлақ 1 (1)	Жеребятa	Доместикация
	Тоқты 1 (1)	Козлята	Доместикация
116	Тоқтышақ 1 (1)	Барашек Функционалды эквивалент	Доместикация
	49/35		
117	Арбакеш 3(3)	Трансференция (3)	Форенизация (3)
118	Атшы 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
119	Қойшы 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
120	Поштабай 1(1)	Письмоносец Мәдени эквивалент	Доместикация
	6/6		
121	Ботам3(3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
122	Құлыным, құлыншағым 6(5)	Модуляция ¹ ; Мәдени эквивалент ⁴	Доместикация (5)
123	Қозым 4 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация(2)
124	Маркам 2 (2)	Омиссия ¹ ; барашек ¹	Доместикация(2)
	15/12		
125	Ақсақал 2 (2)	Натурализация (2)	Форенизация (2)
126	Қария 3(3)	Старик ² ата 1	Доместикация (2) Форенизация (1)
127	Отағасы 1	-	-
128	Қатын 4 (4)	Омиссия ¹ ; Функционалды эквивалент ³	Доместикация (4)
129	Ару 2 (2)	Омиссия ¹ ; Прелестница	Доместикация (2)
130	Ұлан 12 (12)	Функционалды ауыстыру ² ; Омиссия ⁴ ; Модуляция ³ ; Функционалды эквивалент ² ; Түпнұсқадағы басқа реалиямен аудару ¹	Доместикация (12) Форенизация (1)
131	Жігіт 1(1)	Натурализация	Доместикация
132	Ер/ер адам 6 (6)		
	31/30		
133	Байғыз 2 (2)	Мәдени толық эквивалент (2)	Доместикация (2)
134	Бөрі 5 (4)	Генерализация (3)	Доместикация (3)
135	Көкжал 3(3)	Модуляция ² ; Омиссия ¹	Доместикация (3)
136	Тазы 1(1)	Генерализация	Доместикация
137	Төбет 15 (12)	Модуляция ¹ ; Генерализация ¹¹	Доместикация (12)
	27/22		
138	Дария 19 (14)	Натурализация ³ ; Омиссия ² ; Генерализация ⁴ ; Модуляция ³ ; Океан ²	Форенизация (3) Доместикация (14)
	19/14		
139	Пәренже 1(1)	Қабылданған аударма	Доместикация
140	Шейх 1(1)	Трансференция	Форенизация
	538/393		86 – Форенизация 307 – Доместикация 21,9 % - Форенизация 88, 1 % Доместикация

Кесте 3.50 Рухани мәдениетке қатысты атаулардың түрік тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
1	Айт 1 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
2	Құрбан мейрамы 1	-	-
	2 (1)		
3	Алтыбақан 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
4	Ақсүйек 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
5	Асық 3	-	-

6	Көкпар1	-	-
7	Сақа 4 (1)	Генерализация	Доместикация
8	Алшы түсу 1 Тәйке түсу 2 Бүге түсу 1 Шіге түсу 1 15/3	-	-
9	Айдар 2 (2)	Мәдени толық эквивалент (2)	Доместикация (2)
10	Аластау 1	-	-
11	Барымта 1	-	-
12	Бақсы 3 (3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
13	Бесін 1(1)	Дескриптивті эквивалент	Доместикация
14	Бата 11 (3)	Функционалды эквивалент (3)	Доместикация (3)
15	Қара шаңырақ 1(1)	Модуляция	Доместикация
16	Сүйінші 1	-	-
17	Сыбаға 1	-	-
18	Төр 1	-	-
19	Шашу 1 24/10	-	-
20	Бесік жыры 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
21	Жыр 9(2)	Генерализация (2)	Доместикация (2)
22	Жыршы 2 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
23	Жырау	Функционалды эквивалент	Доместикация
24	Күй(тарту) 2 (2)	Функционалды эквивалент (2)	Доместикация (2)
25	Сері 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
26	Хакім 3	-	-
27	Шешен 1 22/7	-	-
28	Алаш 14 (14)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ⁶ ; Натурализация ⁸	Форенизация (14)
29	Алты алаш 4 (3)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ¹ ; Натурализация ²	Форенизация (3)
30	Ауыл 13 (5)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ² ; Натурализация ² ; Функционалды эквивалент ¹	Форенизация (4) Доместикация (1)
31	Ауылнай 2	-	-
32	Би 7 (7)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ⁵ ; Семантикалық қате ²	Форенизация (3) Доместикация (2)
33	Батыр 9 (7)	Мәдени эквивалент (7)	Доместикация (7)
34	Бай 2 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
35	Болыс 5	-	-
36	Болыстық 2	-	-
37	Көсем 3	-	-
38	Қазы 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
39	Манап	-	-
40	Ру	Мәдени эквивалент	Доместикация
41	Султан	Қабылданған аударма	Доместикация
42	Төре 2	-	-
43	Тақсыр 1	-	-
44	Хан 6 (6)	Қабылданған аударма (6)	Доместикация (6)
45	Хандық 1(1)	Қабылданған аударма	Доместикация
46	Ханзада 1 76/ 45	-	-
47	Алла тағала 6 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
48	Арсы1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
49	Азан 1	-	-
50	Аруақ 1	guh	Доместикация
51	Адам (ата)	Мәдени эквивалент	Доместикация
52	Әпсүн (оқу) 4 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
53	Әзәзіл 1(1)	Омиссия	Доместикация

54	Дұға (кылу, ету) 2 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
55	Дәргәһ 3 (2)	Мәдени эквивалент(2)	Доместикация (2)
56	Жасаған 2 (1)	Конкретизация	Доместикация
57	Зәмзәм 1	-	-
58	Иман 8 (4)	Мәдени эквивалент (4)	Доместикация (4)
59	Кебін 9 (9)	Мәдени эквивалент (9)	Доместикация (9)
60	Қиямет 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
61	Құран 3 (3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
62	Лағынет 2 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
63	Лахаула 1(1)	Дескриптивті эквивалент ¹	Доместикация
64	Махпуз (тақтайы) 1	-	-
65	Молда 9 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
66	Намаз 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
67	Ораза 3 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
68	Пайғамбар 6 (6)	Мәдени эквивалент (6)	Доместикация (6)
69	Рақмет 3 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
70	Риялы 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
71	Сұбханалла, сұбхан1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
72	Садақа 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
73	Сопы 1	-	-
74	Тәубе 3	-	-
75	Тәңір 36 (28)	Мәдени эквивалент (28)	Доместикация (28)
76	Тәңірі ие 2 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
77	Тамұқ 3 (3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
78	Хор қыздары 6 (4)	Мәдени эквивалент (4)	Доместикация (4)
79	Шүкір 2	-	-
80	Ібіліс 5 (3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
	127 /85		
81	Пері 9 (9)	Мәдени эквивалент (9)	Доместикация (9)
82	Албасты 1	-	-
83	Шайтан 1(1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
	11/10		
84	Аға 8 (3)	Мәдени эквивалент (3)	Доместикация (3)
85	Ағайын 5 (2)	Функционалды эквивалент (2)	Доместикация (2)
86	Ата 19	-	-
87	Апа 7	-	-
88	Әже 5 (4)	Мәдени эквивалент	Доместикация
89	Баба 2 (2)	Функционалды эквивалент 2 (2)	Доместикация (2)
90	Бәйбіше 5 (2)	Функционалды эквивалент 2 (2)	Доместикация (2)
91	Бауыр 21 (7)	Мәдени эквивалент (7)	Доместикация (7)
92	Ене 2	-	-
93	Жеңге 1	-	-
94	Жиен 5	-	-
95	Келін 7	-	-
96	Құда 1	-	-
97	Қарындас 15 (6)	Функционалды эквивалент(6)	Доместикация (6)
98	Нағашы, нағашы жұрт 4	-	-
99	Сінді 1(1)	Генерализация	Доместикация
100	Тете 3 (2)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
101	Шеше 1	-	-
	112 /29		
102	Айғыр 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
103	Атан 1	-	-
104	Боға 8 (7)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ⁴ ; Натурализация ³	Форенизация (7)
	Бағлан 1	-	-
105	Бие 2	-	-
106	Жабағы 2 (1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
107	Жорға 2 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация

108	Құнан 2	-	-
109	Марқа 1	-	-
110	Нар 1	-	-
111	Серке 1	-	-
112	Тұлпар 11 (11)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ¹⁰ ; Натурализация ¹	Форенизация (11)
113	Тай 6 (5)	Мәдени эквивалент(5)	Доместикация (5)
114	Теке 6(3)	Мәдени эквивалент(3)	Доместикация (3)
115	Тайлақ 1	-	-
	Тоқты 1	-	-
116	Тоқтышақ 1	-	-
	49/29		
117	Арбакеш 3	-	-
118	Атшы 1	-	-
119	Қойшы 1	-	-
120	Поштабай 1	-	-
	6/0		
121	Боғам3(3)	-	-
122	Құлыным, құлыншағым 6(3)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ² ; Натурализация ¹	Форенизация (3)
123	Қозым 4 (4)	Мәдени эквивалент (4)	Доместикация(4)
124	Марқам 2 (2)	Генерализация (2)	Доместикация(2)
	15/12		
125	Аксақал 2 (1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер(1)	Форенизация (1)
126	Қария 3(1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
127	Отағасы 1	-	-
128	Қатын 4 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
129	Ару 2	-	-
130	Ұлан 12 (6)	Функционалды эквивалент(6)	Доместикация (6)
131	Жігіт 1	-	-
132	Ер/ер адам 8 (8)	М	Доместикация (8)
	31/17		
133	Байғыз 2	-	-
134	Бөрі 5 (3)	Генерализация (3)	Доместикация (4)
135	Көкжал 3(3)	Буквальный перевод	Доместикация (3)
136	Тазы 1	-	-
137	Төбет 15 (11)	Генерализация (11)	Доместикация (11)
	27/17		
138	Дария 19 (10)	Мәдени эквивалент (10)	Доместикация (10)
	10/10		
139	Пәренже 1	-	-
140	Шейх 1	-	-
	538/279		51 – Форенизация 228 – Доместикация 18% - Форенизация 81 % - Доместикация

Кесте 3.51 Рухани мәдениетке қатысты атаулардың ағылшын тіліндегі аудармаларындағы доместикациялану және форенизациялану деңгейі.

	Мәдени лексиканың атауы	Аударма амалы	Аударма стратегиясы
7	Сақа 4 (1)	Генерализация	Доместикация
15	Қара шаңырақ 1(1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
28	Алаш 14 (9)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер (9)	Форенизация (9)

29	Алты алаш 4 (1)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер	Форенизация
32	Би 7 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
33	Батыр 9 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
44	Хан 6 (4)	Қабылданған аударма ³ ; Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ¹	Доместикация (3) Форенизация (1)
45	Хандық 1(1)	Қабылданған аударма	Доместикация
47	Алла тағала 6 (2)	Мәдени эквивалент (2)	Доместикация (2)
58	Иман 8 (1)	Мәдени эквивалент	Доместикация
59			
60			
61	Құран 3 (1)	Натурализация	Форенизация
75	Тәңір 36 (8)	Мәдени эквивалент ³ ; Генерализация ⁵	Доместикация (8)
81	Пері 9 (1)	Семантикалық қате	Доместикация
89	Баба 2 (2)	GRANDFATHER 2 (2)Генерализация	Доместикация (2)
91	Бауыр 21 (9)	Функционалды эквивалент (9)	Доместикация (9)
104	Боға 8 (2)	Модуляция (2)	Доместикация (2)
112	Тұлпар 11 (3)	Функционалды эквивалент ² ; Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ¹ ;	Форенизация (1) Доместикация (2)
113	Тай 6 (1)	Функционалды эквивалент	Доместикация
114	Теке 6(3)	Мәдени эквивалент(3)	Доместикация (3)
132	Ер/ер адам 8 (3)	Функционалды эквивалент (3)	Доместикация (3)
134	Бөрі 5 (1)	Генерализация	Доместикация
135	Көкжал 3(3)	Буквальный перевод(3)	Доместикация (3)
138	Дария 19 (2)	Қосымша, түсіндірме, сілтемелер ² (мәтін ішінде);	Форенизация (2)
	196 (61)		Форенизация 16 – 25% Доместикация 46 - 75%

Кесте 3.51 М. Жұмабаев поэзиясындағы рухани мәдениетке қатысты мәдени лексиканың үш тілдегі аудармаларында доместикация және форенизациялану деңгейі:

	Орыс тілі		Түрік тілі		Ағылшын тілі	
	538/393	Пайыздық көрсеткіш	538/279	Пайыздық көрсеткіш	538 (61)	Пайыздық көрсеткіш
Доместикация	307	88, 1 %	228	81 %	46	75 %
Форенизация	86	21,9 %	51	18%	16	25 %

3.3 Уақыт пен кеңістікке қатысты мәдени атаулар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері

Қазақ халқының қастерлі кеңістіктік ұғымы - *жайлау* сөзі ақынның Өткен күн (1) [106, 85 б.]; Еділдің сағасында (1) [106, 204 б.] өлеңдерінде қолданылған:

Кесте 3.52

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма
<p>Араладым біраз күн Еділдің саға өлкесін. Қазақты көрдім қуарған Жүк тасып, тескен желкесін. Балық аулап бозарып, <i>Жайлау</i> қылған көл төсін. Селендейтін селеңге Мұжықтың аңдып бөлкесін. Сөз сөйлесе, сабайтын Орыстың «совсем...» «толькосін... Ойланбаса, мынау күй Келтірер кімнің күлкісін?! [106, 204 б.]</p>	<p>Берегами Едиля Я бродил немало дней. Там казахов видел я – Рыбаков, земли серей. За мужичьей булкой в порт Бегают, козы резвей. Шпарит он, разговорясь, Русскими: «совсем», «налей». Им <i>джайляу</i> заменил Труд, любого тяжелей. Нокого же рассмешит Положение вещей? На берегу волги [113, с. 221].</p>

Орыс тіліндегі аудармада осы мақсатты тілдің фонологиясына бейімделіп *джайляу* деп тәржімаланғандығын көреміз. Түрік тілінде Өткен күн өлеңінің аудармасында бұл жолы түсіп қалған [114, 246]. Сөздікте транскрипциялап, анықтамасын ұсындық: «Cailau: yaz meraları». Ағылшын тілінде заманауи сөздікте «Summer pasture» деген аударма ұсынылыпты [117, р. 91]. Немесе Қазақстандық мәнмәтінде *jailau* деп транскрипцияланған нұсқасы да қолданылып жүренін атап өтуге болады.

Жазғытұры өлеңінің осы жолдарына аудармасымен тағы да бір назар аударсақ, тағы да түпнұсқада жоқ реалиялардың тәржімада орын алғанына көз жеткіземіз:

Кесте 3.53

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі А. Соловьевтың аудармасы
<p>Қырдағы жылқышар ұйқы көрмес, Қолынан қулық бие құлындатып.</p>	<p>На <i>джайляу</i> пополнения ждут. Древней мудрости творя обряд И бессонно не спуская глаз С кобылиц, что жеребятся первый раз [113, с. 11].</p>

3.53 – кестенің жалғасы

1	2
Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзеуге Белсенген жылқышыға ноқталатып.	Лошадей арканят в байском <i>табуне</i> , Их взнуздать и укротить спешат [113, с. 11];

Жалпы, аудармашы *на джайляу пополнения ждудт* деп деп бүтіндей бір жолды қосады. Ал, Ұлы бай жылқы қамап, қалы күзеуге деген жолды *Лошадей арканят на байском табуне* деп, табын реалия сөзін қосып тәржімалайды. Жалпы, аудармашының қазақтың өмір салтымен жақсы таныстығы байқалады.

Келесі этнографиялық атау қазақ халқының уақыт өлшеміне байланысты. Бесін – қазақ халқының дәстүрлі уақыт өлшемінің атауы. Ертеде сағат болмаған уақытта ата-бабаларымыз күнге қарап уақыт мезгілдерін атап, ажыратқан. Бесін - түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт, мезгіл [147, 43 б.]. Ақынның *Есімде...Тек таң атсын!* (1) [106, 58 б.] өлеңінде қолданылған:

Ол күнді ұмытқаным жоқ, әлі есімде,
Таянып келгенінде күн *бесінге*.

Орыс тіліне де, түрік тіліне де аталмыш реалия дескриптивті эквивалент, яғни сипатталып аударылып, доместикацияланған:

Мне в памяти день тот нетрудно вернуть.

К закату клонило светило свой путь... Закат (1) Как только солнце взойдет [113, с. 45].

Түрік тіліндегі аудармасы:

Güneş öğle vaktine gelip dayandığında, el değmemiş geniş bozkır, uzanmış süslü güzelin ak rengine benzedi. Güneş öğle vaktine gelip dayandığında (Күн түстен кейінгі уақытқа таяғанда)(1) AKLIMDA...ТЕК ТАН АТСИН [114, с. 249].

Заманауи қазақ-ағылшын тілі сөздігінде *afternoon* деп аударлады [117, р. 55]. Немесе орыс, түрік тілдеріндегідей дескриптивті аудармаға жүгінуге болады.

Адам жаратылысынан ең күшті, алып сезімдердің бірі – адамның ұрпағына деген махаббаты әр халықта әр түрлі көрініс табады. Тіл - қарым-қатынас құралы болғандықтан, адам баласына деген сүйіспеншілігін иіскеп, құшағына алып, сүйіп қана қоймай, жылы сөздер арқылы еркелетіп жеткізіп жатады. Бірақ ондай сөздік қордың қалыптасуы тағы да әр халықтың танымдық дүниесіне қарай ерекшеленеді. Мысалы, қазақ халқы ерте замандардан көшпенді өмір салтын кешіп, табиғатпен астасып, төрт-түлік малды күнкөріс көзі ретінде көріп, жүрсе – көлік, сүтін ішсе – сусын, етін жесе – ас, жүнін иірсе – киім қылған. Төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп қана қоймай, олардың халық дүниетанымындағы орнын «Ат – ердің қанаты. Жүзден - жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Жылқының сүті – шекер, еті бал», «Жылқы – малдың патшасы», «Семіздікті қой ғана көтереді», «Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты», «Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер», «Тай мінген балаға жарасар», «Түйе - шудасын, Жылқы - жалын, Сиыр –

мүйізін төсейді.» деп мақалдап жеткізсе, балаларын төрт-түліктің төлінің атауларымен «қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, марқам менің» деп еркелетеді.

Қазақ халқының отбасылық болмысына қатысты тілдік бейнесіндегі осы ерекшелікті ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен айқын байқауға болады. Атап айтқанда, «Ұлан», «Бесік жыры», «Ата, бата» атты өлеңдерінде ұлттық нақыштағы *құлыным, марқам, қозым, ботам* секілді балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер қолданыс тапқан.

Ұлттық нақыштағы балаға қатысты айтылатын қаратпа сөздері жиі қолданылған «Ұлан» өлеңінің үзінділері мен түрік тіліндегі аудармалары төмендегідей:

Кесте 3.54

	Түпнұсқа	Ф. Тамирдің түрік тіліндегі аудармасы	Дэвис(2003) бойынша аударма амалдары	Венугти (1995) бойынша аударма принципі
1.	Неге ойлайсың, <i>құлыншағым?</i> Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол - бір сағым! [106, 62)	<i>Kuluncuğum!</i> ¹ Niy e düşünüyorsun? Canım, söyle, ne üzüntün var? Gençsin, düşünseye heves etme. [114, 333]	Сақтау (Preservation)	Форенизация
	Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал қызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке <i>марқам</i> , Бір қаракөз болмай ма жар? [106, 62)	Onların yanaklarından kan damlamakta.. Senin dal gibi boyunu söğüt ağacı bile arzuluyor... Nazlı <i>kuzum!</i> Niye düşüncelisin? Bir kara gözlü sana yâr olmuyor mu? [114, 333]	Генерализация	Доместикация
	- Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, <i>қозым</i> , Күтіп, күйіп, мен жанам ғой [106, 62].	Gözümün nuru! Ben, seni doğuran ananım, esn benim çoçuğumsun. <i>Kuzum!</i> Sen uzak yola gidersen, ben, bekleye bekleye yanarım. [114, 333]	Сақтау (Preservation)	Форенизация

¹*Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad (алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат).* (Тамир, 1993: 333)

Демек, түрік тілінде аудармашы түпнұсқадағы мәдени болмысты сақтап, форенизация стратегиясын ұстанады. Құлыншақты - *Kulunciğım* деп тәржімалап, мәтіннен тыс *'Alty aylik olana kadar at yavrusuna verilen ad (алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат)* деп түсіндірме келтіреді. Марқа атауы түрік тілінде болмағандықтан қозым деп жалпылап тәржімалайды. Қазақ халқы төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп, бағып-қағу, физиологиялық ерекшеліктеріне аса мән берген. Жас ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке атау қойған. Мысалы, қой атаулары:

«Арамза - қыста туған қозы.

Көбдік - тоқты болған арамза.

Көрпеш немесе көрпей - мезгілінен кешірек туған қозы.

Марқа - жарты жастағы қозы.

Тоқты - бір жасқа толғаны.

Ісек - екі жасқа толған еркегі.

Саулық - екі жасқа толған ұрғашысы.

Саулық - қоздаған қой.

Ту қой - қоздамаған қой.

Қошқар - тұқымдыққа жіберілген еркек қой» (Нысанбаев, 1998: 167). Демек, *марқа* дегені жарты жастағы қозы болса, *қозы* – қойдың 6 айға толмаған жас төлі. Аудармашымен тілдескенде Түркия мемлекетінде адамдардың баласын қозым - *kuzım* деп айтатыны бар, бірақ ботам, құлыным деп атамайтынын ескертті. Себебі түрік халқы жылқының төлін тек тай деп атайды. Сол себептен де аудармашы құлын сөзінің қолданысы бар жерлерде мәтін соңында қосымша түсінік береді (Кестедегі 1. Ескертпені қараңыз).

Орыс тіліндегі аударма авторы Әуезхан Қодар:

Кесте 3.55

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дэвис(2003) бойынша аударма амалдары	Венутти (1995) бойынша аударма принципі
1.	Неге ойлайсың, құлыншағым? Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол - бір сағым! [106, 62]	Мой мальчик славный, что ты киснешь, Тебе грустить ли, мой ребенок? Ты мал, не будь привязан к мысли, Она мираж – что не догонишь [113, 66].	Трансформация	Доместикация
	Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал қызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке марқам,	Во всю щеку горит румянец, Собой твой стан чинару манит. Найди себе ты черноглазку,	Омиссия (түсіріп тастау)	Доместикация

3.55 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Бір қаракөз болмай ма жар? [106, 62]	Она тебе женою станет [113, 66].		
	- Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, қозым, Күтіп, күйіп, мен жанам ғой [106, 62].	Я мать твоя, рожден ты мною, Мой сын, ты счастья достоин. Зачем собрался в путь далекий, Печалюсь, стану я больною [113, 66].	Омиссия (түсіріп тастау)	Доместикация

Кестеден көріп отырғанымыздай, ұлттық нақыштағы балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер аудармада көрініс таппаған. Яғни, бірінші мысалда аудармашы орыс тілінде де төл атауларымен байланысты балаға еркелетіп айтылатын қаратпа «жеребенек мой, ягненек мой, теленек» деген сөздердің барына қарамастан *құлыншағымды - Мой мальчик славный* деп трансформациялайды. Ал, екінші, үшінші мысалдарда бұл қаратпа сөздер мүлдем түсіп қалған [174, 20].

Ал, «Бесік жыры» өлеңіндегі ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің түрік тіліндегі аудару ерекшелігін төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 3.56

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дэвис(2003) бойынша аударма стратегиясы	Венути (1995) бойынша аударма принципі
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді [106, 92].	Güneşim, ayım, nazlı taуым! Şimdi beleyeyim [114, 226].	Сақтау (Preservation)	Форенизация
	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым [106, 92].	Rahat beşik, ılık döşek.. Kuzum yat.. [114, 227].	Сақтау (Preservation)	Форенизация
	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін [106, 92].	Yavrum! Nazlı kuzum! Sevinip, kucaklayıp seni severim [114, 227].	Сақтау (Preservation)	Форенизация
	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным [106, 92].	Kuzum, kulunum! Senin uykun tatlı; senin uykun derin [114, 227].	Сақтау (Preservation)	Форенизация
1. <i>Kulun *Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad(алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат).. (Тамир, 1993: 227)</i>				

Кестеден тағы да түрік тілінде ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің өз реңін толықтай дерлік сақталғаны байқалады. Өкінішке орай «Бесік жырының» орыс тіліндегі аудармасы табылмады. Сол себепті орыс тіліндегі мәдени болмысты сақтай отырып жасалған аударма мен ағылшын тіліне бейімделіп жасалған аударманы ұсынамыз. Себебі ағылшын тілінде балаларына қатысты төрт-түлік мал төлдерінің атауымен айтылатын қаратпа сөздер жоқ әрі қолданылмайды:

Кесте 3.57

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді [106, 92].	Солнышко мое и луна, Запеленаю, уложу, Баловень мой, я тебя!	My sun and the moon, Sleep my naughty, I love you!
	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. [106, 92].	Мягкая колыбель, Теплая постель, Засыпай, мой козлик.	Soft cradle, Warm bed, Go to sleep, my sweetly baby.
	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін [106, 92].	Радуюсь, дорогой, Любимый ягнечек мой, Поцелую тебя прижав.	My dear, My beloved little one, I'll kiss you by pressing me.
	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным [106, 92].	Сон твой сладок, Сон твой крепок, Ягненок мой, жеребенок!	Your dream is sweet Your sleep is strong My little starlet!

Демек, ағылшын тіліндегі аудармада балаға қатысты еркелетіп айтылатын, ағылшын халқы мәдениетіне тән қаратпа сөздер қолданылды: *my naughty* – менің еркем, *my sweetly baby* – менің сүйкімдібалам, *my beloved little one* – менің сүйікті кішкентайым, *my little starlet* - менің кішкентай жұлдызшам. Толық жергіліктендіру (localization) арқылы бүтіндей доместикациялау принципіне сүйендік. «Ата, бата» өлеңінде де орыс тіліндегі аудармасында ұлттық нақышты сақтау мүмкіндігі болса, ағылшын тіліндегі аудармасында толық бейімдеу сипаты:

Кесте 3.58

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма (авторлардан)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлардан)
Мектептен (қайтты) Марияш, Әліппесі қолында. Шақырады оны атасы: «Кел, құлыным, кел мұнда». Марияш: «Ата, ата!»-	Возвращается со школы Марияш, В руках ее букварь. Зовет дедушка ее: «Иди, жеребенок мой, иди сюда».	Mariyash returned from school, Holding a primer in her hands. Grandfather calls her: "Come, my dear, come here." Mariyash: "Grandfather,

3.58 – кестенің жалғасы

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма (авторлардан)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлардан)
дегенде, Атасы: «Құлыным ата дейді ғой!» Марияш: «Бата, бата!»- дегенде, Атасы: «Құлыным бата дейді ғой!» Бата десең, қарт атаң	Марияш: «Деда, деда!», Дедушка: «Мой жеребенок говорит Деда!» Марияш: «Ата ¹ , бата, бата ² !» Деда отзывается любя,	grandfather!" Grandfather: "My sweet says Grandfather!" Mariyash asks for blessings Grandfather speaks lovingly
¹ Ата - русская <i>дедушка</i> ; ² Бата - ценное духовное пожелание (словесное благословение).		

Бұл өлең жолдарында да төл атауларымен берілген қаратпа сөздер көбінесе ағылшын тіліндегі тілдік нормаға сай *mydear*– *қарағым* және *mysweet* – *тәттім менің* қаратпа сөздеріне алмастырылды. Орыс тілінде *бата* реалия сөзі мәтіннен тыс ескертпе беру арқылы сақтап қалынса, ағылшын тілінде поэтикалық ырғақ пен пішінді сақтап қалу үшін *blessings* – *пожелания* – *тілек айту* сөзімен алмасытырылды.

Қорытынды. Жоғарыдағы талдаудан аудармада ең аз өзгеріске ұшырап, екі тілдің де тілдік бейнесінде ортақ, ұқсас сипаттар бар деп туыстас түрік тілін атауға болады. Бірақ онда да аудармашы мәтіннен тыс ескертпе көмегіне жүгініп, Түркиядағы түрік халқының құлыным, ботам, марқам деген қаратпа сөздерді негізінде қолданылмайтынын айтады. Сол себепті қозым мен марқам қаратпа сөздерін жалпылап қозым деп аударарды. Құлынға қатысты ескертпе келтіреді. Орыс тіліндегі аудармасында аудармашы көбінесе доместикация принципiне сүйеніп, түсіріп тастау амалын ұстанады. Ал, ағылшын тілінің тілдік бейнесінде балаға қатысты төл атауларына қатысты қаратпа сөздердің мүлдем қолданылмайтынын, қолданған жағдайда құлаққа әбден ерсі, жайсыз естілетінін (әсіресе поэтикалық аудармада) ескере отырып, толық доместикация принципiне жүгіндік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста Мағжан ақынның 208 өлеңі қарастырылып, оның ішінде 209 реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер іріктелді. 61 сөз материалдық мәдениетке қатысты, ал 148 сөз рухани мәдениетке қатысты атаулар. Оның ішінде 58 көнерген сөз (тарихи сөздер – 18, архаизмдер – 40). 61 материалдық мәдениетке тән реалия сөздердің өлеңдерде қайталану жиілігі – 145, 148 рухани мәдениетке қатысты реалиялардың қайталану жиілігі – 538 рет. Әр сөздің өлеңде қанша рет қолданылғаны өлеңнің атынан соң жақша ішінде көрсетіліп отырды. Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс тіліндегі аудармаларындағы форенизациялану деңгейі - 34%, түрік тілінде - 28%, ағылшын тілінде - 50 %. Рухани мәдениетке қатысты атаулардың форенизациялану деңгейі орыс тілінде - 21,9 %, түрік тілінде - 18 %, ағылшын тілінде - 25 %. Демек, материалдық мәдениетке қатысты реалия сөздер көбірек форенизацияланған. Оның ішінде киіз үйдің элементтері, киім-кешек, ұлттық тағам атаулары, музыкалық аспаптар, тұрмыстық заттар. Яғни, басқа елдің тұрмысында, сәйкесінше тілінде жоқ заттарды аудару қиынға соғады. Сол себепті аудармашы трансплантация, транскрипция, натурализациялау немесе қосу (қосымша, түсіндірме, сілтеме) амалдарына жүгінеді.

Жалпы қай тілде де доместикациялану деңгейі жоғары. Бірақ өрескел семантикалық бұрмалаушылықтар өте сирек орын алған. Омиссияның көп мөлшері тек орыс тілінде көрініс тапқан. Басқа жағдайда аудармашылар функционалды эквивалент, сипаттап, түсіндіріп, мәдени эквивалентін беріп, модуляциялап я жалпылап, оқырманға мағынасын жеткізуге тырысқан. Бірақ ұлттық колориттің әлсіреуіне алып келгені заңдылық.

Аудармада тілдердің туыстығымен қатар, өмір сүру салтының, өркениеттің ерекшелігі де маңызды рөл атқаратыны дәлелдене түсті. Түрік тілі мен қазақ тілдері туыстас болғанымен, тіл – халықтың тұрмысының, дүниетанымының бейнесі екеніне тағы да бір көз жеткіземіз. Көшпелі өмір салтына, соған сай көшпелі үй жабдықтары, мал шаруашылығына қатысты атаулар түрік тілді аудиторияға мүлдем таныс емес. Әрі түрік тілінде ондай ұғымдар жоқ. Аудармашының өзі атап өткендей, түрік халқы қазақтардан ерте отырықшылық өмір салтына өтіп кеткендіктен, оған тән көп атаулар Түркия түрікшесінде жоқ. Сол себепті түрік тіліндегі аудармада мәтін соңындағы түсіндірмелер орыс тілінен де көп. Ал, орыс тілі мүлдем басқа тілдік топқа жатқанымен, екі халықтың географиялық жағынан, тарихи-саяси жағдайларға байланысты етене араласу себебінен орыс тілді аудармаларда көп мәдени сөздер тек натурализацияланып, қосымша түсіндірме берілмеген. Аудармашылар екі халықтың тығыз араласуынан мақсатты аудиторияға ол атаулардың таныс болады деп болжауынан деп айта аламыз.

Орыс тілі мен қазақ тілі бір әліпби қаріптерін, кириллицаны қолданады. Сондықтан транскрипцияның қажеттілігі жоқ. Тек қазақ тіліне тән, оқылуы ерекше *қ, ө, ң, ұ* әріптері орыс тілінің *к, о, н, у* әріптерімен алмастырылып, фонологиялық жағынан бейімделіп, натурализацияланған. Ал, түрік тілі мен

ағылшын тілі латын әліпбиін қолданатындықтан, транскрипция орын алған. Реалия сөздің трансплантациялануы, яғни орын ауыстыруы осы себептен де тек орыс тілінде орын алған.

Түрік және ағылшын тілдеріне аудару барысында екі аудармашыға да көмекке келген бір тұлға аталды. Ф. Тамир Хасан Оралтайдың 1984 жылы Стамбұлда жарық көрген Қазақ түрікшесі сөздігін қолданғанын жазса, Т. Кожаоглу «Әрине, мен әрқашан қазақ достарымнан Мағжан өлеңдеріндегі белгілі сөздер мен терминдер туралы сұрадым. Олар маған бірнеше күрделі тіркестерді түсінуге көмектесті. Менің достарымның бірі Хасан Оралтай (Тарбағатай 1930 - 2010 Мюнхен, Германия) болды. Ол Азаттық радиосында менің әріптесім болды 1977 жылдан 1994 жылға дейін. Хасан ағам «Азаттық» радиосының қазақ бөлімінде, мен өзбек бөлімінде жұмыс істедім» деп тағы да Хасан Оралтайды атайды.

Осылайша, Мағжан ақын шығармашылығы алғаш рет жаһандық ағылшын тіліне тікелей түпнұсқадан аударылып, әлемдік кеңістікке қадам басып, әлімдік әдебиеттің бір фактісіне айналып отыр. Профессор Тимур Кожаоглу Мағжанды ағылшын тіліне әлем танысын деп тәржімалайтынын айтып, келер екі жылда ұлы ақынның тағы 40 өлеңін аударып, кітап шығаруға ниетті екенін білдіреді. Өз сөзін «Мағжан Жұмабаев даусыз XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ұлы тұлғасы болып табылады. Сондай-ақ барлық түрік халықтарының заманауи әдебиет ақындарының ішіндегі ең көрнектісі, болашақ ұрпақ әлі де ақын шығармашылығын тереңірек зерттеуі қажет» деген тұжырыммен тәмамдады.

Бұл зерттеу ары қарай Мағжан ақынның шығармашылығындағы басқа да мәдени ақпарат көздері – фразеологизмдер, мақал-мәтелдерді, символдардың аудармадағы көрінісін, поэтикасын зерттеуге ұласуы қажет. Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына қайта оралудың рөлі туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи-мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине оң процесс» [170, 10 б.]. М. Топер «кез келген шығарманы аударма бермеу керек, бәрінен ең жақсысын, анағұрлым лайықтысын, анағұрлым маңыздысын және елеулісін аудару керек» дейді. Мағжан ақын шығармашылығы ұлттық қазақ әдебиетінің аударылуы қажет құнды мұрасы болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы аударманы зерттеудің тек бір қырын қарастырды. Болашақта ақынның поэзиясының аудармаларын поэтикалық тұрғыдан, лингвомәдениетнама саласының құрамына енетін басқа да паремологиялық қор, фразеологизмдер тәрізді компоненттерінің аудару ерекшеліктерін де саралау қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Дәдебаев Жаңғара. Әдеби компаративистика және көркем аударма. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 142 б.
- 2 Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер). Оқу құралы/Тіл комитеті; жауап. ред. Р.Сыздық. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.
- 3 Newmark, P. Translation and culture. *Meaning in Translation*. Ed. V.Lewandowska-Tomaszczyk. Frankfurt: Peter Long GmbH, 2010. – pp. 171-182.
- 4 Baker, M. *In other words: A course book on translation*. – London: Routledge, 1992. – 352 p.
- 5 Nord, C. Translating as a purposeful activity: Functionalist approaches explained. – Manchester: St. Jerome, 1997. – 160 p.
- 6 Gambier, Y. Doubts and directions in translation studies. – The Netherlands: John Benjamins, 2007. – 361 p.
- 7 Davies, Eirlys E. “A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book”. // *The Translator*, 9 (1), 2003. – 65-100 p. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>
- 8 Vlahov, S. Florin, S.. *Neperevodimoje v perevode*. – Moskva: Mezhdunarodnyje otnosenija, 1980. – 351 p.
- 9 Aixela, J.F. “Culture-Specific Items in Translation”. // *In Translation, Power, Subversion*. Ed. Roman Alvarez and M. Carmen-Africa Vidal. Clevedon: Multilingual Matters, 1997. – pp. 52-78.
- 10 Соболев М.Н. Пособие по переводу с русского языка на французский. – Москва: Издательство литературы на иностранных языках, 1952. – 400 с.
- 11 Россельс Вл. О передаче национальной формы в художественной литературе (Записки переводчика). – Москва: «Дружба народов», 1953, № 5. – С. 257-278.
- 12 Федоров А. В. Практические основы перевода. – СПб.: Союз, 2002. – 319 с.
- 13 Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре // ИЯШ. – 1997, №3. – С.13-18.
- 14 Супрун А. Е. Экзотическая лексика. // Филологические науки. – Москва, 1958, № 2. – С. 52 - 54.
- 15 Л. С. Бархударов. «Язык и перевод». – Москва: Международные отношения, 1975. – 240 с.
- 16 Швейцер А. Д. Перевод и лингвистика. – Москва: Воениздат, 1973. – 278 с.
- 17 Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – Москва: Высшая школа, 1968. – 416 с.
- 18 Рецкер «Культурная непереводаемость»: проблемы и решения». – Москва, 1998. – 140 с.
- 19 Комиссаров В. Н. Слово о переводе. – Москва: Международные отношения, 1973. – 245с.

- 20 Ж.П. Вине, Ж. Дарбельне. Технические способы перевода. (Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – Москва, 1978. С. – 157-167
- 21 Malblanc A. Stylistique compare du francais et de l'allemand. – Paris, 196. – 142 p.
